

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

**АКАДЕМИК Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ  
110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ТАРИХ АҒЫМЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ»  
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 110-ЛЕТИЮ  
АКАДЕМИКА А.Х. МАРГУЛАНА**

ПАВЛОДАР  
2014

ӘОЖ 94 (574)(063)  
КБЖ 63.3(5Каз)  
А 33

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Өмірбаев С.М., ә.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Бегімтаев Ә.І., Сарбалаев Ж.Т., Күзембаев Н.Е., Батталов Қ.Қ., Жүсіпов Н.Қ.

**Жауапты хатшылар:**

Өзербаев А.Д., Кәріпжанова Г.Т.

А 33 Академик Ә.Х. Марғұланның 110 жылдығына арналған «Тарих ағымындағы халық» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жинағы – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2014. – 409 б.

ISBN 978-601-238-408-6

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 94 (574)(063)  
КБЖ 63.3(5Каз)

**Құрметті қопақтар!  
Құрметті әріптестер!**

Қазақтың көрнекті ғалымы Әлкей Марғұланның 110 жылдығына арналған республикалық «Тарих ағымындағы халық» ғылыми-практикалық конференциясына қош келдініздер!

Қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан белгілі ғалым, жерлесіміз Әлкей Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер және металлургия саласында бағалы да қымбат еңбектер жасап кетті.

Құрметті қопақтар!  
Әлкей Марғұланның құрметіне арналған бүгінгі конференция университетте өтіп жатқанына шын жүректен қуаныштымыз.

**Уважаемые гости!  
Уважаемые коллеги!**

От всей души рад приветствовать вас на открытии Республиканской научно-практической конференции «Народ в потоке истории», посвященной 110-летию величайшего казахстанского ученого с мировым именем, основателя казахстанской археологической школы, академика, доктора филологических наук, профессора Алькея Хакановича Маргулана.

Проведение научного мероприятия такого уровня – огромная честь для нашего университета, ведущего вуза региона.

Дорогие коллеги и гости нашей конференции! Позвольте представить Вам наших почетных гостей, членов президиума:

Гани Мукашевич Карасаев – доктор исторических наук, институт истории государства Комитета науки МОН РК;

Николай Сергеевич Лапин – кандидат исторических наук, институт истории государства Комитета науки МОН РК;

Джамбул Азмұханович Джумабеков – заведующий кафедрой истории Казахстана Карагандинского государственного университета имени Е.А. Букетова, кандидат исторических наук, доцент.

Имя академика Маргулана широко известно не только в Казахстане, но и далеко за его пределами. Данные исследований ученого по археологии, этнографии, востоковедению, истории, литературоведению, искусствоведению, устному народному творчеству Казахстана легли в основу многих курсов в высшей школе. Этот человек успел за свою жизнь так много сделать для отечественной науки, что понимаешь: без великой любви к настоящей, живой истории родной страны это было бы невозможно. Одно лишь открытие уникальных археологических памятников эпохи бронзы и раннего железа в Центральном Казахстане навсегда вписало его имя в скрижали истории.

По воспоминаниям друзей и современников, Алькея Хакановича отличали феноменальный ум, удивительная работоспособность, личная скромность, верное служение интересам своей страны, своего народа. Кроме того он обладал наиважнейшим качеством настоящего ученого – смелостью отстаивать научную истину без оглядки на авторитетное мнение большинства.

Объемную научно-преподавательскую деятельность ученой успешно совмещал с организаторской работой, возглавляя в течение многих лет Координационный совет по этногенезу казахского народа, Ученый совет Института истории, археологии и этнографии Академии наук, Специализированный совет по защите докторских диссертаций.

Сегодня великого ученого признали не только на родине, но и за рубежом. Его открытия до сих пор остаются базой, на которой защищаются многочисленные кандидатские и докторские диссертации. Великий подвижник науки, Алькей Маргулан оставил после себя огромное наследие, которое его последователям еще предстоит изучить. Я глубоко убежден, что участие в конференции, посвященной 110-летию ученого, поможет нашим молодым ученым стать достойными продолжателями дела великого соотечественника.

Вот уже не одно десятилетие ПГУ являет собой яркий пример вуза с глубокими духовными образовательными традициями, основное средоточие региональной научной и творческой мысли. Богатая библиотека, медиатека, научно-практические центры по изучению исторического наследия выдающихся деятелей науки и культуры Казахстана – все эти ресурсы нацелены на выполнение задач патриотического и духовно-нравственного воспитания студентов.

Так, самым фактом проведения научной конференции, посвященной Алькею Маргулану, наш университет показывает, что его дело живет: все мы – организаторы, участники – вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в научной деятельности нашего выдающегося земляка.

В университете учреждена именная стипендия Алькея Маргулана, что также способствует сохранению светлой памяти о светиле казахстанской науки и является прекрасным стимулом к учебе для студенческой молодежи. В 2001 году в университете был создан археологический научно-исследовательский центр им. А.Х. Маргулана. За время существования Центра были проведены глубокие исследования и получены новые материалы по самым различным этапам древней и средневековой истории Павлодарского Прииртышья, Северного и Центрального Казахстана в целом.

В университете ведется большая работа по популяризации научного наследия и идей великого ученого. Научными сотрудниками НПЦ имени выдающегося казахстанского историка Ермухана Бекмаханова к юбилею академика Алькея Маргулана была подготовлена и издана замечательная книга «Әлкей Марғұлан және ұлт келбеті». В книге собрано более 100 научных статей и 300 научно-исследовательских работ, которые были изданы ученым в Большой Советской и Казахской энциклопедиях. В издании представлены научные публикации, эссе, воспоминания ученых, поэтов, писателей о Алькее Маргулане за период с 1964 года по настоящее время, в частности труд «Қадірлі Әлеке!» выдающегося общественного деятеля Ильяс Омарова, «Академик Марғұлан» доктора философских наук, профессора Мырзатая Жолдасбекова, «Ғалымның ойы Ортақ» академика НАН РК Рахманкула Бердибаева, а также стихи и воспоминания народных писателей Казахстана – Музафара Алимбаева и Калижана Бекхожина.

Книга станет настольной для профессионалов и любителей истории, культуры и литературы казахского народа, желающих ближе приобщиться к историко-культурному наследию казахов и больше узнать о научном творчестве академика Алькея Хакановича Маргулана.

Таким образом, с полным основанием можно утверждать, что великое дело видного ученого Алькея Маргулана продолжено благодарными потомками.

**С. Торайғыров атындағы  
ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор**



**С. М. Өмірбаев**

**Пленарлық отырыс  
Пленарное заседание**

## **КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҰЛЫТАУ ӨңІРІ**

**ЖҰМАБЕКОВ Ж. А.**

**т.ғ.к., доцент, менгеруші, Қазақстан тарихы кафедрасы,  
Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.**

Ұлытау өңірі табиғи-географиялық жағдайымен ерекшеленетін ұлан-ғайыр аумақты қамтиды. Солтүстігінде Арғанаты таулары, Терісаққан өзені, батысында Қарақұм, Торғай, Ырғыз өзендері, шығысында Сарысу, оңтүстігінде Бетпак дала шөлі мен Шу өзенінің алқабы аралығын алып жатқан аумақтың ортасы Ұлытау таулары болып табылады. Ұлытау өңірінің Қазақстанның барлық бөліктерін байланыстыруы, оның саяси орталық ретінде қалыптасуының бірден-бір себебі болды. Өңірдің саяси бірлесуге қолайлы болғандығын Жошы ханның ұлыс орталығы ретінде Ұлытауды таңдауы, Орда-Базар қалашығында Әбілқайыр хан тұсында «көшпелі өзбектер» мемлекетінің орталығы болуы, қазақ хандары - Қасым ханның ордасын құруы, Абылай хан тұсында үш жүз бас қосатын орталық болуы көрсетеді.

Қазақ хандығы кезеңінде Ұлытау өңірінде көптеген тарихи оқиғалардың болғандығын жазба деректерден көре аламыз. 1428 жылы Әбілқайырдың Дешті Қыпшаққа иелік етуімен Ұлытау өңірінің жаңа бір тарихи кезеңі басталады. Әбілқайыр ханның билік етуі жылдарында, оның Жошы ұрпақтарымен күресінің тоқталмағандығын, билігінің толықтай Ақ Орда территориясын қамтымағанын М.Х. Абусейтова атап өтеді [1, 39 б.]. Зерттеу барысында Ақ Орда құрамына Ұлытау өңірінің территориясының кіретінін анықтаған болатынбыз. Әбілқайыр хандығының құрылуы барысында да Ұлытау өңірі жаңа «көшпелі өзбектер» мемлекетінің құрамында болғандығын жазба деректерден көре аламыз. Масуд бен Усман Кухистанидің «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» шығармасында, Махмуд хан мен Ахмад ханның әскерлерін жеңгеннен кейін: «[Абу-л-хайр-хан], хан победоносный и достигающий своих желаний, после совершения благодарения и хвалы, направился в сторону августейшей ставки, и Орду-Базар, который был столицей Дашт-и Кипчака» деп жазады [2, 155 б.]. Орда-Базар қалашығының орны қазіргі Ұлытау ауданының территориясында сақталған [3, 45-46 бб.].

Бұл мәліметтерге сүйенсек, Ұлытау өңірінде орналасқан Орда-Базар қалашығы Дешті Қыпшақтың саяси орталығы болғанға ұқсайды және жаңа мемлекеттің негізін қалаушы Әбілқайыр хан да осы жерге қоныстанған болуы керек. Автордың жазуы бойынша, «трон Саин-хана украсился присутствием влиятельного хана» деген сөздері [2, 155 б.], Орда-Базар қалашығының Алтын Орда дәуірінен бастап Жошының, оның баласы Бату ханның ордалары болғанына меңзейді.

«Тарих-и Абу-л-хайр-хани» шығармасындағы бір қызық мәлімет Ұлытау өңірімен байланысты болуы мүмкін. Әбілқайыр Жұмадық ханның әскерінің сол қанатын басқарып, Жайтар-Жалқын деген жерде Дешті Қыпшақтың әмірлері мен ру басыларының әскерімен шайқасқа түседі. Осы шайқаста Жұмадық хан қаза тауып, он алты жасар Әбілқайыр маңғыт руының Сары-Шиман деген адамының тұтқыны болады. Сары-Шиман болашақ Дешті Қыпшақ әміршісін тұтқыннан босатып жібереді. Осыдан кейін Әбілқайыр, автордың баяндауы бойынша: «остановился в юрте Алаша-бахадур, калантара большого аймака. Алаша-бахадур и прочие калантары того большого и выдающегося племени почитали и уважали того могущественного султана, опоясались поясом искренней дружбы и служения и с утра до вечера беспрекословно исполняли службу. Ту зиму хазрат [Абу-л-хайр-султан] с помощью поддержки и милости божественной провел там» [2, 143 б.]. Алаша-бахадүрдің қай жерлерді мекен еткені ортағасырлық шығармада айтылмайды. Ұлытау өңірінде Алаша хан кесенесі орналасқан. Сол себептен де, Алаша-бахадүрдің Ұлытау өңірінде мекен етуі де мүмкін. Алаша-бахадүрге байланысты шығарманың келесі бір мәліметі, Әбілқайырдың хандық билік құрып, өзіне көмек көрсеткендерге сый-сияпат жасауы туралы айтылады: «Алаш-бахадур и его аймак..., проявивших услужение и усердно моление, одарил дорогими халатами и такой царственной милостью, что невозможно представить больше этого, и оставил в его компетентном держании [право] распоряжения [своей] страной и имуществом» [2, 143 б.]. Бұл мәліметтер бойынша Алаша-бахадүр Әбілқайыр ханның ерекше құрметіне бөленіп, тіптен өз елін басқару құқығына да ие болады. Мүмкін, Ұлытау өңіріндегі аймақты басқарған Алаша-бахадүр, өзінің қадірлі болуымен, дербестігімен халықтың құрметіне бөленіп, Алаша-хан атағына ие болуы да мүмкін. Бұл, әрине жорамал. Моғолстанның ханы Жүністің баласы Сұлтан Ахмет ханның лақап аты да Алаша хан болған екен. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде толық

баяндалады: «Никто в Могулистане не мог ему противодействовать. Несколько раз он совершал удачные набеги на калмаков. Многих из них он убил. Дважды он имел сражение с Исан-тайши, оба раза одержал победу. Из-за него калмаков стало очень мало. Калмыки называли его Алачи-хан» [2, 209-210 бб.]. Алашы деген моңғол тілінде «өлтіруші» деген мағынада айтылады екен, халық оны Алаша хан атап кетіпті. Мұхаммед Хайдар: «қазір моғолдар арасында Сұлтан Ахмад хан деп атайды, бірақ басқа халықтар Алаша хан дейді. Мирхонд және Хондемир шығармаларында және басқаларында Алаша хан деп жазылған» дейді [2, 210 б.]. Әрине, Моғолстан жеріндегі Ақсу қаласында дүние салған Сұлтан Ахмад ханды Ұлытау өңіріндегі Алаша хан кесенесімен байланыстыру қиын. Бұл жерде, тек ортағасырлардағы жазба деректердегі Алаша есімді тарихи тұлғалардың болғандығын көрсетіп отырмыз.

Әбілқайыр ханның Ұлытау өңірінде мекендеуі Мұстафа ханмен шайқасына дейін созылады. Мұстафа ханның ұлысы Есіл және Атбасар өзендерінде орналасқан еді. Бұл шайқас Атбасар өзенінің бойында өтіп, Мұстафа хан жеңіліс табады [2, 157-158 бб.]. Осыдан кейін, Әбілқайыр хан Ұлытау өңірін тастап, өз ордасын Сығанаққа ауыстыруға шешім қабылдайды: «Когда победоносный хан с помощью бога, помощи которого ищут, возвратился из сражения с Мустафа-ханом победоносным и могущественным, ... хан горизонтов с помощью хранителя решил отправиться для зимовки на завоевание [города] Сыганака» [2, 159 б.]. Зерттеушілер С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов 1446 жылы Әбілқайыр ханның Сырдария өзенінің бойы мен Қаратау маңындағы бірнеше қалалар – Сығанақ, Арқұк, Созақ, Аққорған, Үзкентті басып алғанын жазады [4, 222 б.]. Осы кезден бастап Сығанақ Әбілқайыр хандығының астанасына айналады.

Ұлытау өңірінің ортағасырлардағы тарихи географиясының бір кезеңі Қазақ хандығының құрылуы тарихымен байланысты. XV ғасырдың 50 жж. екінші жартысында Керей мен Жәнібек сұлтандар көптеген Жошы ұрпақтарын және руларды өз маңайына топтастырып, Моғолстанға көшіп кетеді. Ұлытау өңірінде орналасқан тарихи орындардың бірі – Таңбалы тасқа байланысты аңыздар осы оқиғаны сипаттайды: «Народное предание гласит, что именно здесь, у ключа Тас-булак, происходило первое историческое совещание родов об организации новой народности «казах», решение которого будто бы зафиксировано на утесе родовыми знаками всех племен, участвовавших в совещании. Тот факт, что основной костяк

новых обитателей казахской степи происходил с юга, т.е. из пределов Великого Могола, свидетельствует о некоторой исторической достоверности этого предания» [5, 43-49 бб.].

Академик Ә.Х. Марғұлан «Бұл тасқа қазақтар әрқашан бас иіп, адамдар таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Таңбалы тастың» ұлы атаққа ие болуының себебі, бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған екен» - деп жазады [6, 10-12 бб.].

С. Тәбірізұлының айтуынша, «Таңбалы тастың» қазақ тарихи фольклорына түскен уақыты өте ерте заман. Оны аңыз деректерде «Тамғалы Нұра», немесе «Тамғалы тас» деп атайтын болған [7, 54 б.].

Әбілқайыр ханның мемлекетінің халқы «көшпелі өзбектер» аталса, Шығыс Түркістанның көшпелі түрік немесе түріктенген тайпалары мекендеген территорияны көрсетуі үшін мұсылман авторлары Өзбек ұлысы, Өзбекстан терминін қолдана бастайды [8, 125 б.]. Сол кездегі Өзбекстан құрамына қазіргі Орталық, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс және Батыс Қазақстан территориялары жатады. 1459-60 жж. Керей мен Жәнібек сұлтандар өз жақтастарымен сол кездегі Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы деген жерге көшіп кетеді. Бұл саяси оқиға туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде баяндалады: «В то время в Дашт-и Кипчаке владычествовал Абу-л-хайр-хан. Он причинял много беспокойства султанам джучидского происхождения. Джанибек-хан и Кирай-хан бежали от него в Могулистан. Исан-Буга-хан охотно принял их и предоставил им округ Чу и Козы-Баши» [2, 195 б.]. Осы оқиғалардан кейін, бөлініп кеткен топ «өзбек-қазақ» деп, бірте-бірте «қазақ» атауына ие болады [8, 128 б.].

XV ғасырда қазақ мемлекеті құрылуы процесінде – жаңа мемлекеттің, халықтың атауы ретінде қазақ сөзінің қабылдануы тегін емес. Және де, осы атауды қабылдаушы халық пен саяси лидерлер оның түпкі мағынасын анық білген болу керек.

Қазақ хандығының қалыптасуынан кейін Ұлытау өңірінің саяси орталық ретінде өз мәнін жоғалтпағаны тарихи деректерден белгілі болып отыр. XVI ғасырдың бас кезінде Ұлытау өңірі Қасым ханның мекендеген жері екендігін ортағасырлық автор Абдаллах Али Насраллахидің (Абдаллах Балхи) «Зубдат ал-асар» шығармасынан көруге болады. Онда, Мұхаммед Шайбани-ханның Дешті Қыпшаққа жорығы баяндалады: «После того, как Шахбахт-хану покорились Хорасан, Мавереннахр, Туркестан, Тохаристан, Бадахшан, Кандахар, Забул, Хорезм, Астрабад и территории вплоть до Ирака, он выступил

с огромным войском ради овладения Дашт-и Кипчаком. И когда он вторгся в пределы Дашт-и Кипчака, он направил вперед все войско с Тимур-султаном и Убайдаллах-султаном, которое внезапно нагрянуло на Касим-хана» [2, 133 б.]. Қасым ханның шайқасуға мүмкіндігі болмағандықтан шегінуге мәжбүр болады. Автор, Қасым ханның Ұлытаудағы ұлысы мен ордасының Темір сұлтан мен Убайдаллах сұлтанның қолына түскендігін көрсетеді: «и вся его ставка и весь эль-улус в Улутаге попали в руки султанов» [2, 133 б.]. Бұл мәлімет бойынша Қасым ханның ордасы да, ұлысы да Ұлытау өңірінде орналасқанын байқаймыз. М.Х. Абусеитова 1509 жылы Мұхаммед Шайбани-ханның Ұлытау аумағында Қасымның иеліктеріне шабуыл жасап, қазақтардың қыстақтарын ойрандағанын айтады [1, 43 б.]. Мұхаммед Шайбани-ханның бұл жорығы сәтсіз аяқталып, оның әскерлері жеңіліске ұшырайды. М.Х. Абусеитованың пайымдауынша, осы жорықтың сәтсіз аяқталуы Шайбани-ханның билігінің әлсіреуіне және оның Мерв түбінде қаза болуына алып келеді [1, 43 б.]. Көріп отырғанымыздай, Қасым ханның билік құруы тұсында Ұлытау өңірі Қазақ хандығының саяси орталықтарының бірі болғандығын байқауға болады.

Қасым ханның Ұлытау өңірін мекендеуіне бірден-бір себеп, Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес болуға тиіс. «Тарихи Рашиди» шығармасында Қасым ханның Ташкентті қоршауға алып, Сүйіншік ханмен күрес жүргізіп жатқанын естіген Сұлтан Сайд ханның, онымен кездесуге аттанғаны айтылады. Бірақ, оған дейін Қасым хан Ташкент түбінен шегініп кетеді. Қазақтарды қайтадан Ташкентке шабуыл жасауға көтеру мақсатымен Сұлтан Сайд хан Қасым ханмен Шу өзенінің бойында кездеседі [2, 225 б.]. Шу өзенінің Ұлытау өңірінің оңтүстігінің табиғи шекарасы болып табылатыны белгілі. Мұхаммед Хайдар Дулати хандардың нақты қай жерде кездескенін анық көрсетпейді. Бірақ, оның «кездесуден кейін қазақтар Қасым ханның бұйрығы бойынша қыстауларына қарай қозғалды» [2, 227 б.] деуіне қарағанда, Қасым хан қыс мезгілдерін Ұлытауда өткізгенге ұқсайды. Белгілі тарихшы К.А. Пищулина XV ғасырда Қазақ хандығының шекарасы ұлғайып, Батыс Жетісу, Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен оазистері, Қаратау маңындағы жазықтар, Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдың солтүстік бөліктері және Орталық Қазақстанның біршама территориясын қамтығанын атап өтеді [9, 120 б.].

XVI ғ. соңындағы тарихи оқиғалар барысы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шайхи» шығармасында орын алған. Онда, негізінен



Шығай хан мен баласы Тәуекелдің Абдаллах-ханға қызмет етуі; қазақтардың Сырдария бойындағы күресі; Абдаллах-ханның қазақтарға қарсы жорықтары баяндалады [2, 243 б.]. XVI ғасырдың соңында Ұлытау өңірі Абдаллах ханның Баба сұлтанға қарсы жорығы барысында тарихи деректен көрініс береді. Абдаллах ханның жорығы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шайхи» шығармасында жан-жақты сурттеледі. Хафиз Таныш мәліметтеріне сүйенсек, Баба сұлтан Абдаллах ханнан Ұлытау өңіріне қашады. Ол туралы Хафиз Таныш «От страха перед нападением бесстрашного государя Абдаллах-хана Баба-султан, подобно лисе, обратился бегство и пошел по пути отступление. Он направил звуки барабана отступления в сторону Дашта» [2, 268 б.]. Бұл оқиға 1582 жылы басталады. Абдаллах ханның әскерлері Саураннан шығып, одан әрі Хафиз Таныштың баяндауы бойынша келесідей жерлерге жетеді: «проехал Ак-Суме и Йурунджалык и расположился лагерем» [2, 270 б.]. Ақ сүме Қазақстанның археологиясынан белгілі, Созақ ауданынан солтүстік бағытта 80 шақырым жерде орналасқан Ақсүмбе қалашығы мен мұнарасы, ал Абдаллах ханның әскерлері тоқтаған жерді нақты анықтау мүмкін емес. Одан кейін, әскерлер «Сусканлик» (өзен болу керек – Ж.Ж.) деген жерден өтіп, Сарысу өзеніне жетеді. Бұл туралы Хафиз Таныш «ступил своими благословенными ногами на берег реки Сарык-су, которую в «Зафар-наме» и других сочинениях пишут как Сарык-узан» деп жазады [2, 270 б.]. Бұл мәліметтер, Абдаллах ханның ортағасырлардағы «Сарысу жолы» деп аталатын қатынас жолымен жүргендігін көрсетеді. Бұл жолмен «Зафар-наме» шығармасында Токтамысқа қарсы жорығы барысында Әмір Темірдің әскерлерінің жүргендігі баяндалған болатын. Хафиз Таныш Абдаллах ханның Сарысу өзенінің бойымен солтүстік бағытта жүріп отырып, өзеннің бойындағы «Балтум-Турангу» деген жерде бір тоқтайды. Осы жерде Баба-сұлтанның Ұлытау тауларын паналап, қашқанын естиді. Абдаллах хан әскерімен тағы жолға шығып, «Йатим-Турангу» деген жерге жақын Үшқоңырда тоқтайды [2, 272 б.]. Абдаллах хан әскерлері Сарысу өзеніне жеткеннен бастап, үш күндік жолдан кейін Күршім құмына жетеді. Келесі күні әскерлер «Йиланджук» өзенінен өтіп, «Токай-Кашудан» деген жерге тоқтайды [2, 273 б.]. Бұдан кейінгі Абдаллах ханның жорық маршруты Ұлытау өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштер Талмас-ата мен Болған ананың жанымен өтеді. Талмас ата ескерткішінің бүгінге дейін тек орны ғана сақталған. Ол Сарысу өзенінің бойында, ал Болған ана ескерткіші жартылай

сақталған. Ол Кеңгір өзенінің Сарысуға құяр тұсында, Жезқазған қаласынан оңтүстікте 50 шақырым жерде орналасқан. Болған ана тұсында Абдаллах хан Баба сұлтанның Ұлытау маңындағы Жошы мазарының тұсында екенін біледі [2, 275 б.]. Одан әрі, әскерлер Кеңдірлік өзенінен өтіп, Теріс Кеңдірлік тұсында аялдайды. Кеңдірлік өзендері қазіргі Жезді және Бала Жезді өзендері болуы керек. Себебі, Болған ана ескерткішінен кейін кездесетін өзендер осы. Ал, Кеңдірлік топонимі бұл күнде тек тау атауы ретінде сақталған [10, 132 б.]. Кеңдірлік осы өзендердің ортағасырлардағы атауы болса керек. «Үлкен Сызба кітабында» Ұлытау өзенінен ағып шығатын Кеңдірлік өзені туралы айтылады. Үлкен Жезді өзені өз бастауын Ұлытау тауларынан алады. Сондықтан, Кеңдірлік өзенін Жезді өзені деп санауымызға болады. Осы жерде Абдаллах ханның әскерінен барлауға шыққан үш адам Жошы мазарының жанында Баба сұлтанға тұтқынға түсіп, олар өздерінің сондарынан Абдаллах ханның үлкен әскері қуып келе жатқанын біліп, тез арада маңғыттарға қарай кетеді [2, 276 б.]. Хафиз Таныштың маңғыттар деп атап отырғаны, Ноғай ордасы екенін ескерсек, Баба сұлтан Ұлытаудан батыс бағытта қозғалуы тиіс. Мұны, Хафиз Таныштың мәліметтері растайды: «Джултай-бий и Ходжам-Кули-кушбеги с остальными храбрецами, а также с кочевниками (ахшам), предводителем которых был Калка-бий дурман, настигли неприятеля около Сарайли и Турайли» [2, 276 б.]. Абдаллах хан әскерінің негізгі бөлігімен Жошы мазарының жанында аялдап, әскерлерін біраз тынықтырған соң, Ұлытау тауларына жетеді. Хафиз Таныш бұл жерді «самой лучшей местностью в Дашт-и Кипчаке» деп жазады [2, 278 б.]. Бұдан кейін Жыланшық өзеніне жетеді және осы арада Шығай хан мен басқа сұлтандар Абдаллах ханның кейін қайтуын сұрайды. Абдаллах хан Жыланшық өзенінен Ұлытау тауларына қайтып, осы тауларды көруге аялдайды. Абдаллах хан Алтыншоқыдағы Әмір Темірдің тасқа қашатып жаздырған жазуын да көрген болуы керек. Себебі, Хафиз Таныш Абдаллах хан әскерлеріне тас жинатып, Әмір Темірдің мұнарасындай мешіт тұрғыздырады [2, 280 б.].

Хафиз Таныштың жазбалырында Ұлытау өңірінің топонимикасына қатысты маңызды мәлімет таба аламыз. Ұлытау өңірінде Бұланты аталатын өзен бар [10, 78 б.], бірақ Ұлытауда қазіргі күндері бұлан жоқ. Бұланты топонимінің қалыптасуын Хафиз Таныштың мәліметтері ғана түсіндіре алады: «Среди разных газелей [войны] обнаружили [здесь] таких газелей, которые ростом больше буйвола. Монголы (могул) называют их кандагай, а жители

Дашта именуот булан [т.е. лось]». Демек, ортағасырларда Ұлытау өңірінде бұл аталатын жануар мекендеп, өзен атауы сол себептен қалыптасқан.

Абдаллах хан әскерлерімен аң аулап жүргенде, Асфандийар-сұлтан бастаған топ жаудың бір бөлігімен Сауық өзенінің бойында шайқасқа түседі. Осы шайқаста Тәуекел сұлтан өз адамдарымен ұрысқа араласып, ерекше көзге түседі [2, 281-282 бб.]. Осы шайқастан кейін жауынгерлер Ұлытаудағы Абдаллах ханға қайта оралып, жаудың жеңіліске ұшырағанын жеткізеді. Абдаллах хан Ұлытаудан кері қайтуға шешім қабылдайды [2, 283 б.]. Осымен, Абдаллах ханның Ұлытау өңіріне жорығы аяқталады. Осы жорыққа қатысқан Тәуекел сұлтан Абдаллах ханның қарсыласы Баба сұлтанның басын кесіп, жеңіске жеткен құрметіне Африкент уалаятын сыйға алады [2, 311 б.].

Тәуекел ханның 1598 жылғы Мәуреннахрға жорығы қазақтардың Орта Азиямен қарым-қатынасының тарихында маңызды орын алады және осы оқиғаларға қатысқан халықтардың тағдырына зор әсер етеді [11, 124 б.]. Белгілі шығыстанушы М.Х. Абусейтованың пайымдауынша, Қазақ хандығының құрамына Түркістанның, Сырдария бойындағы қалалардың, Ташкенттің қосылуы хандықтың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына үлкен әсер етіп, қазақ мемлекетінің шекарасын ұзақ уақытқа анықтап береді [11, 124 б.].

М.Х. Абусейтованың пікірі бойынша XVI ғасырдың соңына қарай Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақтан, отырықшылық өлкесі Жетісудан көршілерімен ығыстырылып, негізінен оңтүстік шекаралары Сарысу өзенімен шектелген [1, 43 б.]. Бұл, Қазақ хандығының негізгі жері қазіргі Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстан территорияларын қамтығанын көрсетеді. Осы территориялардың ортасында орналасқан Ұлытау өңірі басты саяси оқиғалардың арена болуы заңды құбылыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. –Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.
- 2 Материалы по истории казахских ханств (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
- 3 Смаилов Ж.Е. Средневековая оседлая и городская культура Центрального Казахстана. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997. – 161 с.
- 4 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан – летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 378 с.

5 Сатпаев К.И. Историко-археологические данные в Джезказганском районе // Избранное. В 5-ти т./ Сост.М.К.Сатпаев. – 2-е изд. сокр. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. Т.5. – 416 с.

6 Марғұлан Ә.Х. Тамғалы тас сыры (Орта ғасырда тасқа жазылған қазақша танба, ұрандар) // Қазақ тарихы. – 1993. - №2. – Б.10-30.

7 Тәбірізұлы С. Созақ өңірі. Тарихи деректер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 132 б.

8 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. –Алматы, 2001. – 276 с.

9 Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 192 с.

10 Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы / Жауапты ред. ф.ғ.д. Т.Жанұзақов. – Алматы: Ғылым, 1990. – 294 б.

11 Абусейтова М.Х. Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598-1599 годов // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 192 с.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫНАН (1917 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ – 1918 ЖЫЛДЫҢ ОРТАСЫНА ДЕЙІН)

ҚАРАСАЕВ Ф. М.

т.ғ.д., ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Астана қ.

1917 жылғы 25 қазандағы Петроград қаласындағы В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы іске асырған революцияның нәтижесіндегі жұмысшы-шаруа үкіметінің орнауымен көпұлтты Ресейдің отарында болып келген Қазақстанның кенестік заман тарихы бастау алады.

Ресейдегі Кеңес үкіметінің орнауы 1917 жылдың соңынан басталып, 1918 жылдың сәуір айына дейін созылғандығы белгілі. Кеңес үкіметі елдің көптеген аймақтарында, қалалар мен ірі елді мекендерде бейбіт жолмен орнады. Бұған керісінше аталған жүйенің қарулы қактығыс арқылы билікке келуі де орын алды.

Қазақстанда кеңестік жүйе келесі, 1918 жылдың басына дейін орнап болды. Міне, осы мерзімнен билікке келген В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы өздерінің бағдарламасына сай экономиканы, саяси, ұлттық, әлеуметтік, мәдени өмірді қайта құруға арналған шараларын бірден іске асыруға кірісті. Солардың ішінде халық шаруашылығын социалистік негізге бағыттау қолға алынды. Бұрынғы жеке меншікте болған өнеркәсіп, қаржы орындары мемлекет қарамағына алынды, олаға жұмысшы бақылауы орнатылды. Жер туралы Декретке орай помещиктік, казактық, патша жанұясына тиелі, т.б. меншіктік барлық жерлер шаруаларға беріле бастады. Ресейдің көпұлтты бұқарасының талабы мен сұранысына орай Германиямен өзара бітім жасалып, Кеңестік Ресей бірінші дүниежүзілік соғыстан біржақты шығарылды.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет саласындағы қарапайым халық мүддесіне арналған жұмыстар атқарылды. Осындай істер жергілікті кеңес үкіметі арқылы Қазақстанның барлық аймақтарында да жүргізілді. Атап айтқанда, “Орталық Кеңес үкіметінің басшысы әрі большевиктердің көсемі В.И.Ленин осы кезеңді (Кеңес үкіметін орнату кезеңін) қорытындылай келіп былай деп атап көрсетті: “Біз, большевиктер партиясы ... Ресейді –кедейлер үшін байлардан, еңбекшілер үшін қанаушылардан тартып алдық. Біз енді Ресей билігін қолға алуға тиіспіз.” Революция жеңіске жеткен жағдайдағы елді басқару, Лениннің пікірі бойынша, бірінші кезекте жаңа қоғамның экономикалық негізін құру, оның әлеуметтік саясатын анықтау мен жүзеге асыру дегенді білдірді”. [1.132]. Жаңа жүйенің жетекшісі В.И.Лениннің мақсаты қарапайым еңбекші халықты қанаудан құтқарып, еркіндікке жеткізу, олардың ғасырлар бойғы аңсаған басты мүдделерін қамтамасыз ету, әділетсіздік пен шектетуден тыс жұмысшы-шаруа үкіметін құру екендігі осы алғашқы атқарылған істерден айқындала бастады.

“... Қалай болғанда да өзгеріс басталып кетті. Большевиктер социалистік экономиканы құруда, өндіріс пен өнімді бөлуде жұмысшы бақылауының орны ерекше деп есептеді. Жұмысшы бақылауы өндірісті мемлекет меншігіне айналдырудағы өтпелі шара болып саналды және шаруашылық саласын жоспарлы бақылап отырудың құралына айналып, кәсіпорындарды толықтай басқаруға алғышарт әзірлеп берді, өндірістің тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Кеңес өкіметінің жеңіске жету жағдайында, әдетте, жұмысшы бақылауын жүзеге асыратын жұмысшылардың өздері еді. 1918 жылы ақпанда жұмысшы бақылауы Семей

былғары және кеме жөндеу зауыттарында орнады. Осы жылдың 8 наурызында Ақмола уездік Кеңесі жұмысшылардың ұсынысы бойынша “Зингер” акционерлік қоғамы кәсіпорындарына жұмысшы бақылауын енгізу туралы қаулы қабылданды. Көп кешікпей Петропавл Кеңесінің шешімімен жұмысшы бақылауы “Ағайынды Овсяниковтар” сауда - өндірістік серіктестігінің кәсіпорындарына орнатылды. Мұндай әрекет өлкенің басқа өңірлеріндегі (Доссор мұнай кәсіпшілігіндегі, Қарағанды шахталарындағы, Успенск және Сарысу кен орындарындағы) Кеңестерде де жүзеге асырылды.

Жұмысшы бақылауын жүзеге асыру банктерді мемлекет меншігіне алуға арналған дайындық шаралары болып табылды. Олар БОАК-тің, 1917 жылғы 27 желтоқсандағы “Банктерді мемлекет меншігіне алу туралы”, “Банктердегі болат сейфтерді ревизиялау туралы” декреттерінің негізінде іске асырылды. Жергілікті жерлерде банктерді мемлекет меншігіне алу Кеңестерге және олардың қаржы қаржы (финанс) бөлімдеріне жүктелді. 1918 жылы көктемде Орыс-Азиялық банкісінің бөлімшесі, Өскемен қаржы мекемесі мен қалалық банкі, Ақмола облысындағы ірі банктердің филиалдары мемлекет меншігіне алынды.

Революциядан кейінгі алғашқы айларда банктерді мемлекет меншігіне алудың нәтижесінде жергілікті Кеңестер ауылдық-селолық Кеңестер жүйесін қалыптастыру, еңбекшілердің әлеуметтік-мәдени сұраныстарын қанағаттандыру және ірі өндіріс орындарын қалпына келтіру үшін белгілі мөлшерде қаржы бөлуге мүмкіндік алды.

Семей облыстық кеңесі қызметінің кейбір мысалдарын келтірейік: 1918 жылы көктемде атқару комитеті Семей уездік Кеңесіне ауыл-селолық және болыстық кеңестерді ұйымдастыру, мектептер мен ауруханалар салу, мұғалімдер мен фельдшерлердің материалдық жағдайын жақсарту, азық-түлік ісін ұйымдастыру шығындары үшін Мемлекеттік банктің бөлімшелерінен 300000 сом көлемінде несиелік бөлімді; 1918 жылы 23 наурызда атқару комитетінің мәжілісінде Риддерге қаржылай көмек көрсету туралы мәселе талқыланды және Риддерде жұмысты жалғастыру үшін талап етілген ақша уездік кеңесінен сұралды. 1918 жылы 4 сәуірде Семей облыстық Кеңесі облыстағы жаңа мектептер құрылысына 2900000 сом көлеміндегі сметаны бекітті. 1918 жылы 5 мамырда Павлодар уездік Кеңесі қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындау үшін 10300 сом көлемінде ақша бөлуге қаулы алды” [1.133].

Еңбекші халық, соның ішінде жергілікті қазақ ұлты мүддесі үшін атқарыла бастаған көкейкесті шаралар өзінің келелігі,



қажеттілігімен ерекшеленді. Себебі, халыққа білім беру, денсаулық сақтау бағытындағы осындай қысқа мерзімдегі жүзеге асырылған істердің ешқайсысы өлкеде Ресей империясы тарапынан ғасырлар бойы ешқашан атқарылып көрмеген болатын.

“Семейде облыстық Кеңестің атқару комитеті ... кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алу туралы шешім қабылдады. 1918 жылғы маусымға қарай Семей облысында 15 былғары кәсіпорны мемлекет меншігіне айналдырылды.

Қазақстан аумағында, әсіресе оның орталық және шығыс өңірлерінде шетелдік кәсіпкерлер, негізінен ағылшындар қожалық еткен көптеген тау-кен кәсіпорындары болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ағылшын акционерлері Кеңестерге қарсы бағытталған бірқатар шаралар қолданды: шахталарды сумен толтырып тастауға әрекеттенді, Қарсақбай, Спасск, Байқоңыр және Риддерде құрал-жабдықтарды талан-таражға салды. Жұмысшылар жергілікті большевиктік ұйымдар мен кеңестік органдардың басшылығымен шетелдік капиталистердің мұндай әрекеттеріне қарсы күресе отырып, кеңестерден тау-кен кәсіпорындарын мемлекет меншігіне алуды талап етті.

1918 жылы 11 мамырда В.И.Ленин “Қырғыз (қазақ) тау-кен өнеркәсібі акционерлік қоғамы” мен Ақмола облысындағы Спасск мыс қорыту зауытын мемлекет меншігіне айналдыру туралы РКФСР ХКК-нің қаулысына қол қойды. 1918 жылы жазға қарай жергілікті Кеңестер мен зауыт комитеттері 180 тау-кен кәсіпорнын, оның ішінде 140-тан астамы –мыс, 18-і мыс-қорғасын кенін мемлекет қарамағына алды. Өнеркәсіпті және халықты отынмен қамтамасыз етуді жақсарту үшін кеңестер 1918 жылдың бірінші жартысында көмір кендерін мемлекет меншігіне қаратты.

1918 жылғы 15 мамырға қарай Семей облыстық Кеңесі қала мен оның төңірегіндегі 79 фабрика-зауыт кәсіпорнын мемлекет қарамағына алды.

... Шаруалар, ... ауылшаруашылық машиналары мен техникаларын қоғам меншігіне айналдыруға тырысты. Оларды Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Өскемен уездерінде іске асыру 1918 жылы наурыз-мамыр айларында жүргізілді.

... тұтас Ресей мемлекеті мен Қазақстан үшін аса маңызды аграрлық мәселені шешудің мәні ерекше болды. Кеңестердің II Бүкілресейлік съезі мақұлдаған Жер туралы декретте 242 шаруа депутатының талап-тілегі түгелдей қарастырылған еді. Жерге помещиктердің иелік етуін және жерге жеке меншікті жоюды

Кеңес өкіметі күн тәртібіне басқа бір тарихи әділетсіздікті жоюмен – казактардың, қазынаның және қоныс аударушы шаруалардың пайдасына деп самодержавие тартып алып қойған жерді қазаққа қайтарумен қатар қойды.

Жер туралы мәселе Кеңестердің облыстық және уездік съездерінің талқылауына енгізілді. Ақтөбе уездік съезінің делегаттары (1918 жылғы наурыз) ешбір солқылдақтық танытпастан жер еңбекші халықтың иелігіне өту керек деп шешті. Съезд шешімінің аса маңызды бір тұсы- “ер еңбекшілердің пайдалануына оларды ұлтқа бөлместен беріледі” делінді. Ақмола уездік съезінің делегаттары да мәселеге осы тұрғыдан келді. Торғай облыстық съезінде қазақ халқының проблемасы ерекше орын алды. “Бұдан былай облыс аумағындағы барлық жер қазақ еңбекшілерінің арасында әділеттікпен бөлінуге тиіс” делінді. Әулиеата, Петропавл, Семей, Өскемендегі съездерде ауыл-селодан жіберілгендер жерді қайтеміз деген мәселені қызу талқылады. Бұл съездердің делегаттары еңбекші халықтың құқығын қорғау, жердің, онда кім жұмыс істесе, соған берілетіні туралы шешімін мақұлдады.

Қайсыбір жерлерде 1918 жылы көктем мен жазда Кеңестер қандай да бір күшпен жерінен айырылған шаруаларға жер бере бастады. Ақмола, Семей облыстарындағы жері жоқ және жері аз шаруаларға бұрын ірі жер иелеріне тиесілі болып келген 270 мың десятинадай жер бөліп берілді.

... Жергілікті кеңестер жұмыссыздар мен босқындарға арнап ондаған тамақтандыру пункттері мен тегін асханаларн ашты. Мысалы, 1918 жылы 23 мамырда Семейде босқындарға арналған асханалар ашып, оның қажеттері үшін Кеңес 5000 сом бөлді. 1918 жылы 20 наурызда Арал Кеңесі “Аса кедей, аш мұсылмандар үшін тегін асханалар ашу туралы” қаулы шығарды.

... Қарастырылып отырған кезеңде Кеңестер алғашқы қадамды мектептерді қайта құрудан бастады. Облыстық, уездік және болыстық Кеңестер атқару комитетінің жанынан халыққа білім беру бөлімдері құрылды. Облыстық және уездік білім беру бөлімдерінің жанынан мәдени-ағарту жүйесі ұйымдастырылды. өлкедегі төңкеріске дейін болған мектептер саны халық қажеттілігін қанағаттандыра алмады. Қазақстанда бастауыш мектептер тым аз болды, оған барлық мектеп жасындағы балалардың 4,1%- ы ғана тартылды.

1918 жылы көктемде өткен Қазақстан Кеңестерінің съездері басқа да бірқатар маңызды мәселелермен бірге халыққа білім беру

проблемасын талқылады. Торғай облыстық Кеңестері съезінің қаулысында халыққа білім беру мәселесі бойынша былай делінген болатын: “Мектеп бәріне бірдей тегін және тең болуға тиіс. Бастауыш білім алу сегіз жастан бастап барлық бала үшін міндетті.” Съездің шешімінде білім алудың алғашқы баспалдағында оқыту ана тілінде жүргізілуі тиіс екендігі айтылды. Оқытудың қалған баспалдақтарында “әрбір ұлттың өз қалауы бойынша” оқыту тілін еркін таңдауына таңдауына құқық берілді. Жалпы білім беретін мектептер жүйесін, әсіресе қазақ халқы үшін, едәуір кеңейту қарастырылды, мұғалім кадрларды дайындау мәселесі бойынша нақты шаралар белгіленді. Съезд Торғай облысында 679 мектеп барын, жыл сайын көбейе беретінін, Ақтөбе уезінде 194 қазақ, 123 орыс, Қостанай уезінде 250 қазақ, 198 орыс, Ырғыз уезінде 114 қазақ және 14 мектеп-интернат, Торғай уезінде 166 қазақ мектебі мен интернаты бар 13 училище жаңадан ашылатынын ескере отырып, 200 мың сом көлемінде облыстық мектеп қорын құруды қарастырды. Семей облыстық Кеңесінің халыққа білім беру бөлімі Азамат соғысына дейін 100 жаңа училище ашты және 10 екі сыныптық училищені қайта жарактандырды. Мектептер мен училищелер ашу Жетісу, Сырдария Ақмола облыстарында да белгіленді.

... Семей облыстық Кеңесінің халыққа білім беру бөлімі жанынан 1918 жылы сәуірдің басында хат танымайтын ересектерді жазуға, есептеуге үйрету үшін үш айлық тегін курс, ал шала сауаттылар үшін бастауыш мектеп көлемінде білім беру курсы ашылды. Мұндай типтегі курстар хат танымайтын солдаттар үшін кейбір гарнизондар жанынан, атап айтқанда Петропавлда ашылып, жұмыс істеді.

... Кеңес өкіметі жеңіске жеткен күннен халыққа дәрігерлік қызмет көрсетудің жаңа жүйесін ұйымдастыру жұмыстары басталды. Облыстық және уездік кеңестерде халықтың денсаулығын сақтау бөлімдері мен комиссиялары құрылды, олар өз кезінде барлық ауруханалардың, амбулаториялардың, дәрігерлік және медициналық пункттердің ісіне араласты. Семей Кеңесінің атқару комитеті 1918 жылы 8 сәуірде облыстың барлық емдеу орындары дәрігерлік-санитарлық бөлімге енгізілсін деген бұйырық шығарды. Петропавл уезінде халыққа дәрігерлік қызмет көрсету басшылығы уезд жанынан санитарлық-дәрігерлік және мал дәрігерлік бөлімдер ашты.

Ресей империясының отар аймағы Қазақстан халқына, әсіресе казактарға төнкеріске дейін аздап болса да қанағат тұтар дәрігерлік

қызмет көрсетілмей келді. Ауруханалар тек қалаларда ашылды, олардың төсектері де тым аз еді. Кейбір уездік орталықтарда ауруханалар мүлдем болған жоқ, ал аурухана, амбулатория бар жерлердің өзінде жұмыс нашар ұйымдастырылды, кадрлар мен дәрі-дәрмектер жетіспеді.

Дәрігерлік қызмет көрсетудің кеңестік жүйесін ұйымдастыру: жаңа ауруханалар салу, ескілерін жаңарту, оларды дәрігер мамандармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін кеңестер тез арада шешуші шаралар қолдана бастады.

Кеңестер емдеу мекемелеріне мүмкін болған көмектің барлығын жасады: мемлекет меншігіне алынған үйлердің есебінен ең жақсыларын берді, дәрі-дәрмек алу үшін оларды ең алғашқы кезекте қаржымен қамтамасыз етті, дәрігер кадрлар дайындаумен және кеңестік Ресейдің орталық аймақтарынан дәрігерлер мен басқа да мамандар жіберумен айналысты.

... 1918 жылы наурызда Семей облыстық Кеңесі атқару комитетінің дәрігерлік-санитарлық бөліміне 11 аурухана салуға, фельдшерлік типтегі жаңа амбулаториялар, оның ішінде 5 амбулаторияны қазақ болыстарында ашу үшін қажетті қаржы бөлгізді. Уездік орталықтарда тұрақты емханалар салудан бұрын әрқайсысында 32-ге дейін орын бар уақытша палаткалық ауруханалар (жазғы кезде) ұйымдастыру қарастырылды. 1918 жылдың бірінші жартысында Семей уездік Кеңесінің дәрігерлік-санитарлық бөліміне Уақытша үкімет тұсында қарастырылған 20960 сомның орнынан 150 мың сомнан астам қаржы босатылды. Наурыздың басында Ақмола уездік Кеңесі қала ауруханаларының мұқтажы үшін 10000 сом ақша бөлді.

Ауыл-село тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсарту үшін кейбір ауруханалар мен амбулаторияларды қаладан ауылдық жерлерге көшіру мәселесі қарастырылды. Мәселен, Петропавл Кеңесінің санитарлық-дәрігерлік бөлімі 1918 жылы 24 наурызда уездік аурухананы Явленское селосына көшіру туралы қаулы шығарды. Сондай – ақ Троицк, Успен, Дмитриев, Ставрополь Ефимов Федоров, Петров, Ананьев және т.б. селоларда дәрігерлік пункттер ашуды белгілегенді. Жұқпалы аурулармен күресу үшін Семей облысының әрбір уезінде арнаулы отрядтар ұйымдастырылды.

Перовск Кеңесі денсаулық сақтау бөлімі 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында Жөлек, Әлмесек селоларында амбулаториялық пункттер, Мойнак, Бөген, Үрге, Қарашоқата, Қамыстыбас елді мекендерінде фельдшерлік пункттер ашты.

Мұндай жұмыстарды Кеңестер өлкенің басқа да аудандарында жүргізді. Мәселен, 1918 жылдың мамыр-маусым айларында Әулиеата уездік кеңесінің баяндамасында мына жұмыстардың атқарылғаны айтылады:

1) уездік учаскелік емхана ашылып, тоқтаусыз жұмыс істеуде; 2) үш жерде (Грозный, Мерке және Шудағы Новотроицк) жұкпалы ауруға қарсы пункттер ашылды ...; 3) уезд бойынша тырысқаққа қарсы ем егіліп жатыр, 5000 доза жұмсалды және тағы да 5000 адамға жететін доза бар; 4) санитарлық іс бойынша смета әзірленіп, бекітілді ...; 5) барлық уезді толығымен дәрігерлік және ветеринарлық көмекпен қамтамасыз етудің нақты жоспары жасалып, Ташкентке бекітуге жіберілді. ...

... Кеңестер медицина қызметкерлерінің материалдық жағдайын жақсарту үшін де мүмкін болған шаралардың бәрін жүзеге асырды. 1918 жылы сәуірде Семей облысының медицина қызметкерлері 1917 және 1918 жылдар үшін бірінші кезектегі қажет бұйымдардың және азық-түліктің қымбаттауына байланысты өтемақы ретінде жалақыларына қосымша ақша алды.

... (Семей облысында, - Ф.Қ.) бала асырауға мүмкіндігі жоқ жалғызбасты аналарға қамқорлық жасау үшін бөбектер үйі ашылды. Бөлім (әлжуметтік қамсыздандыру бөлімі, -Ф.Қ.) қымызбен емдеу және Мойылдыда (Павлодардың түбінде) балшықпен емдеу курорттарын салуға қаржы бөлді”.

... Қазақстанда 300-ден астам өнеркәсіп орны мемлекет меншігіне берілді. Олардың қатарында спасск мыс балқыту және шымкент дермең зауыттары, Қырғыз тау-кен өнеркәсібі акционерлік қоғамының қорғсын-мырыш зауыты, Риддер кеніші кәсіпорындары, Екібастұз және Байқоңыр көмір кені орындары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері бар. Орынбор-Ташкент және жетісу теміржолы, Арал теңізі, Ертіс пен Жайық өзендеріндегі кемелер мен барлық сауда флоты, Қазақстан қалаларындағы Орыс-Азия, Еділ-Кама, Сібір сауда банктері капиталымен қоса және банк бөлімшелерінің объектілері де мемлекет меншігіне жатқызылды.” [1.135-136, 139-141 143,144,145,175].

“1918 жылдың жазында көптеген ауылдық, селолық және болыстық Кеңестері жерсіз қазақ шаруалары (кедейлер) және шаруалардың сұрауларымен кулактар және ауқатты хуторлық шаруашылықтардан, ірі байлардан егістік және шабындық жерлерді жартылай қайтарып берді.” [2].

Кеңес үкіметінің алғашқы мерзімдегі жергілікті жерлердегі атқарған шараларын Өскемен уезі мен қаласындағы шараларынан

айқындауға болады. Атап айтқанда: “Бірінші Өскемен қалалық және уездік депутаттар Кеңесі мен үкіметі барлығы 3 ай ғана өмір сүрді. Алайда осы кезеңде бұхара арасында қолдау табу, өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында біршама жұмыстар атқарды.

Атап айтқанда, 1918 жылдың 24 қаңтарында Уездік Кеңес депутаттарының бірінші құрылтайы өткізіліп, онда 8 сағаттық жұмыс күні, өнеркәсіп жұмысына бақылау жасау, шаруа қожалықтарына салық мөлшерін қайта қарау, т.б. мәселелер қаралды.

Риддер өнеркәсіп орындары жұмысын қайтадан жандандыру, жұмысшы құрамын сақтау бағытында шаралар қабылданды. 26 наурыз күні округтік халық соты құрамы бекітілді. 30 наурыз күні ұлттық қырғыз соты құрылды. РКФСР-нің 1918 жылы 15 қаңтардағы Декретіне орай 1 сәуірден бастап жұмысшылар мен шаруалардан Қызыл Армияның бөлімдерін құру жұмыстары басталды [3].

Қалалық Кеңестің ең алғашқы мәжілістерінің бірінде қаланы нанмен қамтамасыз ету, Қызыл Армия отрядтарын нығайту, болыстық кеңестер құрамын сайлау, т.б. мәселелер қаралып, шешімдер қабылданды [4].

1918 жылдың 29 наурызында Өскемен қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің мәжілісінде (қат.№4).. Өскемен қазыналық және Ресей-Азиялық және қалалық банктерді мемлекет қарамағына алу туралы шешім шығарылды. Сонымен бірге өнеркәсіп орындарындағы сауда-өнеркәсіп ісіне бақылау орнады, оған басшылық жасау қалалық депутаттар Кеңесінің мүшесі Куратовқа жүктелді [5].

Бүкіл Көкпекті жолы бойынша барлық көпірлер жөндеуден өткізілді, Ертіс және Үлбі өзендері бойынша көпірлі өткелдер қалпына келтірілді. Қаладағы қоғамдық үйлерді жөндеуге ірі мөлшерде қаржы бөлінді. Электростанция салу жұмысы басталды. Жұмыссыздарға, әсіресе көпбалалы босқындарға көмек көрсетілді. Кеңестік үкімет еңбек биржасын құрып, оған 10 мың рубль аударды және ұсақ шеберханалар үшін қажетті құралдар алуға үнемі назар аударды.

Кеңес үкіметі ... мәдениет, халық ағарту және халықты медициналық қамту ісімен де айналысты. ... Ауруханаларға, сүзекке қарсы емдеу үйлеріне, әскери тұтқындарға, медицина қызметкерлерінің еңбек ақыларына ақша аударды, жеке меншік дәріханаларды мемлекет қарамағына алды. Қаладағы театр, киноның бірқалыпты жұмыс істеуін назарда ұстады. “Эхо”, “Модерн”

кинотеатрлары мемлекет қарамағына көшірілді. Өскемен қаласында драма артистерінің серіктестігі құрылып, Халық үйінде үнемі спектакльдер қойылды. Халыққа білім беру бөлімі селолар мен ауылдарда бірнеше мектептер ашу, екі сыныптық училищені кенейту жоспарларын қарады [6].

Маман мұғалімдерді дайындау мақсатында, әсіресе ауылдардағы қазақ мектептері үшін оқу бөлімі Семей қаласындағы үш айлық педагогикалық курсқа қала мен аудандардан мұғалімдер тобын жіберді, штаттан тыс білім беру бөлімшесін құрды.... “Золоторуд” Риддер акционерлік, “Ақжал” ресейлік алтын өндіру, Алтай тау – кен өндірісі акционерлік қоғамдары, т.б. есепке алынып, олардың жұмыстарына бақылау қойылды.

Өскемен қалалық депутаттары Кеңесі ашыққандарға көмек жасау мақсатында жедел қимылдар жасады. Тұрғындар үшін күніне 400 граммдық нанның мөлшері белгіленіп, оның орындалуына қатаң бақылау жасалды. Нанды еркін сатуға тиым салынды. Барлық азық-түлік жұмысын қалалық Кеңес үкіметі өз қолына алды. Кеңестің шешімімен азық-түлік бөліміне қосымша өкілеттіктер беріліп, қажетті жағдайда әскери күш қолдануға рұқсат етілді.

Өнеркәсіп, т.б. орындардың қызметіне бақылау жасау мақсатында бірыңғай кооператив құрылып, оның құрамы 6000 адамға өсті.

Я.В.Ушановтың басшылығымен Кеңес қалаға электр жарығын беру ісімен ерекше айналысты. Осы бағытта көптеген ұйымдастыру шаралары жүргізілді. ... қала халқы Кеңес депутаттарының бұл бастамасын қызу қолдады. Жер шаруашылығымен айналысатын мамандар дайындау мақсатында Томск қаласына арнайы курсқа әр ауданнан үш адамнан жіберілді.

Әлеуметтік қамту саласында бірқатар маңызды шаралар іске асырылды. 3 жасқа дейінгі балалар үшін тәрбиелеу, 3 пен 17 жасқа дейінгі балалар мен жас өспірімдерге шеберханалары мен ауылшаруашылық фермалары бар үйлерін ашу жоспарланды. Мүгедектер үшін Өскемен мен Зайсан қалаларында омарташылар курсын ашу жоспарланды. Қымызбен емдеу орнын салу, т.б. жолға қойылды [7].

Өскемен депутаттар Кеңесі мен оның атқару комитеті өзі өмір сүрген қысқа мерзім ішінде осындай жұмыстар атқарды”.

Кеңес үкіметі осы аз мерзімнің ішіндегі бүкіл Ресей аймағындағы, соның ішіндегі Қазақстандағы халық мүддесі үшін атқарылған шаралардың жекелеген барысы осындай болды. Осы

істің барлығы большевиктер партиясы, Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Лениннің басшылығымен жүзеге асырылды. Алайда Кеңес үкіметі жетекшілерінің халық бұқарасы үшін шаруашылықты ұйымдастырудағы түпкілікті жоспарларын жүзеге асыруларына мүмкіндік болмады. 1918 жылдың ортасынан бүкіл Ресейді қамтыған азамат соғысы басталды.

Яғни, жоғарыдағы баяндалған тарихи деректерден белгілі болғанындай, Ленин бастаған кеңес үкіметі тарапынан бүкіл Ресеймен қатар Қазақстандағы жергілікті тұрғындар үшін жылға толмас қысқа мерзімдегі одан бұрынғы патшалық империяның бірнеше ғасырға созылған отарлау мерзіміндегі жоспарында да болмаған игілікті істер жүзеге асырылды.

- Осындай нәтижелі қызметі негізінде кеңес үкіметі, соның ішінде Лениннің есімі мен қызметі отарлық қанаудан қалжырап, бүкіл елді жайлаған экономикалық тоқырау мен көлемі үнемі өсіп отырған соғыс салығынан күйзелген жерсіз, құқықсыз жергілікті халықтың құрметіне бөленіп, оған деген үміттерін арттырды;

- аталған нақты шаралар арқылы бұқараның Лениндік большевиктер партиясының алдына қойған мақсатын орындайтындықтарына деген сенімі орнады;

- қазақ жеріндегі большевиктер партиясына өтушілердің, оның саясатын жақтаушылардың саны арта түсті;

- қысқа мерзімде халық арасынан қолдау алған большевиктердің осындай нақты қызметі азамат соғысында жеңіске жетулерінің негізін қалады.

Міне, сондықтан да ұлтымыздың тарихының осындай қысқа мерзіміндегі тікелей халық үшін атқарылған жұмыстардың маңызына тарихи салыстырмалық талабына сай ғылыми баға беру уақыт талабы екендігі белгілі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: “Атамұра”, 2010, 752 бет, суретті, карталы
- 2 История Казахстана: народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н.Э. и др. –Алматы: Дайк-Пресс, 2001.- с.28
- 3 Ш.Қ.М.М. Қ-420 т-1, іс-2, 3 б.
- 4 Аталған мұрағат. Қ-752, т-3, іс-9, 10 б.
- 5 Аталған мұрағат. Қ-752, т-2, іс-10, 1 б.
- 6 Аталған мұрағат, Қ-752, т-3, іс-4, 90-92 бб.
- 7 Аталған мұрағат, Қ-631, т-1, іс-36, 11, 5- 7 бб.



## К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИЧЕСКОЙ ДЕМОГРАФИИ КАЗАХОВ В НОВОЕ ВРЕМЯ (ЧИСЛЕННОСТЬ, СПОСОБЫ ПОДСЧЕТА)

ЛАПИН Н. С.  
старший научный сотрудник,  
Институт истории государства КН МОН РК, г. Астана

Заседание Межведомственной рабочей группы по изучению национальной истории, состоявшееся 5 июня прошедшего 2013 г. придало дополнительный импульс для модернизации национальной исторической науки. На этом заседании кроме прочего было сказано о роли исторической демографии, данные которой, наряду с другими смежными науками позволяют надежно «расширить этнический горизонт» и «по-новому взглянуть на всю национальную историю». Это конечно дополнительно актуализирует исследования в сфере исторической демографии.

На сегодняшний день историками, в первую очередь отечественными создан ряд работ, частью уже ставших классическими, которые посвящены различным вопросам исторической демографии Казахстана. Среди специалистов известны работы Н.Е. Бекмахановой, Н.В. Алексеенко, А.Н. Алексеенко, М.Х. Асылбекова, В.В. Козиной, М.Б. Татимова, А.Б. Галиева и др. Однако большинство существующих работ тематически ограничиваются исследованием вопроса периода двадцатого и второй половины девятнадцатого века, весьма редко углубляясь в более ранний период. Это связано с тем, что массив статистических источников по численности населения и тем более по другим демографическим характеристикам населения казахских степей начинает накапливаться только со второй половины или даже конца девятнадцатого столетия.

Основная задача доклада рассмотреть вопросы численности населения обширной казахской степи в новое время. Хронологически был выбран период последней трети XVIII.

Сложность выявления достоверных данных по численности казахского общества в тот период заключается в практическом отсутствии статистических сведений и весьма ограниченном круге письменных источников содержащих демографические данные. Все это сужает поле исследования данного вопроса.

Один из казахских ханов второй половины XVIII в. – Нуралы (1748–1790) предпринял попытку исчисления подвластных ему

кочевников, однако «при первом шаге встретил препятствия, и, не достигнув цели, возбудил только общее подозрение и ропот» [1, с. 2].

Практически единственной группой источников по численности казахского населения для данного периода являются русские источники – отчёты, ведомости, таблицы, донесения и т.п., составленные чиновниками порубежной администрации, в том числе на



уровне глав региона. Большинство данных этих источников было составлено на основе «разговоров» и опросов непосредственно самих представителей казахских родов. Однако сведения, «приведённые

в этих исследованиях, не проходили должной проверки и только с большой долей вероятности могут быть использованы в демографических исчислениях» [2, с. 37].

В тех исторических условиях и представители казахского общества, и российские чиновники могли располагать весьма приблизительной информацией о развитии демографической ситуации в регионе.

Кроме того существуют особенности, которые характеризуют позиции информаторов. Например, в Сибири численность населения (мужского) намеренно преуменьшалась из-за высокого ясачного оклада [3, с. 154]. В отношении казахов-кочевников ситуация несколько иная. В начале XIX в. А.И. Левшин, уделивший внимание демографической ситуации в регионе, характеризует данные полученные от кочевников как подлежащие «великому сомнению» причину чего он находил, во-первых, во «всегдашней наклонности их к преувеличению всех предметов, особенно в рассказах о могуществе своего народа», а во-вторых «по невозможности, в которой они находятся иметь, о сем предмете основательные известия», при этом, замечает что казахов-кочевников, «одно слово «перепись» может привести в волнение» [1, с. 2-3].

Современник А.И. Левшина, С.Б. Броневский подобным же образом характеризует ситуацию в целом с установлением точного количества казахов – «нет по сие время [конец 1820-х гг.] близкого к истине народного изчисления» [4, с. 185]. При этом «ни один волостной Султан, хотя бы желал искренно, не даст верного отчета о числе юрт, ибо действительно того не знает» при том что чаще «изустные же показания, бывают или невероятно преувеличены; или уменьшаемы» причину чего он объяснял кочевой жизнью казахов [4, с. 185].



В силу того, что активизация казахско-русских взаимоотношений имела место только с начала XVIII в., то и относительное начало фиксации российскими чиновниками численности казахского населения относится ориентировочно также к этому периоду. При этом исчисление населения не являлось приоритетным, что связано с особенностями взаимоотношений казахских сообществ с империей. В отличие, например, от сибирских народностей, казахи не являлись податным населением, вплоть до первых десятилетий XIX века. Именно поэтому совершенно отсутствует такая группа источников, как, например, окладные ясачные книги, которые являются актуальными для определения численности соседнего сибирского населения того периода [3, с. 152; 5, с. 41-42]. Тем не менее, для Российской империи, как и для любого государства, необходимо было определять политику по отношению к различным, в том числе кочевым сообществам и правильно оценивать их политический и экономический потенциал. Поэтому государственные структуры России, в компетенции которых находились вопросы взаимоотношений с другими народами, пытались определить демографический потенциал региона. Например, еще в инструкции Коллегии иностранных дел, полученной А.И. Тевкелевым (1674–1766) перед отправлением к одному из казахских правителей – Абулхаир-хану (ок. 1710–1748) в начале 1730-х гг., кроме прочего, рекомендовалось выяснить – «сколько владения ево городов и мест, дворов, кибиток или числом людей» [6, с. 44].

Один из традиционно применяемых способов подсчета численности кочевого населения исходит из «соотношения общего количества жителей степного владения и количества, выставляемых им ополченцев» [7, с. 96]. При этом по утверждению В.В. Трепавлова, ополченцы на время войны составляли «примерно четвертую часть населения» [7, с. 96]. Однако другие ученые, например, Л.Н. Гумилев в своих исследованиях исходят из соотношения воинских подразделений ко всему населению как 1:5 (20%) [8, с. 32]. Отметим, что и одно и другое соотношение находит прямое указание в источниках, относящихся к истории кочевников Внутренней Евразии [9, с. 315-316, 374]. Мы в своих исчислениях будем исходить из двух вышеуказанных соотношений (1:4 и 1:5) устанавливая, таким образом, некий обоснованный предел который позволит свести к известному минимуму неточности. Не смотря на то, что исследователи используют и другие соотношения 1 к 6 или 1 к 3, мы остановимся на двух выбранных как более аргументированных [7, с. 96].

Другой способ это использовать прямые указания на количество казахских семей (кибиток, юрт). Современники по-разному представляли что значит в демографическом смысле казахская семья и сколько человек в среднем приходится на одну. Так, например оренбургский губернатор Г.С. Волконский (в 1803–1817 гг.) для расчета предлагает учитывать, что «по их [казахам] многоженству, по крайней мере, по 3 души мужеска пола на всякую семью» [10]. Я.П. Гавердовский предполагает «под названием семьи, или кибитки, разуметь должно здешнее общество, соединенное узами крови под отеческим правлением старшего из них. В таковом семействе бывает иногда до 20 и более душ одних мужчин» [11, с. 421]. Первый муфтий Оренбургского мусульманского собрания Мухамеджан Хусаинов (в 1788-1824 гг.) не единожды бывавший среди казахов предполагает что «в каждой же кибитке значит одно семейство, по малой мере, иногда в 20-ти и 30-ти душах сыновьев. Редко уже можно найти толь малое, чтоб из 100 семей были в 3 или 5 душах» [12, с. 227].

Издатель «Сибирского вестника» Г.И. Спасский так определяет, что значит семейство – «семейства определяются по числу кибиток или войлочных юрт» [13, с. 124]. Г.И. Спасский так же как и Г.С. Волконский для расчета предлагает учитывать, «по три души мужеска пола во всяком семействе» [13, с. 123]. А.И. Левшин пишет, что «число людей, живущих в каждой кибитке, не всегда равно, но кажется, что в сем случае можно взять за среднее количество 5 или 6» [1, с. 4].

На сегодняшний день, обычно применяемый коэффициент в отношении кочевых народов, в том числе казахов составляет 1:5 или 1:6 как раз такой который ранее предложил А.И. Левшин [2, с. 139; 3, с. 153].

Первые документы, которые приводят данные о количестве казахов-кочевников до 70-х гг. XVIII в., представлены оренбургскими губернаторами князем А.А. Путятиным (в 1765-1768 гг.) и генерал-майором И.А. Рейнсдорпом (в 1769-1781 гг.) [14-15]. В документах утверждается, что в тот период, «в обоих [Средней и Малой ордах] более не можно, как токмо от осьмидесяти до ста тысяч одного мужска пола» [14, с. 12; 15, с. 14]. То есть можно предположить, основываясь на этих данных, что всего количество казахов-кочевников в Младшем и Среднем жузах составляло к тому периоду в пределах 320.000 – 400.000 человек ((80.000)×4(5)). Реально численность должна была больше, так как необходимо учитывать, что эти данные были получены, как указано в источнике, «по всегдашнему их [казахов] при границах обращению» [14, с. 12; 15, с. 14]. То есть,

были учтены только те кочевники, которые находились вблизи границы и вполне понятно, что границе только российской. При этом мы видим, что возможные данные о численности других территорий не приводятся. Так в «Табели» А.А. Путятина и в «Ведомости» представленной И.А. Рейнсдорпом полностью отсутствуют данные о казахах составлявших Большую орду.

В связи с этим необходимо также учесть население, которое оставалось вне поля зрения русских чиновников то есть если кочевое население в российском приграничье составляло менее половины всех казахов то известную нам цифру на наш взгляд можно увеличить не менее чем в 2 раза.

Сопоставимые данные о численности казахов приводятся и в материалах члена-корреспондента Петербургской академии наук П.И. Рычкова составленных в 1774 г. и где есть упоминания «о числе народном» [16, с. 200-201]. Говоря о численности населения составлявших Младший и Средний жузы П.И. Рычков основываясь на архивных данных пишет «о всенародном числе, во обоих оных подданных ордах имеющимся... невозможно точно донести... – однако – «можно почесть, что одна сия орда [Малая], ежели б вся захотела соединится, легко может поставить тысяч до тридцати человек годных [к войне]» [16, с. 200]. То есть, используя известное соотношение, получается, что численность казахов Малой орды была в пределах 120.000 – 150.000 ((30.000)×4(5)).

По мнению П.И. Рычкова численность военного ополчения выставляемого казахами Среднего жуза была значительно больше, чем в Младшем (30.000) – не указывая точной цифры он твердо обозначает что «в средней орде зберется их [воинов] гораздо уже больше того» [16, с. 200]. Если предположить что «гораздо больше» это до 50.000 воинов, то получается что в первой половине 1770-х гг. количество кочевников в Среднем жузе, по предположению П.И. Рычкова достигало 200.000 – 250.000 человек (50.000×4(5)). Таким образом, общая численность казахов Младшего и Среднего жузов по материалам П.И. Рычкова составляла 320.000 (120.000+200.000) – 400.000 человек (150.000+250.000), что сопоставимо с численностью, рассчитанной по данным оренбургских губернаторов.

Однако, как и в случае с цифрами А.А. Путятина и И.А. Рейнсдорпа и цифры приведенные П.И. Рычковым мы можем посчитать явно заниженными. Во-первых, вероятно, что П.И. Рычков, использовал архивные данные («приказные дела») первой трети XVIII века. Сопоставимые данные мы находим в служебных

бумагах Сибирского губернатора М. Гагарина, первого начальника Оренбургской экспедиции И.К. Кириллова и переводчика Коллегии иностранных дел и руководителя русской миссии в казахских ханствах А.И. Тевкелева [17, с. 16; 18, с. 64; 19, с. 91; 20, с. 107].

Во-вторых, член-корреспондент Петербургской академии наук также как А.А. Путятин и И.А. Рейнсдорп, учитывал только тех кочевников, которые находились в зоне информационной досягаемости. Отметим еще, что в представленных материалах П.И. Рычкова также нет данных о численности казахов Старшего жуза. Он лишь указывает, что Большая орда «ныне не столь многолюдна, как другие две, то есть Средняя и Меньшая» [16, с. 196].

К началу 1780-х гг. относятся группа документов, которые были составленные уфимскими заместителями А.И. Апухтиным (в 1782-1784 гг.) и бароном О.А. Игельстромом (в 1784-1792 гг.). Первый фактически повторяет данные приведенные А.А. Путятиным и И.А. Рейнсдорпом и отмечает, что казахов Малой и Средней орды «могло б... собраться годных к вооружению тысяч до ста» [21, л. 63].

Второй указывает в сумме те же данные, однако в материалах представленных О.А. Игельстромом есть важные дополнения которые могут несколько прояснить вопрос. В «Кратком описании о киргискайсаках» барон Игельстром фиксирует что «годного к войне народу собраться может в Большой до 20.000, в Средней до 40.000, в Меньшей до 60.000 [человек]» [22, л. 1]. О.А. Игельстром в отличие от своих предшественников во-первых приводит отдельные данные по каждой казахской орде, а не объединенные как практиковалось до этого, а во-вторых вводит определенные данные по Старшему жузу. Кроме того барон делает предположение что Младший жуз многочисленнее остальных, обычно его предшественники приводили данные о том что наибольшим по численности кочевников был Средний жуз.

Таким образом, если исходить из данных, используемых О.А. Игельстромом, получится что численность Младшего жуза составляла в пределах 240.000 – 300.000 человек (60.000×4(5)), Среднего жуза – 160.000 – 200.000 человек (40.000×4(5)) и Старшего жуза 80.000 – 100.000 человек (20.000×4(5)). То есть в целом, «по Игельstromу», численность казахов к началу 1780-х гг. максимально могла достигать численности 600.000 человек (300.000+200.000+100.000).

Однако демографические данные, почерпнутые уфимским заместителем из архивов отразили действительность ушедшей

эпохи и к началу 1780-х явно устарели. Однако, внимание к данным представленным в «Кратком описании о киргискайсаках» барона Игельстрома привлечено в первую очередь, потому, что для периода создания этого исторического документа, появляется возможность проиллюстрировать наши выводы о том, что приведенные в них и предыдущих источниках данные о численности казахов неточные и являются существенно заниженными (не умышленно, а от недостатка информации).

К этому периоду относится ряд источников которые по нашему мнению более адекватно (хотя конечно не в полной мере) отражают данные о численности казахов того времени. В связи с этим представляет интерес ведомость, приложенная к рапорту Оренбургской экспедиции пограничных дел президенту Коммерц-коллегии, графу А.Р. Воронцову (в 1773–1794 гг.) от 5 апреля 1787 г., где указаны роды, старшины и количество кибиток (семей) Малой орды, получившие возможность кочевать на землях непосредственно на правом берегу Урала напротив российских крепостей [23]. Всего в документе представлено – 45.130 кибиток, хотя на самом деле, как показывает наш подсчет по ведомости, их было чуть больше, а именно 45.900 [23, с. 87]. Как следует из того же источника тогда же все получившие право перекочевки им и воспользовались. В частности указывается, что в тот период «киргискайсаки, перешед за р. Волгу, располагались, кочевьем в 45.000 кибитках на астраханских землях» [23, с. 84].

Однако, как оказалось, перекочевало значительно больше семей чем было оговорено. Это свидетельствует из «Объяснения» Астраханского обер-коменданта А.О. Базина адресованное также графу А.Р. Воронцову датированное еще 9-м марта 1787 г. в котором приводятся другие цифры. Он на основании информации, полученной «по разведыванию... и от самих киргиских... старшин» допускает, что всего перекочевало казахов в междуречье «до 60.000 кибиток» [24, с. 82]. Эти последние данные на наш взгляд более адекватно отражают действительность, так как были представлены непосредственным участником события, после проведенного им «разведывания».

Какие выводы позволяют нам сделать данные этих источников? Если О.А. Игельстром основываясь на архивных данных ушедшей эпохи, приводит цифры для 1780-х гг. которые позволяют нам говорить обо всей численности казахов Младшего жуза в 240.000 – 300.000 человек, то уточненные данные современников событий позволяют утверждать что только численность казахов Младшего

жуза перекочевавших за Урал, на внутреннюю сторону могла достигать от 300.000 до 360.000 человек ( $60.000 \times 5(6)$ ).

Сложно предположить, что буквально все казахи Малой орды весной 1787 г. сосредоточились на пространстве между реками Волга и Урал. Безусловно, что не меньшая по численности, а вполне допустимо, что и большая часть оставшихся казахских семей Младшего жуза находилась в тот период в других традиционных местах весенних кочевий. Считаем возможным увеличить известную нам численность семей казахов Младшего жуза минимум в два раза и получим, что общее число семей составляло около 120.000 ( $60.000 \times 2$ ). Таким образом, в 1780-х гг. только численность казахов Младшего жуза могла достигать до 720.000 человек ( $(120.000 \times 5(6))$ ) – это на наш взгляд наиболее адекватная цифра.

Это подтверждает предыдущие предположение о том что для составления более адекватной картины относительно общей численности казахов в последней трети XVIII в. необходимо существенно корректировать в сторону увеличения данные приводимые в источниках того периода.

Сопоставимые данные, то есть более 700.000 человек должны быть отнесены и к численности казахов Среднего жуза, напомним, что большинство источников утверждают, что Средняя орда была многочисленнее.

Относительно численности Старшего жуза для изучаемого периода имеются единичные данные. На основании данных О.А. Игельстрома эта численность составляла до 100.000 человек. Вполне вероятно, что как и в предыдущих случаях эти данные явно занижены и численность должна быть больше не менее чем в два раза, то есть около 200.000 человек, что будет стоять ближе к истине, хотя, скорее всего в реальности еще больше. В итоге мы получаем, что в последней трети XVIII в., общая численность казахов могла достигать не менее одного миллиона шестисот тысяч человек ( $700.000 + 700.000 + 200.000$ ).

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей: Этнографические известия. – СПб: В типографии Карла Крайя, 1832. – Ч. 3. – 304 с.
- 2 Сдықов М.Н. История населения Западного Казахстана. – Алматы, 2004. – 408 с.
- 3 Томилов Н.А. Проблемы этнической истории: (По материалам Западной Сибири). – Томск: Изд-во Том. Ун-та, 1993. – 222 с.

4 Записки Ген. Майора Броневского, о Киргиз-Кайсаках Средней Орды // Отечественные записки издаваемые Павлом Свиным. – Часть 42. – СПб.: В типографии Департ. Внешн. Торговли, 1830. – С. 75-88, 162-194, 357-394.

5 Скобелев С.Г. Демография коренных народов Сибири в XVII–XX вв.: колебания численности и их причины. Учебное пособие. – Новосибирск: Новосибирский университет, 1998. – 48 с.

6 Инструкция Коллегии ин. дел – переводчику М. Тевкелеву, отправленному во главе посольства к хану Абулхаиру для принятия от него присяги на подданство России – [...февраля 1731 г.] // Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – № 30. – С. 44.

7 Трепавлов В.В. Численность кочевого социума: источники и способы подсчёта // Этнографическое обозрение. – 2000. – № 4. – С. 95-101.

8 Гумилев Л.Н. Древние тюрки / Сост. и общ. ред. А.И. Куркчи: В 2-х книгах. Кн. 2. – М.: Институт ДИ – ДИК, 1999. – 480 с.

9 Иакинф. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена в трех частях с картою на трех больших листах, сочинение монаха Иакинфа. – СПб: Типография военно-учебных заведений, 1851. – Ч. 1.– XXXIV+III+VII+484 с.

10 Записка Оренбургского военного губернатора Г.С. Волконского о казаках [О киргиз-кайсаках, разделяемых обыкновенно на Большую, Среднюю и Меньшую Орды]. – 1 мая 1805 г. // РГИА Ф.1291 Оп. 81. Д.23. Л. 1-16.

11 Гавердовский Я.П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2-я) или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого // История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т. V. – С. 285-495.

12 «План» оренбургского муфтия Мухамеджана Хусаинова, представленный имп. Александру I, о составе и численности Малой Орды и о способах возмещения убытков купцам. – 25 июня 1805 г. // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828). – М.Л.: Изд. АН СССР, 1940. – Т. IV. – № 70. – С. 226-228.

13 Спасский Г.И. О прежнем и нынешнем местопребывании Киргиз-Кайсаков / Киргиз-Кайсаки большой, средней и малой орды // Сибирский вестник. – СПб. – Ч. 9. – 1820. – С. 93-124.

14 Табель, составленная в Оренбургской губернской канцелярии, о количестве населения губернии. – 1767 г. // Материалы по истории Башкирской АССР. – М., 1956. Т. IV. Ч. 2. № 353. – С. 12.

15 Ведомость, составленная в Оренбургской губернской канцелярии, о количестве населения губернии. – 1770-1771 гг. // Материалы по истории Башкирской АССР. – М., 1956. Т. IV. Ч. № 354. – С. 14.

16 Рычков П.И. Нижайшее представление о состоянии киргиз-кайсацких орд и о способах к приведению их к спокойному пребыванию и ко исполнению подданических должностей. – 31 декабря 1774 г. // История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т. IV. – С. 195-212.

17 Донесение сибирского губернатора М. Гагарина Петру I о прибытии в Тобольск послов от казахского хана и народа с просьбой о мире и военном союзе с Россией. – 12 сентября 1716 г. // Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – № 14. – С. 16-18.

18 [Донесение переводчика Коллегии иностранных дел А.И. Тевкелева в Коллегию иностранных дел о принятии российского подданства казахами Младшего и Среднего жузов от 5 января 1732 г.] // Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В. Ерофеевой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С. 51-64.

19 Журнал бытности в Киргиз-касацкой орде переводчика Маметья Тевкелева (1731-1733 гг.) // Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление, транскрипция скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В. Ерофеевой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С. 65-142.

20 Представление начальника Оренбургской экспедиции И. Кириллова на имя имп. Анны о трёх казахских жузах и о Каракалпакии. – 1 мая 1734 г. // Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (сборник документов и материалов). Изд. АН КазССР. Алма-Ата– 1961. – № 50. – С. 107-114.

21 Описание нынешнего состояния киргизкайсацкого народа средней под начальством Валия а меньшей орд Нурали ханов под высочайшею державою Е.И.В. самодержицы всероссийской состоящих. – до 1784 г. // РГВИА. Ф. 52. Оп. 1/194. – Д. – 368. –Л. 63.



22 «Краткое описание о киргискайсаках» барона Игельстрома. – 1785 г. // РГВИА Ф. 846, Оп. 16. – Д. 18537. – Л. 1-8 об.

23 Рапорт Оренбургской экспедиции пограничных дел президенту Комм.-колл. гр. А.Р. Воронцову о приведении к присяге казахов, о переходе 45 000 кибиток на астраханские земли и о безрезультатно окончившихся экспедициях против казахов, с приложением списка старшин, получивших разрешение кочевать при р. Урале. – 5 апреля 1787 г. // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828). – М.Л.: Изд. АН СССР, 1940. – Т. IV. – № 20. – С. 83-87.

24 «Объяснение» астраханского обер-коменданта А.О. Базина президенту Комм.-колл. гр. А.Р. Воронцову о разрешении казахам кочевать между реками Уралом и Волгой, о мерах предосторожности, принятых против казахов, и о попытках прекратить вражду между казахами и волжскими калмыками – 9 марта 1787 г. // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828). – М.Л.: Изд. АН СССР, 1940. – Т. IV. – № 18. – С. 81-83.

**1 Секция. Академик Ә.Х. Марғұланның тұлғасы мен ғылыми мұрасы**

**1 Секция. Личность и научное наследие академика А.Х. Маргулана**

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН**

**КӨПЕЕВ А. Ж.**

**ғылыми қызметкер,**

**Мәшһүртау ғылыми-практикалық орталығы, Павлодар қ.**

Қазақ тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Олар қазақтың бай әдебиеті, тарихы мен мәдениетінде өшпес мұралар қалдырып, ұлттық құндылықтарымыздың бүгінгі күнге дейін шашылмай-төгілмей жетуіне мұрындық болған біртауар адамдар.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Әлкей Хақанұлы Марғұлан – қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыздары. Екі тау тұлғаның қалыптасу жолында ауыз әдебиетінің үлгілері ерекше орын алады. Екеуі де жастайынан халық мұраларымен әуестеніп, дархан даланың асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өсті. Мәшһүр Жүсіп те, Әлкей Марғұлан да жас кезінен өте зеректіліктерімен көзге түсіп, өз болашақтарынан зор үміт күттірген асыл жандар еді.

Ақын Мәшһүр Жүсіп 5 жасында-ақ қазақтың қисса-дастандарын, батырлық, ғашықтық жырларын жатқа соққан. Осындай алғырлығына тәнті болған Мұса «мәшһүр» деген ат қосақтап, осыдан бастап алты алашқа Мәшһүр Жүсіп деген атпен жария болғаны белгілі. Сол сияқты Әлкей Марғұлан да бес жасынан бірнеше жырларды жатқа білген. Елдің ақсақалдары бала-шағасымен бірге кешқұрым уақытта аулы шетінде жиналып, оған қазақ жырларын оқытқызып қойып отыратын болған. Ол оқыған кезде таңдайы таңдайына жұқпай, ақсақалдардың ауыздарының майын тамызып, шұрайлы тілімен көңілдің айызын қандырып, тіпті ауыл әйелдерін егілтіп жылатқан кездері де болған көрінеді [1, Б. 30].

Екі ғұламаның да шыққан түптері, айналасы белгілі адамдар болған. Әлкей Марғұланның арғы атасы қалмақтармен болған соғыста атағы жер жарған ер Олжабай батыр болса, әкесі де өз заманының белгілі сал-серісі болған. Ол жайында Әлкей Марғұлан көп жазған, осындай тамаша асыл қасиеттер солардан дарыған деп біледі. Мәшһүр Жүсіп те өз өлеңінде: «Біздердің түп атамыз – ақын



Құтан, // Дәушіге: «Ақын болған Мәшһүр қайдан?» - деген жолдары арқылы ақындықтың қалай бойына қонғанын жырға қосқан.

Әлкей Марғұланның әкесі Хақан Мәшһүр Жүсіппен түйедей құрдас адамдар болған. Олар ауыл молдасынан бірге оқып, өмірлерінің соңына дейін аралас-құралас болып өткен адамдар екен. Ол жөнінде Әлкей Марғұлан былай деп еске алады: «Марғұланның баласы Хақан (1857-1920) Жасыбай көліндегі қыстақта туып-өскен. Бала күнінде Баянауылдағы қазақ мектебінде оқып, арабша жақсы жаза білген. Әкем Мәшһүр Жүсіппен, Біләл молдамен бірге оқыған. Бала күнінде олар біздің ауылда кездескенде бірімен-бірі шүйіркелесіп, жас кездерін есіне түсіріп, әзілдесіп отырғаны есімде әдемі сақталыпты» [1, Б. 29].

Көп әдебиеттерде Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіптің батасын алған деп айтылады. Мәшһүр Жүсіп көптеген ғұламалардың болашақтарын болжап, өз бағасын беріп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп «өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ» десе, «осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев- адамның жорғасы» деген ілтипатын білдіріп, аман-есен болып жүруін тілеген. Әлкей Марғұлан да өмірде биік шындарға жетуге көптеген ғұлама адамдардың ықпалы болғандығын жазған: «Менің ғалым болып қалыптасуыма өскен ортадағы адамдар әсер етті, олар: Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев және Жаяу Мұса». Қалай болғанда да Әлкей оның қалыптасу жолында зиялы адамдардың әсері көп болған және олармен тығыз қарым-қатынаста болған. Осыны Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымен жазысқан хаттары да айғақтайды. [3, Б.31-34]

Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығымен етене таныс болған. Ол жөнінде: «Мәшһүр Жүсіп көбінесе «билер сөзін» жинауға көңіл бөлген. Бірақ, сонымен қатар жоңғар дәуірін суреттейтін бірнеше әңгімелерін («Абылай», «Қанжығалы Бөгенбай», «Сүйіндік ер Олжабай») жазып қалдырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл жинағандары әлі баспа жүзін көрген жоқ. Оның жинаған үш томдық кітабы Қазақ ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр», - деген еді. [2, Б. 17] Енді бір сөзінде: «Қазақ халқының ортасынан шыққан ақын-ғалымдардан халықтағы жыр қазынасын жиюға атсалысқан кісілер белгілі ақын Омар Қаралов пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және жоғарыда айтылған Жүсіпбек Шайқы-Исламұлы», - деген ғылыми бағасын береді [2, Б. 17].

Әлкей Марғұлан 1946 жылдары Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұрасы жөнінде «Қазақтың тарихшысы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы» атты ғылыми мақала жариялағаны белгілі [4]. Одан басұқа ақынның туындаларын көшірумен де айналысқан. Ол ақынның «Мұсаны жоқтау», «Махаббат», «Хат», «Садуақастың өлеңдері», «Қоркыт әңгімесі» сынды шығармаларын 1891 жылдары көшіргенін атап көрсетеді. [1, Б. 60] Сол сияқты бүгінде Әлкей Марғұланның қолжазбалары Алматы қаласындағы Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы. Осы ғылыми кітапхана қызметкері М.Е. Искакованың берген мәліметіне сүйенсек, Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларын көшіріп, Орталық ғылыми кітапхана қорына тапсырған: «Аталуы. Бұқардың Абылайға айтқаны. Авторы. Қалқаманұлы Бұқар. Жинаушысы. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ол жайлы деректер оған арналған жеке сипаттамада берілді. Көшірушісі Марғұлан Әлкей. Мазмұны. Әлкей қолжазбасы белгілі ақын, әрі жинаушы Көпейұлы Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін қамтыған қолжазба жинағынан көшірілген. Бірақ мұнда тек Абылай ханға қатысты нұсқалар ғана жинақталған» [5].

Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіппен жазысқан хаттарынан көптеген мәліметтерді алып отырғанын анық аңғаруға болады. Осы хаттардың бір жолында: «Мүмкін болса, Кеңесары жорығы жайынан есіңізде қалған әңгіме болса, тез күнде жіберуге тырысыңыз. Кеңесарының әсіресе Атбасар, Қараөткел төңірегіндегі аттаныстары, оған Қуандық, Сүйіндік қалай қарады? Шорман, Уәли, Қоңырқұлжа-кенені қалай көрді», - деген сөздеріне қарағанда Мәшһүр Жүсіптен мәліметтер алып отырған. Енді бір хатта: «Және сізден сұрайтын өтінішім – мына төменде аталған кісілердің мән-жайын, ата-тегін, қашан туып, қашан өлгенін білесіз бе? Білсеңіз, келесі хатта солардың толық жайын жазып жіберуіңізді өтінемін», - дей отырып, Мақыш Қалтаев, Садырғалиұлы, Садуақасов Хамидолла, Алмасов Өткірбай, Кашафалдин Шаһмарданов, Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков, Ақылбек Сабал, Сабыр ақын жайында мәліметтер сұратқан. Одан әрі: «Абылайдан бері шыққан ақындардың аты болса, оны да жазыңыз. Және қандай өлең жазып қалдырған, кімдермен айтысқан? Менің сұрайтыным – осы», - деген тілектерін білдіріп отырған [3, Б. 32-33].

Ол Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық қызметімен өте ертеден таныс болған. Оның құнды мәліметтерінің жоғалып кетуіне өте алаңдап, әлдебір белгісіз біреулердің қолында кетуден қорыққан. Бұл жөнінде жазысқан хаттарында былай делінген: «Сізде ерте күннің

әдемі сөзі көп екенін мен әуелден білем. Көп кісі алып, жоқ қылып, ұшы-қиырын ұстатпай, сыландап кеткенін және білем. Бірақ бар дүниенің енді ие болыңыз. Кім-көрінгенге бере бермеңіз. Қолыңыз тиіп, бос уақытыңыз болса, ол әңгімелерді ретке түсіріп, баптай беріңіз. Ол нәрсе түбінде далада қалмайды. Оған оқушы да, сүйетін ие де табылады», - деген ақыл-кеңестерін беріп отырған [3, Б. 33]. Осыған қарағанда ақынның біраз шығармалары көзі тірісінде-ақ қолды болып кеткенге ұқсайды.

Әлкей Марғұлан көптеген тарихи деректерді Мәшһүр Жүсіптен алып, оған сүйеніп отырып жазып отырған. Мәселен, Әлкей Марғұлан қазақ эпосы тілінде кездесетін «көндігер құбан жұрты» деген атауды оғыз бен қыпшақ елдерінің біріккен атаулары деген болжам келтірген. Осыны дәйектей түсу үшін Мәшһүр Жүсіптің осыған қатысты сөздерін негізге ала отырып: «Бұл туралы қазақ халқының белгілі ғалымы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бір жазбасында былай деген: «Сейілханның балалары көндігер жұртынан шығып, олар халифаның қол астына қарағандықтан, «көндігердің ауыр қолы» деп аталатын болған. Түрікмендер сол көндігерлер ауып кетекендегі мұнда қалғандары». Мәшһүр Жүсіптің бұл сөзіне қарағанда, халық аңызында жиі кездесетін «көндігер жұрты» оғыз халқы екеніне еш күмән қалмайтын сияқты», - деген пайымын шығарады.

Ендігі бір қазақ даласындағы мұнаралы кешендер, бұзылған күмбез үйлердің ескі орны жөніндегі зерттеу жұмысында Мәшһүр Жүсіптен алған мынандай деректерін келтіреді: «Қырда ерте кезде салынған кешендер туралы Мәшһүр Жүсіптің жазғандары тарихи өте бағалы. Ол кісінің айтуынша, «қалмақ пен ноғайлы жұрттары жауласып жүргенде, ноғайлы-қазақ елінің әскер басы жігіттері айдалада тас қорған, күмбез үй жасайтын болған. Шідерті өзенінің аяғындағы «Ақжар-сарай» - сол ноғайлы хандарының орда қылып, там орнатқан жері. Есіл, Нұраның арасындағы «Тоғанастың тоқсан екі көлі» - ноғайлылардың егін салған көлдері. «Қызыл молла», «Сұлутам», «Сырлытам», «Хан сүйегі» - солардың жәдігерлері», - дейді Мәшһүр Жүсіп» [5, Б. 359].

Әлкей Марғұлан бұл мәліметтерді: «Мәшһүр Жүсіп, «Сары Арқа», Қазан, 1907, 2-4 беттері» әдебиетінен алынды деп сілтеме көрсеткен. Жалпы, біз ақынның 1907 жылы Қазан қаласында 3 кітабы басылып шыққанын білеміз. Әлкей Марғұлан осы кітаптармен таныс болған, оқыған. Бір қызығы ақынның ортаншы баласы Әмен Көпеевтен осы кітаптар жөнінде біліп, Ленинградтың мемлекеттік кітапханасынан Мәшһүр Жүсіптің Қазанда басылған екі кітабын

тауып алып оқыған екен. Ақынның туындыларын оқи отырып, жоғары бағалап, оны зар заман ақындары қатарына қосады: «Бір кітабыңыз Шортанбай ақынның зарлы сарынымен жазылған. Жақсы екен. Маған жақсы әсер қалдырды. Түбінде қазақ әдебиетінің тарихы зерттелсе, зар заман ақындарының бірі болып, сіз де тарихтан орын алатын ретіңіз бар көрінеді. Кітабыңыздың бірінің аты «Сарыарқаның кімдікі екендігі» жайында. Енді біреуі «Хал ахуал» - деген кітап. Кейінгі кітабыңыздың ішінде 1905 жылғы төңкеріс, реакция дәуірі болсын, билердің, ауылнайлардың жемқорлығы жақсы айтылған» [3, Б. 32].

Әлкей Марғұлан ақынның кітаптарымен 1922-1931 жылдардың арасында танысып отырмыз деп топшылаймыз. Егер хатта берілгендей «ана жылы Керекуде Әмен марқұм: «Басылған кітап бар» - деп айтушы еді» деп жазғанына қарағанда 1922 жылға саяды. Өйткені 1921 жылы Мәшһүр Жүсіптің ұлы Әмен жау қолынан қаза тапқаны белгілі. Ал Әлкей Марғұланның өмірбаянына көз жүгіртсек, ол тек 1925 жылы Ленинград қаласына барады. Ол онда Шығыстану институтының әдебиет факультетіне түсіп, сонда жүріп Ленинград қаласының мұрағатында сақталған қазақ халқының әдебиет мен тарих саласына қатысты құнды еңбектерімен танысады. Әлкей Марғұланның «ана жылы» деп отырғаны 3-4 жылды басып айтса керек. Қалай болса да хат 1931 жылға дейін жазылған болып шығады. Бұл кезде ақын өмірден озған еді.

Бұл жердегі мәселе хаттың қай жылы, қай күнінде жазылғандығында емес. Гәп Әлкей Марғұланның қай уақытта ақынның кітаптарымен танысқандығында, не болса да ол шамамен 1920-шы жылдардың ортасында танысқан болып шығады. Енді тарихқа үңілсек, ақынның 1907 жылдары шыққан бұл кітаптары 1913 жылы профессор Н.Ф. Катановтың тәржімалауымен зиянды деп табылып, Құсайыновтар баспасына үлкен көлемдегі айып салынады. Ақынның кітаптары «сотталып», өзі қуғынға ұшырайды. Сөйтіп бұл кітаптарды оқуға, жариялауға тыйым салынып, көзін күртуге үкімет тарапынан қаулы шығады [7, Б. 142]. Алайда ақын кітаптары тағдырдың тәлкегіне ұшыраса да, жазымыштың жазуымен Әлкей Марғұлан «Ленинградтың жойқын архивтерінде» (Өзі осылай бағалаған – А.Ж.) жүріп танысқаны Мәшһүр Жүсіп кітаптарының қаншалықты таралғандығын айғақтайды.

Осы ретте жол жөнекей Әлкей Марғұланның Әмен Көпеевпен болған байланысы жөнінде айтпай кетуге болмас. Ол – Мәшһүр Жүсіптің аса туған деп бағалаған баласы, 1888 жылы туған. 1918

жылдан бастап Әмен Көпеев мұғалімдік курстан өтіп, содан бері ұстаздық қызмет атқарған. 1920 жылдары Коммунистік партияға мүше болып, мемлекеттік жұмыстарға араластырыла бастайды. [8] Осы кездерде Әмен Әлкей Марғұланның қабілетін бағалап, оған білімін ұштауға көмек берген. Ол жөнінде Әлкей Марғұланның өзі: «Мен Керекуге барып, алты айлық мұғалімдердің курсына оқыдым. Ол кездегі ұлы мәселе сауатсыздықты жою еді. Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмен қалалық партия комитетінде істейді. Мені атақты әнші Майраға апарып, «осы баланы қолына ал, бір бөлмеңді бер, сонда оқып, білімін күшейтсін» - деді. Майра оған қарсы болған жоқ» [1, Б. 31].

Әлкей Марғұланның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры жайында жазған еңбектері өте құнды. Осы жырдың жиналу, зерттелу тарихына көңіл бөліп, әрбір нұсқасын жіті қарап шыққан. Ол Мәшһүр Жүсіптің жинаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтық жырына мынандай бағасын береді: «Сіздің жинаған «Қозы Көрпештен» жалғыз-ақ Шәкәрім мен Мұхтар жинаған «Қозы Көрпеш» тәуір. Ал, Радловпен Қазанда басылған «Қозы Көрпештен» сіздікі артық. Шәкәрім мен Мұхтардікі – Жанақ ақынның айтқанынан жазылған екен. Онда сурет жағы күшті, сіздікінің дәлелдері күшті» [3, Б. 31].

Осы жырдың Мәшһүр Жүсіптің кімнен көшіргендігі турасында да жазып кеткен: «Шәже ақынның нұсқаларын арабша әдемі қаріппен көшіріп жазғандар Омбыдағы Кадет копусы мен қазақ медресесінде оқыған жастар, белгілі ғалым әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Молда Мұқан. Бұлар негізін Шәжеден алып, оған Баянауыл төңірегінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туралы айтылатын кейбір әдемі аңыздарды қосып отырады» [1, Б. 225].

Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіптің осы нұсқасын жарияламақшы болғанын олардың бірі-бірімен жазысқан хаттарынан табуға болады. Хатта: «Сіздің жіберген мағлұматыңыздан «Қозы Көрпеш-Баянды» басуға уағда беріп отыр. Өзгесі мәлім емес. Айтқандарындай істесе, «Қозыке» аз күндерде дүние бетіне шығуына керек, - дей отырып, ақынның басқа да шығармаларын Ленинград қаласында басып шығаруға тырысқанын анық байқауға болады [3, Б. 33]. Енді бір сөзінде: «Сіздің жіберген мағлұматыңызды Қызылордаға барғанымда кітап бастыратын кісілердің сарабына берген едім. Олар менен ол мағлұматты алып қалып еді, - деп жаза отырып, жақын арада кітап болып шығатынын хабарлаған. Бүіндегі аз-көп мәліметтерге сүйенсек бізге Қызылорда қаласында жарық көрген еңбектері беймәлім, қалай болған күннің өзінде ақынның

қолжазбалары сол жақта сақталып қалуы мүмкін. Бұл әлі анықтауды қажет ететін мәселелер.

Қысқасы, Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіпті ағасы ретінде аса құрметтеген. Оның шығармаларымен жақын таныс болып, кейбір еңбектерін көшірумен де айналысқан. Мәшһүр Жүсіптен құнды мәліметтерді ала отырып, өз зерттеулерінде ақынның жазғандарын нақты дерек ретінде пайдаланып отырған. Осыған қарағанда Әлкей Марғұланды алғашқы мәшһүртанушылардың қатарына жатқызуға толық негіз бар және осы бір саланың негізі ертеден тамыр алатындығын айғақтайды. Жалпы, мәшһүртану саласында екі тұлғаның арасындағы әдеби-шығармашылық байланыс аса маңызды орын алмақ. Бұл ретте анықтауды керек ететін тұстары да баршылық. Осыны ескере отырып келешекте осы бағыттағы зерттеулер өз мәселесін күтіріп отыр деуге толық негіз бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – I том – 608 бет.

2 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – III том – 488 бет.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. 385 б.

4 Марғұлан Ә.Х. Қазақстан ғалымдарының библиографиясына мәлімет. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004 – 148 б.

5 Исақова М.Е. Ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорындағы Ә.Х. Марғұланның жинаған мұралары// [www.gylumordasy.kz](http://www.gylumordasy.kz)

6 Марғұлан Әлкей. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев – Алматы: Жазушы, 1985, 368 бет.

7 Жиреншин А.М. Из истории казахской книги / А.М.Жиреншин.- Алматы, Қазақстан, 1987.

8 Жүсіпов Н. Әмен ақын. Қолыма хат жазғалы алдым қалам: Әмен Мәшһүр Жүсіпұлы Көпеевтің туғанына 100 жыл. / Н. Жүсіпов // Семей таңы. – 19 қараша. – № 223. – 7 б.

## ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ҒҰЛАМАСЫ

КУЛУМБАЕВА Г.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КУЛУМБАЕВА М. Ж.

магистр, оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халқымыздың тарихын, мәдени шежіресін жалықпай зерттеп, том-том бағалы кітаптар жариялап, көпшілік санасының өсуіне, білім қорының молаюына ықпал жасап келгендердің ең көрнектілерінің бірі – академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985). Ол қазақ халқының бұрын-соңды өмірден өткен заңғар ғұламаларының бірегейі еді. Алпыс жылдан аса уақыт бойғы ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі барысында еліміздің ғылымы үшін баға жетпес мол мұра қалдырды. Оның әрбір еңбегі – алтынға бергісіз құнды қазына. Оның ғылым жолындағы тынымсыз ізденіс, қабілет-қарымы, ой-танымы – әрбіреуімізге айтып жеткізе алмастай үлгі өнеге болып табылады. Әлкей Марғұлан – шын мәніндегі сұңғыла ғалым, ғылым жолында өз саласы бойынша алдына қара түсірмеген, қамшы салдырмайтын қазанаттай құлашын кеңге жая қарыштаған нағыз қайраткер, ұлтымыздың ұлы тұлғасы, мәртебесі әрі мақтанышы [1, 56 б., 126 б.].

Өткен ғасырдың басында Баянауыл өңірінде дүниеге келген ғалым алғашқы кезде Баянауылда, кейін Керекуде оқуда болып, мұғалімдік мамандық алды. Содан соң Ленинград қаласына барған Әлкей Хақанұлы 1925-1931 жылдар арасында осындағы Шығыс институтында, сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқыды, бұларға қоса Өнер тарихы институтында дәріс тындады. Осында оқып жүргенде ол КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған Қазақстан мен Алтайдың халықтарының тарихын зерттеу экспедициясына қатысты [2]. Ә.Марғұланның ұстаздарының қатарында көптеген белгілі ғұламалар болды. Оның ішінде В.Бартольд, С.Ольденбург, Ю.Крачковский, М.Март, А.Самойлович, В.Струве, В.Владимирцев сияқты ғұламалар болашақ ғалымның жан-жақты, түбегейлі терең білім алуына жол ашты [1, 56 б.].

Ленинградта оқи жүріп жас ғалым әйгілі Александр Затаевичпен танысқан. Жазғы демалыс кезінде Затаевичпен бірге туған жеріне келіп, халық әндерін жаза бастаған. 1929 жылы оқуын бітіріп, 1930 жылы ағарту саласындағы еңбек жолын бастаған. КСРО Ғылым академиясы жанындағы Материалдық мәдениет тарихы мемлекеттік

академиясының аспиранты болған. Сталиндік репрессия Әлкей Марғұланды да айналып өтпеген, 1934 жылы қудаланып, басы әрең аман қалған. Кейіннен Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасын бітірген [3].

Әлкей Марғұлан Шығыстану институтының екінші курсына оқып жүргенде профессор С.И. Руденко: «Биыл Маңғышылаққа СССР Ғылым академиясынан үлкен экспедиция шықпақшы, сіз оған қатынасыңыз» - деген тапсырма берді. Бұл экспедицияның басшысы академик А.Е. Ферсман болды. Ал осының ішіндегі этнология экспедициясын профессор С.И.Руденко басқарды. Әлкей Марғұлан адайлар мен наймандардың әдет-ғұрпын, тұрмысы мен өнерін зерттеді, сөйтіп олардың толық шежіресін қосып «Қазахи» деген жинақты жариялайды. Осы сапарында Марғұлан 30 беттік «Қабанбай» жырын жазып алады. Оқуын бітіргеннен кейін Қазақстан Оқу Халық Комиссариатының жанындағы жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер болып қызмет істей бастады. Туған халқының тарихына ден қойып, зерттеу жұмыстарын сонау Ленинградта оқып жүргенде-ақ бастаған Әлкей Марғұлан елге келгеннен кейін де көп ізденіп, зерттеулерді қажет ететін жауапты істі одан әрі жалғастырып, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында түрлі қазба жұмыстарын жүргізді. Содан жинаған материалдардың негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихына» деген монографиялық еңбек жазды. А.Ю. Якубовский мен С.Ф. Ольденбургтің жетекшілігімен «Хандар жарлығының тарихи-әлеуметтік мәні» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл көне қыпшақ тарихын зерттеудегі құнды еңбек болып табылады [4, 270 б.].

Әлкей Марғұлан қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген. Бұған көп жағдайда оның Ленинградта оқыған кезінде сан-алуан ғылымдар саласын жете меңгеріп, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология және этнография пәндерінен ойына тоқыған қыруар білім, таным қорларының молдығының көмектескендігі даусыз. Сайып келгенде мұның бәрі оның табиғи ақыл-ой парасаты, ерең еңбекқорлығымен берік ұштасып, Ә.Марғұланның Қазақстан ғылымының көптеген салаларының, атап айтқанда қола дәуірі мен ортағасырлық археологияның, Қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен археологиясының негізін салушы ретінде



күрметке бөленуі әбден заңды. Ол 40-шы жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады. Әлкей Хақанұлы Қазақстан жеріндегі көне сауда жолдары мен көш соқпақтарын бойлай өтіп, кең-байтақ шөлді далалардан, құлазыған құмдардан ондаған жаңа археологиялық ескерткіштер тауып, оларды ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне танытты. Ә.Х.Марғұланның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қазақстанды археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланып, Қазақстанда көне мәдениеттің көптеген іздері табылды. Бұрынғы көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың Қазақстан жерін ежелден бері көшпенділердің бірнеше көш жолдары ғана кесіп өтетін тіршіліксіз құба жон деген пікірлерінің теріс екендігі дәлелденді. Қазақстан жерінде тіршіліктің, көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас, Сығанақ және Сайрам қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге сан алуан көне аңыз әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады, қазақтың материалдық және рухани мәдениетімен де жете шұғылданды [5, 27-28 бб.].

Әлкей Марғұланның ғылыми ізденісіндегі айрықша кезең Орталық Қазақстанмен тығыз байланысты. Ғұлама ғалым мен шәкірттерінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстанда ғылым үшін маңызды көне мәдениет және өркениет ошағы ретінде қайта ашылды. Ғалымның басшылығымен 30 жылдан астам уақыт ішінде Орталық Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті мен шаруашылығы жан-жақты зерттелді. Беғазы-Дөңдібай мәдениетінің болмысы ғылыми тұрғыда дәлелденді. Орталық Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде Ә.Марғұланның басқаруымен және оның тікелей қатысуымен жазылған ірі монографиялық еңбек жарыққа шықты. Аталмыш зерттеу еңбек 1967 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстандағы зерттеулердің екінші кезеңі Әлкей Марғұланның Беғазы-Дөңдібай мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен Қазақ КСР тарихының 5 томдығының жетекші авторының бірі

ретінде 1982 жылы Ә.Марғұланға Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дөңдібай мәдениеті» атты кітабы республика, түркі әлемі ғылым үшін үлкен жетістік болып бағаланды [6, 26-27 бб.].

Тарихшы ғалымның «Қазақ ССР тарихын» жазу жұмысына сіңірген еңбегі де зор. «Қазақ ССР тарихының» 1-томының «Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI-XII ғасырлардағы мәдениеті» деп аталатын үлкен тарихын жазды. Осы еңбегінде VI-XII ғасырлардағы халықтар мен тайпалар мәдениетіне сипаттама берді. Материалдық мәдениеттің дамуы, тоқымашылық кәсібі, тұрғын үй жиһаздары, қалалар мен қоныстардың өсуі тарихы жайында жазды.

«Қазақ халқының XV-XVII ғасырлардағы мәдениеті» атты тарауды да Әлкей Марғұлан жазған. Бұл тарауда зерттеліп баяндалатын мәселелер:

Қазақтың материалдық мәдениетінің дамуы. Онда қазақтың үйі, киімі, ішіп-жемi, - тамағы, үй кәсіптері, көркем қолөнеріне тоқталады.

Халықтың әдет-ғұрпы. Онда қыз ұзату дәстүрі, халықтың мерекелері баяндалады.

Ескі нанымдар мен дін, білім. Онда жерлеу дәстүрі, космогониялық түсініктер және халық күнтізбесі жайын баяндайды.

Сәулет өнері.

Фольклорист-ғалым «Қазақ әдебиет тарихын» жазуға белсене қатынасып, «Өтірік өлеңдер», «Жұмбақтар» атты тарауларын зерттеп жазды. «Ежелгі дәуірдегі эпос тудырған орта», «Қазақ эпос жырындағы әлеуметтік сарындар», «Қырғыздың «Манас» жыры», Қорқыт туралы зерттеулері, тағы басқа еңбектері ғалымның әдебиет тарихына қосқан үлкен үлесі [1, 696.].

Ә.Марғұланның «Қазақ эпосының сипаты және соның тарихи шарттылығы» атты зерттеуінің қазақ фольклористикасында елеулі орны бар еңбек. Ғалымның өзіне тән тереңдік пен шабытты тебіренісі аталған еңбектен де айқын танылған. Қазақ эпостары тарихи шындыққа сай туған, ел-жұртымыздың басынан кешкен ұлылы-кішілі оқиғалардың туындысы, мазмұнға бай, идеясы терең, тақырыбы өрісті халық даналығының айқын куәсі дерлік ескерткіш екенін танытқан. Батырлар жырының аса мәнді мазмұны еліміздің ғасырлар бойғы ерлік істерінің шежіресіндей сайрап, қоғам өмірін, халық қиялы мен арман идеясын, ертедегі ұрпақ мұңын, рухани байлығын, ұлыс-ру, халық ұлт мүдделерін шерткен мейлінше реалистік шығарма екенін ескерткен [7, 13 б.].



Ә.Марғұлан қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірді. Әлкей Марғұланның қаламынан туған тарих, археология, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді. Әлемдік ориенталистикада өзіндік із-жолы сайрап жатқан Әлкей Марғұлан – туған халқының төл перзенті. Халқы оның есімін қастерлей қошеметтеп, ешқашан жадынан, тарихи санасынан өшіріп тастамақ емес [4, 271 б.].

Ұлы академиктің ғылыми мол мұрасы, өткенімізді тануға бүгінгіміздің әрекетшіне, болашағымыздың бағдарына көмектеседі. Сондықтан ол қалдырған бай мұратына телегей теңіз материалдарды игеріп, ғылыми айналысымызға ендіріп, рухани дамуымызға жарату, бүгінгі таңдағы негізгі міндет болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Ғұлама» Тұлға. Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар). Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004. - 254 б.

ұйымдастырды. Ол бойынша байлар деп есептелгендер сайлау құқынан айырылады. Ауылдарда кедейлер жиналыстары өткізілді. Сайлау науқанын жүргізу үшін аудандарға арнайы уәкілдер жіберілді, [1, 89 б.].

1928 жылғы 1 қазанда Қазақстандағы барлық кеңестердің 2199-ы қазақ шаруаларының, 1209-ы орыс-украин шаруаларының кеңестері болды. Бірақ бұл жаңа сайланған кеңес органдары да өздерін жетекші күш ретінде көрсете алмады. Сондықтан да Голощекин жергілікті ұйымдар мен одақтарға, әсіресе «Қосшы» одағына көбірек арқа сүйеуді талап етті. Жергілікті кеңестердің белсенді органдарға айналуына жоғарыдан жіберілген уәкілдер де көптеген кедергілер келтірді. Олар жергілікті кеңестермен санаспай, басшылық жұмысты өз қолдарына алуға ұмтылды. Бұл кеңестердің беделін түсірді. Оның үстіне қазақ ауылдарындағы ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан рулық-туыстық жүйеге қарағанда көптеген мәселелерді шешуде кеңестер қауқарсыз еді, [1, 212 б.]. Мұнымен бірге қазақтар келімсек еуропалықтардың үкімет тарапынан өздеріне қарағанда біршама жеңілдіктер алуына әрқашан наразы болды. Мұның өзі қазақтар тарапынан үкіметке, оның жергілікті органы деп танылған кеңестерге сенімсіздікті қалыптастырды.

Қазақтар «Қужак» деп атап кеткен Ф.Голощекин Қазақстан Өлкелік партия комитетінің хатшысы болған тұста «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен, жұрттың мал-мүлкі тартылып алынды. Тұтас бір халықты қырып салған жеңдеттік саясатты ұстанған Голощекин «Кіші Қазан» төңкерісін ұйымдастырмақшы болып, ел ішінде қанды қырғын салды. Онсыз да адам шығынына ұшыраған халыққа жөн-жосықсыз қысым жасалып, жер-жерлердегі билік тізгінін ұстаған шала сауатты атқамінерлер қолында бір-ақ бас малы бар отбасыларын да ауқаттылар қатарына жатқызған. Кейбір деректерге қарағанда сол жылдары қазақтардың арасында 700 жуық байдың малы тәркіленген. Негізі Қазақстанда байырғы ұлтты жойып жіберуге бағытталған шаралар алғаш рет 1920 жылдың көктемі мен 1928 жылдың күзінде қолға алынды, [2, 318 б.]. Ол кезде 11 мың 260 шаруашылықтан 4500 бас мал ұжымға қажет деген желеумен тәркіленген. Голощекин болса, өзінің бір сөзінде бастапқы жос-парының бұдан әлдеқайда ауқымды және 15 млн бас мал тәркіленуі тиіс болғанын айтқан, [3, 127 б.].

Зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1929 жылы Қазақстанда 40 млн бас мал болса, айналасы үш-төрт жылдың ішінде төрт түліктің саны 10 есеге азайып кеткен. Ал мал басының азаюы халық санының

күрт кемуіне тікелей әсер еткені анық. Өйткені, малым жанымның садағасы дейтін қазақ басқалар сияқты өзге кәсіпті меңгеріп, егін не басқа да шаруашылықпен айналысып кете алмады, [3, 130 б.].

1921-22 жылдары аштық кезінде қазақтар саны 30 пайызға азайса, 1932 жылғы қолдан жасалған аштық құрбандары 2 млн-нан асты, ал кейбір ғалымдар олардың қатары 3 млн-ға жетті дегенді айтып жүр. Бұл тари-хымыздағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған қасіретті кезеңдегі көрсеткіштен де асып түседі. Қаншама қандасымыз жанын сақтап қалу үшін Моңғолия, Қытай, Иран, Ауғанстан жерлеріне шекара ауып, босып кетті, сол жолда қаншама адам аштықтан әлсіреп, иен далада көмусіз қалып, ит-құсқа жем болды, [4, 289 б.].

1920 жылдардың соңында Қазақстанда күштеп астық пен ет жинау кең етек алды. Ол, әсіресе Сталиннің 1928 жылы қаңтардағы Сібірге сапарының барысында Новосібір мен Омбыда сөйлеген сөздерінде РКФСР Қылмыстық Кодексінің 107-бабын жаппай қолдануды талап етуінен кейін қатыгездік сипат алды. Ол бапта тауарларды сатып алу, жасыру немесе базарға шығармай ұстау арқылы бағасын жоғарлатқаны үшін қатал жазалау қарастырылған еді. 1929 жылы 13 ақпанда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің алқалы мәжілісінде Голощекин астық дайындау ісінде өзіне жеке шешім қабылдау құқын беретін қаулы шығартты, [5, 184 б.].

Астық пен ет дайындау мәжбүрлеу, жазалау және үрей туғызу арқылы жүргізілді. Елдің тұрмыс-тіршілігінен хабарсыз Голощекин тіптен егіншілікпен айналыспайтын көшпелі малшылардан астық өткізуді талап етті. Мысалы, астық салығынан 2 жыл мерзімге босатуға жататын Оңтүстік Қазақстан облысындағы көшпелі мал шаруашылығы Талас және Созақ аудандарында астық даярлау жүргізілді. Ал етке өткізілуге тиіс мал басы саны қолда бар мал басынан анағұрлым асып түсіп жатты. Мәселен, Балқаш ауданында бар малдың басы 173 мың болса, етке өткізілуге тиіс малдың саны 300 мың болып белгіленді. Ауданның 3 жылда етке мал өткізу жоспары 160 мың бас малдан 1,5 млн бас малға, яғни 10 есеге дейін өсті. 1933 жылы 10—16 шілде күндері өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің алтыншы пленумында сөйлеген Х.Нұрмұхамедов мынадай деректер келтірді: «Менің бауырымның, яғни 12 жыл жалшы болған кісінің бір ғана сиыры болды. Егіншілікпен ешқашанда айналыспаған. Соған қарамастан оған 1930 жылы 5 пұт астық салығын салып, бұл астықты төлеу үшін соңғы сиырын және үйдегі мүліктерін сатуға мәжбүр болды. Өкінішке орай мұндай жағдайлар өте көп кездеседі».

Сөйтіп, жергілікті жерлерде егіншілікпен айналыспағандарға астық, малы жоқтарға ет салығын салу кең өріс алды. Оны орындамаған жергілікті басшылар да, шаруалар да жазаға тартылды. Сол себепті ешкімнің ешкімді аямауы, әрқайсысы өз басын қорғау үшін жауапкершіліктен бас тарта отырып, басқаларды құрбандыққа шалу үйреншікті қалыпқа айналды.

Сталиндік-сібірлік тәсілді негізге алған Голощекин астық пен ет дайындау науқаны барысындағы қателіктерін кулактар мен байларға қарсы күрес желеуімен бүркемеледі. Азық-түлік дайындау науқаны шаруалардың шаруашылығына ғана емес, өз өмірлеріне де қауіп туғызды. Партия басшыларының қатыгез саясаты жергілікті жерлерде үрей отын шашты. Өйткені партияның арнайы және жергілікті өкілдері 107-баппен соттау, түрмеге қамау әрекеттерін кең жүргізді.

Жаппай ұжымдастыру да жоғарыдан берілетін бұйрықтар мен нұсқаулар арқылы жүргізілді. 1930 жылы 5 қаңтардағы БК(б)П ОК-нің «Ұжымдастырудың қарқыны және мемлекеттің ұжымшар құрылысына көмектесу шаралары туралы» қаулысында Қазақстанда жаппай ұжымдастыруды, негізінен, 1931 жылдың күзінде немесе 1932 жылдың көктемінде аяқтау міндеті қойылды. Осылайша тағы да жергілікті ерекшеліктерді ескерместен, жоғарыдан қысым жасау басталды. Шаш ал десе бас алуға дайын тұрған Голощекин ұжымдастыру ісін барынша тездетуге тырысты. Жаппай ұжымдастыру айлықтарын өткізді, 1932 жылдың 1 қаңтарында отырықшы аудандардың көпшілігіндегі ұжымдастыру 60—80%-ға дейін жеткізілді. Ал көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру қарқыны бұдан да тез жүргізілді. Ол көп жағдайда күштеу, қорқыту, жазықсыз жазалау әрекеттері арқылы іске асырылып отырды. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 1218 мың шаруа қожалықтары болған. Ұжымдастыру аяқталған соң 1933 жылдың ортасында оның 628 мыңы ғана қалды, [6, 92 б.].

Байлар мен кулактарды тап ретінде жою шараларын даярлау мәселелеріне байланысты Өлкелік партия комитеті жанынан жасырын үштік құрылды. Үштіктің 1930 жылы 23 қаңтарда өткен алғашқы жасырын мәжілісінде жаппай ұжымдастыру болатын аудандардан кулак қожалықтарын жер аударуды екі бағытта жүргізу — Қазақстанның ішінде және Қазақстаннан тыс жерлерге жер аудару көзделді. Осы жұмысты ұйымдастыру үшін округтерде де оперативтік үштіктер құрылды. Олардың құрамына округтік партия комитеттерінің хатшылары, округтік атқару комитеттерінің

төрағалары, ОГПУ-дің басшы қызметкерлері кірді. Оларға кулак отбасыларын есепке алуға 10-ақ күн уақыт берілді. Қысқасы, барлық жұмыстар шұғыл, асығыс және қатал түрде жүзеге асырылды.

Партия, кеңес және ОГПУ органдары және олар арандатқан шолақ белсенділер өз халқына қарсы аяусыз соғыс жариялады. Әсіресе Өлкелік партия комитеті жанынан құрылған бай-кулактарды тап ретінде жою шараларын даярлаған, құрамында Құрамысов, Альшанский және Асылбеков бар комиссия ерекше белсенділік танытты. 1930 жылы ақпан айында байлар мен кулактардың қожалықтары жер аударылатын құла-дүз, жері құнарсыз тоғыз аудан белгіленді. Олар темір жолдардан, өнеркәсіп орындарынан, шекарадан әлдеқайда қашық, елсіз-сусыз, шөл және шөлейт, бұрын халық тұрмаған аймақтар болатын. Алғаш бұл аудандарға шамамен 24 мың бай-кулак қожалықтары жер аударылатын болып белгіленді. Жер аударылатындардың әрбір жаңа ауылы 50 үйден аспауға тиіс болды.

Шабындық және егістік жерді қайта бөлу, төркілеу, азық-түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру барысындағы зорлық-зомбылықтардан көп азап шеккен ең алдымен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлкінен, құрал-саймандарынан, тіпті жертөлесінен де айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті.

Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4,5 млн бас еді. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн республика халқының 2,1 млн-ы қырылды, [7, 26 б.].

Өлкелік партия комитетінің Торғай ауданындағы уәкілі 1932 жылдың қыркүйегінде мұнда әр адам басына орта есеппен 56 килограмм ғана астық және бір ғана мал қалғанын, ал бұлар алты айдан кейін мүлде таусылып, қаңтардың соңына қарай, қыстың қақаған, сары аязында нағыз қиямет-қайым орнайтынын алдын ала ескертіп, дабыл қақты. Ол сонымен бірге кейбір толық емес мәліметтер бойынша ауданда ең кемі 2042 адам аштық құрбаны болғанын, ал 8500 адам аштан өлейін деп жатқанын Құрамысов пен Хахиянидің, Исаев пен Құлымбетовтың аттарына жолдаған ресми мәлімдемесінде ашық айтты. Анадан туғандай тыржалаңаш, аш адамдардың дала төсінде босып сандалып жүргендерін, басқасын былай қойғанда, олардың даладағы атқұлақ пен сарышұнақты түгін қалдырмай жеп қойғанын жазды. Осындай қайғылы жағдайдың

көрші Батпаққара ауданында да кеңінен орын алып отырғаны да айтылды.

Голощекин қазақ даласындағы жағдайды өзі жіберген уәкілдері арқылы жақсы біліп, толық хабар алып отырды. Арнайы тапсырмамен Сарысу ауданында болған О.Жандосов мынадай мәлімет берді: «Ауылдарды аралаған кезімде мен ондаған күндер бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім... Әйелдер жоқшылық пен аштыққа төзімділеу. Еркектердің бірден ұнжырғасы түсіп кетеді. Күйзелгендер қолдарына не түссе де түк қалдырмай жеп қояды. Сүйек-саяқты жинайды, оларды жүрек жалғау үшін ондаған мәрте қайнатады. Тамақ орнына жартылай өңделген терілер де кете береді. Мен иттің етін жеген және онысын жасырмайтын бірнеше адамдарды кездестірдім. Оныншы ауылдан келе жатқан жолымда елсіз жапаннан екі жасөспірімді көрдім, Олар қайдағы бір ескі жұрттағы, атылған иттердің терісін алу үшін қалған өлімтіктеріне бара жатыр екен. 5-ауылда аштықтан жартылай ісінген, аяғы ауыр әйел маған жақын келіп, оған ит атып беруімді өтінді». Голощекиндік геноцид қазақстандықтарды, ең алдымен, қазақ халқын аштыққа және босқындыққа ұшыратты. Зарлаған ана, шырылдаған бала, түнеріп, өлексе сасыған қазақ даласы — большевиктік эксперименттің нәтижесі осы еді.

Халыққа орынсыз салық салудың ақыры ірі байлардың, «жартылай феодалдардың» ең әуелі малын, сосын еңбек құралын, одан кейін олардың тұратын үйлерін тартып алып, жер аударып жіберуге бағыт алды. Салықтан алынған мал мен құрал-сайманға ие болған кедейлер ауылдағы орташалар тобы қатарына көтерілуі керек еді. Дегенмен бұл саясат өзіндік нәтиже бермеді. Керісінше, салынған салық халыққа қамыт болып, елді ауыр тұрмысқа жетеледі, [8, 423 б.].

Қорыта келгенде қазақ шаруашылықтарын трансформациялау біздің тарихымыздағы ең ауыр кезең болып табылады. Ұжымдастырудың зардаптары қазақ халқына орны толмас қайғы-қасірет алып келді. Әрине, ол кезеңдері Голощекин өзінің бүкіл сәтсіздігін қазақ коммунистеріне аударуға тырысып бақты. Ол қазақ коммунистерінің бір тобын ешбір тәрбиеге көнбейтін, ұлтшыл уклонистер қатарына да жатқызды. Ал, ақиқатында, қазақ арыстары қазақтың болашағын ойлады, ел іргесін күйретпеуге барын салды. Бүгінде біз ерен ерлердің сол нәубет жылдары қара басын емес, халық қамын ойлағанын мақтанышпен сезінуге, әрқашан жадымызда тұюге тиістіміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: «Атамұра» 2010, 752 б.;
- 2 Мусин Ч. Қазақстан тарихы/ Оқулық, 3-ші басылым.- Алматы, 2005, 592 б.
- 3 Валерий Михайлов Хроника Великого Джута.- Алмат-Ата СП «Интербук», 1990, 204 с.
- 4 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы: «Санат», 1997. -320б Қазақстан тарихы/ Оқулық.-Алматы, 2006, 482 б.
- 5 10 лет Казахстана (1920-1930). -Алма-Ата: Изд-во Госплана КазАССР, 1930. -342 с. (170).;
- 6 Очерки истории социалистического строительства в Казахстане 1933-1940 гг.-Алма-Ата.1961,-280 с.;
- 7 А.К.Кусаинов Взаимоотношение рабочего класса и крестьянства Казахстана в период реконструкции промышленности и сельского хозяйства (1926-1940гг).История, опыт, проблемы.- Алматы. 1991. с.44.
- 8 О. Мұхатова Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы: докт. дис. авторефераты.- Алматы, 1999.-506 б.

## ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БУЛЕБАЕВ Т. Б.

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, № 238 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің бір де болса бірегей нышаны – төл тарихтың бары мен жоғын бұрмалаусыз, боямасыз, тек ақиқат биігінен зерделеу. Мұндай талаптың тарихты түзуші ғылымға да, сұранысты туындатушы тәуелсіздік пен мемлекеттілікке де бірдей қатысы бар. Өткеннің тәжірибесі мен тағылымы қаншалықты әділ зерттелсе және насихатталса, тарихи санасы оң қалыптасқан халық бүгінгі үдерістің соншалықты белсенді әрі өскелең субъектісі бола алады екен. Демек, тарихи сананың кемелдігі болашаққа берілген кепілдік, ал әлжуаздығы ұлттық қауіпсіздікке төнген қатермен пара-пар.

Тәуелсіз Қазақстан ырғақты да тұрақты даму үстіндегі ел. Ал ғылым саласындағы өзгерістер – мемлекеттік саясат пен басқару, адам капиталы, қаржыландыру мен заңнамалық бекемдеу, материалдық-техникалық жабдықтау – эволюциялық сипаттан

гөрі революциялық сілкіністерге көп ұқсас. Ғылыми ақыл-ойдың кенішіндей Ұлттық ғылым академиясына қоғамдық бірлестік мәртебесін бергеннің өзі неге тұрады. Тарих ғылымы үшін де азаттық алғаннан бергі дәуірдің бергені, болмыс-бітімі, орны мен маңызы айрықша әрі бұрынғыдан мүлде бөлек. Жаһанданудың, тәуелсіздіктің, шығармашылық еркіндіктің артықшылықтары мен жасампаз әлеуетіне сүйенген ғалымдар қысқа мерзімде тоталитарлық ойлау және жазу дағдысы аясынан шығып қана қоймай, өткеннің тағылымы мен тәжірибесін ғылыми танудың әлемдік озық үлгілеріне сай еңбек етуге қабілетті екенін дәйектеді. Бұл орайда зерттеушілердің қиялы мен қаламына қанат бітірген бірнеше ішкі және сыртқы факторды баса көрсеткен ләзім.

Маңызды сыртқы фактор қатарына тарихшы ғалымдарымыздың Еуропа мен Америкадағы, Азия мен Африкадағы конференцияларға, конгрестерге, симпозиумдарға, тағы басқа форумдарға еркін әрі белсенді қатыса бастауын жатқызсақ болады. Шетелдік әріптестер де Қазақстанға көптеп келетін күн туды. Кітаптармен, идеялармен, жұмыс тәжірибелерімен алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру – бәрі Отандық тарих ғылымын кешенді байытқаны күмәнсіз.

Дегенмен, Қазақстанның тарих ғылымын, халықтың тарихи ой-санасын сапалы жаңа белеске көтерген фактор елдің ішінде пісіп-жетілді.

Тарих ғылымындағы ілгерілеу мен ізденістің өрлеуіне президенттік фактор соны серпін берді. Өңгіме Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың ұлт тарихына ерекше ілтипаты туралы болып отыр. Ол қашанда тарих тағылымын алға тарта сөйлеуді дәстүрге айналдырған. Тәуелсіздігіміз жарияланған күннің ертеңінде: «Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін. Сенімнен айырылмайық, бауырларым!» – деген еді. Елбасының Жарлығымен 1997 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланса, 1998 жыл ұлт тарихы жылы деп жарияланғаны белгілі. Мұның сыртында Президент қаламынан туған «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы» кітаптары халықтың тарихи санасын қалыптастыруға игі әсер етті әрі тарихи зерттеулердің заманауи методологиясын түзуге септесті. Бұларда қатпары қалың деректерді талдаудың, пікір алуандағын сыйлаудың, ұлт тарихы мен руханиятын дәуірлеудің, әлем тарихы мен отан тарихындағы

ықпалдастықты таразылаудың, астаналар мен идеялардың тарихтағы орнын бағалаудың инновациялық тұжырымдары бар. Тұтастай алғанда, Елбасы еңбектеріне тән дәстүр, жаңашылдық, методология деңгейіне көтерілу – бүгінгі тарихшы ғалымдар алдында тұрған міндеттердің өзекжардысы.

Қазақстан тарихын зерттеуге ықпалдасқан келесі фактор – ұйымдастыру факторы. Оның екі құрамдас бөлігін айрықша атап өтуге болады: бірі – жаңадан ғылыми-зерттеу институттарының (Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Мемлекет тарихы институты), факультеттер мен мамандықтардың ашылуы. Мәселен, 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі тарих факультетінің құрамында халықаралық қатынастар бөлімшесі ашылғанда «Егеменді Қазақстан»: «Жаңа бөлімшенің беделі жоғары. Мұнда түсуге ниет білдіргендердің көп болуы таңқаларлық емес. Бірақ тандау қатаң түрде жүргізіледі. Оған түсетіндерге шет тілі мен қоғамдық пәндерді терең білу талабы қойылған. Өзірге қабылдау онша көп емес. Алайда, сірә, белгілі бір уақыттан кейін бөлімше негізінде халықаралық қатынастар институтын құру туралы мәселе де қойылуы мүмкін», деп жазған екен.

Екіншісі – Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты қабырғасында даярланып, 1995 жылы қабылданған халықтың тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасы, 2000-жылдар басында дүниеге келген Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы, 2011 жылы 16 қыркүйекте шақырылған Қазақстан тарихшыларының бірінші Конгресі. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 90-шы жылдар басында құрылған арнайы комиссиясы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық жайлы көлемді зерттеу жүргізіп, ұйымдастыру факторына өз үлесін қосқанын бекерлеуге болмайды. Сол тұста мәселенің қаншалықты күрделі болғанын академик М. Қозыбаевтың тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын талқылаған Президент жанындағы мемлекеттік саясат комиссиясында айтқан мына сөздерінен байқау қиын емес: «Тәуелсіздік алған сәтте халықтың рухы жоғары болуы керек. Халық өзінің әлемдік өркениеттегі орнын білу керек. Бұзылған халық санасына жаңа сипат беру керек. Жаңа буынның санасын, тарихи сапасын қалыптастыру керек. Тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік қорғау үшін өткенді біліп, бүгінгіні талдап, болашақты болжау керек. Бір сөзбен айтсам: тарихи сананы қалыптастыру өмір мүддесінен, тәуелсіз мемлекет мүддесінен туындайды». 2011 жылы құрылған «Тарихшылардың



ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігі де осынау үдерістен тыс қалмайтынын көрсетіп отыр.

Қазіргі ұйымдастыру факторының, яғни ғылымға мемлекеттік басшылықтың табиғаты кеңестік жылдардағы «дерттен» - саяси-идеологиялық өктемдіктен, ғылыми ұжымның ішкі істеріне өрескел араласудан, әкімшілік ресурстарды жойдасыз қолданудан – ада екенін айтқан жөн.

КОКП билеген Қазақстанда тарихи зерттеулердің басым бөлігі (80-90%) партия тарихына, кеңестік дәуір тақырыптарына арналатын. Кадрлық, қаржылық басымдық соларға берілетін. Азаттық арқасында саяси-идеологиялық ахуал да, саясат та түбегейлі өзгеріп, археология мен этнографиядан, тарихнама мен деректанудан, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттан, шығыстану мен жалпы тарихтан, ғылым мен техника, мәдениет пен өнер, әскери тарихтан жазары да, айтары да мол ғалымдар, жас ізденушілер қатары өсті.

Әрине, отандық тарих ғылымының жаңа мазмұн мен тұрпатта есеуі қиындықсыз, жаңсақ басусыз бола қалған жоқ. Кезінде К.Маркс пен Ф.Энгельс коммунизмді Еуропаны кезіп жүрген елес деп сипаттаған еді. Рас екен. Жаңа дәуірдегі және кеңестік жылдардағы Қазақстан тарихын зерттеген тарихшылардың бірнеше буыны сол «елестің» теориясы мен практикасын дәйектеуге жегіліп, өздерін бекерге әуреге салғанын, қоғамдық сананы аз шатастырмағанын өкінішті болса да мойындауымыз керек. Ақиқаттың бет-пердесін басқаша ашуға жол салған Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, О. Ысмағұлов, В.П. Юдин сынды ғалымдардың тағдыры қылыштың жүзінде қылпылдады: сотталды, жұмыстан қуылды, кітаптары өртелді, аяусыз сыналды. Оңай көрінгенмен, ондаған жылдар бойы елес қуған ресми тарих ғылымының теориялық-методологиялық ұстанымдары бой бермей, ұлттық бояуы қанық, танымдық қарымы жоғары, әлемдік озық ақыл-ой әрекетімен үйлесімді зерттеу әдіс-тәсілдерімен арпалысуы ұзаққа созылды. Бұл пролетариат көсемдерінің ескерткіштерін тұғырдан тайдырудан, мандайшадағы жазуларды ауыстырудан, ономастиканы модернизациялаудан әлдеқайда ауыр үдеріс екен. Нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік басқарудың жаңа моделін түзу, әлеуметтік сала мен адам капиталын заманауи талапқа икемдеу – бәрі өтпелі кезең қиыншылықтарымен күрделеніп, тарих ғылымының ілгерілеуіне бөгесін жасады.

Ғылым докторының (кандидатының) дипломын алумен ел таныған ғалымға айналамын деп ұққан адамдар тобы пайда болды.

Олар мемлекеттік қызметшілер қатарынан да, ЖОО оқытушылары арасынан да шықты. Бұлар әдетте таптаурын тақырыпқа диссертация жазатын немесе бөтеннің жұмысын көшірумен қорғауға шығатын. Адам қызметінің ерекше саласы – ғылымдағы кереғарлыққа алдымен жауаптылар – атақ-дәрежесі биік ғылыми интеллигенция өкілдері, дәлірек айтсақ, диссертациялық кеңестер төрағалары мен ықпалды мүшелері.

Ғылымның диалектикасы мен автономиясына жат берекесіздік бекер кетпеді. Шығармашылық әлеуеті мардымсыз, кездейсоқ ізденушілердің ғылымға еніп кетуінен нәрсіз, өресіз диссертациялар, кітаптар туындап, қоғамдық пікірде ғалымдардың беделі түсті.

Ғалымдардың бірнеше буыны айналымға енгізген деректерді игерместен, тіпті іргелі зерттеулер мен соңғы жарияланымдарды оқымастан Шыңғыс ханның қазақ болғанын, Абылайдың хан атағына лайық еместігін, Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихына еңбегі керектігін «дәлелдеген зерттеу» жазғандар бар. К. Ақышев, Р. Сүлейменов, Д. Дулатова, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев, М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Ж. Қасымбаев сынды әйгілі ғалымдар дүниеден озған соң, өздерін «бүгінгі классик» санайтын тарихшылар шықты. Біреуі ұлттық деректанудың негізін қалаушы екен, екіншісі Қожаберген жыраудың тарихта болғанын бекерлейді. «Әлем таныған тарихшы-ғалыммын» деген сөздерді айтушыны көзіміз көріп, құлағымыз еститін болды..

Қазақстан тарихын ғылыми танудың өтпелі кезеңі аяқталып, сапалық жаңа сатыға көтерілгенін айшықтаған екі бетбұрысты сәтті ерекше айтатын уақыт келді. Бірі – Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы, екіншісі – 2012 жылғы 14 желтоқсанда жариялаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. Бағдарламалық мақалада тарих оқулықтарын ең биік талаптарға лайықтап жазуға тапсырма берілсе, Жолдау инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын паш етті, ұлттың тарихи санасын қалыптастыруды, бүкілқазақстандық бірегейлікті халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналдыруды жаңа патриотизмнің алғышарты ретінде айрықша атап өтті. Осылардың әрқайсысында ұлттық интеллигенцияның рөлі жоғары екені қаперге салынды. «Интеллигенция, - деді Елбасымыз, - қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс».

Сонымен, Қазақстанның қалыптасқан мемлекет екені әлемге жарияланды. Демек, тарих ғылымы да өтпелі дәуірді артта қалдырды. Маркстік - лениндік ілімінен біржолата қол үзген оның теориялық-методологиялық басымдықтары мен ұстанымдары бірізділіктен саналуандыққа көшті. «Ақтаңдақтарды» жою әлі толық аяқталып бітпесе де, бүркемеленіп келген күрмеуі күрделі тақырыптар игерілді. Біреңсаранын айтсақ, Кеңесары қозғалысының, Алаштың, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің ақиқаты жарыққа шықты. Басқа да бағыттар мен тақырыптар бойынша ізденістер ұлттық, мемлекеттік мүддеге бағышталғаны айдай ақиқат. Осының өзі ғылыми танымның сүбелі табысы, кеңестік саяси-идеологиялық өктемдіктен шығармашылық еркіндікке, таптық, партиялық елес қуудан ғылыми ақиқатқа түпкілікті қадам басқанды бейнелейтін құбылыс.

Енді зерттеулер туралы. Тарихтан ҒЗИ-лар екі қалада ғана – Астана мен Алматыда шоғырланған. Ал облыстардағы ғылыми – интеллектуалдық әлеуетті игі іске жұмылдыру үшін жергілікті билік қолдауы қажет екенін әрі ол тамаша нәтижелермен көмкерілетінін Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Өлкетануға селт етпейтін әкімдер де бар. Қозғаусыз жатқан осы әлеуетті жер-жерде іске қосу тек орталық биліктің ғана қолынан келеді. Тарихи өлкетану жанданбай, Отан тарихының біртұтас жаңа келбетін түзу бекер әурешілік.

Біз тарихқа материалистік, идеалистік, формациялық, өркениеттік, т.б.с.с. көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Дегенмен, өткеннің барысын, тағылымы мен тәлімін тұлға, халық, геосаяси фактор аясында, ықпалдастығында зерттесек, Отан тарихының жаңа мазмұны мен келбетін дұрыс әрі тартымды қалыптастырамыз деген ойдамыз. Біздің халықтың болмысы ізгілікке толы, қашанда ертеңнен күткені жақсылық. Жақсы сөзді жарым ырысқа балаған ол бодандықта да, тоталитарлық қыспақта да нағыз тұлғаны құрмет тұтты, төбесіне көтерді. Байлықтың негізі жер деп білгендіктен, Қаздауысты Қазыбек би атқандай, найзаға үккі тақты, досты сақтай білді, табысқанды, танысқанды ұлықтады. Қазір де осы құндылықтар тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді, президенттік ішкі және сыртқы саясаттың іргесін қалап тұр.

Тарихшы ғалымдар инновациялық дамуға бет түзеген Қазақстан халқының рухани-интеллектуалдық кемелденуі мен сұранысына жауап беретін биіктен көрінуге міндетті. Ол үшін білімпаздардың басын біріктіретін, ізденістерін ортақ арнаға тоғыстыратын, интеллектуалдық ұлт қалыптастыруға септесетін бірегей ғылыми

жоба қажет. Тап бүгін бұл жауапкершілік жүгін пәнаралық бағдарлама «Ғылыми қазына» аясында 10 томнан тұратын «Отан тарихы» академиялық басылымын даярлау арқалап тұр.

Тарихты оқыту, зерттеу, насихаттау ісіндегі іркілістерді тек сыртқы фактормен түсіндірсек, қатты қателесеміз. Тарихшылар қауымы әлемдегі, елдегі модернизациялау қарқынына ілесе алмай қалатынын мойындауымыз керек. Ұлттық тарих ғылымының абыройын асқақтатқан Ә.Марғұлаң, Е.Бекмаханов, С.Ибрагимов, Г.Дахшлейгер, Б.Сүлейменов, Е.Масанов, Т.Елеуов, Ә.Тұрсынбаев тұсында тарихшылар үйін «қонағы» билемеген еді. Жақсылық көрсек те, жаманшылық көрсек те өзімізден болып тұр.

Тәуелсіздік пен тарих – тамырлас. Тәуелсіздіксіз тарих оңалмайды, тарихсыз тәуелсіздіктің қадір-қасиеті ашылмайды. Ендеше біздер, тарихшылар, ұлы міндетке сай еңбек етейік. Әдебиет – ардың ісі деген сөз бар. Ұлт тарихын жазу – ердің ісі. Уақыт артқан міндет үдесінен шығу баршамыз үшін әрі абырой, әрі жауапкершілігі аса зор тағдыранықтағыш сөт. Отан тарихын елестен арылтып, ақиқат тұжырымдарымен көмкере білген ғалымдарымыздың жүзі қашанда жарқын. Олар «ер» деген атаққа лайық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. Қазақстан тарихы. – Алматы. 1996, т.1.)

2 Карабаспакова К.М. Племена Семиречья и Южного Казахстана в эпоху бронзы. –Алматы. 1998.

#### ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КУЛЬТУРА НОМАДОВ

БУРКУТБАЕВА И. Г.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Вопрос о выделении культур степи и их оценке давно обсуждается в научной литературе. Традиционная историография помещала кочевников на периферии цивилизованного мира и характеризовала их весьма отрицательно.

У основателей историко-культурной школы, Н.Я. Данилевского и О. Шпенглера, кочевничество так же не выделялось в качестве историко-культурного типа [1, с. 88].

Впервые ввел в круг культурной ойкумены в качестве отдельной цивилизации кочевников Арнольд Дж. Тойнби.

Но вместе с эскимосской, оттоманской и спартанской, номадическая цивилизация попала в состав задержанных, застывших, остановившихся в своем развитии культур [2, с. 183].

Тем не менее, сам факт выделения кочевников в самостоятельный культурно-исторический тип получил некоторое распространение в литературе.

Вопросы периодизации развития кочевничества как самобытного историко-культурного типа весьма сложны и неоднозначны.

Дело в том, что традиционная трехчленная периодизация всемирной истории на древнюю, средневековую и новую страдает европоцентризмом.

К развитию других культурных ареалов, а тем более к развитию такого совершенно особого социально-экономического и культурного феномена, как номадизм, эта периодизация не совсем пригодна [3, с. 10].

Наиболее интересная, на наш взгляд, на сегодняшний день модель развития кочевых обществ предложена С.А. Плетневой.

По ее мнению, «все явления экономической, общественной, этнической, культурной жизни кочевых объединений связываются в прочные цепочки, или социально-экономические модели.

Первая модель характеризуется следующими признаками:

- 1) первая стадия кочевания;
- 2) нашествие;
- 3) военная демократия;
- 4) рыхлая многоэтническая и многоязыковая общность;
- 5) религия – шаманизм и культ предков;
- 6) отсутствие стабильности археологических памятников.

Вторая модель;

- 1) вторая стадия кочевания (полукочевание);
- 2) набеги;
- 3) распадение родового строя и военной демократии, становление раннеклассового общества;
- 4) формирование государственных объединений;
- 5) формирование этнической общности и общего языка;
- 6) появление первых черт этнографической культуры;
- 7) религия – культ вождей и всадников, связанный с космогонией;

8) археологические памятники – могильники без соседних устойчивых поселений и следы сезонных стойбищ (зимников) по берегам рек.

Третья модель:

- 1) третья стадия кочевания (полуоседлость);
- 2) войны за политическое господство;
- 3) феодализм;
- 4) государство;
- 5) устойчивая этническая общность с единым языком, превращающаяся в народ;
- 6) развитая культура с письменностью;
- 7) торговля;
- 8) города;
- 9) принятие мировых религий;
- 10) археологические памятники, как у оседлых земледельческих народов» [3, с. 11].

Эти этапы следуют друг за другом в процессе исторического развития всех кочевых обществ, если только это развитие не было прервано.

Данная концепция представляет собой пример комплексного подхода к изучению кочевнических обществ. Путь их развития пролегает между круглогодичным таборным кочеванием и полуоседлостью, при учете того, что история кочевников циклична.

Таким образом, мы видим, что кочевничество – это особый историко-культурный тип.

Кочевники и земледельцы различаются не только по виду производства, но и по структуре и закономерностям развития социума.

Культура кочевников имеет ряд типологических отличий от культуры оседлых народов, связанных с особенностями развития номадических обществ.

Наиболее ярко эти отличия можно проследить в художественной культуре кочевников, являющейся неотъемлемой частью номадической культуры как социокультурного целого.

Мы попытаемся охарактеризовать основные черты художественной культуры кочевников, в частности, кипчакской, а также рассмотреть вопросы ее типологии, структуры и динамики развития.

Социально-экономический уклад многих диахронных кочевнических обществ практически идентичен, но искусство всегда

различно (другой вопрос – поразительная морфологическая близость искусства синхронных кочевнических обществ).

В художественной культуре выделяются два основных блока: художественное производство и художественное потребление.

Произведения искусства, связывающие производство и потребление, выступают в роли носителей художественных ценностей.

Проблема заключается в том, что кочевники часто выступали в роли потребителей многих видов материальной культуры, в том числе и художественных изделий, которые сами кочевники не производили.

Это относится, прежде всего, к металлоизделиям, часто – к керамике, в большинстве случаев – к предметам роскоши.

Средневековые кочевники получали ремесленные и ювелирные изделия с Боспора, из производственных центров Урала, Алтая, Енисея, из Крыма и Китая и т.д.

Кипчакское кочевое население пользовалось продукцией ремесла как степных городских центров, так и поселений лесостепи [4, с. 72]. Некоторые виды ремесленной продукции население получало из Крыма [5, с. 63]. Характерно, что ремесленные орудия труда всегда сопутствуют земледельческим.

Большая часть продуктов ремесла разными способами получалась кочевниками от оседлых земледельческих племен и городских центров.

Следовательно, большинство художественной продукции, потребляемой кочевниками, производилась не самими потребителями, а на стороне (в первую очередь, это касается металлопластики). Причем производителями зачастую были представители иной этнокультурной среды, и тогда между производителем и потребителем художественной продукции существовала достаточно четко выраженная дистанция. Как же преодолевался этот барьер?

Для решения этой проблемы нужно рассмотреть два вопроса: какое место занимала в художественной культуре кочевников импортная или заимствованная художественная продукция и каким образом обеспечивалось единство художественных вкусов производителей и потребителей, необходимое для потребления инородных художественных ценностей.

Начнем с первого. Известно, что в искусстве кочевников лидирующее место занимает металлопластика, которая, как мы выяснили, часто производилась в иной этнокультурной среде.

В какой мере произведения металлопластики отражают характер степного искусства? (Ведь до нас не доходят изделия из органических материалов.) Может быть, в подлинно кочевническом искусстве – вышивке, плетении ковров, орнаментации жилища, господствовали совсем иные традиции?

Исследования показывают, что в искусстве средневековых кочевников одни и те же тенденции прослеживаются и в металлопластике, и в резьбе по кости, и в рисунках на стенах городищ [5, с. 68]. Тесная связь между орнаментом металлоизделий и орнаментацией тканей, кости, бересты в искусстве средневековых хакасов показана Л.Р. Кызласовым и Г.Г. Король в работе «Декоративное искусство средневековых хакасов» [6, с. 61].

Таким образом, выясняется, что стилистика кочевнического искусства была единой во всех его видах.

Существовало единство стиля, общего отношения к художественной форме, проявлявшееся во всем разнообразии конкретных материалов [7, с. 111].

Металлопластика и другие изделия, поступавшие к средневековым кочевникам от соседних оседлых народов, гармонично включались в собственно кочевническое искусство. Что же обеспечивало такое включение?

По-видимому, эту функцию выполняло определенное сходство художественного вкуса, создаваемое таким социокультурным институтом, как мода.

Заимствовались и широко перемещались в плюральном культурном пространстве чаще и, прежде всего, вещи универсальной функциональной принадлежности – одежда, оружие, украшения. А учитывая особую портативность материальной культуры кочевников, именно эти вещи играли в ней ведущую роль, определяя этим морфологию художественной культуры.

Процесс заимствования шел по обоим направлениям – и от кочевников к земледельцам, и от земледельцев к кочевникам. Рассмотрим это подробнее.

Чисто функциональным является заимствование предметов вооружения.

Гунны и авары принесли в Европу особый тип седла, стремена и саблю.

Древнерусские удила и стремена восходят к азиатским прототипам VI – VIII вв.



С кочевниками связано и происхождение многих типов древнерусского оружия: сабли, пики, чекана, сложного лука, сфероконического шлема и др. [8, с. 318].

Заимствовались и предметы одежды. В позднеримскую эпоху и в раннем средневековье варварские моды проникли сначала в провинции, а затем и в столицу Восточной Римской империи. «Что касается всякого рода наплечников, штанов и обуви, то большую часть их, и по имени, и по употреблению, они заимствовали у гуннов», – сообщает Прокопий Кесарийский, осуждая современные ему моды [9, с. 26].

Скарамангий – одежда византийских придворных, первоначально служила прикрытием азиатским кочевникам. Аналогичные процессы идут и на востоке степей: «В Китае в Танскую эпоху (VII–X вв.) с каждым годом мода на кочевнические обычаи делала успехи, пока они не вошли в быт придворных кругов и знати. Одежда кочевников – зеленый или коричневый халат с воротником, запахнутый налево и подпоясанный ремнем, стал в Танскую эпоху обычной одеждой» [10, с. 586].

Украшения и произведения декоративно-прикладного искусства так же заимствовались и производились в иной этнокультурной среде, чем та, где они потреблялись.

В раннесредневековой Византии распространялся полихромный стиль, так характерный для мира европейских степей эпохи Великого переселения народов [11, с. 77].

Мы видим, что кочевниками у земледельцев и земледельцами у кочевников перенимаются и заимствуются вещи сугубо функциональные, связанные, в основном, с техникой ведения боевых действий – вооружение, конская упряжь, военная одежда и амуниция.

Именно с этими категориями вещей связана художественная культура кочевников.

Данные вещи несут общую и для кочевников, и для земледельцев функциональную и эстетическую нагрузку. Это и облегчает процессы образования и функционирования института моды на те или иные виды художественных изделий и связанных с ними художественных ценностей, общих и для их производителей – оседлого населения лесостепи и связанных с кочевым окружением городов, и для их потребителей – степных номадов.

Материальная культура кочевников отличается особой компактностью, портативностью, что связано с особенностями экстенсивного кочевого скотоводства. Соответственно, те

виды искусства, которые тяготеют к материальной культуре, к монументальному способу выражения, проявились в художественной культуре кочевых народов слабо или совсем отсутствовали. Прежде всего, это касается архитектуры.

Нам неизвестны монументальные сооружения кочевников на первой стадии кочевания; правда, это не касается погребальной архитектуры (особенно, при подкурганном обряде захоронения).

На второй стадии кочевания, при ограничении территории кочевания, упорядочивании маршрутов сезонных перекочевок, появляется становища – зимники, близ них возникают стационарные могильники и святилища.

На стадии полусседлости в степях появляются замки и целые города.

Система градостроительства и связанная с ней монументальная архитектура кочевников отличается близостью к исконно кочевым традициям портативности и мобильности.

Планировка степных городов была скопирована со структуры кочевого куреня, а «тип жилища кочевников породил сходный тип монументальных и общественных построек, которые у кочевников, перешедших на оседлый образ жизни, лишь облеклись в более долговечные строительные материалы (камень, металл, дерево)» [12, с. 83].

Для монументальной архитектуры средневековых кочевников характерно сочетание кочевых и заимствованных традиций [12, с. 87].

Таким образом, монументальная архитектура как вид искусства не характерна для художественной культуры кочевников. Развитие ее у кочевых народов отражает процесс оседания номадов на землю, т.е. изживания самого социально-экономического и культурного типа кочевничества.

Скульптура у средневековых кочевников получила большее развитие. Известны тюркские, кимакские, кипчакские каменные изваяния [13, с. 50].

Эти памятники также появляются на второй и особенно – на третьей стадиях кочевания.

Живопись кочевников известна только в прикладных и неразвитых формах. Графические рисунки на камне, кости и др. представляют собой начальные, зародышевые формы живописи; станковая и монументальная живопись для кочевников нехарактерна.

Словесное искусство кочевников можно охарактеризовать как искусство преимущественно устного слова. Содержанием его являлись темы мифологии и эпоса [14, с. 214].

Письменность у кочевников Евразии впервые появилась в раннем средневековье. Ею стало руническое письмо тюрков, по мнению С.Г. Кляшторного, заимствованное ими из Согда [15, с. 97]. Эта письменность в разных вариантах бытовала на всем протяжении степного пояса от Центральной Азии до Восточной Европы [15, с. 104]. Именно она, как считает М.В. Стеблева, легла в основу тюркоязычной литературы [16, с. 64].

Наиболее характерным для художественной культуры средневековых кочевников является развитие прикладных форм изобразительного искусства, что и является ее главным типологическим признаком. Поэтому изучение именно прикладного искусства кочевников является основополагающим для изучения художественной культуры кочевых обществ.

Таким образом, если в земледельческих культурах аристократической художественной культуре, склонной к взаимовлияниям, противостоит традиционная культура народных масс, хранящая этническое своеобразие, то в развитых кочевнических культурах эклектизму верхов противостоит лишь синкретизм низов – т.е. наличие не противостояние, а определенная общность.

Итак, художественная культура средневековых кочевников относится к типу традиционных и отличается органически присущими ей особенностями: синкретизмом и, на развитых этапах, сочетанием синкретизма и эклектизма художественных вкусов и ценностей.

Эти черты степного искусства не делают его менее значительным явлением художественной жизни средневековой Евразии, а наоборот, подчеркивают его типологическую уникальность.

Искусство средневековых кочевников служило своеобразным каналом транскультурных коммуникаций, было полем, где встречались и взаимообогащались художественные ценности всего евразийского материка.

От Китая до Венгрии, от Ирана до Урала искусство средневековых кочевников распространяло художественные достижения различных народов и культур.

Но его роль не ограничивалась функциями передачи этих достижений – кочевнические мастера творчески преобразовывали используемые мотивы и образы, и создавали свои произведения, которые оказывали влияние на развитие художественного творчества в оседлых цивилизациях, граничащих с Великим поясом степей, причем не только в пространстве, но и во времени [17, с. 75].

Искусство средневековых степных объединений явилось выражением творческих способностей населения евразийских степей, создавшего яркую и самобытную культуру, оставившую свой след в мировой истории.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Данилевский И.Я. Россия и Европа. М., 1991. С. 88
- 2 Тойнби А. Дж. Постигание истории. М., 1991. Подробный разбор номадической концепции А.Дж. Тойнби см.: Златкин И.Я. Концепция истории кочевых народов А. Тойнби и историческая действительность // Современная историография стран зарубежного Востока. М., 1971
- 3 Плетнева С.А. Кочевники средневековья. М., 1982. С. 10 – 11
- 4 Степи Евразии в эпоху средневековья. М., 1982. С. 72. См. также: Толмачева М.М. Кузнечные изделия Маяцкого комплекса // Маяцкий археологический комплекс. М., 1990
- 5 Федоров-Давыдов А.Г. Искусство кочевников и Золотой Орды. С. 63-68
- 6 Кызласов Л.Р., Король Г.Г. Декоративное искусство средневековых хакасов как исторический источник. М., 1990. С. 61
- 7 Федоров-Давыдов А.Г. Искусство кочевников, С. 111
- 8 Древняя Русь. Город, замок, село. М., 1985. С. 318
- 9 Банк А.В. Прикладное искусство Византии IX – XII вв. М., 1973. С. 26
- 10 Культура Византии. Вторая половина VII – XII век. М., 1969. С. 586
- 11 Искусство стран Востока. М., 1986. С. 77
- 12 Федоров-Давыдов Г.А. Культура и общественный быт золотоордынских городов. М., 1964
- 13 Плетнева С.А. От кочевий к городам. М., 1967. С. 50
- 14 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974
- 15 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964
- 16 Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI – VIII веков. М., 1965. С. 64
- 17 Валеев Ф.Х. Народное декоративное искусство Татарстана. Казань, 1984.

## АВТОНОМИЯ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

ЕРДЕНБЕКОВА Ж.  
магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін ауыр кезең болды. Патшалық Ресей боданындағы бұратана халықтардың бірі ретінде елдегі болып жатқан дүрбелеңді олар да басынан өткізіп жатты. Бұрынғы кеңестік тарихнамада айтылатынындай қараңғылықтағы бұратана халықтарды, езілген ұлттарды патша монархиясынан Ленин бастаған большевиктер партиясы құтқарды, ұлт теңдігін, ұлттар бостандығын әперді делінді. Шындығында солай ма еді? Қазақтың оқығаны, ұлт намысын қорғауға дайын ұлт көсемдерінің бар екені тек тәуелсіздігімізді алған соң ғана айтылғаны тарихи шындық. Олай болса осы бір аласапыран тұста ұлт болып өз жерінді қорғау, дербес ел болу мәселелерін бағдаршам етіп, империяның қанды шеңгелінде қалу қаупі төнген кезде бас көтерген Алаш азаматтарының еңбегін қалай жоққа шығара аламыз. Сол кезеңдегі жер мен ел теңдігі үшін жанталастың басы қалай басталғанына тоқталсақ.

1905-1907 жылдардағы патшалық монархияның езгісі салдарынан орын алған көтерілістер тұсында автономия алу мәселесін бірінші болып алашорда қайраткері А. Н. Бөкейханов бастаған интеллигенция өкілдері көтереді. Ел болашағына аландаған ұлт қайраткерлері үшін бұлай етпеске болмады, өйткені оларды аландатқаны, аласапыран тұста ел мен жердің тағдыры әлде қалай болады деген басты сауал еді. Олар «халық бостандығы» деп аталатын либералдық-монархиялық ағымдағы партия өкілдерімен бірігіп «конституциялық-демократиялық партия» құрады [1,45 б.].

Алаш қозғалысы бір немесе екі-үш жылдың жемісі емес, өзінің бастау кезеңдерін 1917 жылдан әлдеқайда бұрын алатын ішкі эволюциялық жолы бар, дайындалған, пісіп-жетілген ұлы қозғалыс еді. Алаш қозғалысының қоғамдық саяси қызметінің басталуы бір деректерде «Қарқаралы петициясынан» бастау алады дейді [2,106.]. Қалай болса да осы тарихи кезеңде ұлт мәселесін көтере алатын, оны қалың бұқараға жеткізе алатын ұлттық зиялы қауым өкілдерінің қалыптаса бастағанын айта аламыз. Олардың қоғам алдында, қазақ халқының тағдыры алдындағы, жалпы қазақтың басын қосу, сиез ашу, ұйым құру сияқты жұмыстарының басын қазақ өкілдері қатысқан 1905-1906 жылдардағы Бүкілресейлік бірінші-үшінші мұсылман

сиездері, 1906-1907 жылдары Ресейдің екі мемлекеттік думаларына Ә. Бөкейханның, А. Бірімжановтың, А. Қалмұновтың, Б. Қаратаевтың, М. Тынышбаевтың, Б. Құлмановтың, Ш. Қосшығұлұлының т.б. қазақтардың сайланып мәселе көтергенінен көруге болады. Міне, осы топ және алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары қауымдасып, ортақ мүдде төңірегіне шоғырланды. Осы арада 1905 жылдың желтоқсан айында Орал қаласында қазақ интеллигенция өкілдерінің бас қосуымен болған бес облыс қазақтарының сиезін айтпай кетуге болмайды. 1906 жылы олар Семейде екінші сиездерін өткізеді. Ол сиезге Ә. Бөкейхановтың сонынан ерген 150-ге тарта қазақ қатысады. Олар заң шығару, қазақтың жерін өз меншігі етіп жариялау, қазақ балаларына мектеп, медресе, университет ашу, ішкі Ресейден келіп жатқан переселендерге тоқтау салу, кедейлерге теңдік әперу сияқты мәселелерді алға тартады [3,46 б.]. Қайраткерлердің ұлт болашағы үшін күресі тағы да І ші және ІІ ші Думада сөйлеген сөздерінен көрінеді. Сиезде Б. Қаратаев қоныс аудару саясатының қазақтың ежелден келе жатқан ата-баба заманынан әдетке айналған көші қон дәстүрін, тіршілігін тас-талқан ететінін айта келіп: «Біздің мемлекетте ұшыққан аграрлық мәселені далалық облыстарға шаруаларды қоныс аударту арқылы шешкісі келеді. Үкіметтің осынау сұғанақтығының салдарынан қазақтарға қырылып қалу қаупі төніп тұр» деп думада ойын ашық айтады [4,96.]. Алаш қайраткерлерінің мұндай оппозициялық ойларын үлкен мінберден айтып тұруы жүз жыл өтсе де маңызды сияқты. Өйткені қазақ үшін жер мен ұлт тағдыры Ресей империясының боданына өткеннен бастап-ақ күрделі мәселеге айналған болатын.

Алайда Б. Қаратаев басшылықтан «XX ғасырда қазақтардың көшпелі өмір салтын доғару керек, сондықтан қоныс аударушыларды көшіріп өкету қажет» - деген жауап алады [5, 9 б.]. Осылайша қазақ депутаттарының барлық ұсыныс тілектері жауапсыз қалады. Оның үстіне 1907 жылғы 3 маусымда жаңа сайлау заңына сәйкес көшпелі халықтар сайлау құқығынан айырылады. Ал Қазақ ұлттық көсемдеріне қарсы жаңадан қуғын-сүргін басталады. 1908 жылы Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов қамауға алынады. Ұлт көсемдерін қуғындау басталса да бірақ күрес жалғасын табады. Алашорда зиялылары қазақ елін отарлық езгіден азат ету, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды, біртұтас халықтық мүддені мақсат етті [6,192 б.].

Жалпы Алаш қозғалысына баға бергенде біз мына мәселеге мән беруіміз керек сияқты. Патшалық Ресейдің үш генерал губернаторлығында, қазақтың үш жүзінде бөлініп өмір сүріп жатқан

қазақ халқының оқығандары тұңғыш рет тізе қосып, туған халқының азаттығы үшін саяси жолда бас біріктірді. Оған куә қазақ елінің түкпір түкпірінің барлығын қамтыған облыстық, уездік, болыстық қазақ сиездері, Алаш бағытын қолдаған ірілі ұсақты басқосулар, жер-жерлерде құрылған қазақ комитеттерінің жұмыстары. Ал Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына әрине оның Щербина экспедициясына қатысуы мен 1-орыс төңкерісіне қатысуы әсер етпей қойған жоқ. Бөкейхановтың маңындағы ең жақын топтың ішінде М. Тынышбаев, Б. Сыртанов, Ш. Құдайбердиевтер т. б. көптеген алаш қайраткерлері бар бәрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Тіпті қазақ халқының көне кезден көшіп-қонып жүрген жерінің ұлттық-территориялық тұтастығын белгілеу туралы ой да осы дүрбелен тұста басталуының себебін жоғарыда айттық. Ұлт болашағына алаңдаған Ә. Бөкейхановтың алашорда көсемдерінің арасындағы ең басты тұлғаға айналуы да осыдан басталады. Оның қолдауымен 1909 жылы Санкт-Петербургте Абай Құнанбаевтың алғашқы өлеңдер топтамасы жарыққа шығарылады. Әлиханнның көзқарасын, ойын қолдайтын Шәкерім Құдайбердиев те өзінің «Түрік, қырғаз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Мұсылманшылдық», «Қазақ айнасы» атты керемет шығармаларын жазған болатын [7,46 б.].

Ташкент, Орынбор, Семей және т.б. әртүрлі қалаларда қазақ интеллигенция өкілдерінен тұратын күрескерлері бірігіп әрекет ету қадамын бастайды. Қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлері «Қазақ» газетінің редакторлары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар Ә. Бөкейхановтың артынан ілеседі. «Оян, қазақ!» ұранымен қаруланған олардың негізгі көздегені Ресей империясының сол кездегі жағдайын пайдаланып ұлттық еркіндікке қол жеткізу болатын.

Ал елдің басын қосып, халықтың мұң-мұқтажын айтуға тиісті және оны шешудің жолдарын айқындамақ сиез ашу мәселесі, әсіресе 1913 жылдан бастап жүйелі түрде көтеріле түскенін байқаймыз. Тарихи деректерге сүйенсек, патша жандармериясының ақпарат хаттарында сиез өткізудің бастамашылары ретінде Жанша Сейдалин, Райымжан Мәрсекөв, Бақытжан Қаратаев, Барлыбек Сыртанов көрсетіледі.

Қаулының қабылдануы ғалымдарымыздың шығармаларын сынап, оларды қудалауға кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Бұл қаулы қазақ халқының 1917 жылғы Қазақ революциясына дейінгі, әсіресе, XIX ғасырдағы рухани мұрасын ғылыми зерттеуге, сайып келгенде, тыйым салу болды. «Біз бәрібір ұлттық мәдениеттен тек қана оның демократиялық және социалистік элементтерін аламыз және мұны сөз жоқ, буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы пайдаланамыз» деген лениндік қағиданы бүркемелеген бұл қаулы өткен заманның ауызша және жазбаша мұрасын ғылыми тұрғыдан байыптауға ұмтылысты саяси қателіктер және ұлтшылдық сипаттағы бұрмалаулар деп жариялады. Осыған іле-шала әр түрлі дүрмекшілер мен даурықпашылар қазақ интеллигенциясы қатарына «ұлтшылдар» мен «байшылдарды» іздеу науқаны басталып кетті. Қазақ КСР Ғылым академиясының мекемелерінде, жалпы зиялы қауым арасында күдіктілік пен үрей орын алды. Тұрасын айтқанда, 1937 жылдың синдромы қайталанып, қоғамда соған ұқсас саяси хал-ахуал пайда болды [10, 8 б.]. Осы қаулыдан кейін академик Сақтаған Бәйішевтің «Социалистік Қазақстан» газетінде «Профессор М. Әуезов ескіліктің шырмауында» атты мақаласы жарияланғаннан кейін, «қазақ әдебиетінің тарихына» қатысты сындар жаппай басыла бастады.

1951 жылы 9 наурызда Абай шығармашылығын талқылау үшін Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылыми Кеңесі М. Әуезовтың жетекшілігімен жас ғалым Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақындық мектебі» деген тақырыптағы қызу айтыс-тартыс болды [9, 256 п.]. Онда жас ғалымға М. Әуезов дұрыс бағыт-бағдар бермеген. Кеңесары Қасымовты әспеттеген ақындардың шоғыры топтастырылған, пантүркизмнің, панисламизмнің идеяларын жаңғыртады, халыққа қарсы көзқарасты ұстанған ақындарды ақтауға тырысқан деп сынайды. Осыдан бастап М. Әуезовты «реакциялық ұлтшыл», «буржуазияшыл жазушы», «алашордашыл қайраткер», «ханды жақтаушы» ретінде идеологиялық қыспаққа ала бастады.

Абайдың шәкірттерін талқыға салған науқан бақандай үш жылға созылып, қадалған жерден қан алатындар, солақай саясатын шолақ белсенділері М. Әуезовтің ізіне түсуін доғармады.

Сталиндік тоталитарлық тәртіп-бұл идеологияға сүйенген тәртіп болды. Ғалым ондай тәртіптен «Абай» романын аман сақтап қалу үшін өзінің көзқарастарын амалсыз бұрмалап, өзгертуге дейін

барды. Жазушының «Менің қателерім жайында» атты «Ашық хатында» «Абай мектебі» жөніндегі өз қателерімді тереңдеп ұғыну нәтижесінде ғана мен романымды қайтадан көп өзгертіп жаздым. 1951 жылы «Знамя» журналында жарияланған нұсқасына «Абай жолы» деп жаңадан ат қойып, жаңадан түзеп жазып шыққан сол романыма сегіз баспа табақтай түзетулер кіргіздім. «Ақын аға» романында жаңағы аталғандай өрескел қателіктер болғандықтан мен сол кітабымды ұлы ақынның қасиетіне сай шығарма деп танымаймын. Ол кітапты солайша мансұқ етіп, оның орнына оқушы жұртшылыққа Абайды тану жөнінде жіберген қателерім тұрасындағы партиялық сынды ескеріп отырып жазған «Абай жолы» атты романды ұсынамын. Осы айтылғанға байланысты сол «Абай мектебі» дейтұғын мәселе жөніндегі өз қателерімнің тамырын ашу қажет деп білемін. Бұл мәселе 1933 жылдан бері қарай Абайды тану жөнінде менің сыңаржақ сипаттап келе жатқан бір қателігім боп келді», - деп жазуға мәжбүр болды [11, 464.].

1951 жылы «Литература газета» журналында филология ғылымдарының кандидаты С. Нұрышевтың «Абайдың шығармашылығын зерттеудегі буржуазияшыл-ұлтшыл бұрмалаушылықтың тамырына балта шабайық» деп аталатын мақаласы жарық көрді [12, 53.]. Мақалада Алаш қозғалысы кезіндегі қызметі назардан тыс қалмады. Қазақ революциясына дейін және революция кезінде «Абай» журналының редакторларының бірі болғаны, журналдың Алаш партиясымен байланысы, қазақ жастарын аталмыш партияға тартудан басталғаны айтылды. Ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін М. Әуезовты осы топ өкілдерімен бірге көркем әдебиет пен әдебиеттану саласында «зиянкестік әрекеттер» жүргізгені еске салынды. Бұған «ескіні аңсады, Алаш-Орданы мадақтады, кеңес шындығына жала тақты, ұлы орыс халқына жек көріністілікті үгіттеді және Кеңес өкіметіне қарсы ашық күреске дейін жетті, бұл алашордашылықтарды идеялық лозунгтары пантүркілік пен панисламдыққа апарды» деген айып қосылды.

М. Әуезовті сынауда Абайдың шәкірттері ретінде молдаларды, алашордашылармен «халық жауларын» тұтас тобын көрсетті деп атап берді. Әдебиет тарихын зерттеуде контрабандалық жолмен айналысып, А. Байтұрсыновтың «Қаздар» атты мысалын Абайдың атынан жариялатқан деген пікірін де келтіре кетті [11, 384].

Айтыс-тартыс бұнымен шектелмеді 1951 жылы маусым айында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп өткізген «Абайдың әдеби

мәселесін талқылауға арналған әдебиет мектебі және шәкірттері» деген баяндама жасады [13,68 б.]. С. Мұқанов М. Әуезовтың «Абай» журналындағы редакторлық қызметі кезінде шыққан мақалаларды сынай отыра Абайдың шәкірттері ретінде Алаш партиясында болған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиевтерді атады деген пікірді көрсетті.

1953 жылдың 11 — 12 тамызында Қазақстан жазушылар одағында М. О. Әуезовтің романдары «Абай» және «Абай жолы» талқыланды. Сыншы Т. Ахтанов баяндама жасады. Баяндамада «Қанаушылар мен каналушылардың әлеуметтік теңсіздігі мен таптық күресі өте нашар көрсетілген. Көбінесе алаңсыз өмір, байлық, феодалдар мен байлардың әртүрлі салт-дәстүрі жайлы суреттелген. Автор қарапайым халықтың өмірінен ештеңе көрсетпейді. Араларынан кейін беті ашылған халық жаулары Шәкені (Шәкәрім), Тұрашты, Көкбайды және басқа да кейіпкерлерді жақсы жағынан суреттеген жазушымен келісуге болмайды. М. Әуезовке Абайдың барлық ағайын туыс-туғандарын дәріптеп ақынды солардың айналасына қоюдың қажеті жоқтығын ескеру керек [6, 10 п.]. Сондай-ақ, романда Абайдың панисламдық пен пантүрктік күресі нашар сипатталған», - деп көрсетті.

Талқылауға С. Досалиев те өз пікірін ортаға салды. С. Досалиев «М. Әуезовтің «Абай» және ««Абай жолы» романдарының идеялық - теріс үрдістері атты баяндамасы кейін газет беттерінде мақала болып жарияланды. Мақала авторы: «Біздің ойымызша бұл романдар - кеңес үкіметіне, партияға, отанға қарсы ниетпен жазылған зиянды туындылар. Сондықтан мұны тезірек әшкерелеп, шешім қабылдауын сұраймыз. «Абай дәуірі мен оның ортасын суреттеуде, Абай атын жамыла отырып, ол Құнанбайды, оның өмірлігін, олардың заманын, халыққа қарсы бағытталған әрекетті жақтап әңгімелейді». Досалиевтың пайымдауынша Әуезовтың шығармаларының жетістігіне ең алдымен Б. Горбатов, В. Иванов, Л. Соболев, З. Кедрин және басқалары кінәлі. Себебі олар өздерінің мақтау мақалалары арқылы Қазақ оқырмандары мен әдебиеттанушыларын адастырып, сонысымен Әуезовке өз айналасына жақтастарын жинауға мүмкіндік берді [14, 414 б.]. Осымен шектелмей Мұхтар Омарханұлының басқа да шығармалары талқыға салынып, сынға ұшырады.

Осылай Қазақстанда Орталық партия шешімдерін орындау барысында «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы»

қаулысы қазақ әдебиеті мен тіл біліміне орны толмас нұқсан келтіріп, қазақ әдебиетінің дамуын ұзақ жылдарға көштен қалып қоятынын алдын-ала жорамалдап берді. Біріншіден, тіл және әдебиет мамандары сынға алынды: қазақ совет әдебиетінің атақты өкілдері, сыншылар және ғалымдар заңсыз репрессияға ұшырап, олардың еңбектері ғылыми-әдеби басылымдардан алынып тасталды; екіншіден, өз лауазымдарында қалғандардың көбі қысым көріп, шығармашылық тұрғыдан шектетілді. ұжымдар мен басылымдарда көп деген еңбектерді саяси тұрғыдан қайта түзетуге мәжбүр болды.

«Ұлтшыл» айып тағылып, еңбектерін сынға алып, саяси қыспаққа ұшыратып жатқанда Мұхтар Омарханұлы 1953 жыл сәуір айында туған елін тастап, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болды. Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор болып орналасып, «КСРО халықтары әдебиетінің тарихы» деген арнайы курс бойынша дәріс берді.

М.О.Әуезовтің 90-жылдығына арналған салтанатты мәжілісінде О.О.Сүлейменов: «Ұлтшыл «Алашордашыл» деген айып тағудың нағыз қызып тұрған шағында, тарихымыздағы сол бір дүрбелең кезең отызыншы жылдардың қуғын-сүргінінен М.О. Әуезовтің осы уақытқа табандылықпен жеткені бізді таңқалдырады. Осындай қиын-қыстау кезеңге қарамастан Әуезов Абайды ұлықтауын жалғастырды», - деп танданысын жасырмап еді [12,53.].

Бүгін де Егеменді ел болып, өшкеніміз жанып, жоғалғанымыз табылған кез. Талантты жазушы солақай саясаттың кесірінен сынға ұшыраған Мұхтар Әуезовтың асыл мұрасымен қазіргі таңда болашақ жас буын сусындауда. Мұхтар Әуезовтің есімі әлі де өмір сүріп, өз төңірегіне пір тұтушыларын жинай береді. Жазушының шығармалары әлем халықтарының 55 тіліне аударылған, оны төрт күл дүние біледі және оқиды. М. Әуезовті «реакциялық ұлтшыл», «буржуазияшыл жазушы», «алашордашыл қайраткер», «хандық билікті жақтаушы» ретінде ылғи идеологиялық қыспаққа алынса да, өзі туын тігіскен Алашқа өмірінің соңына дейін қызмет етіп, алашшыл азамат болып қалғанына ешқандай күмән келтіре алмаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұртпай Т. «Ұраным-Алаш». - Алматы «Ел-шежіре», 2008. 472-б. - Б 3

2 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Алматы: Ғылым. - 344 б.

3 Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-ғалайы//Қазақ әдебиеті 1989.-26 май.-10-12 бет.

4 Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары.-Алматы, «Асыл кітап», 2009.-192 бет. Б-45.

5 Омарбеков Т. Ызғарлы жылдар іздері //Ақиқат №6.1998 жыл, 32-37 б.

6 ҚРОММ 1778-к., 1-т., 356-іс. 9-10 п п.

7 ҚРОММ 1778-к., 1-т., 355-іс. 6 п.

8 Қазақ әдебиетінің идеялық және көркемдік сапасы жоғары болсын.//Әдебиет және искусство №9-12 1948 жыл 6 б.

9 ҚРПМ. 708-к., 15-т.,128-іс. 256-п.

10 Нұрпейісов К. Бекмаханов пен оның басты кітабы қалай жазаланды?// Қазақ тарихы.-2005.- №2. 5-10 бет. Б. 8.

11 Жұртпай Т. «Ұраным-Алаш».Талқы .-Алматы «Ел-шежіре», 2012.-647б.-Б-464

12 Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х-1991гг.) – Алматы: Атамұра, 2004.-328 б.

13 Бес арыс: Есталіктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст Д.Әшімханов.-Алматы: Жалын, 1992.- 544б. Б. 68-69.

14 Какенова М.Г. Судьбы казахской интеллигенции. Астана: ЦНТИ, 2006.-469 с

### 3 Секция. Қазақ әдебиеті мен фольклористикасының өзекті мәселелері

### 3 Секция. Актуальные проблемы казахской литературы и фольклористики

## КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ (Ә. НҰРПЕЙІСОВ РОМАНДАРЫ БОЙЫНША)

АБДУЛЛАЕВА Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Әдеби тілде үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу» [1, 212 б.]. Теңеуді кез келген қаламгер шығармаларында қолданады. Әр жазушының стильдік ерекшелігіне қарай олардың формасы, жұмсалып қызметі айқындалады. Жазушы шеберлігіне байланысты халықтық теңеулермен қатар авторлық теңеулер де қолданылып отырады. Авторлық теңеулер арқылы бір жағынан қазақ халқының сөздік қоры молайып отырса, екінші жағынан, жазушы стилінің ерекшелігі танылатыны белгілі.

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ әдебиетінің алтын қорына сүбелі үлес қосқан жазушылардың бірі - Әбдіжәмил Нұрпейісов. Оның қаламгерлік қуатын танытатын даралық ерекшелігінің бірі теңеулерді түрлендіре отырып мольнан жұмсауы деуімізге болады. Біз зерттеу барысында жазушы романдарынан теңеудің небір түрін кездестірдік. Қаламгер халқымыздың ғасырлар бойы тудырып келген теңеулерін толықтыра отырып, өнімді пайдаланған. Жиі қолданылғандары -тай, -тей, -дай, -дей, -ша, -ше жұрнақтары мен секілді, тәрізді, сияқты деген шылау сөздер арқылы жасалған теңеулер:

-Кәпір, өзінің де бет-аузы қалың қасқыр сияқты еді [2,141 б.].

Балжан да тап қазір көңілін құйын соғып кеткендей құп-қу [2, 26 б.].

Ақбалаға астыртын хабар салса да, өздері ауыл торыған ұрыдай ат жалын күшып, ілгері жақтарына көз тігіп... [2, 296 б.].

Қайын жұртына барып, қалыңдығын көріп қайтқан жігіттей, үнемі үйге шаттанып күліп кіретін [2, 155 б.].

Бір қолымен арқалаған балықты ұстап, бір қолымен кендір жусан, қырбық қызыл түзгенге жармасып, мысықша тырмысып өрлеп келеді [2, 11 б.].



Сүйеу төр алдында тіп-тік боп шаншылып отыр. Ай татырда, ін аузында шаншылған саршұнақ тәрізді [2, 171 б.].

Байқағанымыздай жазушы қолданған теңеулер жасалу үлгісі жағынан ерекшеленбейді. Олар халық әдебиетінде қалыптасқан үлгі бойынша жасалған. Алайда қандай сөздердің теңеуге алынғандығы көңіл аударарлық. Зерттеу барысында анықталғандай, жазушының теңеуге алғандары қазақтың айналасын қоршаған табиғат көріністерінен, күнделікті шаруашылық кәсібінен, тұрмыстық бұйымдары мен тұрмыс-салтынан көрініс беретін сөздер. Енді мысалдармен нақтыласақ:

-Анау шытыр жеген түйедей шермиіп отырған түрі [2, 5 б.].

Сүзетін бұқаша басын бауырына алып, бұған тұздай көк көзінің астынан кірпік қақпай қадала қарап, жақындай берді [2, 45 б.].

Көлен де шығандап алысқа кетпей, осы өңірге айналсоқтап әр қырдың астында бір-бір ауыл отырған малды, жанды елді сағалап, қазығын айналған аттай шыр айналып жүріп алған-ды [2, 215 б.].

Үлкен кісі құдды қой бастаған қошқардай соңына ерген ығайлар мен сығайлардың алдына түсіп сахнаға беттей беріп еді [3, 349 б.].

Шыбыш ешкі құйрығындай бас-аяғы бір тұтам шолтандаған сол неме...[3, 395 б.].

Бағанадан бері жер түгіл аспанға да аласат лаң салып жатқан кара дауыл бұл кезде бұлтты да түткен жүндей дода-додасын шығарған-ды [3, 257].

Сабаудай ұзын кірпік астынан назарын тіктеп, ұзағырақ қарады [3, 169 б.].

Қамыс қостың төбесі тулақ сабағандай сатырлап тұр екен. Қатты жел кара дауылға айналыпты. Әлгіде тулақ сабаған долы қатындай дүсірлеген кара нөсер...[3, 94 б.].

Аузы қаңсыған күбінің түбіндей, ащы кермек бірдене тілін қуырып, жүрегінің басына запыран айналып, кілкілдеп тұр [3, 338 б.].

Құдайменде іркіт құйған местей, майға бөгіп лықылдап тұрған денесін шайқап ырқ-ырық күлді [2, 82 б.].

Бір қора қойдың ұйыған қатықтай шайыр иісіне елітіп, басы айналып...[3, 420 б.].

Бұл оның көкірегінде көптен бері сары уыздай шайқалып жүрген арманы еді [3, 144 б.].

Аяқ астынан өз сөзін өзі айрандай ірітіп, әңгімені ит жөніне бұрып жіберді [3, 91 б.].

Қаймақтай жұқа ерінді нәп-нәзік қыздың махаббатында кісі жүрегін қозғайтындай әлдене бар еді [4, 39 б.].

Көзін Судыр Ахметтен алмай, түйіліп келді де, қоян ілген бүркіттей желкеден бүріп алды [2, 156 б.].

Аңға түскен қырандай ірі қара кісінің үстіне төніп қалғанын көрсе де, Құдайменде қозғалмады [2, 209 б.].

Ақбаланың ызасы қосылып, иесіне түсетін бүркіттей қанына қарайып келе жатқан шығар [2, 206 б.].

Сыртынан қарағанда қыр басына қанаты талып келіп, төсін тасқа соғып қонған қыран тәрізді [2, 273 б.].

Соның қайсысы болса да ауылдан шыққалы бұрынғы ел сыймайтын теңіз өңірі құдды көшкен ауылдың жұртындай құлазып тұр [3, 25 б.].

Көшкен үйдің жұртына қонып шыққандай көңілі құрғыр аңырап бара жатқасын, аяғын сүйретіп сыртқа шықты [3, 234 б.].

Екінші жағы - жаз басынан шөбі қурап, сары лай теңіздей сарғылтым тартып жатқан шетсіз-шексіз дала [3, 19 б.].

Түйдек шоғырымен пыр-пыр етіп, өзектің арғы бетіне сендей тұтасып жүзіп барды да, жарға тірелгесін бәрі де кейін қарай жалт бұрылды [2, 254].

Жаумайтын бұлттай тектен-тек шоғырланып топтана беретін-ді [2, 206 б.].

-Төлеу қарағым, қармақ жұтқан балықтай, кейін тарта берме [2, 279 б.].

Бұл бейне шанышқыдан жырылған балықтай соның бөрінен ылғи аман қалып келе жатқан [2, 164 б.].

Есейдің құшағынан босанғысы келді ме... ауға оралған ақ шабақтай, ақырын бұлқынып, дірілі бар сыбырлаған үнмен «билей алатын емеспін, босатыңызшы» деді [4, 268 б.].

Әлиза сыртта жүрген Еламанның құлағына шалына ма деп Балкүміске ернін қысып ымдап еді; онысы қайта отқа май құйғандай болды [2, 236 б.].

Біз Ә.Нұрпейісов шығармаларынан теңеудің бірнеше түрін келтірдік. Енді бұларды төмендегідей топтастырып көрсетуге болады:

1) Төрт-түлік малға қатысты теңеулер: шытыр жеген түйедей, шыбыш ешкі құйрығындай, сүзетін бұқаша, қазығын айналған аттай, қой бастаған қошқардай. Төрт-түлік мал қазақ халқының күн көріс көзі болып саналған. Халқымыз малды ерекше қастерлеген. Мал барлық күн көріс көзі болғандықтан, қазақ үшін ең қымбатты дүние болғаны белгілі. Қазақ малды тек өнім ретінде пайдаланып қана қоймай, олардың бабын тауып, бағып-күтудің де ерекшелігін жақсы білген.

2) Ұлттық қолөнерге қатысты теңеулер: Түткен жүндей, сабаудай, тулақ сабағандай, тулақ сабаған долы қатындай. Бұлар әйел қолөнеріне байланысты қолданылады. Әйел қолөнерінде жүнді әр түрлі бұйымдар жасауға пайдалану үшін оны түту, сабау сияқты алғашқы өңдеулерден өткізеді. Оның негізгі әдістері: малдың қырқылып алынған жүнін жуу, оны жұмсартып түту, ұйысқан жерін жазу. Жұмсарту үшін оны сабайды. Сабау деген тек ұру дегенді білдірмейді. Оның да өзіндік тәсілі бар. Сабаумен жүнді қопсыта ұрғанда шаң-тозаңнан айырып, ұйысқан жері жазылып, желкілдеп шыға келеді. Түтілген жүннен дәстүрлі бұйымдар - киіз, киім, кілем, алаша, сырмақ т.б. жасайды. Әриңе, бұны жасайтын әйел адамдар. Жүнді өңдеу жұмысына керекті заттар - сабау мен тулақ. Сабау - жүнді өңдеуде қолданылатын ең негізгі құрал. Ол көбіне бұтақсыз түзу әрі мықты тобылғы ағашынан жасалады [5]. Тулақ - төсеніш ретінде қолданылатын, жүні алынбаған мал терісі, кептірілген көн тері. Көбіне ірі қараның, құлынның терісінен жасалады [5]. Сондықтан түткен жүндей, сабаудай, тулақ сабағандай деген теңеулерді ұлттық ерекшелікті танытатын теңеулер ретінде қарастырдық.

3) Заттық мәдениетке байланысты теңеулер: Қаңсыған күбінің түбіндей, іркіт құйған мөстей теңеулерін алуға болады. Күбі - айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған, түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс [5]. Мес - сұйық тамақ құю үшін бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған ыдыс [5]. Мұндағы күбі, мес сияқты ыдыс атаулары қазақ халқына ғана тән. Сонымен қатар қазақтың ас мәзірінен хабар беретін теңеулер: сары уыздай, ұйыған қатықтай, айрандай, сүттей т.б.

4) Аңшылық, саятшылыққа қатысты алынған теңеулер: қоян ілген бүркіттей, аңға түскен қырандай, иесіне түскен ызалы бүркіттей, қыран тәрізді. Аңшылық, саятшылық дәстүрі қазақ халқының тарихи-әлеуметтік өміріндегі маңызды шаруашылықтың бірі болып саналады. Бұл дәстүр - қазақ халқын өзге ұлттардан даралап көрсететін киелі өнерінің бірі.

5) Көшпелі өмір салтын бейнелейтін теңеулер: Көшкен үйдің жұртына қонып шыққандай, көшкен ауылдың жұртындай. Бұл келтірілген теңеулер қазақ халқының көшпелі тұрмысынан көрініс береді. Қазақ халқы мал үшін қыста қыстауға, жазда жайлауға, күзде күзеге көшіп отырған.

6) Табиғат құбылыстарын бейнелейтін теңеулер: Теңіздей, сендей, жаумайтын бұлттай дегендер табиғат құбылыстарына қатысты алынған.

7) Кәсіп, шаруашылыққа байланысты алынған теңеулер: Қармақ жұтқан балықтай, бейне шанышқыдан жырылған балықтай, ауға оралған ақ шабақтай. Жазушы шығармаларында балық шарауашылығы халықтың негізгі күн көріс көзі болып саналған. Қармақ, шанышқы, ау - балық аулайтын құралдар.

8) Салт-дәстүрге байланысты теңеулер: Отқа май құйғандай теңеуі қазақтың салт-дәстүрінен көрініс береді. Отқа май құю - дәстүр. Бұл дәстүр күйеу жігіт алғаш рет ресми түрде қалыңдығына ұрын барғанында, одан кейін қалыңдығын алып қайтуға барғанында, жаңа түскен келін қайын атасының шаңырағына алғаш келіп кіргенінде жасалады [6].

9) Жаңа заманға сай туған теңеулер: Бұзылған радиодай, үнді шайын ішкендей, бейіт күзеткен бәдіктей, тұмау тиген кісідей теңеулерін жаңа заманға тән деп қарастырдық. Бұл теңеулерді кеңес заманында, оған дейінгі кезеңдерде жатқызамыз. Төмендегідей мысалдармен келтіруге болады:

Қырылдақ дауыс құдды бұзылған радиодай қытырлап құлағын тырнап барады [3, 90 б.].

Шынында да, басқа шаруаға қырсыз Сары Шая қағазға жүйрік. Істі болған кісілерге қасиеттік шағым дейсің бе, қолхат, тілхат дейсің бе, бұзатын іс, қайта қаралатын іс, ақтайтын, қаралайтын қағаз, соның қайсысы болса да, құдды үнді шайын ішкендей танауының ұшы шып-шып терлеп, рахаттанып кірісетін [3, 92 б.].

Содан соң туған жерім, кіндік қаным тамған топырағым еді деп, бұл адыраның анасын бір, мынасын бір қимай жүріп, ақырында бейіт күзеткен бәдіктей көшкен елдің жұртында қалып қойма! [3, 96 б.].

Тек ішегі ылғал тепкен бе, әлде қолы білмейтін кім көрінген сабалап сілесін қатырған ба, бір кезде сұңқылдап тұратын шыққыр домбыра шофердың қолына түскенде құдды тұмау тиген кісідей мыңқ-мыңқ етті [3, 70 б.].

Сөзімізді түйіндесек, Ә.Нұрпейісов ойын айқын да әсерлі етіп жеткізу және поэтикалық бейнені дәл беру үшін халқымыздың ғасырлар бойы тудырып келген небір образды теңеулерін мақсатты түрде қолдана отырып, өзі де толықтырып тың теңеулер жасаған.

Жазушы қолданған теңеулер қазақтың айналасын қоршаған табиғат көріністерінен, күнделікті тұрмыстық зат, бұйымдарынан, тұрмыс-салтынан, шаруашылық, кәсіп сияқты тіршілік әрекеттерінен алынған. Жалаң теңеулерге қарағанда күрделі теңеулерді жиі қолданған. Жоғарыда келтірілген теңеулердің көпшілігі күрделі теңеулер. Күрделі теңеулердің телініп отырған зат не құбылыстың сипаттамасын толық ашып көрсетуге мүмкіндігі мол.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. II томдық таңдамалы шығармалары. 2-том. -Алматы. -1983ж.
- 2 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер: Трилогия. Үшінші кітабы. – Алматы: Жазушы, 1981. –352 б.
- 3 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз –Алматы: Жазушы, 1982. –360 б.
- 4 Нұрпейісов Ә. Күткен күн: Роман. –Алматы: Жазушы, 1982. –360 б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Алматы. - 2011 ж.
- 6 Кеңжахметұлы С. Жеті қазына. -Алматы. - 2001ж.

### Ә. НҰРПЕЙІСОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РУСИЗМДЕР

АБДУЛЛАЕВА Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кез келген жазушы тілін қаншалықты бай десек те, ол жалпы халықтық тілден айналып өте алмайды. Көркем шығармада қандай да бір ұлттық нақышты көрсетуде немесе кейіпкердің қайталанбас бейнесін беруде, шынайы шындық, заман шежіресін суреттеуде жалпы халықтық тілге жүгінеді. Бұл ретте, әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің шығармада қолданылуы қажеттіліктен туындайды. Тақырып ауқымы да қаламгерді бір тілдің қауызында қалдыра бермей, басқа тілдік формаларға жүгінуге мәжбүрлейді. Ә.Нұрпейісов үшін мұндай қосымша құрал, негізінен, орыс, иран, парсы, араб тілінен енген сөздер болып келеді. Ал біздің қаламгер шығармаларынан қарастыратынымыз орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің қолданылу аясы болмақ.

Әдетте «Әдеби шығарма жазуға рецепт берілмейтіні секілді...» [1, 23 б.] көркем шығарманың тілін зерттеп, талдауда да қабылданған ереже, қатып қалған қағида жоқ. Дегенмен, шығарма тілін талдаймын деп, шығармадағы барлық сөздерді түп-тамырына дейін қазбалай беруге де болмайды. «Осы күнгі әдеби тіліміздің бүкіл лексикасының генетикалық қабаты белгілі болғандықтан, оны қайталап, жазушы басы сайын түгендеудің қажеті жоқ» [2, 71 б.]. Біз бұл жұмысымызда шығарма тілін зерттеудегі лингвистикалық қағидаларды басшылыққа ала отырып, тілдік ерекше фактілерді жүйелеп, күнделікті қолданыста кездесе бермейтін сөздерге, сондай-ақ олардың қолданыс ерекшелігіне, стильдік қызметіне назар аударатын боламыз.

Ә.Нұрпейісов шығармаларының тілі орыс тілінен және орыс тілі арқылы келген «русизм» сөздерге толы. «Бұл сөздердің басым бөлігі ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің сан алуан салаларына байланысты терминдер мен өмір шындығынан туған сөздер» [3, 192 б.]. Олар көркем шығармада жазушы суреттеп отырған дәуір тынысын, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық қатынастардың жай-күйін суреттеуде шығарма шырайын қанықтыра түседі. Мұндай сөздердің көбі уақыт өте келе әдеби тілдік қорымызға сіңіп те кетеді. «Сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тіл-тілдегі сөз алмасудың басты және дағдылы құбылысы болып табылады» [3, 193 б.].

«Русизм» деп орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерді жалпы атаумен атайтыны белгілі. Алайда Ә.Нұрпейісов романдарындағы орыс графикасымен жазылған сөздердің барлығын орыс сөзі деп түсіну қате пікір, себебі бұл сөздердің түпкі төркіні француз, ағылшын, латын тілдері. Біз оларды саралап көрсетуді мақсат етпегендіктен, жалпы русизмдер деп алдық.

Жазушы романдарыда қолданылған русизмдер: совет, киоск, кодекс, телеграмма, партия, пианино, командир, костюм, галстук, туфли, солдат, дивизия, отряд, комиссар, штаб, тактика, лагерь, полк, рота, офицер, капитан, майор, подполковник, лейтенант, сержант, демография, президиум, космодром, статья, бюро, актив, республика, состав, бомба, снаряд, Мадонна, рельс, депо, шкаф, гардероб, стол, шафер, мотор, рюмка, вилка, бокал, тарелка, вагон, телефон, кепка, фуражка, паравоз т.б.

Адъютант гвардиялық миноментпен жалғасам дегенше генерал штаб начальнигін жетелеп соғыс жүріп жатқан жердің картасына апарды [4, 94 б.].

Осыдан төрт жыл бұрын тұлымына қызыл лента таққан арық, ақ қыз ағасының үстіне ернін тістеп кіріп, столдың шет жағына кеп отырған-ды [4, 279 б.].

Өлгі кандидаттық қорғайтындар мен докторлықтан дәмесі барлар қайда? Алдағы академия сайлауына түсетіндер... [5, 302 б.].

Жұқа өнді қағылез жігіт қала үлгісімен тіккен қара драп пальтоның сыртынан қасқыр ішік киген [6, 58 б.].

Баян ақ халатты қызбен қоштасты да, жүріп кетті. Ол қайтып келгенде, Мадона губерниясының екі әйелі театрға барғалы киініп жатыр екен [4, 337 б.].

Жоғарыда келтірілген русизмдердің бәрі де бастапқы дыбысталу формасын сақтап қолданылған. Ұлы Отан соғысының

тұтастай панорамасы мен қазақ қоғамындағы ұлы дүрбелең кезеңдерін суреттеуді мақсат еткен жазушы үшін бұл сөздер ең қажетті тілдік қолданыстар болып табылады. Ол сөздерді еш аудармасыз, түсініктемесіз қолдансақ та бәрімізге түсінікті, себебі олар күнделікті қолданыста тұрақталып қалған сөздер. Ең бастысы - өз орнында тұрып, стильдік қызметін атқарып, шығарма шырайын келтіруінде.

«Тілдің тазалығы мен дамуы оны ғылыми терминдерден таза ұстау қажеттігін туғызбайды. Сіз қалаңыз, қаламаңыз заманауи өркениет енгізген терминдер тілімізде бар, болады, бола бермек. Бұған ешкім қалқан бола алмайды, олай болған күнде қазақ мектебін бітірген бала әлемдік ғылымнан кенжелейді. Қазіргі кезде грек, латын, орыс сөздерін тілімізге ертерек енген араб, парсы атауларымен ауыстырып, төл сөзге айналдырдық дейтін пуристік бағыт - жаңылғандық. Тұрмыста кеңінен жұмсалатын жалпы қолданыстағы сөздерді аудару жөн; ал әлемде жаппай қолданылатын ғылыми-техникалық интертерминдер кірме сөздер қабатын байытады, одан әлемде ешқандай тіл ұтылған емес», - дейді ғалым А.Б.Салқынбай [7].

Біз жазушы шығармаларының тақырып аясының кеңдігіне қарай русизмдерді төмендегідей жүйелеп, бөлдік:

1) Әскер, соғыс тақырыбына байланысты сөздер: командир, солдат, дивизия, отряд, комиссар, штаб, пункт, тактика, лагерь, полк, рота, офицер, капитан, майор, подполковник, лейтенант, сержант, состав, бомба, снаряд, пулемет, автомат, гарнизон, партизан, плацдарм, контрразведка, эшелон, армия, комендант, мотобригада, взвод, генерал, полковник т.б.

«Курляндия» мотобригадасына жас полковник бастаған бір топ офицер келді. Жоғары штабтан - генерал Бегенің өз атынан келген арнаулы комиссия көрінеді. Және контрразведка жұмысын басқарғасын ба, жас полковниктің жүріс-тұрысына дейін суық [4, 23 б.].

Полк командирінен «тез жетсін» деген әмір алған капитан Скориков бір минут аялдаған жоқ [4, 43 б.].

Онан да оны солдаттыққа айдату керек [6, 216 б.].

Комендант эшелонды қалайда бомба астында қалдырмай, қалайда ілгері өткізіп жіберуді ойланған-ды [4, 31 б.].

Есей штаб үйіне кірді. Бақылау пунктіне телефон арқылы хабарласты. Орнына қалдырып кеткен взвод командиріне... [4, 265 б.].

2) Саяси-әкімшілікке қатысты сөздер: партком, меском, комсомол, профком, кодекс, совет, порторог, глобус, пленум, демография, президиум, космодром, статья, бюро, актив, республика, т.б.

Сол үйде күн сайын қиқуласып жататын сан сапалық жиналысқа, мәжіліске, конференция, пленум, актив, съездерге әлдеқалай қатыспай қалса, ең арысы жиналыстың президиум құрамына кірмей, мына жақта қалып қойса да, сол күні ұйқысы бұзылатын [5, 306 б.].

Сары Шая үлкен бастықтарға тиіспесе де, меском, профкомға тісі балғадай. «Жұрттан жинаған взностың үстінен жеді», - деді. Ең әрісі қай статья, қай кодекс қандай қылмысқа жататынын сол біледі [5, 91 б.].

Келесі партбюрода қарайық [4, 254 б.].

3) Ғылым мен техника, өндіріске қатысты сөздер: телеграмма, станция, класс, буфет, депо, паравоз, рельс, медицина, прогресс, кандидат, доктор, академия, вагон, купе, перрон т.б.

Қаладағы көп-көп министрлік комитет, қоғамдық мекемелер, сосын завод, фабрика, ғылыми институттар... [5, 310 б.].

Со жылы Орал қаласынан келген Федоров деген бай промысел ашып жатқан [6, 18 б.].

Ертеңіне Еламанды депоға жұмысқа орналастырды [6, 99 б.]. Перрон абыр-сабыр. Жолаушылар мен жүк көтерген кісілер вагонға жүгірді. Паравоз пысылдап жүруге әзір тұр. Онан әрі қырауытқан рельс таспадай созылып жатты. Ал оның арғы жағында ұзақ жол қараңғы түн, жып-жылы купе [6, 97 б.].

4) Әдебиет пен өнерге қатысты алынған сөздер: театр, кино, сквер, пианино, клуб, дворец, «Офицер вальсі», т.б.

Тау суы сылдыр-сылдыр аққан тыныш, таза көшелерде фонтан, сквер, парк саясында ит жетелеп серуендеген... [5, 309 б.].

Осыдан кейін «Офицер вальсін» ойнады. Бұл кеште үшінші боп «Полька» ойналды [4, 265 б.].

Колхоз клубына халық көп жиналған екен [4, 296 б.].

Есей театр бастықтарына өтініп екі билетті шаққа алды [4, 337 б.].

-Астанадағы дворецтерді сіз салған көрінесіз ғой [5, 370 б.].

5) Тұрмыстық заттар атауы: аптечка, градусник, гардероб, стол, костюм, галстук, туфли, драп, пальто, шкаф, тарелка, телефон, бантик, фаргук, портфель, стакан, графин, фуражка, рюмка, вилка т.б.

Ол Зейненің аптечкасынан градусник алып, - әже қызуыңызды өлшейік... [4, 313 б.].

Есей түрегеліп, таза жиналған кішкене бөлменің ішіне көз салды. ...айналы үлкен гардероб, тартпалы стол... [4, 282 б.].

Май-май комбинезонды тастап, шолақ майка сыртынан жеңіл жадағайын киіп жатыр [6, 145 б.].



Үстіндегі киімді де қара сұр кескініне таңдап алғандай: мөлт қара костюм; қара галстук; қара туфли [6, 302 б.].

Рубинштейнге кірді, өні сұп-сұп, фуражқасын көзіне таман басып киген [4, 24 б.].

Бір шекесінде үлпілдеген бантик. Омырауында үлпілдеген фартук. Бауырына қысқан портфель бомаса, дәл осындай үсті-басы үлпілдеген кіп-кішкентай қуыршақты бір жерден көрген сияқты [5, 73 б.].

Бар столда ұзын мойын әдемі графиндердің аузына стакан төңкеріліп, өгей баладай шеттетіп ортаға ысырылды [4, 260 б.].

Дастархан басында рюмкасын әлден көтеріп... алдында тарелка... бір қолында вилка [5, 303 б.].

б) Әр түрлі мәнде жаргон сөздер: чудақ, мерзавец, безобразие т.б.

-Чудақ ты. Сөзінің сиқын... Вот что дорогой, қаласың [5, 140 б.].

-Ах, мерзавец! Сібірде шірітейін сені [5, 90 б.].

-Безобразие! Ну олар кімдер [5, 86 б.].

Жоғарыда келтірілген русизмдер дыбысталу формасын сақтап жазылған. «Жазбаша түрде енген сөздерге тән қасиеттің бірі сол - олардың басым бөлігі өзінің дыбысталу түрін сақтайды» [3.197]. Ал кейде жазушы өзінің көздеген мақсатына жету үшін русизмдердің дыбысталуына өзгерістер енгізіп, төмендегідей өзгертілген формада қолданады: мекалай, бөлшебек, ділгірам, дәкмент, гүбірнатыр, пешір, өйез, начандек, промсол т.б.

- Баяғы мекалай заманда біздің ауылдың «бойкүйез» деген бір қойшысын білуші едік [4, 312 б.].

-Омайт шіркін-ай! Ол сондай-ақ кім екен. Сімірге айдатам [6, 65 б.].

Балық тапсыратын промсол осы. Бұл - Федоровтың бөдіретшігі Курнос Иван [6, 27 б.].

Пешір келгенше Құдайменде ұлық алдында «таксыр-таксыр» дегеннен басқа түк айта алмай, сақау кісіше ымдасып қана отырған [6, 85 б.].

-Апырай де! Тап бір гүбірнатырды күткендей болдық қой [6, 94 б.].

-О, кемпір қуанып қалатын болды! Ділгірам... жоқ, жоқ, ділгірам бермеу керек [4, 267 б.].

Жазушының сөздерді өзгертіп қолданудағы мақсаты - кейіпкерін сөйлету арқылы сөздердің стильдік қызметін арттыру, эмоциялық бояуын қанық беру. Мысалы, «-Саған керегі дәкмент пе, міне, менің дәкментім, – деді Кәлен» [6, 573 б.] дегенде, «дәкмент» сөзі орысша білмейтін ауыл адамының сөзі екені көрініп тұр. Русизмдердің айтылуын осылайша өзгерту арқылы жазушы өзі суреттеп отырған қоғамдық құрылымды, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайды дәл суреттеп береді. Сондықтан да жазушы

русизмдерді мақсатты түрде қолдана отырып, оларға ерекше жүк артады.

Қорыта келгенде, Ә.Нұрпейісов русизмдерді бірде дыбысталу формасын сақтап қолданса, бірде қазақ орфографиясына негіздеп, өзгертіп қолданып отырған. Жазушы қолданысындағы русизмдердің стильдік мақсатқа сай, көркем шығарма құрылымындағы әр сөздің өз орнында жұмсалғандығы талдау барысында анықталды деп айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1992ж.

2 Серікқалиев З., Серікқалиева Ә. Ақыл таразысы. Алматы, «Мектеп», 1992 ж.

3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Мектеп», 1972 ж.

4 Нұрпейісов Ә. Күткен күн: Роман. –Алматы: Жазушы, 1982. –360 б.

5 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз –Алматы: Жазушы, 1982. –360 б.

6 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер: Трилогия. Үшінші кітабы. – Алматы: Жазушы, 1981. –352 б.

7 Салқындай А. Мақала, 2010 ж.

#### ШӘКӘРІМНІҢ ҮГІТ ӨЛЕҢДЕРІ

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АДЫЛБАЕВА Г.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛШІН А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жалпы патшалық Ресейдің отарлау саясатының XIX ғасырда күшейе түсуі, алдымен хандық билік (1822 ж.), кейін аға сұлтандықтың да айрылу (1868 ж.) және қазақтың неғұрлым шұрайлы жерлерінің Ресейден келушілерге зорлықпен тартып әперілуі, сөйтіп жер-судан айрылған халықтың жүдеп-жадауы, тозуы және ұлттық баспа, медресе, мешіт, мектеп ісіне қойылған ашық, жасырын шектеу, кемсітулер – бәрі адамдардың материалдық мұқтаждықпен бірге рухани азып-тозуына ықпал еткені белгілі. Бұл қысым ақындар шығармашылығына да елеулі әсер етті, ел билеушілердің отарлау саясатын сынау т.с.с. өсті. Осы дәуірде

үгіт айту, дидактикалық сарындағы өлеңдер көбейе түсті. А. Байтұрсынов: «Ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдер – үгіт өлең деп аталады» [1].

Үгіт, дидактикалық сарындағы өлеңдерді жазу дәстүрі сонау көне шығыс поэзиясында да көрініс береді.

Көркем әдебиетті алдымен халыққа қызмет ету құралы деп түсінген ақындар тікелей үгіт өлеңдерін жазады. Дәуір шындығын мейлінше мол суреттеген Шәкәрім де үгіт өлеңдерін көп жазған. Ақын ең алдымен жастарды оқу-білім, ғылымға шақырады, жарқын болашаққа үндейді.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік  
Бір білімді данышпан жан табалық...  
Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Ақын өз заманындағы жақсылыққа, ізгілікке, білімге үйрете алатын Абай деп біледі, жастарды одан үлгі алуға шақырады. Ары қарай тек жалаң үгітке емес, шынайы бейне жасау арқылы да сөзін өрбітеді.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан, -

деп, ақылды - зат, ал Абайды оны сатушы, тағы да өтпей жатқандары бар деп, шарттылықты ұтымды қолданған. Ал:

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,  
Қулық пен өтірікті сайлап алдық.  
Ынсап, рахым, ұяттан жүген ұстап,  
Өзіміз ең түбінде қайда бардық? –

жолдарында дерексіз ұғымдарды заттандыру ,яғни қулық пен өтірікті сайман қылып «сайлап алу», ал ынсап, рахым, ұятты көшпенді қазақ халқының ұлттық танымына жақын әрекет «жүгендеп» ұстау деп сипаттау арқылы сол кездегі келеңсіз қылықтарды сынайды. Осы өлеңде дерексізді жандандыру үлгісін де байқауға болады:

Енді ойладым қайратқа мінейін деп,  
Білімдінің қадырын білейін деп.  
Ақыл сөзбен арқама Күнде ұрғызып,  
Талаппен түзу жолға кірейін деп .

Елге үлгі көрсету мақсатында ақын қайрат, талап секілді жақсы қасиеттерді жандандырып көрсетеді. Қайратты ат қып мініп, ал

талапты бейне бір дос ретінде алып, онымен «түзу жолға», яғни жаңа өмірге аяқ басатынына назар аударту үшін ерекше бейнелі сөздерді қолданады. Қайратты ат қып мінуде де да ұлттық нақыш бар. Осылайша ақын 89 шумақтан тұратын осы өлең арқылы бос жүрмей, Абай сынды білімді, саналы адамдардан өнеге алып, рухани дамуға, оқып-тоқуға шақырады. Ал «Шаруа мен ысырап» өлеңінде ақын кейбір жігіттердің кербездіктерін сынап, босқа ысырап жасамауды, нақты бір іспен айналысуды үгіттейді.

Кел, арзандау киелік,  
Кербездікті тұр қылмай.  
Ойланар кез болды ғой,  
Орынсызды құр қылмай.  
Бояу мақтан бола ма,  
Ішімізді нұр қылмай?  
Өтеміз бе осымен  
Жөнді жұмыс бір қылмай?

Байқап отырсақ, ақын «ішімізді нұр қылмай» деуі арқылы тағы да оқуға, ғылымға ден қоюға шақырып отыр. Осы идеяны «Молдалар өзгелерді кәпір дейді» өлеңінде өрбітеді:

Сұрқия, сопылардың алма тілін,  
Беті Тұнық, асты ылай ол бір жылым.  
Өнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,  
Адамшылық өнермен берер білім, -

деген жолдармен дүмше молдаларды сынайды. Оларды бет жағы таза боп көрінгенмен, асты ылай, батпақ болатын кір суға балау арқылы әсерлі бейне жасаған. Ал «Бостандық таңы атты» өлеңі таза үгітке құралған. Ақын 1917 жылғы Қазақ төңкерісін өзінше жақсылыққа жорып, отарлау қорлығы енді аяқталды деп сенеді. Халқына:

Арамдық аразды,  
Түбімен жойындар  
Өтірік, өсекті  
Біржола қойындар.  
Намыс, жігер,  
Бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық  
Жағында болындар.  
Бірлік пен талапты  
Еңбекке салындар.  
Өнерлі елдерден  
Өнеге алындар , -

деген үгіттеу сөздерінен оның елі үшін қам жейтін, жарқын болашағы үшін уайымдайтын азамат екенін байқауға болады. Ақынның өзге де «»Ей, көп халық, көп халық», «Ескіден қалған сөз теріп», «Адамдық борышын» туындылары үгіт өлеңдерінің қатарына жатады.

Шәкәрімнің тікелей үгітке арналған дидактикалық өлеңдерін сараласақ, адамдықты жоғары қойатындығына көз жеткіземіз.

«Адамдық борышын» атты өлеңінде

Адамдық борышын,-  
Халқыңа еңбек қыл  
Ақ жолдан айнымай  
Ар сақта оны біл  
Талаптан да білім мен өнер үйрен  
Білімсіз  
Өнерсіз  
Болады ақыл тұл.  
Мақтанға салынба  
Мансаптың тағы үшін  
Нәпсіңе билетпе  
Басыңның бағы үшін  
Өіірінді сарп қыл өлгенше,  
Жоба тап,  
Жол көрсет

Келешек қамы үшін,-деп ақын адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстауға шақырады.ғибрат алар артында із қалсын, «шын бақыт» артында қауымға жасаған жақсылығың қалса, мәңгілік өлмейсің деген ойды ашық айтып, адалдыққа үндейді.

Мәшһүр Жүсіп үгіт үшін, көбінесе салыстыру әдісін, жақсы мен жаманды қатар алып, кімге еліктеу, неден безіну керектігін жіліктеп ашуға ден қояды:

Қайырсыз болсаң (бықыл) бәхил, болдың терек,  
Басқаға бір отыннан қылмас керек.  
Жақсыдан- жақсының да парқы бөлек,  
Даналар біледі ойлап, ақыл зерек (зирек).  
Зарарлы болсаң жұртқа, болдың тікен,  
Қыларсың жазды жапан, шөлді мекен.  
«Жерінде- әр не өзінің»- деген рас,  
Еккенмен сусыз жерде, шықпас жекен.  
Құдайым пендесіне берген малды,  
Жаратқан әр түрлі ғып жүрген жанды.

Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан

Қайыр қып берген артық жалғыз нанды [2, 148-149 б.].

Осы орайда, көбінесе ақыл айтуға құралған өлеңдерінің өзінде ақын үнемі жалаң үгітпен шектелмей, ұтымды бейне, сөз үлгілерін де кірістіре білген:

Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.  
Наданның өз басына қылған ісін,  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына.

Қарайла, шамаң келсе, жолдасыңа,  
Жолдасың еріп жүрсе өз қасыңа.  
Абыройым төгілмесін деп ойласаң,  
Ұяттан қол шатыр қып ал басыңа .

Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,  
Ағыздым алтын қылып мен мысты ерітіп.  
Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,  
Өрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.

Шайтанның шамаң келсе сындыр белін,  
Ол иттің керек қылма жауын, елін.  
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,  
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.

Өнерге өзінді-өзін ерте баулы,  
Жастықтың бір Күн көшіп кетер ауылы.  
Қауіп, қатерсіз, қайғысыз болам десең,  
Араз боп еш адаммен болма даулы.

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзінің өз бойында болсын көзің.  
Сөзіммен халқым амал қылсын десең,  
Амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің [3, 116-119 б.].

М.Н.Баратова М.Ж.Көпеевтің үгіт өлеңдерін талдай келе мынандай тұжырым айтады: «Зерделесек, «Наданның өз басына қылған ісін, // Қылмайды ақылды адам дұшпанына»- жолдарының әсерлі естілу себебі: ақыл айтудың өмірде көп көргенді сараптап, безбендеп барып, аз сөзге көп мән ұялатуға негізделуінде жатқаны анық. Екінші мысалдағы дерексіз ұғым ұятты белгілі бір затқа «қол шатырға» айналдыру да өзінше әсерлі. Ұяттың қол шатыры ұғымын дәйектегенде, сол бір әсерлі, бейнелі сөз ұтымдылығы назар аудартады. Үшіншідегі перде жыртып сөз сөйлемеу де дерексіз ұғым сөзге пердені тіркеп және оны көдеге жаратуды бейнелеп барып, белгілі бір идея өрістеуіне негіз қаланған. Төртіншіде,

басқа адамның айнасынан (өз айнасынан емес) қарағанда ғана білімді, зерек адам болуы мүмкіндігі де мүлде тосын метафоралық тіркес көмегімен айтылған ой ерекше әсерлі естіледі. Бесіншідегі «жастықтың ауылы» метафоралық тіркесін алу және оның көшіп кетуін ескерту де идеяны неғұрлым пәрменді жеткізу міндетіне бағындырылған. Мұндай тосын метафоралық үлгі көмегімен әсерлілікті еселеп арттыру үлгісі алтыншы мысалда да бар. Әркімнің өз бойында өз көзі болуын дiттеу, яғни соны метафоралық тіркес көмегімен бейнелеу нәтижесінде ақын өз ойын әсерлі жеткізген» [4].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Шығ.- Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.
- 2 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым. 1982. – 240 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.
- 4 Баратова М. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Павлодар, 2010. - 256 б.

#### ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ЛИРИКАСЫНЫҢ БІР ҚЫРЫ

АҚТАСОВ А. Қ.  
студент, ПМПИ  
ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.  
ф.ғ.к., ғылыми жетекші

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қазақ поэзиясы жайлы сөз қозғаған кезде есімі Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиевтермен қатар аталатын ақиық ақынның бірі - Төлеген Айбергенов. Мұхтар Шахановтың:

Пайымдаймын, мойындаймын, сен – данасың, мен – бала,  
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана.

Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала.

Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты

Толғандырған, таң қалдырған Махамбет пен Сен ғана. [1, 20]...  
деп толғағандағысы осы Төлеген ақын.

Поэзия көгінде бір сәт жарқ етіп көрініп, аққан жұлдыздай жоқ болған ақын тағдыры қысқа да болса, соңынан өшпес із, сөнбес мұра қалдырып кетті. Оның өлеңдері тау бұлағындай мөлдір де, дала жусанындай жұпар аңқыған өіндік кескін-келбеті бар бірегей

дара шығармалар. Төлеген Айбергенов нағыз сезім ақыны. Ол ұйқас қуып, не жалаң көркемдік үшін өлең жазбайды. Оның әрбір өлеңі өзіндік әлем...

«Төлеген поэзиясының арғы топырағы – көшпелілердің жыраулық поэзиясы» [2, 6]. Әрине ол жыраулық поэзияны оқырмандарына айна қатесіз жеткізген жоқ, оны «өзінше илеп, өзінше игеріп, өзінше қорытқан» [2, 6]. Мысал үшін Төлеген Айбергенов өлеңдерінің қамтыған көптеген тақырыптарының ішінен отанға деген махаббатты алып көрейік. Ол Отанын әдеттегідей – сүйемін, күйемін – деп айналып толғанып жатпайды. Тек қана ішіндегі бұрқ - сарқ еткен сезімдерін өзін қоршаған айнала тіршілік арқылы қағаз бетіне түсіреді.

Кегейлім жердің еркесі,

Жас жаным толқып тұр менің.

Бердақтың сүйген өлкесі,

Ажнияз айтқан жыр ма едің?!...

Су алған сайда әжемнің

Сырғасы қалған Кегейлі.

Сырласы қалған Кегейлі,

Мұндасы қалған Кегейлі... [3, 5].

Немесе:

Жанардың отты жарқылындасың,

Көгімде мәңгі маздар күн.

Шағалалардың шаңқылындасың,

Қаңқылындасың қаздардың.

Кұрышы қанбас құлақтардасың,

Кұрақтардасың ән шерткен.

Дауыстап жатқан бұлақтардасың,

Алқынып келем аңсап мен.

Саусағындасың күйші біткеннің,

Аңсауындасың құрбымның.

Шалғынындасың биші көктемнің,

Таңдайындасың бұлбұлдың.

Қызғалдақ камал қырларымдасың,

Сырларындасың атаның.

Жанымның барлық ырғағындасың,

Аяулы менің Отаным [3, 60].

Өн бойынды өрттей ыстық сезімге билетпей бұл жолдарды оқу әсте мүмкін бе?! Бір, басы артық сөз, артық буын таба алмайсыз. Әрбір сөз өз орнын құйып қойғандай айна - қатесіз дәл тапқан.



Осы өлеңнің алғашқы шумақтарында тармақтардағы соңғы сөздер ұйқасса, ал кейінгі шумақтарда ақын керісінше инверсия тәсілін қолдану арқылы тармақтың алдыңғы сөздерінде ұйқастырған. Ал енді Төлеген Айбергеновтің келесі бір өлең жолдарынан ақындық қарымын кеңірек байқап, оның көркем сөз өнерін қаншалықты меңгергенін тамашалай аламыз.

Тосшы сен құлағыңды аңдай қалып,  
Барады кең дүние әнге айналып.  
Нар қамыс суылдаса жер бауырлап,  
Бақалар тамсанады таңдай қағып...[3, 15].

Ендігі кезекте ақын өлеңдерінің шығу тарихына сәл көз жүгіртер болсақ, онда әрбір өлеңнің өзіндік сыры, өзіндік тарихы барын аңғарамыз. Мысалға ақын поэзиясының бойтұмарына айналып кеткен «Бір тойым бар» өлеңі оның жүрек толғанысынан, арман - тілегінен туса керек.

Ташкент обылысының Орджиникидзе деген ауданында Қалдыбай деген кісі үлкен той жасайды. Сол тойға қатысып ерекше әсер алған Төлеген Айбергенов кейін жұбайына қарата «Үрниса, ұл тапсаң Дәуренге серік болып қосылса, мына үйімді сатып, көкпарлатып той беремін!»[4, 3] десе керек. Кейін көп ұзамай үлкен толғаныс үстінде «Бір тойым бар» деген өлеңі дүниеге келеді.

Ал «Менің республикам» деген өлеңінің шығу тарихы тіптен қызық. Бірде туысқандарының үйіне қыдырып барған ақын амандық - саулықтан соң ешкімге назар аудармастан сол үйде жатқан жағрапия кітабын бас салып оқуға кіріседі. Ешкіммен әңгімелесу де жоқ, басын кітаптан алмай қояды. Сол кітаптан кейін көп кешікпей әлгіндегі өлеңі жарық көреді.

Төлеген Айбергеновтің «әдебиетке келген кезі оқырман талғамының әбден өскен, талабының әбден қатайған, атақты алпысыншы жылдар» [2, 6] екенін ескерсек, поэзия шыңына шығып, ел жүрегіне жырдан ту қадау үшін асқан дарынның қажет екенін түсіндіріп жатпасақта белгілі. Десекте «Қазақ поэзиясына өмірге деген құштарлығы алапат, тарпаң болмысты, дарқан жүректі бір ақын келіп қосылды» [2, 6]. Бұл да ақынның да әбден қалыптасып, пісіп жетілген кезі болатын. Осы кезде оның өзіне үңіліп, өзінің кім екенін ұққысы келгенін байқаймыз.

Өмір ғашық, бүкіл әлем мас маған,  
Көзім заңғар күн сияқты қырағы.  
Менің деңем Менделеев ашпаған,  
Металдардың қоспасынан тұрады.

Қойны кенге толы таудан аумаған,  
Кеудем шексіз қазыналар отаны.  
Сондықтан да айқайласам тау маған,  
Жаңғырығып жауап беріп тұрады...

Өмірді түсіну үшін адам алдымен өзін толық тануы қажет. Сөйткенде ғана өмір бұрын жасырын ұстаған сырларын аша бастайды. Соны түсінген Төлеген ақын бұл өмірді ұғып қана қоймай жыға танығысы келеді. Содан болса керек, ол өзінің кезекті кітабын «Өмірге саяхат» деп атап, басып шығарған. Сондағы саяхатынан көрген - білгенін ол былай баяндап:

Көз алдым менің гүл қызыл,  
Көз тіккен үйлер биіктен.  
Аспанның бүкіл жұлдызын,  
Көтеріп тұрған иықпен.

Көз алдым менің қаһарлы  
Ескерткіш өскен алаңдар.  
Жырлайды мынау шаһарды  
Шыңылдап лирик бағандар, –

деп көне Түркістанды таңғажайып ертедегі қалаға айналдырып жібереді. Ал енді бірде Қаратауға қарата

Есен - сау бармысындар, армысындар,  
Армысындар, қария қарлы шындар.  
Төсінен керуен - керуен көш өткен тау,  
Сен менің керуен – керуен алғысымды ал, –

деп омырауын айқара ашып, аңғардан соққан желдей аңқылдап амандасады.

Байқағандарыңыздай Төлеген Айбергенов әбден қалыптасып болған ақын. Ол классикалық қара өлеңмен де, буын сабақтастығы кездесетін он үш, он бес буынды стильмен де жазады. Және ұйқас түрінің тек біреуімен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы:

Сен менің ұшар басым биіктеген,  
Жолыңа тапқанымды үйіп - төгем.  
Сен менің дүрсілдеген жүрегімсің,

Қай нәрсе сол жүректен сүйікті екен [3, 15] – деген «Перзент жыры» атты өлеңінен алынған үзіндіге назар аударсақ мұнда кәдімгі он бір буынды қара өлең. Ал енді «Төстегі жаңғырықтар» деген өлеңінде ақын:

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған,  
Шатырлап жатқан найзағайлы аспан босағам.

Мен жарық Жермін, Жаңғырықтарға үн қосқан,  
Төбемді көрсе түн қашқан... [3, 91] –  
деп он үш буыннан сегіз буынға жігін білдірмей еркін ауысады.  
Бұл әзірше ақынның азғана өлеңдерінің бірер қырынан  
шертілген сыр. Айтылған дүние өз жалғасын табады деп үміттенеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шаханов М. Дара талғам қасіреті: Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер. – Алматы: Раритет, 2007. – 264 бет
- 2 Медетбек Т. Жас алаш. – 2012, 6 наурыз.
- 3 Айбергенов Т. Бір тойым бар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 4 Айбергенова С. Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ орыс сыныптарында. – 2012. №2.

#### СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЕБЕРЛІГІ

БАРАТОВА М. Н.  
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
МУКУШЕВА Қ.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
САРСЕКЕЕВА А.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ лирикасының кемелдену барысына көз салсақ, Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжанға дейінгі дәуірде ақынның негізгі көздейтінін, ел-жұртты неге үгіттейтінін жинақтап, топтап жыр еткен шолу өлеңдері, толғаулар етек алғаны белгілі. Жеке адам сезіміне нақты көңіл бөлудің алғашқы нышандары Абайға дейін де біраз орын алғаны аян. Дегенмен жеке адам сезімін бөліп көрсетудің жүйелі іске асуы Абайдан басталғанын дәлелдей отырып, Сұлтанмахмұттың да осы дәстүрді жалғастырғанын көреміз. Ақын өлеңінің тақырыбы – махаббат та, идеясы – махаббаты әспеттеу. Өлең құрылысы 2 бунақты, 7 буынды кезекті ұйқас түрінде жазылған 4 тармақтан тұратын 17 шумақты құрайды. Осы өлеңде ақын махаббат саласындағы айырықша сезімді әсерлі беру үшін, нақтылыққа да, даралыққа да барған. Лирикалық қаһарманның лирикалық бейнесімен қандай жағдайда, қалай жүздесіп, қалай ғашық болғанын т.с.с. армандауын нақты осы өлеңде көре аламыз. Міне, мұндағы ақ сәуле, ақ торғын т.с.с. суреттері С.Торайғыровтың

портрет кескіндеу шеберлігін, көркем эпитет, метафора т.с.с. өрнектеу мәнерін анық байқатып тұр.

С.Торайғыров махаббатқа лайық перизат көріктілігіне тамсанып қана қоймай, өз ғашығына жете алмағандықты, жетпегендікті айту тұсында махаббат артықшылығын т.с.с. аңдата білген.

Сонымен қатар ақынның философиялық тақырыпта жазған шығармалары да кездеседі: «Түсімде көрген бір аяныш хал», «Түсімде», «Алтыаяқ», «Ағайынның азғыны» т.б.

«Түсімде көрген бір аяныш хал» - өлең. С.Торайғыров 1912 жылы жазған (көлемі 28 жол). 1913 жылы «Айқап» журналына, 1933 жылы шыққан ақынның толық жинағында басылған. Өлең: «Мен көрдім қызыл гүлді түсі кеткен, Төнінен әлсізденіп күші кеткен. Мағлұм бір түйткіл болып көптен, Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен» - деп басталады:

Мен көрдім қызыл гүлді түсі кеткен,  
Төнінен әлсізденіп күші кеткен.  
Мағлұм бір түйткіл болып көптен,  
Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен.

Толып тұрған кеуделері от пен жалын:  
Есітіп тұра алмастай айтқан зарын.  
Аңғарттым бір-екі ауыз сөз мазмұнын,  
Білдіріп зарлаған соң маған халін.

Түскендей бастарына қалың тұман,  
Тағдырда жазылған соң осы... план.  
«Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзге,  
Болса да түседі екен сайыпқыран... [1, 58 б.].

(Түсімде көрген бір аяныш хал. 1912)

Ақынның 1913 жылғы «Түсімде» өлеңіне назар аудартқымыз келеді. 1905 жылғы Ресейді қамтыған наразылықтар шеруінің босқа кетпегені, әділетсіздік атаулыға қарсы үн қату қазақ ақындарын да қамти бастағаны осы туындыдан анық көрінеді. Онда ақын:

Тағы да бір даулаған отты көрдім,  
Қап-қара хисабы жоқ топты көрдім.  
Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға  
Ұсынған әр тараптан оқты көрдім [1, 74-75 б.].

Осы бір шумақтың өзіне шалқар шындық сыйып кеткен. «Даулаған от», «Қап-қара хисабы жоқ» топ- бәрі де күрес, әрекетке шыққандардың аз еместігін аңдатса, соларға бағытталған қастықты лирикалық қаһарманның абайлауы қазақ тәрізді саны аз халықтарға сол кезеңде белгілі бір апат, қырғын төніп тұрғанын аңдата алады.

Сөз жоқ, автор мұның бәрін өңінде абайлай алатынын ашық мәлімдей алмағандықтан да, түсінде ғана көргенін оспақтау амалын таңдап алған. Әсіресе жоғарыдағы келтірілген үзіндіден кейінгі төртінші шумақтың «Аңдардың мұнан ешбір хабары жоқ»- деп басталуы да сол кездегі көпшіліктің алдану деңгейін, яғни төнген қауіпті нақты межелемеді алға шығарып тұр. Одан әрі «Бір уақыт анық көріп оттық шетін» әлгі аңдардың қашпақ болғаны, алайда олардың алдында «жар мен су» тұрғаны ескертілген.

Осы орайда «ойлану» өлеңдерін философиялық өлең ретінде қарастыруда ойланарлық жайттер баршылық [2]. Қазақ әдебиеті сынында бірыңғай ақыл айту, дидактика деп жүрген өлеңдер мәнін төмендетпеу керектігі айтылады. Мәселен, Ә.Тәжібаев: «Осы жерде тағы бір аялдай кетерлік мәселе бар. Біз соңғы жылдары «сезім-сезім» деп жүріп ақылшы өлеңдердің бәрін «дидактика» деген теріс ұғыммен кебіндеп тастайтын, поэзияға қарама-қарсы құбылыстай түсіндіретін болдық. Бұдан зияннан өзге тапқанмыз жоқ. Ұлы ақындардың ақыл айтпағаны болған емес. Мен тіпті ақыл айтпаған ақын – ақын емес дер едім. Мәселе тек қалай жазуда. Қадыр көп өлеңдерінде ақылды қалай айтуды жақсы біледі» [3]. Өлеңдегі ойлылық, ондағы философияның мәні туралы айтылған Ә.Жәмішев пікірі де көңіл бөлерлік «Поэзиядағы ойлылық дегенде, соның қаншалықты тереңдігі мен өміршендігін, ой алтыны мен жезін айыра алмай өте шығамыз. Тегінде, біз өзімізбен замандас, жолдас, ойлас, сырлас поэзияны, бүгінгі өміріміздің, бүгінгі озық адамның философиясымен өзектесіп жататын, соны айтатын поэзияны ардақ тұтпағымыз лазым» [4].

Ойсыз өлең болуы мүмкін еместігіне Асқар Егеубаев та кезінде арнайы көңіл бөлді: «Ойды өрбіту, ойды процесс ретінде дамыту; сюжетті лирикаға, өткір, нақты сөйлеуге ден қою – қазіргі поэзияның өзгеше өзекті сипаттарының қатарында. Түптеп келгенде бірыңғай ойға құрылған өлең дегенге нану қиын. Себебі: ойсыз өлең болуы мүмкін емес» [5].

Көне шығыс поэзиясында ойлы өлеңді ту етіп ұстаушылар аз болмаған. Соның бір көрінісі Сағдидің «Гүлістан» дастанындағы мына бір жолдар:

Бермесен өз қолыңнан қазынаңды,  
Қаныңды дәуріштер ағызар-ды ...  
Не аулақ сұмдардан без сары көйлек,  
Не құтыл бәрін бер де, шағын сөйлеп.

Адаммен достастың ба пілге мінген,  
Аулаңнан орын сайла дүрге бірден.  
... Темірдің нәби Дәуіт қолындағы  
Балқуын балауыздай Дұқман көріп,  
«Сен қалай істедің?» деп жалынбады,  
Білді ол сыр шығарын сыртқа толық [6].

С. Торайғыровка дейінгі қазақ ақындары жазғандарына үңілсек, «ойлы», немесе философиялық толғанис өлеңдеріне тап боламыз:

Күнәм-жойқын, тәубем –аз,  
Тіршіліктен не таптым?  
Дүние – жемтік, мен – төбет,  
Соны бақпай, не бақтым?  
Ырылдасып әркіммен,  
Не қапқыздым, не қаптым.  
Дулат Бабатайұлы [7].  
Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.  
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,  
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай.

Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,  
Еркелік пен достықты ауру көрген.  
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты  
Күнде көріп, түл бойы жиіркенген.  
Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,  
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.  
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,  
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,  
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін  
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,  
Кетірет деп мазактап беттің арын.  
Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай,  
Кейде ыстық тағы да қан басады,  
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.

Абай. 1898 ж. [8, 285 б.].

Міне, бұл өлеңді жалаң ақыл айтуға құралған деп айта алмаймыз. Бұл ойлауға, философияға толы нағыз «ойлы» өлең үлгісі.

С. Торайғыровтың ойлы, немесе философиялық өлеңдері біртекті болып келеді: «Алтыаяқ» т.б. Оның біразы таза ойлауға, ой

салуға, өзекті идеяны ақын айтпай, оқырманның өз сараптауына арналған:

Тұңғиық, түпсіз ашулы,  
Асау теңіз толқыған.  
Бойымды топырақ басулы-  
Жүре алмаймын, жол тұман!  
Теңізден қайтіп өтермін,  
Түссем, батып кетермін! [1, 123-124 б.].

«Алтыаяқ» - Сұлтанмахмұттың 1915 жылы жазған өлеңі. Өрқайсысы 6 тармақтан, 6 шумақтан тұрады. Бұл өлең ұлы ақын Абайдың «Сегіз аяқ» өлең үлгісімен, әрі автордың жаңаша поэтикалық түр іздеген көркемдік тәжірибесінен туындаған. «Алты аяқта» ақынның 1914 жылы күзінде Семей қаласына барып орысша оқуға талпынғаны, төменгі дәрежелі оқуға жас мөлшерінің келмеуі, жоғары дәрежелі мектепке түсуге білімі жетпеуі, өз бетімен кісі жалдап оқуға қаржысының болмауынан дағдарысқа түсіп күйзелген ақынның тағдырға наласы, тұрмысқа ызасы танылады. Бұл өлең осы тұста жазылған «Ләнет бұлты шатырлап» өлеңімен үндес. Осы кезеңде Семей қаласында тұруды тұрмысы көтермей, Катонқарағайға бала оқытуға барады. Өлеңдегі «Міне сол уақытта: Алтайдан бір тал, білмеймін, Түсті неғып қолыма» деген жолдар осы кездегі өмірінен куәлік береді. Ақын бұл кезеңдегі өмір тұрмысын «Тұңғиық түпсіз ашулы», «Асау теңіз толқыған», «Жүре алмаймын жол тұман», «Адастым қазір жөнімнен», «Бізғарлы, суық үсті мұз» сынды бейнелі тіркестермен суреттеген. «Ем іздеп дертті халыққа», «Жем болдымау балыққа» деген жолдар арқылы ел үшін ем іздеген ақынның шарасыздығы байқалады. «Айырылдым және қоректен», «Тек жан шықпай жүректен» деген жолдар арқылы тұрмыстың жоқшылығын көрсетсе, «Жанталастым тұншығып», «Бір батып суға, бір шығып» деп ақынның күрескер тұлғасынан жарық береді. Бұл өлең алғаш рет «Айқап» журналында (1915 жылғы, №3. 43-б.) басылған. «Айырылдым және қоректен» деген жол «Айқап» журналында өзге жинақтарында «күректен» деп қате берілген. Сонымен қатар «Талқандаймын тәнінді – деп қамалар су қалқи» деген жолдардағы өзге жинақтарда «су қалқы» деп қате берілген. «Қия алмастан жанымды», «Жаладым сонда мен жалқы» деген өлең жолдары 1967 жылғы кітапта «қатты көңіл қайырымсыз» деген өлең жолдардан кейін берілген. Өлеңде «теңіз» тұрмыс қаталдығы бейнесінде алынған.

Алғашқы шумақтағы біршама бейтараптық сақтаған «тұңғиық, түпсіз» көрінісіне лирикалық қаһарманның өзіндік

сезімінің шарпуы «ашулы», «асау» сөздерімен беріліп, әрі дербес толғаныс («ашулы»), әрі ұлттық өрнек («асау») астасуы жүзеге асқан. «Бойымды топырақ басулы» - жолы белгілі бір қысымдық деңгейін аңғартса, жолды тұман басуы ауыртпалық көкжиегін кенейте түскен.

Шумақ соңындағы: «Түссем, батып кетермін» тармағы қиындық шешілуін алыстата түседі. Екінші шумақ шарттылық пен әсірелеу астасуына негізделген:

Алдымдағы өлімнен  
Міндім қайық көз жұмып.  
Адастым қазір жөнімнен,  
Қайығым да һәм сынық.  
Айрылдым және қоректен,  
Тек жан шықпай жүректен. [1, 123-124 б.].

Бастапқы екі тармақ өлімнен қайық алып, оған «көз жұмып», демек қауіпті толық бағдарламай-ақ қайыққа мінуге арналып, үшінші жолда кейінгі адасу баяндалса, ал төртіншіде қайықтың сынық екені еске алынады. Ол аз дегендей «қоректен» айрылу (бесіншіде) да қиындық салмағын жоталанта түседі. Үшінші шумақтағы қауіп-қатер бұдан да асуымен назар аудартады:

Бізғарлы суық, үсті мұз,  
Толқын тулап соғады.  
Қатты көңіл, қайырымсыз-  
Су қайыққа толады.  
Енді өлмеген не қалды?  
Қоясың қайда бұл жанды?! [1, 123-124 б.].

«Тулап» сөзінен ат тулауын, яғни ұлттық өрнекті кәдеге жарату шеберлігін тамашаласақ, оның сонымен тынбай, соғуы азап салмағын арттыра түседі. Судың қайыққа толуы нақты көрініс, нақты қауіп белгісі болса, «Енді өлмеген не қалды?»- тармағы лирикалық қаһарман қауіптенуін, мазасыздануын нақты өрнектеуге арналған. Одан әрі лирикалық қаһарманның қайықтан мүлде айрылуы, «Бір батып суға, бір шығып» жан таласып әрекет етуі сөз болады. Өлең соңында бір тал шыбыққа жармасып «қармалап» судан шыққаны, суық өтіп, шаршағаны сөз болады. Мұның бәрі- дәуір шындығын, яғни қазақ тәрізді саны аз халық шеккен зобаланды өрнектеу үшін теңіздің асау толқынына және «сынық» қайыққа кез болса да, лирикалық қаһарманның тырбанып талпынуы әрекеттері көмегімен арпалыс аяусыздығын шегелеу үлгілері.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Сарыарқаның жанбыры. Бірінші кітап.- Алматы: Жазушы, 1987.- 160 б.
- 2 Гинзбург Л. О лирике.- Москва: Сов.писатель. -1974.-С. 56 .
- 3 Тәжібаев Ә. Қазақ лирикасы: 1964 .// Жұлдыз,7, 1965.-Б. 139 .
- 4 Жәмішев Ә. Сезім, ой, парасат. // Жұлдыз», 1, 1966.-Б. 137 .
- 5 Егеубаев А. Өлең және өмір өрімі. // Қазақ әдебиеті, №4, 25 қаңтар, 1980.-Б. 10.
- 6 Сағди Гүлістан (ауд. М.Әлімбаев) // Мәдениет және тұрмыс, 11, 1986.-Б. 9.
- 7 Бабатайұлы Д. Замана сазы.- Алматы: Жазушы, 1991.-Б. 105.
- 8 Абай. Шығ., 1-том, Алматы, Ғылым, 1977.-454 б.

### ЗООНИМДІК ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ ОРАЙ

БӘЛКЕН Т. Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Лексиканың әр түрлі тақырыптық тобы, оның ішінде жануарлар атауын зерттеу – қазіргі лингвистиканың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сөздік қордың ең қызықты бөліктерінің бірі болып табылатын зоонимдердің құрамында келесі топтар бар: «сүт қоректілер», «құстар», «жәндіктер», «балықтар», «бауырмен жорғалаушылар», «қосмекенділер» т.б. Бұл лексикалық топтардың құрамындағы лексикалық единицалар мағынасы мен құрылымы жағынан өте бай, алуан түрлі және ерекше болып келеді.

Жануарлар атауларының халықтың тарихымен, этнографиясымен тығыз байланысты екені белгілі, себебі қазақ халқының негізгінен мал шаруашылығымен шұғылданғанын және саяткерлікпен айналысқанын тарихтан білеміз. Зоонимдік лексиканың тарихи ақпаратқа толы екенін айта кеткен жөн.

Зоонимдік лексиканы кешенді түрде жан-жақты зерттеу үшін жануарлардың тілдегі атауларын жинап, жүйеге келтіріп, атаулардың негізгі принциптері мен жасалу жолдарын анықтап, қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын зоонимдердің құрылымдық типтерін белгілеу керек.

Бұл тақырыпты зерттеуде тіл білімі ғылымындағы белгілі Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, Б.А.Серебренников, Э.В.Севортян, А.М. Щербак, М.Фасмер, К.М. Мусаев, Г.Дёрфер, М.Рясяндрердің еңбектерінің ғылыми-теориялық негіздемелерін негізге алып, зерттеуді диалектологиялық, терминологиялық, энциклопедиялық қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер материалдарының негізінде жүргізуге болады.

Қазіргі түркітануда фауна лексикасының түрлі салаларын зерттеуге арналған еңбектер бар. Жануарлардың түркі тілдеріндегі атауларын зерттеудегі сүбелі еңбектері бар ғалымдар А.М.Щербак [1961], К.М.Мусаев [1975], К.Ибрагимов [1975].

Түркі тілдеріндегі жануарлар атауларын зерттеуге арналған монографиялар да бар. Жануарлар атауларын қазақ тіліндегі зерттеген ғалымдар О.Токхожаева [1991], Ш.Жанабилов [1982], башқұрт тілінде – Э.Ф.Ишбердин [1969], У.Ф.Надергулов [2000], өзбек тіліндегі зоонимдерді зерттегендер – П.Сафаров [1990], Т.Урунов [1964], Т.Ходжамбердыев [1974], карашай-балқар тілінде – М.З.Улаков [1983], түркмен тілінде - П.Аширов [1971], қырғыз тілінде – Т.Дуйшеналиева [1969], Г.Т.Кушбакова [1992]. Татарлық ғалым З.Ф.Мирғалимова «Названия млекопитающих в татарском литературном языке» атты кандидаттық диссертациясында зоолексиканы «сүтқоректілер», «балықтар», «жәндіктер», «құстар», «қосмекенділер» деп бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөледі.

Сүтқоректілердің атауларын белгілеу көнетүркі жазба ескерткіштерінен бастау алған. Мысалы, Махмут Қашғаридің “Диуани лұғат ит-түрк” сөздігінде берілген жануарлар атаулары кейбір дауысты немесе дауыссыз дыбыстарының өзгерістері болса да, қазіргі қазақ тілінде белсенді қолданыста: тилки - түлкі, айығ – аю , бөри – бөрі. Codex Sumanicus сөздігінде сүтқоректілердің келесі атаулары берілген: auyig– айғыр, astlan – арыстан, buxau, buzov – бұзау, кіргі – кірпі, chusan, suxan – күзен, silaysun – сілеусін, sausar – саусар т.б.

Қазақ тіл білімінде төрт түлік малға қатысты атаулар мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Ш. Жанәбілов (1953), Ә. Жақыпов (1983) Т.В. Линко (1989), С.К. Сәтенова (1990), М.С. Бейсенова (1997), Б. Тлепин (1997), Р.З. Панзарбекова (1998), Б.С. Тоқтағұл (2005), Н. Айтбаева (2007) т.б. сияқты тілші-ғалымдардың диссертацияларында жүйелі сөз болады. Сондай-ақ, Е. Жанпейсов, О. Нақысбеков, Ж. Бабалықұлы, Х. Арғынбаев, Ә. Ермеков, А. Тоқтабаев, С. Қасиманов, Қ.С. Ахметжанов,

Ж. Сейітқұлова, А.А. Амангелді, т.б. ғалымдардың зерттеу мақалалары мен еңбектерінде жылқы малына қатысты мәселелер әр қырынан қарастырылады. Алайда қазіргі қазақ тіліндегі жануарлар атауларын зерттеуге арналған арнайы монографиялық еңбектер жарық көрген жоқ.

Зоонимдерді зерттеуде 2000 жылы «Сөздік» баспасынан шыққан биология саласының терминологиялық сөздігі, сонымен қатар екі тілді қазақша-орысша, орысша-қазақша, үш тілді қазақша-орысша-ағылшынша, орысша-қазақша-ағылшынша аударма сөздіктер маңызды дереккөз болып табылады. Сондай-ақ зоонимдерді зерттеуде түсіндірме және диалектологиялық сөздіктердің орны айырықша. Сонымен қатар жануарлар атауларын зерттеуде ақын-жазушылардың шығармаларында қолданылған зоонимдік лексиканың да тиер үлесі зор.

Көп жағдайда қазіргі қазақ тіліндегі күрделі зоонимдердің құрылымы анық, мысалы: соқыр тышқан (крот), қосаяқ, кірпішешен, тұмсықмүйіз, т.б.

Ал дара атаулар болса, кешенді зерттеуді қажет етеді. Бұндай атаулардың лингвистикалық талдауы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі мәліметтермен салыстырыла отырып, түркі, моңғол, фин-угор, славян және басқа да тілдердегі мәліметтерге сүйене отырып жасалады.

Зоонимдік лексикада түркі және моңғол тілдеріне ортақ атаулар аз емес. Түркі және моңғол тілдері атауларына, яғни алтай жүйесі тілдеріне төмендегі зоонимдер жатқызылады: айғыр, арыстан, барыс, борсық, сілеусін, сусар, өгіз т.б. Мысалы, «арыстан» зоолексемасы. Арыстан – мысық тұқымдас ірі жыртқыш аңның атауы (Panthera Leo). Арыстан атауы көнетүрік және орта ғасырлық ескерткіштерде кездеседі, мысалы Махмуд Қашқаридің сөздігінде арслан түрінде (арслан көкрәсә ат азақы таушалыр ‘арыстан ақырса, ат аяғы шалынар’) [МК, II, 146], Codex Cumanicus сөздігінде astlan [аслан]/арслан ‘арыстан’ [1]

Бұл лексема көптеген түркі тілдерінде, моңғол, мәнжүр, венгр тілдерінде кездеседі: қазақ. арыстан, қалп. кум., ноғ., түркм., ұйғ. арслан, тат. арыслан, башқ. арыслан, қырғ. арстан / арыстан, өз., гаг., түр., кбалк. аслан, тув. арызлаң, өзб. арслон, чув. арыслан, чув. (диал.) услан; моңғ. арслан, маньчж. арслан, венг. oroszlán. Бұл мысалдардан фонетикалық және мағыналық ауытқулардың көп емес екендігі байқалады. Қазіргі түркі тілдерінде бұл жануар атауының басқа да түрі бар: қазақ, өзбек тілдерінде – шер, түрікмен, ұйғыр,

әзербайжан тілдерінде – шир. Қазақ тілінде арыстан атауымен байланысты мақалдар мен мәтелдер, фразеологизмдер бар: арыстандай құтырды, арыстандай жүректі, арыстанның аузына кетті, арыстандай арсылдау, арыстандай ақыру, арыстанша ақырды, айға шауып мерт болған арыстандай, арыстандай айбатты, арыстандай айбынды, арыстандай алысу, арыстандай ашыну, арыстандай гүрілдеу, арыстандай долдану, арыстандай жұлқыну, арыстандай өкіру, арыстандай тиісу, арыстанның жалындай, ашулы арыстандай аласұру, арыстандай арысым, т.б. [3, 67-68]

Арыстан зоонимі қазақ тілінде күшті, қаһарлы адамды сипаттау үшін қолданылады. Қарастырылып отырған «арыстан» зоонимі ерте замандардан ер адамның есімі ретінде қолданыста. Қазақтар бұл есімді ұл бала күшті, ержүрек, айбарлы, айбатты, айбынды болсын деп береді. Т.Жанұзақов «Есіміңіз кім?» атты қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде: «Арыстан, қаз. – есім батырлық пен батылдық бейнесі ретінде қойылады» деп берген [2, 30].

Жануарлар мен құстар атауларымен байланысты есімдер түркі халықтарында кеңінен тараған, олар төтемдік ұғымда ерекше мағынаға ие болған.

Жалпытүрік лексикасына жатқызылатын зоонимдер: аю, байбақ (суыр), бие, бұлан, бұрындық, доңыз, құндыз, қоян, сиыр, тана, тиын, жолбарыс, жарқанат т.б.

Қазіргі қазақ тілінде жануарлар атаулары тарихи-генетикалық аспектіде зерттеуді қажет ететіні белгілі. Кірме сөздер болып табылатын зоонимдік лексикаға араб-парсы кірме сөздері мыналар: маймыл, піл, шақал, хайуан, жануар.

Қазіргі қазақ тілінде үй жануарлары және кейбір хайуанаттардың атаулары сөздіктерде қамтылған, олардың этимологиясы жайында деректер, диалектілік атаулардың талдауы бар. Алайда қазіргі қазақ тіліндегі зоонимдер кешенді талдауды қажет етеді, себебі тарихи-генетикалық пластары, аталудың негізгі принциптері, құрылымдық типтері мен құрылу модельдері зерттелмеген, сонымен қатар кірме зоонимдердің қазақ тіліне аударылуы да көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады. Зоонимдік лексиканы зерттеудің міндеті – осы топтағы сөздердің шығу тегін, мағынасын, құрылымын зерттеп, лексемалардың этимологиясын анықтап, жүйелеу.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мирғалимова З.М. Автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата филологических наук <http://www.ijli.اناتат.ru/dissertacii.html>.

2 Жанұзақов Т. Есіміңіз кім? Ваше имя?: казахско-русский толковый словарь имен. – Алматы: Қазақстан, –1989. – 192 с.

3 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, –2007. – 480 б.

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ БАЯНДАУ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

БЕСІКБАСОВА Ә. И.

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

ӘБИКЕНОВА Г. Т.

ф.ғ.д.

Күрделі фразалық тұтастықтың мағыналық, коммуникативтік және құрылымдық ұйымын оның суреттеу, әңгімелеу, ойталқы (описание, повествование, рассуждение) түрлерінің функционалдық-мағыналық ұйымы ерекшеліктерін ескермей қарастыруға болмайды. Күрделі фразалық тұтастықтың бұл түрлерін Л. М. Лосева, М. П. Брандес және басқа ғалымдар да жан-жақты зерттеген [1;16].

Қазақ тіл білімінде әңгімелеу тәсілін Ахмет Байтұрсынұлының пікірінен бастауымыз қажет. Ахмет Байтұрсынұлы композициялық сөйлеу формаларын әуезе, әліптеу, пайымдау немесе зейіндеме деп көрсетеді.

«Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін қылып сөйлейміз. Я тұлға-тұрпатын, кескенін, көркін айтып пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанын мәнісін, себебін тексере, пайымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады [2,147]. Ахмет Байтұрсынұлы әңгімелеу тәсілін әуезе деп атап, оның шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме деген түрлерін көрсетеді.

Көркем туындыдағы баяндаулар шығарманың көлеміне қарай ұзақ та, ықшам да болады. Мұндағы баяндаушы суреттеліп отырған оқиға мен оқырманның арасын байланыстырады. Әдеби шығармаға баяндаудың әр түрлі тәсілдері тән.

Баяндау – оқырман мен баяндаушы ара-сындағы байланысты белгілейтін тілдік негіз. Мұнымен қоса, баяндау мәтіндегі бел-тілі бір үзінділерді немесе шығарманың тілдік құрылымын анықтайтын мағынада да қолданылады. Кейде баяндау суреттеу, бейнелеу тәсілдерімен де аралас қолданылады. Өткен ғасырдың орта шенінде орыс әдебиеттануында (негізінен, М.М.Бахтин еңбектерінің әсерінен) тілдің ара жігін, яғни баяндаушы немесе әңгімеші мен кейіпкердің тікелей тіл қатысымын алшақтататын көзқарас туындады. Осының нәтижесінде бейнелеу сипатындағы әңгіменің жиынтығы баяндау деп аталып, бұрын онымен тең қолданылатын суреттеу мен талдау (мінездеме) оның құрамдас бөлігіне айналды. «Қысқаша әдеби энциклопедияда» зерттеуші А.П.Чудаков баяндауды: «эпикалық әдеби шығарманың төл сөзден басқа бүтін құрамы» деген [3,309-6]. Баяндауда оқиға жөніндегі суреттеу даралай көрінеді.

Мәтін автордың ойын объективтендіріп, шығармашылық және адам мен қоршаған дүние туралы толғанысын сыртқа шығарып, автор санасынан да тысқары адам баласының жетістігіне айналды. Осы тұрғыдан келгенде, мәтін оқшау дүние емес, ол мәтіндік компоненттердің бірегейі болмаса да, негізгісі.

Әңгімелеу мәтінінің тақырыптық түрлерін топтастыру бұған дейін орыс ғалымы Г.А.Золотованың еңбектерінде айтылған болатын. Ол мәтіннің тақырыптық түрлерін ондағы берілген ақпараттың сипатына қарай анықтап, әңгімелеу мәтініне тән мағыналық топқа акционалды және статикалық-динамикалық ақпаратты ремалық бөлікті мәтіндерді жатқызады. М.П.Брандес әңгімелеу мәтінінің оқиға туралы әңгімелеу, көңіл-күйді әңгімелеу, қалыптасқан жағдайды әңгімелеу, қысқаша ақпаратты әңгімелеу түрлерін көрсетті. Қазақ тіл білімінде М.Ахметова суреттеу мәтіндерінің кейіпкерді суреттеуге және кейіпкердің қоршаған ортасын суреттеуге арналған статикалық, динамикалық суреттеу түрлерін ажыратып берді.

Ғылыми зерттеулерге сүйеніп отырып, әңгімелеу мәтіндерінің тақырыптық-мағыналық түрлерін жақтық және оқиғалы мәнді әңгімелеу мәтіндері деп топтастырып қарастыруға болады. Көркем шығарма табиғатына тән негізгі екі нысан кейіпкер және сюжет болып табылады. Көркем шығармадағы әңгімелеу мазмұны да осыларға байланысты өріліп отырады. Жақтық мәнді әңгімелеу мәтіндерінің басты ерекшелігі – мәтіннің басты тақырыбы кейіпкерге, кейіпкердің нақты жағдайға байланысты іс-әрекеті сөз болуында. Белгілі бір қалыптасқан жағдайға сай іс-әрекетін

әңгімелеу арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін ашу көзделеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде әңгімелеу мәтінінің ақпараттық, әлеуметтік, психологиялық сипатын, композициялық сөйлеу бірліктерінің тілдік құрылымдық, прагматикалық және стилистикалық табиғатын анықтайтын зерттеулерін атауға болады. Б. Шалабай, Р. Сыздық, С. Құнанбаева, З. Ерназарова, С. Мұстафина, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева, М. Маретбаева, Г. Әбікенова, Г. Смағұлова т.б. ғалымдардың еңбектерінде аталған мәселелер жан- жақты зерттеле бастады.

Ғалым Б. Шалабай «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты еңбегінде:

«Әңгімелеу-көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті де, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұның оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін –бірі айытыруы кұрайды», – деп көрсетеді [4, 216].

М. Маретбаева әңгімелеу мәтінін арнайы зерттеген ғылыми еңбегінде қазақ көркем порзасындағы әңгімелесу формасының ақпараттық- мазмұндық, композициялық ұйымдасу ерекшеліктерін, лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігін, көркем шығарманың стилистикалық сипатын айқындатты [5, 24].

М. Маретбаева әңгімелеу мәтіндерінің тақырыптық- мағыналық түрлерін жақтық және оқиғалы мәнді әңгімелесу мәтіндері деп топтастырады. «Жақтық мәнді әңгімелеу мәтіндеріндегі субъективтілік кейіпкердің іс- әрекетіне, соған қатысты баяндалатын оқиға-жағдайға тәуелді болса, оқиғалы әңгімелеу мәтіндеріндегі объективтілік объективтік уақытқа тәуелді болады» [5, 20].

Мысалы

Оның үстіне 1917 жылдың қысы қатты, жазы қуаң болды. Осынау кезеңде миллиондаған халық көз телмірткен Россия астығын Ақтөбеден Дутов, Кавказдан ағылшын интервенттері бөгеді де, Жетісу ақ бандылары Сібір астығына тосқауыл жасады. Осының нәтижесінде 1918 жылдың августында Ташкентте ауыр жағдай орнады (Ж. Арыстанов).

Әңгімелеу мәтінінің эмоционалды- экспрессивтік, стилистикалық қызметін, оның лексика- грамматикалық құралдары арқылы шығарманың көркемдігін арттыруын, оқиғаны, іс- әрекетті ретімен, мезгілін, мекенін баяндай отыра, кейіпкердің мінез- құлқын, ішкі жан дүниесін ашатынын көрсетеді Суреттеу – бейнелеудің кеңістіктегі

дамуы болса, әңгімелеу – мезгілдік дамуы, ал, ойталқы – логикалық дамуы... Шығарманың композициялық құрылымы осы айтылған сөйлеу формаларының түрліше байланысып қиысқан өрмегінен тұрады. Бір-біріне байланыса, кіріге отырып, сөйлеу формалары көркем шығарманың одан да ірі композициялық құрылымдарына бірігеді [5]. Әңгімелеу, суреттеу, ойталқы нақты шығармада бірнеше сөйлемнен құрылған тұтас мәтіннің үзінділерін кұрайды. Көркем мәтіннің біртұтастығы осы сөйлеу формаларының ұласымы нәтижесінде ұғынылады. Кейбір көлемі шағын шығармалар тек бір сөйлеу формасы арқылы құрылуы әбден мүмкін, не болмаса мәтіннің негізгі баяндау қабаты бір сөйлеу формасы арқылы ұйымдасады. Мәселен, М.Әуезовтің «Қыр суреттері» әңгімесі негізінен суреттеу арқылы баяндалса, Р.Сейсенбаевтың «Үкім» әңгімесінде негізгі баяндау тәсілі ретінде әңгімелеу қолданылады. Сол сияқты Ш. Айматовтың «Кассандро таңбасы» шығармасында ойталқы мәтіні басым екені байқалады. КСФ-лардың әр мәтіндегі басымдылығы авторлық стильдік мақсаттағы қолданысын танытады.

Көркем шығармада әңгімелеу, суреттеу, ойталқы мәтіндері аралас жұмсалады. Көркем шығармада әңгімелеу мәтіні көп жағдайда суреттеумен қатар жұмсалады. Сонымен қатар ойталқы мәтіні мен суреттеу және әңгімелеу мүшелерінің бір мәтін ішінде араласып келуі де көркем шығармада кездесіп отырады. Жүргізілген талдаулар әр мәтіннің өзіндік артықшылықтары мен баяндаудағы тиімділігін түсінуге мүмкіндік береді. Ал олардың көркем шығармадағы қолданысы туралы мынадай тұжырым жасауға болады: көркем шығармада суреттеу мәтіндері қоршаған ортадағы заттарды, кейіпкердің бейнесін, портретін, мінезі, құбылыстың сырт пішінін, табиғатты, мекенді суреттеу үшін; әңгімелеу мәтіндері оқиғаға негіз болған белгілі бір уақыт шеңберінде бірінен кейін бірі жүзеге асқан әрекетті бірізді бейнелеп көрсету үшін; ойталқы мәтіні авторлық ой-толғанысты, кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты авторлық көзқарасты білдіруде, адамгершілікті дерексіз категориялық мәселелер туралы баяндауда жұмсалады.

Суреттеу ғылыми және іскерлік сөйлеуге тән, алайда көркем сөзде де жиі ұшырасады. Суреттеу статикалы, онда динамика жоқ. Суреттеудің негізгі функциясы – ақиқаттың әлдебір сәтін суретке түсіру, қарапайым атауының орнына заттың бейнесін беру, затты, құбылысты табиғи ортасында суреттеу (мысалы, суреттелетін заттарды, құбылыстарды т.с.с.-ды осыған ұқсайтын нышандармен салыстыруда құрылатын жұмбақ-суреттеу).



Ғылыми және іскерлік мәтіндерде суреттеу негізінен фактографиялы немесе фотографиялы болады. Көркем мәтінде суреттеу нышандарын санамалау жолымен табиғат құбылысын (орнын, ортасының жағдайын, т.б.), заттарды, адамның, кісілердің жағдайын және т.б. суреттеуге арналған. Суреттейтін затына қарай күрделі фразалық тұтастықтың пейзаждық (уақиға орнын суреттеу) және портреттік суреттеу (кейіпкерді суреттеу) болып бөлінеді.

Пейзаждық суреттеуде орман, өзен, ауыл сияқты нақты сөздер мен оңында, солында, жанында, астында, алыста, жақында сияқты кеңістік мәніндегі сөздер жиі қолданылады.

Портреттік суреттеуде адамды (бойын, жасын, жалпы сырт бейнесін, жағдайын, т.б.) суреттейтін сөздер басқаларынан жиірек қолданылады.

Суреттеудің формалды нышандары: континуум мәнді сөздердің (жол жиегінде, таң ата, кешқұрым, т.б.) қолданылуы, суреттелетін құбылыстың қашан болғанына байланысты өткен шақ, осы шақ, етістік-баяндауыштардың көптігі, баяндауыштың іс-қимылды емес, сын есімді болып келуі. Мысалы, жерге су сінді-жер ылғалды. Суреттеу құрамы көбінесе кеңістік мәнді сөздерді қолдану сипатына қатысты. Бір жағдайларда әрбір орын жағдайына бір күрделі фразалық тұтастықтың бекітілсе, басқасында бір күрделі фразалық тұтастықта бірнеше орын жағдайы пайдаланылады.

Бірнеше затты суреттеудің бір мезгілді, параллельді немесе сабақтастықтың (қарама- қайшы құбылыстарды, заттарды суреттегенде контрастық әдіс қолданылады) болуы мүмкін. Суреттелетін адамдарды немесе заттарды салыстыру-мұндай суреттемелерде жиірек қолданылатын әдіс.

Затты, құбылысты, адамды суреттеу сөйлеу сөз стиліне де, мәтін типіне де қатысты. Суреттеу ғылыми-техникалық, ресми-іскерлік сөйлеуде фактографиялы, көркем сөзде бейнелі болады. Автордың суреттелетін затқа, құбылысқа субъективті қатысы көркем мәтіндерде (концептуалдық, модальділік, астарлы мәтін және т.б. түрде) байқалады, ғылыми және ресми-іскерлік мәтіндерде болмайды.

Фотографиялы, суретті мәтіндерде заттың суреттелуі автордың ойы мен фотографияда бейнеленген затқа қатысты. Сондықтан мұндай мәтінде мыналар ескерілуі керек:

а) суретте онсыз да айқын көрініп тұрған бейне жайлы артық сөздің керегі жоқ;

ә) суретте жоқ және оны сезіну мүмкін емес жайлар туралы сөз айтылмауға тиіс;

б) суреттің астарында көрерменнің ой жүгіртуіне жағдай тудыратындай мүмкіндік қалуға тиіс;

в) суретке арналған түсіндірме сананы сілкіндіріп, ой қозғайтындай болуға тиіс;

г) сөз фотографияға сілтеме жасай алады.

Ғалым Б. Шалабай «Көркем проза тілі» атты еңбегінде: «суреттеу болмыстың белгілі бір қалпын, күй- жайын толықтай беру үшін қолданылады», - деп көрсеткен. Суреттеу арқылы кейіпкердің сыртқы кейпі, киім- киісі, мінез- құлқы, табиғаттың өсем көріністері және т.б. құбылыстар беріледі [6].

Кейіпкердің сыртқы бейнесін суреттеу:

Қырынан қарағанда қыз әп- әдемі болып көрінеді екен. Тайқылау біткен тар мандайы да, артық- ауыс жерлері қырнанып, қажетті қалыпқа түсірілген қою қара қасы да ұнасымды. Екі танауы делдиңкі, келіссіз мұрны да қырлана қалғандай. Жалпақ, доғал иегі де қайтадан қашалғандай мүсінді. (М. Мағауин)

Табиғатты суреттеу:

Бұл арада кішкентай көкторғай, бөдене, көксерке, жағалтай кекілік, балтатұмсық, шілден бастап, үлкендігі анау- мынау қозылақтан кем емес, қарақаз, бірқазан, дуадақ, қарабай, қырғауыл мол болатын. Қазақ даласының өзге жерінде сирек кездесетін жайра, тағанақ, сақалта, алақұмай, көк қарға, кодас қоңылтырды да іздеген адам табатын (Д. Исабеков).

М. Ахметова суреттеудің екі формасын ажыратады: статикалық және динамикалық. Статикалық суреттеуге оқиғаның мекенін, орнын, кейіпкердің сыртқы келбетін, ал динамикалық суреттеуге оқиғаның қозғалысын, іс- әрекеттерді, кейіпкерлердің көңіл – күйін, мінез- құлқын жатқызады.

Статикалық суреттеуге мысал:

Осы әйелдердің ортасында еркек кіндіктен жаман Жанбай ғана жүреді. Ол- қоймашы, жасы қырықтар шамасында, қалың сырмалы күпәйке- шалбар киіп жүретін тайпақ адам. Қолында бір уыс кілті бар- колхоздағы қойма атаулының кілттері. Қалтасына сыймайды да, үнемі қолына ұстап жүреді (С. Мұратбеков).

Динамикалық суреттеуге мысал:

Далаға шықтым. Дүниені бозамық сәулеге бөктіріп Сұлуқиядан тік асып ай қалықтап барады. Сансыз жұлдыздар жымындайды. Төңірегім шырылдаған шегіртке үні. Тоғай жақта әлде бір түн құсы әлсін- әлі кәдуілгі адамша айқайлап қояды (С. Шаймерденов).

Әңгімелеу ең алдымен көркем және публицистикалық сөйлеуге, сондай-ақ тұрмыстық хабарлар мен әлдене жайлы әңгімелерге тән. Әңгімелеу суреттелетін оқиғалардың дамуы туралы түсінік береді. Бірінші кезекке іс-әрекеттің (үдерістің), құбылыстың, тағы басқаларының өрбу реті шығады. Әңгіменің әрбір сөйлемі әдетте іс-әрекеттің дамуының, сюжеттің шешілуіне қарай қозғалысының әлдебір кезеңін баяндайды. Жалпы әңгімелеу баяндау мәтіні іс-әрекеттің басталуынан, шиеленісуінен, дамуынан, шарықтау шегінен, аяқталуынан, тарқатылуынан, қорытындысынан тұрады.

Мәтінде оқиғаның даму сабақтастығы нақты, яғни өмірде болғанындай не жасанды, яғни автор қолайлы санағандай, мысалы, оқиғаның аяғынан (композициялық амал-трансмутация, түрлендіру), не ортасынан басталуы мүмкін. Әңгіменің толымсыз, дискретті (оқырман тыңдаушы санасында оңай қалпына келтіре алатын буындарының түсіп қалуы) болуы мүмкін. Баяндаудың негізінде уақиға (сюжет) жатады.

Әңгімеде негізгі мағыналық жүктемені нәтижелі мәнді баяндауыш атқарады. Әңгімелеудің негізгі мәні-іс-әрекеттің дамуын жеткізу. Әңгімелеу түрлі уақыт көрсеткіштерімен, оған бірінші кезекте жаздың басында, күзде сияқты уақытты білдіретін (мезгіл пысықтаушы) сөздермен қамтамасыз етілетін мезгілдік сабақтастық тән. Әңгімелеуші бірден оқиғаны суреттеуден бастауы мүмкін. Әңгімелеу таза күйінде де, аралас күйінде де ұшыра береді, оның құрамына суреттеу де, ойталқы да жиі кіреді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лосева Л.М. Как строится текст. – Москва: Просвещение, 1980. – 94 с.
- 2 Тураева З.Я. Лингвистика текста. – Москва: Просвещение, 1986. – 107 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208-б.
- 4 Байтұрсынов А. Шығармалары (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). – Алматы, 1989. – 297 б.
- 5 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.
- 6 Шалабай Б. Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі. – Алматы, 2008. – 124 б.
- 7 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы – Орал, 2008. – 197 б.
- 8 Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 124 б.

#### ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕДІГЕ Н. Ф.

9 сынып оқушысы, Жанқожа батыр атындағы №70 мектебі,

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

ЖАЙШЫЛЫҚОВА Б.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жанқожа батыр атындағы №70 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Мақал-мәтел – әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған сөз мәйегі, ой маржаны. Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шынды Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған ықылым заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан. Бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған.

Мақалдар мен мәтелдерде айтылмайтын, сөз болмайтын өмір саласы жоқ десе де болады. Мақал-мәтелдерден халықтың ой-санасы, дүниеге көзқарасы, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, мазмұн тереңдігімен, түр жағынан ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан салалы құбылыстарына баға беріліп, ой түйінделіп, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі негізінде пікір айтылады. Мақал мен мәтелдерде халқымыз жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен арамдықты, еңбеккерлік пен еріншектікті, жомарттық пен сарандықты салыстыра сөз етеді. Адамгершілік жолына нұсқан, мін келтіретін жамандық пен жауыздық қылықтардың барлығын батыл сынап,

жиренте әшкерелеп, бүкіл жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез, қылықтардың барлығын ұсынады.

Мақал-мәтел – халықтың өз перзенті, өзі жасаған баға жетпес қазынасы, өзіне жақын да, түсінікті де, сондықтан сүйікті де. Бұлар – сан ғасырлар бойы заман сынына өткен, керегіне жараған өміріне өнеге болған, қисығын түзететін таразы болған, болады да. Мақал – мәтелдің өн бойында поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақтылық байқалады. Онда басы артық сөз болмайды. Барлығы өз орнында, екшеленген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан, ішкі мазмұнына сыртқы формасы сай үндестік тапқан болып келеді. «Ер дәулеті – еңбек» деген мақалды талдап көрелік. Осындағы сөздердің бірін де өзгерту мүмкін емес. Мұндағы негізгі ой – еңбектің құдіретін, ол бүкіл бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы «еңбек» деген сөз болған соң, «е» дыбысы ерекше естіліп тұр. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да – сол «Дәулет» сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына «ырыс, байлық, молшылық» т.б. сөздердің біреуін де ала алмайсың. Сөздер сол бітімінде ғана үлкен ой жүгіне ие. Сөздерді ауыстырып қолдансақ, онда бұл мақал поэтикалық қасиетінен де, мән – мағынасынан да айырылады, мақалдық қасиеті жұтандайды.

Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасы болады. Мысалы, «Өнер алды – қызыл тіл», «Ер қанаты – ат», «Елін сүйген ер болады», «Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалдар ешқандай түспалдаусыз тура мағынада айтылып тұр. Ал, «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда», «Токпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер», «Не ексең, соны орасың», «Жауырды жаба тоқиды», т.б. мақал-мәтелдерде айтпақ ой тура айтылмай, жұмбақтап, астарлы мағынада ишарамен білдірілетінін көреміз.

Мақал - мәтелдер - әр халықтың өз даму тарихында басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, өзі аңғарған табиғат құбылыстары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатысы, мінез-құлқы, психологиясы жөніндегі жасаған қорытынды, тұжырымдарының түйіні, өмір тәжірибесінен жинақталған философиялық ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрініс іфразеологиялық оралымдардың еңделіп, сырланып, әбден қалыпқа түскен тұрақты түрлері. Ол бір ғана емес ертеден бері қалыптасқан ой дәлдігімен, мазмұнының терендігімен ерекшеленетін ауыз әдебиетінің бір түрі. Ол айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы, халықтың

өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік роль де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болды. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық-психологиялық, медициналық-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой-пікірлерін де шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды. Көшпелілердің сонау ерте дәуірінен-ақ бұларды көп біліп әрі оны ақылмен байыптай алатын адамды ерекше қастерлеуі тегін емес. Ондай адам ата-баба даналығының көзіндей саналатын. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешіммен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды роль атқарып отырады.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Мақал мен мәтел құстың екі қанаты секілді бір-бірімен байланысты, бірақ олардың араларында аздаған өзгешеліктері мен айырмашылықтары болды. Мәселен, мақал сөзде адамның нәзік сезімдері мен терең ойлары ашық айтылады, дәлме-дәл көрсетіп, бейнелейді. Мысалы: “Білімді өлмес – қағазда аты қалар, ұста өлмес – істеген заты қалар”, “Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ”, “Ағаш тамырымен, адам жолдасымен мықты”.

Ал, мәтел сөздің сыры: белгілі бір құбылысты астарлап, жұмбақтап, бейнелеп айтады. Мәтел сөзге бір мысал: “Сауысқан тоты боламын деп, жүрісінен жаңылыпты”. Сөз сауысқан туралы емес; сауысқан тектес, әсіре қызыл, еліктегіш, әсершіл адамдарды сынаған. Біреулер бар: өзінің дербес қасиеттерін жоғалтып, ықпалды адамдардың әуеніне төңкеріліп, соның көлеңкесіне тасаланады, өмірдің ағысынан өзін-өзі таба алмай әуре болады. Аталған мәтел сол образды бейнелеген.

Мақал-мәтелдер – сан ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан қастерлі қазына. Мақал-мәтелдер – ел аузында, сөйлеу тілінде қолданылатын мазмұнды салалардың бірі. «Сөз асылы – мақал» деп тегін айтылмаса керек. «Мақал – логикалық, образдық ойдың қос қанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Сөздің ұйтқысын ең алдымен мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, ұжымдық мазмұн

бар. Мақалдың қорытындыларын халық еш уақытта теріске шығара алмайды», - дейді ғалым Ә.Қоңыратбаев. «Тәрбие тілден басталады» дейтін халқымыз ана омырауынан ажырамаған кезден-ақ бөбегін ана тілінің ақ уызымен ауыздандыра бастау керектігін, ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы екендігін меңзеп отыр.

Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тындаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ.

Қазақтың халық педагогикасы – ғасырлар бойында қалыптасып, қорлана байып келе жатқан ғылым. Халқымыз «Мақал – сөздің мұнарасы» деп, халық ауыз әдебиетінің асыл бір жанрына осындай бағаны өзі берген. Мұнара биіктікке, асқарлыққа, парасат асқарына мезгейді. Мақал-мәтелдің озық-артықшылығы ойды сығымдап, нақышты әрі әсерлі, санаулы сөзбен әрі өткір, әрі мәнді айтып, суреттеуінде. Халық өзінің тәлімгерлік трактаттарын мақалдар мен мәтелдерге шебер сыйғыза білген. Бір естігеннен жадында қалады, тәлімгерлердің де, тәрбиеленушілердің де жаттауына оңтайлы, жеңіл. Және бір ғажабы, өмірдің өзі секілді желісі үзілмей, өркен жайып, жыл асқан сайын жемісін елге ұсынып отыратын даналық көзі мақал-мәтелдер өз қатарын қалыңдатып отырады. Жаңа дәуір талабына сай жаңаша туындайтын мақал-мәтелдердің иесі де, көнеден сақталып келе жатқан, сұрыптала, сұлулана түскен асылдарды сақтаушы да – қарапайым халық. Сонымен, өткен замандарда жасаған сал-серілер мен ақылмандарымыздың бізге қалдырған ой-парасат, мирасы даңғыл жол сияқты екен.

Жас ұрпақтың тілін дамыту – қазіргі білім саласындағы оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет, өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Оқушыларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат - сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету, сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Сондықтан қазақ тілі және әдебиет сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі

олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Мақал – мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құблыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында мынадай тәсілдер пайдаланған жөн:

- сөздік жұмыс (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, анкеталар т.б.)

- көрнекі құралдар қолдану (сурет, бейне фильм т.б.)

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері ... Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыста. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тындайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Тіл дамыту жұмыстары грамматикалық заңдықтармен байланысты жүргізілуі тиіс.

Морфологияны оқыту арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында мақал-мәтелдер, кеңінен



қолданылады. Мысалы, сөздің грамматикалық мағынасына қатысты практикалық сабақта мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу оқушының грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Немесе, берілген сөздерді ( мысалы, ерлік, тәрбие, жүрек, ел, батыр т.б. грамматикалық көрсеткіштер арқылы түрлендіріп, сол сөздер туралы мақалдарды тауып жазғызу да оқушының морфологиялық тұлғаларды ажырата отырып, сөздік қорының жетілуіне әсер етеді.

Тіл дамыту- қазақ тілін және әдебиетін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жасөскінді тіл өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А . Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. – Алматы, 1976.
- 3 Қалиев С. Халық педагогикасы хақында бірер сөз. – Алматы, 2000.
- 4 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.- Алматы, 1994.
- 5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы, 2007.

### АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

ЕЛУБАЕВА Г. Қ.  
студент, ПМПИ, Павлодар қ.  
ЖҰБАНТАЕВА Ж. Қ.  
филология магистрі, аға оқытушы

Қазақ тіл біліміндегі қыстырма сөздер – даулы пікірлері көп, өлі де нақты бірізді ой мен ортақ түйіндері орайласа қоймаған, зерттеуді қажет ететін нысандардың бірі. Қыстырма-қыстырынды құрылымдар қазіргі тіл білімінде оқшау сөздердің бір түрі ретінде қарастырылады. Сөздерді лексика-грамматикалық сипаттарына қарай жіктеуде қазақ тілі білімінің алғаш негізін жасаған А. Байтұрсынов теориялары негізге алынып келе жатқаны мәлім.

Ғалым – оқшау сөздер туралы алғаш пікір айтушы ретінде ғана емес, аталған категория жайында тұңғыш рет тұжырым жасаушы да. «...бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі. Бір түрі –сөз арасында керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөздер деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейді. Алып тастағанда орны ойсырап қалмайды. Екінші түрі –сөз бетін біреуге қарата қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар қаратпа сөздер деп аталады. Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейді, байланыспайды», - деген анықтама береді [1,285]. Бұл пікірді қазақ тіл білімінде М.Балақаев, Т.Қордабаев, Т.Сайрамбаевтар «оқшау сөздер» деген терминмен атап, жаңа тілдік категорияның белгілерін көрсетіп берді. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырма сөздердің жасалу жолдарына қарап отырып, бірнеше сипаттарды анықтауға болады. Оның басытлары төмендегідей:

1. Қыстырма сөздер қоғамдық-әлеуметтік, рухани өзгерістер көрсеткіші бола алады.

2.Қыстырма сөздердің тілдің қоғамдық үрдіске тікелей қатыстылығын дәлелдейтін белгісі – сөйлем белгілерінің бірі модальдық мәнді білдіруінде. Бұл – сөйлеушінің айтылған ойға әр алуан қатынасын қоса анықтайтындығында.

3. Қазіргі қазақ тіліндегі біріншіден, қорыта келгенде, өкінішке орай, біздіңше т.б. қыстырма сөздер мен сөз тіркестері кейінгі кезеңдерде жасалған формалар екені анық. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихи мәліметтері мен ақпараттары болып табылатын ауыз әдебиет үлгілерінен бастап, 19-ғасырға дейінгі аралықтағы туындыларда бұндай қолданыстар кездесуі неғайбыл.

4. Қыстырма сөздердің ішінде кейінгі кеңестік кезеңдегі орыс тілінің әсерінен пайда болып қалыптасқандары да мол. Олардың көпшілігі таза калькалар: бақытымызға қарай (к счастью), сөз жоқ (безусловно, бесспорно), қорыта айтқанда (короче говоря) т.б. Бұл калькалар саяси-публицистикалық және ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді аудару арқылы енген.

Қыстырмалардың қоғамдық үрдіске қарай өзгеретін тілдік форма болуының себебі олардың сөйлеуші ойын білдіргенде, бір нәрсенің жайын құр баяндап қоймай, оған өз қатынасын, пікір, көзқарасын білдіру мағынасында жатыр. Бұл қатынастың өзі де түрлі мәнде жұмсалады. Сөйлеуші айтқанына күмәнданады, сенеді, өкінеді, танданады, қуанады, қуаттайды т.б. Қазақ тіліндей көркем де

бейнелі тілде ауызша тараған дәстүрлі үлгіде бұндай жолдың бірнеше жасалу тәсілдері болған. Сондай тәсілдердің қатарына сөйлеушінің ойға эмоциясының бағалаушытық қалпының нақтылығын, айтылған пікірге сенімділік, тыңдаушы назарын аудару үшін қолданылатын түрлі дайын бейнелі формалардың болуын қосуға болады. Бұған қарап қазақтың дәстүрлі сөз үлгілерінде қыстырма сөздер болмады деп, немесе қолданыс аясы кем деп шектеп тастауға да келмейді. Қазақ әдебиеті үлгілерінің классикалық түрлері тектілік жағынан екіжақтылық пен күмән, сенімсіздік пен белгісіздіктен алыс екендігін айтсақ та жеткілікті. Қыстырма сөздердің ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қолданысы жете қарастыруды да қажет ететіндігі содан.

Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қыстырма сөздердің қолданысындағы көп кездесетіні – тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылады. Уа, уай, әй, ей т.б. одағайларының қызметі – тек тыңдаушының назарын аудару ғана емес, сөйлеушінің өзіне сенімділігін, тегеурінділігі мен ойының нақтылығын, ісінің анықтылығын да білдіреді. Сондықтан сөз сөйлеуші сөз басын осы қыстырмалармен бастауы – психолологиялық шабуыл ғана емес, жұртты ұйытып өзіне сендіру.

1. «Уа, көсіле шабар жерің бар,  
Ту көтерген ерің бар,  
Қол боларлық елің бар,  
Атадан қалған сара жолың бар,  
Құлдық ұрсаң дұшпанға,  
Арылмайтын сорың бар...» («Қобыланды батыр» жырынан).

2. « Уәзірлер: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», - деп тұрғанда, әлгі адам:

- Уа, мырзалар, жол болсын! - деді. Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, ал адамның жаманын таба алмай жүргендерін айтады. Жаман тұрып:

- Түсінікті! Адамның жаманы керек болса, мен боламын, - дейді» («Аяз би» ертегісі).

Алғашқы мысалдағы Қобыландыға айтылатын тұстағы мысал айтушының іс аяғы өз айтып, ойлағанындай бітетіне сенімін білдіріп қана қоймай, барына мақтану, масаттану да бар. Сондықтан да «уа» қыстырмасы сол сенімділікті күшейту мен нығыздау үшін қызмет атқарып тұр. Екінші мысалда одан басқарақ. «Аяз би» ертегісінен алынған үзіндіде Мардан ханның қырық уәзірінің табансыз тайғақтығы, ақылсыздықтары мен келесі болар іске деталь болатындай қалпы танытатын – «сірә» қыстырмасымен берілген.

жаман адам мен жаман құсты іздеп жүрген қырық уәзірдің кімнен жамандық іздеп, кімнен жамандық көргісі келіп жүрген сенімсіз, күмәнға толы көңілдерін «сірә» ашса, жаман адам осы болар деген жанның «уа» деп сөз бастауы істің бағытын да аңғартады. «Уа» деген көтеріңкі леппен берілген қыстырма жаман адам болар деген жанның өзінің «жаман да адам» екеніне сенімін бекітіп қоймай, бірден қырық уәзірді алдына салып жүре бергенімен де байқалады.

Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қыстырма сөздер мен қыстырма тіркестер ғана емес, қыстырма сөйлем деп танылып жүрген: амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс алу, қош, қош болыңыз, сау тұрыңыз, қайыр, шүкір; кешіріңіз, ғафу етіңіз, рахмет т.б. құрылымдары да қарым-қатынасты білдіріп қоймай, эмоцияны ашуда көп қолданылады.

Бұлар, көбінесе, диалогтарда қолданылады да, қыстырма сөздер сияқты, сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы бөлінеді. (бұлар сөйлемнен бөлініп, я өз алдына жеке тұрғанда, жеке сөйлем сияқты нүкте, көп нүкте, леп белгісі қойылады).

1. Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, балдырғанды көл аман бол  
Теруші ем еріккенде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш, гүл аман бол («Қозы Көрпеш Баян Сұлу» жыры).

2. Қош аман бол, Қараман!  
Бір сағат болмай қасымнан,  
Сен қашсаң да, мен қашпан  
Өшті болған әкеннен  
Өшімді алмай, мен қашпан («Қобыланды батыр» жыры).

Алғашқы үзіндідегі Ай мен Таңсықтың жерімен, елімен қоштасуындағы «аман болы» мен кейінгі Қобыландының «қош, аман болы» екі түрлі лексикалық мағыналық реңк пен екі түрлі эмоцияны беріп тұр. Жалпы оқшау сөздердің өзі лексика-грамматикалық жағынан сөз, сөз тіркесінің лексика-грамматикалық жағынан өзгеше тобы дейтін болсақ, жеке қолданыстағы мағынасы өз алдына контекстегі мағынасы да көп өзгеріп кетеді. Бұл өзгерісті жасайтын сөйлем ішіндегі басқа сөздер ғана емес, олардың сөйлем ішіндегі орны мен морфологиялық формаларының да ықпалы бар. Сондықтан да, Ай мен таңсықтың қоштасуы әдеттегі қазақ дәстүріндегі айырылысар алдында айтылатын жыр үлгісі болса, Қобыландының Қараманға айтары – ерлік пен мәрттікке толы мінезді аңғартатын сөз мағынасын жасап тұр. Алғашқыда «аман

бол» деген қоштасуы әліде алда көретініне күмәні басым ойы барлығы аңғарылса, кейінгіде қоштасудың енді қайта жолды біріктірмейтінінен сендіреді. Қыстырма сөздердің қолданысында қазақ тілінің тарихи кезеңдерінің қай тұсына да тән үлгілер бар. Солардың қатарында қаратпа сөз арқылы жасалған түрлерін атаған дұрыс. Қаратпа сөздер окшау сөздердің бір түрі ретінде ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылуының поэзиялық түрі мен әңгіме, аңыз қалпындағы түрінің ерекшеліктері бар. Төменде Төле би жайындағы аңыздан үзінді ұсынылды. Ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде поэзиялық қалпы тілдің тарихи қалпын сақтаған үлгілер болғанымен, аңыз қара сөзбен берілетіндіктен, өзгеріс қана көп еніп қоймай, сөз қолданыс, тілдік формаларға да кейінгі кезеңдер үлгілері қосылып кете береді. Бұл аңызда да қаратпа сөздің қолданылуында айтарлықтай өзгеріс болмағанымен, «шырағым» жеке қолданмай, «о» одағайымен қатар тұр. «О, шырағым» өзіне қарату ғана емес, одағайдың уәждік, өзінің айтқанының дұрыстығын басымдауды бекіте түседі.

« - О, шырағым, айтайын. Бай бір өзі пәлен адам жалдап, осынша жерді айдатты. Арзанға жұмыс істетіп, еңбегін бір жеді. Енді егінді біреудің еңбегімен орғызып, қырманға салды. Бастыртып, қамбаға кұйды. Мұның бәрін өзі істемеді, біреуге істетті. Сонан соң елде астық болмай қалған жылы қымбатқа сатты. Өзі жан қинамай үйде май шайнап жатты. Келесі жылы тағы егін ектірді. Енді екі есе адам жалдады. Жылдан-жылға осылай кете берді. Одан жұртқа пайда жоқ. Ел ашыққанда, қымбатқа сатты. Мұның қайырсыз болатын себебі осы. Түсініп ал, балам».

«Ер Төстік» ертегісінде қолданылатын «шешек» қаратпа сөзі көптеген ертегілерде бар. Барлығына ортақтық – жасөспірім балаға, жаңа өскінге айтылады. Сонымен бірге, шешектің шығу тегі осы аттас аурумен де байланысты болса керек. Көбіне шешек сөзі ұнатпаған тұстарда қолдануымен бірге «шешек шыққыр» деген қарғыспен қатар келетінін ескерсек, «шешек» - көнерген мағынасы бірнеше смантикалық өзгеріске ұшырағын қаратпа сөз ретінде ұғынылады.

1. «- Алда ғана шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, төңтіреп кеткен сегіз ағанды тауып алмайсың ба? - деп қарғап-сілейді. Төстік кемпірге жауап қайтара алмай, оның сөзіне қатты қорланады. Әсіресе «төңтіреп кеткен сегіз ағаң» деген сөз оған қатты тиеді. Төстік бұрын ағалары бар екенін естіген жоқ екен. Әке-шешесі

Төстікке оны айтпайды екен. Төстік жүгірген бетімен үйіне келеді» («Ер Төстік»).

2. «Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала талып қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаманқарғап-сілейді: - Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлін жеткенше, айдалада төңтіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма? – дейді» («Ер Төстік»).

Ауыз әдебиеті үлгілерінде көп кездесетін «әлқисса» қыстырма сөзіне өзгеше тоқталған жөн.

1. Әлқисса, сол кезде Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы қала, Сырлы қала деген екі қаласын тартып алды. Қырлы қалаға бектерін, Сырлы қалаға жәнеттерін жатқызып, жатып алды дейді.

2. Әлқисса, Қараман батыр Қазанды алуға бара жатқандығын айтқан жері:

«Мен, Сейілдің ұлы Қараман,  
Қазанға кетіп барамын.  
Жүрмейсің бе, құрдасым,  
Осы қылған сапарға  
Кетемін ертіп сені деп,  
Әдейі келдім, жолбарысым».

«Әлқисса – екі оқиғаны бір-бірімен жалғастыру үшін сөз басында келетін қыстырма сөз; «сөйтіп», «сонымен» деген сөздердің орнына жүреді» [2, 616].

Ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп қолданылатын «әлқисса» қыстырмасы қазақ тіліндегі екінші бір мағынаға ауысқан ары қарай тындайық, енді бір қызықты оқиға бар деген аңдату орныны жүреді, жаңа бір сюжетке бастайтын белгі қызметін атқарады.

Қазақ ауыз әдебиеті ертегілер тіліндегі оқшаусөз – қыстырма сөздерді зерделеу кезінде бір қыстырма сөздің өзінің бірнеше мағыналық реңкте жұмсалатындығын байқауға болады.

1.«-Апыр-ай, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір биесін қалап алдырғанмын. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе өлсің, құлын қалсын», - деп, ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? - дейді хан таңданып. Тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсаң да судан айдағанда, аузын

суға малмай, артқы аяғын сілікпей, өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім, - дейді» («Аяз би» ертегісі).

2. «Хан басын шайқап: «Апыр-ай, осы жаман болса жарар еді», - деп ойлап:

- Құстың, шөптің, өзінің жамандығына да дәлел айттың. Жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – дейді» («Аяз би» ертегісі). 3. «- Апырмай, сен жаман болмадың ғой! Қайта, сен бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? - дейді хан» («Аяз би» ертегісі).

Бірінші сөйлемде таңдану басым. Екінші сөйлемде күмәндану мен босансу, үшінші сөйлемде мойындау мен бас ию бар. Бір қыстырма сөзді үш түрлі үлгіде қолдана отырып, үш түрлі лексикалық мағына жасайды.

«Тақсыр» сөзі де басқарушы мен билеушіге қарата айтылатын көнерген сөздердің бірі ғана емес, қыстырма сөз ретінде де қолдану аясының мағыналық өзгерістерімен ерекшеленеді.

1.«Жаман:

- Жақсы! - деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

- Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық кара басында, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ, - дейді» («Аяз би» ертегісі).

2. «- Тақсыр! Мана айтпаған себебім мынау еді. Мен барып, Уәлібайдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір төрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Ол онын: «Қайрақтай болып езілгенше, төрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып, басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі, мынау гауһар тастай жарып мені алады», - дегені еді» («Аяз би» ертегісі»)

Алғашқы «тақсыр» жеке қолданбай, «ханым» деген сыпайылық пен құрмет сезімін білдіретін сөзбер алынады. Бұл сөйлеушінің тыңдаушыны жібітуі, алдын-ала дайындауы болса, екіншіде, «тақсыр» жеке қолданылады. Өз ісіне сенімді, қандай жазаға да мойұнсұнған қалып пен өз ойын дәлелдей алар күшке толы.

Ауыз әдебиеті үлгілер – қазақ әдебиетінің алтын өзегі. Халықтық таным мен түсінік негізі ғана емес, ұлттың еркіндік пен тәуелсіз шағындағы өзіне сенімді шағын суретті сөзбен бейнелейді.

Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі өзгеше белгілерін айқындайтын қыстырма сөздер де ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қолданысының сан түрлі қалпымен, лексика-грамматикалық өзгешеліктерімен көрінеді. Бұдан шығатын қортынды, тілдің

тарихын зерттеу мен белгілі бір кезендердегі сипаттарны анықтауда қыстырма сөздердің қолданысын да кең қарастыру көп тілдік деректер мен дәйектемелерге жол ашады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы – Алматы: Ғылым, 1992, 412 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі - Алматы: Ғылым, 1974, 1-том, 695 б.

3 Батырлар жыры - Алматы: Жазушы, 1987, 1, 3 -томдар, 325 б., 417 б.

4 Ертегілер Алматы: Жазушы, 1987, 3-том, 386 б.

5 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. –Алматы: Санат, 1995. 176 б.

6 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. –Алматы: Ғылым, 1974. –198 б.

#### АЛАШШЫЛ ӘДЕБИЕТ ӨКІЛДЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КОНЦЕПТИЛЕР

ЕРМЕКОВ Н.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар қ.

Ғасыр басындағы өзгерістер қазақты қайда апарары белгісіз жаңа бір бағыттарын көрсетті. Дүниежүзіндегі тарихи, саяси өзгерістер әлемді қайта бөлісу, дүниені біртұтас ғалам жасаудағы ғасырдың бағыт-бағдарларын анықтаған жаһандық соғыстар мен қақтығыстар Ресейге де көп өзгерістер әкелді. Орыс патшалығындағы саяси өзгерістер қазақ даласына да жетті. Бұл өзгерістер заманның бет-әлпетін қайта көрсетіп, қазаққа жаңа әлемде қай жолмен жүруге болатын жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл ел оқығандары мен ұлт зиялыларының түрлі ой-пікірлерімен өрнектелді. Соның ішінде ерекшесі Алаш зиялыларының ісі еді. Алаш ағартушылары мен қайраткерлері қазақтың ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа қоғам құруын қалады. Осы бағытта өз әрекеттері мен саяси, рухани, әлеуметтік істерін жүргізді. Қазақ әдебиеті материалдары негізінде Алаш қайраткерлерінің тарихи, саяси еңбектеріне баға беруге болады. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов еңбектері ұлт рухын көтеруде әдеби көркем қалыпта жазылды.



20-ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ұлттық сипатта көрінуімен ерекшеленді. Сонымен бірге осы кезеңдегі әдеби-рухани күш пен саяси қайраткерліктің тұтасқандығын да байқауға болады. 20-ғасыр әдебиеті туралы айтқанда әдебиет арқылы ұлттың әдеби-эстетикалық тұжырымдары, көзқарастары көрінді.

20-ғасырдың 20-жылдарындағы әдеби-тарихи үрдістер халық танымының өзгеруін, ел ұстанымының жаңа бағыт алуын қажет етті. Халықтың осындай қажеттіліктерін өтеген сол кезеңдегі жасалған көркем әдебиет екенін замандар дәлелдеді.

Алаш қаламгерлерінің шығармалары қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты тақырыптық-идеялық жағынан, тілдік концептілердегі заман мен адам қатыныстарын ашуы тұрғысынан 20-жылдардағы туындылар мен 30-жылдардан кейінгі жазылған шығармалар көркемдік талап деңгейімен сараптар болсақ, көп ерекшеліктерімен бөлектенеді. Бұның басты себебі қоғамдағы саяси жағдайдың әдебиет пен көркемөнерді идеологияның басты құралы етуімен тығыз байланысты.

Алаш қайраткерлері еңбектерінде ұлттың сол кезіндегі танымдық ой-болмысы мен қоғамдық көзқарас тұжырымдарындағы елдіксипаттарға қатынастарын анықтауға болатын әдеби концептілер жеткілікті. Себебі, ұлт құндылықтарының жоғалып бара жатқандығы немесе елдіктен кете бастаған жұрт жоқтаушысы болып қана қоймай, А.Байтұрсынов, М.Дулатов шығармаларында ұлт үшін жанын берер, халық ісіне ғұмырын арнаған күрескердің өзі де сол ақындардың өз тұлғасы болып, қазақ үшін қызмет еткен азаматтар бейнесіне жиналады.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес, - бір күнгісін  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін  
- деген «Н.Қ. ханымға» өлеңін:

Милләтқа қызмет,  
Бәріңе міндет,  
Деп айтасыз өзіңіз.  
Милләттан безу,  
Әйтпесе төзу  
Шын болса сол сөзіңіз.  
Кей іс шарты құрбанмен,  
Болмас қорқып тұрғанмен.  
Мен бұқтым – жаттым.

Сен бұқтың – жаттың

Кім істемек қызмет?! - деп «Жауап хаттан» өлеңінде А.Байтұрсынов елдікті сақтау, ұлттық қалыпты ұмытпаудың ендігі жолы – ашық майдан күрес екенін жазды.

Алаш әдебиетшілері шығармашылығында сондықтан да ұлттық, елдік, жұрттық идеядағы тілектер концепт ретінде таныла бастады.

«Қызмет» концептісі – қазақ тіліндегі 20-ғасырдың бас кезінің сөздік қорында актив қолданыстағы тілдік бірліктердің бірі. Қызмет сөзінің мағынасы – жұрт болашағы үшін бар еңбекке дайын, күреске әзір, әрекетшіл адамның әрекеті. Қызмет жай еңбек пен әрекет емес, күрескердің, ұлтшыл адамның іс деген мәнде қолданылады. Сондықтан да қызмет концептісі бұл кезеңде еңбектен гөрі жоғары мәнде болды. Еңбек – мал тауып, тамақ асырау үшін, күнкөріс үшін әрекет түрі, ең бастысы – өзі үшін болса, қызмет – жай еңбек емес, ұлт пен халық үшін барлық қиыншылыққа төзу, керек етсе, жан беру, тек жұрт жанына жақсылық, ел келешегі жарқын болса болғаны. Осыны ары қарай жалғастыра концепт – «іс».

«Іс» концептісі – қызмет үшін әрекет. Іс қызметті толықтыра түседі. Кей тұста қызметке синоним болып та қолданылады.

20-ғасырдың бас кезінде де кіріптар халықты қорлау, кемсіту, біржола жер қылудың, рухынан, ділінен айырудың ең оңай төте жолы - оның ұлттық қазынасын, қастерлі ұғым, қасиетті мұраларын қатардан қалдыру, теріске шығару саясаты орыс патшасының мұрагері Кеңес өкіметі тарапынан да жүргізіліп жатты. Рухы берік байлығы — жоққа шығарылып, жинаған асылың - жамандыққа баланып, ел сүйер ер азаматтар - азғын деп танылды. Дін, дәстүр, салт-сана, әдеби, мәдени байлықтар ысырыла бастады. Орыс-кеңес қызыл отаршылдығы заманында жаңа ұндылықтар халыққа күшпен таңыла бастады. Ұлттың өткен дәуірдегі ұлы тұлғалары түгелге жуық өз халқына жат танылды. Осы ұлт байлықтарын қайта жиналатын күнге Мағжан сенді. Ел рухын көтеретін, жұрт ұндылықтарын көтеретін - тілі болады деген оймен қорытылады. Мағжан «Күн» концептісін тілді көтеретін, тіл арқылы елді көтеретін белгі ретінде алады. Күн – тек қана тілді көтеруші еме, тіл арқылы барлық құндылықтарды, елдік қасиеттерді жасаушы.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр ойды бәрін не бардың...  
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

«Күн» концептісі – қараңғылыққа қарсы, жұртты жарыққа шығаратын, жол көрсетер символдық бейне ретінде алынды. Күн – аспан денесі, галактикадағы ең жарық, ең үлкен жұлдыз. Қазақ танымында Күн бұған дейін де қолданылатын. «Күнім», «күндей», «күні түсу», «күн көру» т.б. сөздері мен сөз тіркестерінде Күн тек жарықтың ғана белгісі емес, тіршіліктің негізгі өзегі болып бейнеленетін.

«Алаш» концептісі – 20-ғасырдың бас кезінде кеңінен қолданылған. Ұлтты біріктіру, жұртты ұйыстыру идеясынан туған концепт ретінде қолданылды.

Алаш концептісі қазақ танымында Мөңке биге қатысты тұстарда көрінеді. Алаш, Алаша хан туралы мәліметтер қазақ тарихымен байланысты. Сондықтан да Алаш концептісі Қазақ, халық, жұрт, ел, қоғам сөздеріне синоним болады.

Мағжан «Батыр Баян» поэмасында:

Айырылып от екпінді ерлерінен,

Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.

Сонау дерт түгелімен маған ауып,

Дариға, жүрегімді өртеді ғой.

Ер көрмей, көрден басқа, сұр өмірде

Шерлі жан шерлі кеңес шертеді ғой, -

дейді. Мағжанның сыршыл жүрегі осылай қайғырса, Міржақыптың «Алашқа» өлеңі жоқтау сияқты. Қазақтың өткен күнін, сол күндермен бірге кеткен елдігін, ерлігін, мал-жанын сол мал-жанымен бірге кеткен таным-түсінігін, салтанат, сәнін, сонымен бірге соның бәрін ұстап тұрған айбыны мен асқаралы билерін, сол билермен бірге жасаған бақ, ырысын жоқтайды. Ақын жырында ұлттың бар рухани және материалдық байлықтары бір-бірімен сабақтасып жататындығы, іргесінің бүтіндігі рухының күшінде болғаны айтылады. Бүгінгі бөрінен айырылған шағында ұлттың ең бірінші керек ететіні намыс мен бірлігі деген ойға жетелейді.

Ақын «Алаш» концептісінің мағынасын жер, көл, мал, көшкен ел, ақ киізге көтерген хан, сұлу ханым, бақ, би, салтанатты үй, тұлпар ат, ұшқыр ат, түзу мылтық, болат найза, көк дулығалы батыр, жүрек, нашардың қамқоршысы, жұртты ойлаған тілек деп деректі, дерексіз ұғымдармен қатар алады. Қоғам қайраткері, өз кезінің танымал саясаткері, «алашорда» партиясының негізін қалаушылардың бірі – Міржақып Дулатов «Алаш» концептісін ұлттың рухани және материалдық құндылықтарымен бірге ала отырып, сол байлықтарды сақтау мен қорғау, кейінгі ұрпаққа жеткізе алса, Алаштың бары

сақталарына сенім білдіреді. Сонымен бірге ақын осы арқылы Алашты жинақтаушы, біріктіруші мәнде алады.

Қазақ әдебиетінің 20-ғасыр басындағы кезеңі қоғамның әр топтарын шебер суреттеген шығармаларымен өзгеше екені белгілі. Солардың қатарына жастар бейнесін сомдаған шығармалардағы түрлі топтарға қатысты концептілерді де жатқызамыз. Жастар» концептісі. Жастарға қашанда қоғамдағы негізгі орта ретінде баға беріледі. Ұлттың бүгінгі қандай деген сұрақпен қоса ертеңі қандай болады деген сұрақтарға жауап беретін де – қоғамдағы жастар бейнесі. 20-ғасыр басындағы қазақ қоғамы ұлттың қандай жолды тандарына, таңдауына түсерін анықтауына жолбасшы болған өнер туындылары қалпында да белгілі бір рөл атқарды. Әдебиетті өнер туындысы деп қана қабылдап қоймаған қазақ ұлты – оның әр қадамына назар салып, әсіресе болашақ дамуын жастар бейнесі арқылы бағамдап отырған кезеңі болатын. Осы тұста әдебиетте – ұлтқа қажет сұранысқа лайық әдебиетте жастардың жаңа бейнелері жасалды. Жастар концептісі М. Жұмабаев өлеңдерінде, М. Дулатов жырларында, М. Әуезовтің 20-ғасырдың алғашқы жиырмамыншы жылдарында жазған әңгімелерінде, Ж. Аймауытовтың романдарында күрделі де, қайшылықты, заман мен қоғам қатынастарына қарай сан алуан бейнеде сипатталды. 20-ғасырдың бас кезі – қазақ ұлты үшін жаңа заман, жаңа әлем басы ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етем деген зиялылардың да тарих сахнасына шығып, жан-жақты өздерін танытқан шағы. Сол себептен де ұлт тағдыры мен болашағына қатысты тұстардың бірі жастар бейнесінің қоғаммен қатынасын анықтауда қазақ қаламгерлері өз ой-түйіндерімен ерекшеленді. Жастарға бейнесін өзгеше сомдауда М. Жұмабаевтың шығармалары жаңа сипат танытты. Әсіресе ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңінде:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты –  
Мен жастарға сенемін!  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!  
Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат, ұмтылған  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!

Өлең жастарды арыстанға, жолбарысқа, қыранға теңеуден басталып, олардың Алаш үшін барлық іске дайын, елі үшін бар қажыр-қайратын көрсетуге дайын деген сенімде. Ақын ел, ұлт болашағы жолындағы жастар жолын да көрсетеді.

20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде поэзияда ғана емес, прозада да қазақ жастарның бейнесі суреттелді. Әдебиетте поэзиялық жанрлар әлі де негізгі орында тұрған қазақ әдебиетінде проза жанры ғасыр басында енді-енді қолға алына бастағанымен өз қуаты мен күшін, шеберлік деңгейін бірден байқатты.

Жастардың басын қосу, біріктіру ел басындағы, жұртқа қадірлі тұлғалар міндеті екендігін де көрсетті. Қорыта келгенде, 20-ғасырдың бас кезіндегі Алаш қайраткерлері шығармашылығындағы концептілердің төмендегідей артықшылықтары болды. Бұл артықшылықтарды анықтап суреттеп, таным қалпы ретінде берген концептілердің қолданылуынадығы бірнеше ерекшеліктерді жіктеуге болады.

1. Қоғам өзгерісін 20-ғасыр басындағы қазақ жастары қалай қабылдап, өз ұстанымдарын қалай көрсетті деген мәселені аша отырып, бүгінгі заманмен сабақтастыру мүмкіндігінің тәуелсіз әдебиеттегі көріністерін көрсету үшін қажет.

2. Қазақ жастары қоғам өзгерісінің жақсы-жамандықтарын анықтауда ортамен байланыстары қалай болуы керек деген сұрақтарды анықтауда.

3. 20-ғасырдың бас кезіндегі Алаш қаламгерлерін шығармаларында қоғам қандай танымды қабылдау керек, ой-болмыс қандай деңгейде болуы қажет, қоғамдық сана үшін нені өзгерті міндет деген мәселелер суреткер көзімен бағамдап баға берді.

4. 20-ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері ұлттық құндылықтарды көтеру, елді жақсылыққа жеткізу жолындағы күрестерін жеке-дара емес, ұйымдаса көрінді.

5. Шығыс пен Батыстың ұлтты көтеру, елдік идеяны жаңғырту жолындағы игі тәжірибелерінен сабақ ала білді.

6. Алаш қайраткерлері ұлтты көтеру, өткендегі жұрт құндылықтарын қайта жасауда жаңа сипаттағы баспасөз, оқу-ағарту, қоғамдық-саяси ісін дүниеге әкеліп дамытты.

7. Ұлттың рухани байлықтары мен материалдық байлықтарын тең ұстау – ұлт болашағының кепілі деген идеяны көтерді.

8. Ұлттық мемлекет болудың нақты бағдарламасын көркем әдебиетте көркем кестемен жасай отырып, қазақтың ұлтты сақтауының негізгі ой-түйіндерін берді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет – Астана: «Фолиант», 2002, -474 б.

2 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка - Москва // Известия РАН ИНИ ТИ, 1992, С.21-24

3 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: оценка, событие, факт – Москва, «Наука», 1988, С.339

4 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты – Алматы: «Ғылым», 1997, -272 б.

5 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Кітапта Ақ жол – Алматы: «Жазушы», 1992, 482 б

6 Жұмабаев М. Шығармалары – Алматы: «Жазушы», 1990, -387 б.

7 Дулатов М. Шығармалары – Алматы, «Жазушы», 1992, – 418 б.

## **М. МАҚАТАЕВ ПЕН Н. ОРАЗАЛИННИҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҒАРМАН ЕРЕКШЕЛІГІ**

ЖҰМАБЕКОВА Г. А.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ поэзиясында табиғаттың жырлануы мәңгі толастамас тақырыптардың бірі, тіпті бірегейі болып табылатыны сөзсіз. Өйткені, лирикада табиғаттың жырлануы басты рөл атқарады, әрі лириканың барлық түрлеріне сәулесін шашып, лирикалық қаһарманның бейнесін ашуға қызмет етеді. Сондай-ақ, өлең мазмұнын, ой-мұратын, көркемдік сапасын да айқындауға септігін тигізеді.

Қазақ поэзиясының «алтын қорына» айналған Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері, оның ішінде табиғат туралы жырлары өзіндік қайталанбас бітіммен назар аудартады. М. Мақатаев өлеңдерінің дені табиғатпен тығыз байланысты. Қазақ лирикасында табиғат пен адам арасындағы нәзік үндестікті жырлау Мұқағалида жаңа биікке көтерілгені белгілі. Ақынның лирикалық қаһарманы табиғатпен сырласушы, табиғатпен ойын бөлісуші, әрі табиғаттан пана іздеуші ретінде ерекшеленіп отырады. Ақынның «Жас қайың» өлеңінде лирикалық қаһарманның жастық шағының бірер сәті көрінеді, мұндағы лирикалық қаһарманның өмірді тануын, тың

шығармашылыққа талпынып, қолдау күткендей әсер қалдырады. Жас қайың туралы «Қорексіз шөлдеп налып тұр» - дегенде, автор қайыңды емес, адамды меңзеп тұр. «Күтпесе егер жастайын, // Өсуден мәңгі қалып тұр» - деуінен «Адамның жастық шағы нағыз өсудің, жетілудің кезеңі, ендеше соны күтіп, аялай біліңдер» деген әсерге жетелейді. «Жасайын қорған гүліне» - тармағында астарлы мағына жатыр. Ол – гүлге қорған болып, қорғағысы келуі лирикалық қаһарманның жас гүлді, өсімдікті сүюін әйгілеуге қызмет етіп тұр. Ақын «жас қайың» арқылы лирикалық қаһарман бейнесіне назар аудартқызып, «Өсіп келе жатқан балаусаны күте біліңдер» - деген ой айтады. Талдауымыз түсінікті болу үшін өлеңді толығымен оқып көрелік:

Жаңадан өскен жас қайың,  
Қорексіз шөлдеп налып тұр.  
Күтпесе егер жастайын,  
Өсуден мәңгі қалып тұр.  
Жасайын қорған гүліне,  
Жаңарып өссін жас қайың.  
Су жіберіп түбіне,  
Тіршілікке бастайын [2, 50 б.].

Автор небәрі екі шумақтық жырында адамдарды қадірлеу, қастерлеу, жастық шақты бағалау, т.с.с. сезімдерді аша білген.

Ғалым Р.Нұрғали «Көркемдік қуат» мақаласында Н.Оразалиннің өлеңдерін жоғары бағалай келіп, былай дейді: «...Жүйе-жүйесімен, сала-саласымен өрілген өлеңдер – ақынның дүниеге деген көзқарасын, өмірге деген ерекше ынтызарлығын, азаматтық пен адамгершілікке деген ізетін аңғартады. Сондай-ақ сәл нәрсеге еліккіш, тым әсершіл ақын жаны, әр қилы көңіл әуені, сезім иірімдері ақтарылып төгілген қыр болып, оқырманның жан-жүрегін баурайды» [1, 241 б.].

Қазақ әдебиетінде «қайыңды» жырлау жиі кездеседі. Нұрлан Оразалиннің өлеңдерінде «қайыңның» қалай бейнеленгеніне зер салайық.

Жұлдыздар-ай!.. Биікте елендеген,  
байқандаршы, батты мұң, шемен-денем.  
Жапырақсыз жас қайың қабаржып тұр,  
қашар ма екен бір күні менен де өлең?!  
Мұң оранған мына үнсіз атырапты-ай,  
найзағайын неге аспан жатыр атпай?!  
Қашар ма екен бір күні менен жастық  
жел үрлеген күздегі жапырақтай?!.

Ойларымды қайырдым өрісіне,  
жасыл жарық, үніліп көр ішіме!  
Айтындаршы! Бас қатты...  
Ғұмырымның дұрысы не?  
Біле алмай терісі не?!  
Арқа қысса болар ма сезінбеуге?!  
Арман...  
Жүрек...  
Күні-түн безілдеуде.  
Артығы не?  
Білмеймін кемі қайсы?  
Қол созуда биікке сезім-кеуде.  
Жұлдыздар-ай!.. Ғарышқа елендескен,  
Ғашық-жүрек жетелеп, келем көшпен.  
Жапырақсыз жас қайың жабырқатты...  
Өлең қайда кетпекші менен көшкен?  
Айтындаршы, жұлдыздар, елендескен?! [3, 152 б.].

Ең алдымен, бұл өлеңде табиғатпен сырласып, тілдесетін М.Мақатаевтың стилін аңғарамыз. Екіншіден, М.Мақатаев сияқты Н.Оразалин да қайың арқылы жастық шақты жырлап отыр. Бірақ, екеуінің өзгешелігі сонда, Мұқағалида қайың жас, жаңа жетіліп келе жатқан бейне болса, Нұрланды жастық шағы өтіп бара жатқан, жапырақсыз қалған қайыңның күйі көрсетіледі. Жас қайың арқылы лирикалық қаһарманның бір мезеттегі сағынышы, қамығуы, жабырқау сезімі және мазасыздығы қабағат көрінеді. Лирикалық қаһарманның табиғатқа мұң шағып, жастықтың кетіп бара жатқанына қынжылады. Лирикалық қаһарманның мұндай сезім, күйін күздегі жерге түскен жапырақтың «қамыққан» қалпына теңейді, соған лирикалық қаһарман мұнаяды. «Өріске қайыру» тіркесі қазақты танымға етене жақын ұғымды білдіреді, осы ұғымды Нұрлан ақын «Ойларымды қайырдым өрісіне» - деп, ұтымды қолданып, қазақ әдебиетінде тың тіркес жасаған. Өлеңнің «Жапырақсыз жас қайың» аталуында бір мән бар. Жас қайыңның жапырақсыз болуы көз алдымызға лирикалық қаһарманның жабырқау шақтарын, бір қобалжуды елестетеді. Сол қобалжитын күйіне жауап таппаған лирикалық қаһарман табиғатпен сырласуды қалайды. Жұлдыздарға мұңын шаққысы кеп, өзін жапырақсыз қалған жас қайыңдай сезінеді. Ақын табиғаттағы болатын құбылысты (күздің келіп, жапырақтың түсе бастауын) адам өмірінде болатын шақтармен (жастық кезі өтіп, қартай бастауды) салыстырып, олардың ұқсастығын әйгілегісі



келеді («Қашар ма екен бір күні менен жастық // Жел үрлеген күздегі жапырақтай?!»). Бұл өлеңде лирикалық қаһарманның қайғысы, шер-шемені басым болғандығымен, соңғы шумақта лирикалық қаһарман үмітінің үзілмеуі, өзін-өзі өлеңмен жұбатуы, өз-өзіне дем беруін «Қол созуда биікке сезім-кеуде» тармағынан байқауға болады. Лирикалық қаһарманның кейбір сәттерде торығып, камықса да, өлеңнен ешқашан қамықпайтынын, өлеңнің жабырқатпайтынын сездіреді. «Өлең қайда кетпекші менен көшкен?» тармағынан ақынның басты позициясын түсінуге болатындай, демек, «өлең-ақын егіз ұғым», өмірдің өзі өлең-жыр екендігін ақын жақсы түйсінеді. Жырдағы лирикалық қаһарман бірнеше қырынан көрінеді: ең бастысы – жан күйзелісі емес, тебіренісі, сондай-ақ әлдебір нәрсеге толқуы («Ойларымды қайырдым өрісіне, // Жасыл жарық, үңіліп көр ішіме! // Айтындаршы! Бас қатты... // Ғұмырымның дұрысы не? // Біле алмай терісі не?!»), ал «Арман...// Жүрек...// Күні-түн безілдеуде» өлең жолдарында бір ғана «безілдеуде» сөзінен лирикалық қаһарманның бір нәрсеге аландауын, абыржуын көреміз. Өлеңде кездесетін «жапырақсыз жас қайың», «жұлдыз», «ғашық-жүрек», «сезім-кеуде» сөздері мен сөз тіркестері лирикалық қаһарман сезімін, автор ойын ашуға бағындырылған. «Ой қаруы – сөз» дегендей бұл ақынның шеберлігін, ақын ойының ұшқырлығын, жүйелілігін, сөзді өз орнымен ұтымды қолдануын, сөйтіп поэзияның көркемдік сапасын көтере білуін, яғни Нұрлан Оразалиннің ешкімге ұқсамайтын даралығын, стилін танытады.

Мұқағали Мақатаевтың лирикалық қаһарманы өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінеді, табиғатпен мұндасып, сырласады. Лирикалық қаһарманының ерекшелігі – табиғаттан пана іздеп, онда мұң басымырақ болса, Нұрлан Оразалиннің лирикалық қаһарманы – күрескер ретінде біраз еркешеленсе де екі ақында ұқсастық та бар, яғни екеуі де табиғаттан пана іздейді. Н.Оразалин лирикалық қаһарманы қоғамдағы пендешіліктен алыстап, өзін аулақ ұстауға тырысады. Пендешіліктен гөрі табиғатпен болғанды ұнатады, табиғат қалай таза болса, өзі де сондай болуға талпынып, тырысады. Сондықтан да ақынның лирикалық қаһарманы үнемі биіктікті қалап, табиғат аясында ғана жаны рахаттанады және бір ерекшелігі – басқа ақындарға қарағанда Н.Оразалинда авторлық позиция басымырақ түседі. Сонысымен де көзге түседі. Демек, Нұрлан өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның ішкі ой-арманы, барлығы табиғат құбылысы арқылы кең ашылып, танылап отырады.

Қорыта келгенде, Н.Оразалин мен М.Мақатаевтың табиғат лирикасындағы үндестік екі түрлі жырланғанымен, ой-мұраттары бір жерден шығып, адам шағындағы елеулі кезең – жастық шақты бекерден-бекер босқа өткізіп алмау қажет деген ортақ ұғымға саяды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том. Жыр кітабы. А: Жазушы, 2006. 416 б.

2 Мақатаев Мұқағали. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 1-том. А: Жалын, 2006. 320 б.

3 Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 1-том. Жыр кітабы. А: Жазушы, 2006. 368 б.

### ТАРИХИ РОМАНДАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ «СОҢҒЫ КӨШ» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫ БОЙЫНША)

ЖУМАЛИНОВА С. М.  
студент, ПМПИ, Павлодар қ.  
ОРАЗХАНОВА М. И.  
ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

«Соңғы көш» дилогиясы (I кітабы) – жазушының 1974 жылы жарық көрген екінші көлемді шығармасы. «Соңғы көштің» негізгі идеясы жазушы сонау Қытайда өмір сүріп жүргенде туған. Оның мазмұнына келетін болсақ роман оқиғасы Шығыс Түркістан республикасының мемлекет болудан қалып, 1950 жылы Қытай Халық азаматтық армиясының Тарбағатай аймағына кіруінен басталады да, алпысыншы жылдары Қытайдағы социалистік қоғамның заңдылықтарын аяқасты еткен желбилеушілерді арандатушылық саясаты тек Қытай халқына ғана емес, аз ұлттарға, соның ішінде қазақтардың да басына қара дауыл боп соғып өтті. «Соңғы көш» дилогиясының бас қаһарманы кім дегенде, ол – алданған, опық жеген, ақыры тағдырдың тәлкегіне ұшырап, туған жерден ауа көшкен бұхара халық десек болады. Романның бірінші кітабында сол халықтың әлеуметтік құрамы, тұрмыс күйі, азаттық жолындағы күресі желі болып тартылған. Әрине, халық деген жалпы ұғым. Көркем шығарманың негізгі

объектісі – адам екені түсінікті. Адам обзары жасалмаған жерде ғалым жаңа фактілер жиынтығына, белгілі белгілі идеялардың ана рупорына айналып кетуі оп-оңай. Мұндайда ең дұрыс тәсіл халық басындағы трагедияны жеке адамдардың тағдыры арқылы көрсету болса керек. «Соңғы көште» басты кейіпкерлер ретінде көрінетін Естай, Нұрбек, Жолбарыстар, жазықсыз мерт болған Тұрсын, Шәкен, Нартайлар, алуан тағдыры Қанағат, Ұзақ, Жағыпарлар – сол халықтың типтік өкілдері. Романда баяндалған оқиғалардың барлығы да, міне, осы адамдардың тағдыры да, ара қатынасы, көкірек көзі арқылы өтіп жатады. Бұлардың ой-өрісі, білім – түсінігі, қоғамдық көзқарасы, күрес тәсілдері түрлі-түрлі болғанымен, бастарына түскен тағдыр ортақ – бәрі әділетсіздік құрбандары, жазықсыз жәбірленушілер. Бұл адамдар қанша қайсар болғанымен, өмірде өз қарсыластарын жеңе алған жоқ, жеңуі де мүмкін емес еді. Автор романда осы шындықты ұстанады. Романның екінші кітабы 1981 жылы жарық көреді. Мұнда халықтың ашық қарсылық көрсеткен саналы тобы жазықсыз оққа байланып, жазалау лагеріне айдалып, қаталдық құрбаны болып кетеді де қалғандары бостандыққа ұшырап, көрші елдерге бас сауғалауға мәжбүр болады.

«Соңғы көштің» екінші қабаты жарық көрген соң, Жұмаділов біржола кеңсе қызметін тастап, бірыңғай шығармашылық қызметін қайта бастады.

Әрбір жазушы, егер ол шын суреткер болса, әдебиетке өз өмірбаянын, өз тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының қолтаңбасы, стилі, концепциясы дегендер де осы тақырып ерекшелігінен келіп туындайды. Алайда, жазушының сол төл тақырыппен табысуының өзінде өмірде біркелкі бола бермейді. Асылы, жазушының өмірбаяны неғұрлым бай, неғұрлым бұралаң болса, солғұрлым пайдалы ғой. Бұл жағынан алғанда жазушы Қ.Жұмаділовтің тағдырға шығар жайы жоқ. Ол: «Кейде болашақ шығарманың материалын үздіксіз ізденіс үстінде, құм арасынан кебек алатын елегендей өмірді тілетіне зерттеп жүріп табатын болсаң, енді бірде тағдырдың асау толқыны сені өзімен бірге дөңгелетіп алып кетеді де, бастан кешкен, өзін тірі қуәсі болған сан алуан оқиғалар тыным таптырмай, қолыңа еріксіз қалам ұстатады. Азды – көпті шығармашылық тәжірибеде менің басымнан осы екі жайдың екеуі де өтті. «Көкейкесті», «Атамекен» романдары бүгінгі заманға арналған әңгіме-повестерде өмір материалдарын сұрыптап зерттей жүре, тақырыпты өзім іздеп

тапсам, «Соңғы көш» дилогиясын менің пешенеме тағдырдың өзі әкеліп танды деуге болады» - деп жазады [1,38 б.].

Жазушы осы ғасырдың жуан ортасына дейін қазақтың көшпелі өмір қалпы құрамай сақталып келген сонау шығыс Түркістан жерінде туып өскен. Өркениеттен шалғай жатқан елдің тұрлаусыз тағдыры, құландай үріккен көшпелі халықтың шекараларды көктей өтіп, әрі-бері жөңкілуі, ұлттық езгі мен отаршылдық саясаттың түр-түрі, қуғын-сүргін, атыс-шабыс, түрме, ашаршылық, ақыры қорлыққа шыдамаған момын халықтың тоз-тоз болып бастандыққа ұшырау бәрі-бәрі жазушының бастан кешкен, дәмін татқан жайлары. «Соңғы көшке» міне, осы оқиғалар арқау болды. Сондықтан да Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» роман-дилогиясы, жай жазушылық өнерден туған кезекті көп кітабының бірі емес, оның бүкіл өнері, төтенше тағдыры десек те болады. Көлемді дүние – «Соңғы көш» атты романды автордың ұзақ уақыт зерттеп, тексеріп, сұрыптап алған материалдарын негізінде шындығы байқалады.

Шығармаға арқау болатын тіршілік көріністерін тарихи деректерден архивтен қазыналарынан, газет-журнал беттерінен, ескі көз, көрі құлақ естеліктерін алу бір арна болса, өзі басынан кешкен, көрген, жақсы білетін жайларды қағазға түсіру – екінші арна.

Автор романға өзек етіп алған өмір құбылыстарын сырттай бақылап, жалдағай суретші емес, анық, жақсы білетін жағдайларды, бастан кешкен, көзбен көріп, қолмен ұстаған жағдайларды жазған. Шығармада қазақ әдебиетінде бұрын шет пұшпақтап айтылған қиын, әрі тың тақырып көтеріліп отыр.

Мұнда Шығыс Түркістан аталатын аймақты мекендеген қазақтардың тағдыры бейнелеңді.

Автор арғы, көне замандар оқиғасын қозғамайды, шығарма өзегі осы ғасырдың 50-жылдарының шындығы.

Жазушы Шығыс Түркістан ежелден ұйғыр, қазақ, қалмақ, дүңған секілді халықтардың атамекені, бұлар ешқандай қашып, ауып келген жоқ деген ойды айтады. Осы халықтардың тілінде қойылған қала, қыстақ, тау-тас, өзен-көл, жер-су аттары, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ата-баба бейіттері, тарихи документтер, көне ескерткіштер – мұның бәрі қашан болса да, кім үшін болса да бұлтартпас дәлелдер. [2, 55 б.].

Роман басталғанда Қытай мемлекетіне қарайтын Тарбағатай аймағындағы қазақтың найман елінің бір тармағы Төртуыл

ішіндегі ру таласынан туған жұмыс-тартыстың үстінен түсеміз. Үлкен мақсатқа, ұлттық тұғырға әлі жетпеген жандардың берекесіз, мәнсіз тайталасы. Екі рулы елдің әңкі-тәнкісін шығарып, өртке от қойған болымсыз, бәрі кішкентай оқиға. Қожанасыр мінезді, зуылдаған сөзшең Ұзақ арық суын ағызам деп жүріп, Қарамеңде мен Жұмықтоғас руларын атыстырып-шабыстырып қойғанын өзі де сезбей қалады. Екі атаның жігіттерінің түкке тұрмайтын, майда-шүйде нәрсе үшін бір-бірімен жауласуын автор мысқылдай суреттейді.

Бұл кезде бүкіл Қытайда дүниежүзілік мәні бар тарихи оқиғалар жүріп жатқан гоминданшылар жеңіліп, жер-жерде өкімет басына басқалар келген. Осы өзгерістердің дүмпуі қиян шеттегі аймақтық қала Шәуешекке жетіпті.

Жазушы көп жағдайларды гимназия студенті, Тарбағатай аймағына атағы жайылған белгілі Қанағат бидің ұлы Естайдың көзімен береді. Тұрмыстық детальдар, этнографиялық жайлар негізінен қамтылған.

Шәуешек қаласын қытай әскерінің кіруі «Қарсанда» деп аталатын бірінші бөлімнің орталық оқиғасы.

Ұлт-азаттық көтерілісінің нәтижесінде Шығыс Түркістанда мекендейтін ұйғыр, қазақ, дүңған, қалмақ сияқты халықтардың гоминданшыларды қуып шығарып, қыркыншы жылдардың аяғында билікті өз қолдарына алғаны белгілі. Бұл тарихи жеңіске Октябрь идеяларының ерекше қызмет атқарғанын автор айқын жазады. Гимназияның мұғалімдері тұрсын Нұрбек секілді өзі оқыған адамдардың өзі қаладағы өзгерістерді бірден түсіне алмайды. Жаңа басшылардың келуіне байланысты ашылған жиналыс үстінде мінезі жағынан сәтті табылған бейне – Нартаймен танысамыз. Бұл кешегі ұлт-азаттық көтеріліс кезінде батырлығымен қалың жұртқа танылған ел еркесі. Сөзі мен ісінің арасында айырмашылық жоқ, шойыннан құйылғандай тұтас тұлға. Саяси білім, әлеуметтік тартысты ұғынуы әлі терең адам емес екені рас. Гоминданшылар тізесі көк болғандықтан болар, қытай атаулылар сенімсіздікпен қарайды. [3, 45 б.].

Бірін-бірі қырып жоймақ болып, арыз айта келген Қарамеңде, Жұмынтоғас рулары қалаға кіріп жатқан қалың әскерді көргенде, ұсақ-түйек өкпені қойып, құшақтасып татуласуын автор сенімді бейнелеген.

Кітапта қазақтың шешендік өнерінің кейбір өрнектері колданылады. Романда әр тұста беріліп отырылатын билер сөзінен

фольклор дәстүрінің жақсы сабақтарын, халық айшықтарын аңғарамыз. Жазушы мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерінің қанатты оралымдардың пайдаланған. Бұл авторлық баяндауда да, кейіпкерлерді диалогтарынан да көрініп тұрады.

Назар салған адам екінші бөлім композициялық жағынан басқа бөлімдерге қарағанда өзгеше ыңғайда екенін байқайды. Кейіпкердің өткенді есіне түсіруі ой ағымы арқылы берілетін эпизодтарда Шығыс Түркістан тарихына байланысты жағдайлар, қызықты деректер, тартымды фактілер бар. Еңбастысы әр түрлі тіршілік суреттері көз алдымыздан өтеді.

Гимназия директоры Нұрбек тағдырында жаралы жылдар ізі жатты. Азамат соғысы кезіндегі аласапыранда, колхоздастыру дүрбеленінде ұйыған халықтың іргесі сөгіліп, шетелге көш қашты. Жауласып, мылтық алып, қылыш суырып кеткендер қанша? Адасып, бекер сандалғандар да аз болмады. Нұрбектің әкесі осындай адасқандардың бірі. Автор Қытайға қашып барғандардың трагедиясын бірер көрініспен ғана бейнелемей, тереңдеп, жан-жақты суреттегенде дұрыс болатын еді. Ес білмейтін бала кезде елден кеткен. Нұрбек кейін жігіт болғанда Ташкент университетінде оқып білім алады. Ол өзінің педагогтық практикасында, ғылыми зерттеуінде Совет Одағының тарихи прогрестік миссиясын үнемі ауыздан тастамай айтып отырады. Тау жайлап көшпелі қазақ ауылдарының тұрмысымен, әр түрлі адамдармен үшінші бөлімде етене танысамыз. Автор негізінен Қанағат ауылының төңірегін бейнелейді. Қарақатқа бару, алтыбақан, көш салтанаты – бұларды жазушы көзге елестетіп, есте қалатын жақсы суреттермен берген. [4, 123 б.].

Саяси мәнді оқиғалар Шәуешек қаласына келген жаңа үкімет ықпалымен туа бастайды.

Автор бейнелеген Қытай коммунистері Ли-хүн мен Ла-Не бір-біріне түс-түс жағынан да, мінез-құлық жағынан да адамдар аймақтық партия комитетінің хатшысы Ли-хүн марксизм-ленинизм профессионал революционер, интернационалист. Ол былай дейді: «Біз болашақ билікке бір-ақ жолмен ғана қол жеткізе аламыз. Ол – Совет Одағының сыннан өткен халықтардың достығы, таптық туысқандық». Ли-хүн қырды аралауға шыққанда өзіне таныс емес әдет-ғұрыптарға оқырына қарамайды, ұғынсам, түсінсем дейді. Бұл қытай халқының жақсы қасиеттерін бойына жинаған кісі.

Лан-кешовинизм ауруына шалдыққан кесір, жер жүзіне қытай билігін орнату – оның арманы. Қытайда кейін Хунвейбишілікке

басқа да толып жатқан теріс жолдарға апарған ағымдардың қалай басталғанын айтылмаш романның аңғаруға болады. Халықтың бұларға алғы қарсылығы батыр Нартай әрекеттері арқылы берілген. [5, 233 б.].

Қара бастың қамын ғана ойлайтын, ел-жұрт мүддесін сатқан офицер Ермек Лан-көнің қолтығына кіріп алған. Бұл екеуі талай жазықсыз жандарды шырылдатырында сөз жоқ. [6, 198 б.].

Заман ағымын аңғармай бай Нұғыман қырдағы малды шығындап, Шәуешектен үй салып алып, ақша жасай бастаған. Халық батыры Нартайды ұстап беруші - осы опасыз Нұғыман. Жаңадан тапқан тыңшылық.

Балжан, Сақышжамал, Фаия, Зипа, Дүрия секілді әр түрлі тағдырлары бар әйелдер, Естай, Жолбарыс секілді жастар, Ережеп, Қожан секілді журналистер, Қанағат, Жақып, Төлеубай секілді билер Тұрсын, Нұрбек секілді оқығандар – романда осындай әр түрлі персонаждар бар. Автор қысқа ықшам қайыратын тұтстарда көп сөзділік кемшілігіне ұрынған. Ақтардың басқыны, Тимофейге байланысты әңгімелер негізгі сюжеттен бөлектеніп тұр. Кейіпкерлер сөзімен айтылатын жайттар кейде ұзақ, созолақ, мінезді аша алмайтын қызыл көз болып кетеді. Қ.Жұмаділовтың саяси-әлеуметтік мәні үлкен тақырыпқа реалист жазушының тұрғысынан, идеялы принциптермен келгенін ашып айту керек.

Ауыл арасының әңгімесі емес, басқа мемлекеттің оның ішінде бүгін қиян-кесті оқиғалар болып жатқан Қытай елінің өмірінен алынып жазылған «Соңғы көш» романы актуальды туынды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмаділов Қ. «Көкейкесті». Роман. Алматы, «Жазушы», 1969 жыл
- 2 Жұмаділов Қ. «Соңғы көш». Роман. I – кітап. Алматы, «Жазушы», 1974 жыл
- 3 Жұмаділов Қ. «Соңғы көш». Роман-диалогия. II-кітап. Алматы, «Жазушы», 1981 жыл
- 4 Жұмаділов Қ. «Атамекен» Роман. Алматы, «Жалын», 1985 жыл
- 5 Жұмаділов Қ. «Екі томдық шығармалар», I-том, роман, повесть, әңгімелер. Алматы, «Жазушы», 1989 жыл
- 6 Жұмаділов Қ. «Екі томдық шығармалар», I-том, Повесть. Алматы, «Жазушы» 1989 жыл

#### АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ «МАХАББАТ» КОНЦЕПТІСІ

ЖҰМАБАЕВ Д. М.  
студент  
ШАҚАМАН Ы. Б.  
ф.ғ.к., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

Тіл білімінде «концепт» термині алғаш рет ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қоршаған орта құбылыстарын тіл әлемінде бейнелеу мәселелерін зерттеуге байланысты пайда болды. Соңғы жылдары тіл білімінде «концепт» теориясы лингвистикалық сипатта нақты, жан-жақты бір тілдің ішіндегі материалдар негізінде де, туыс немесе туыстығы жоқ әртүрлі тілдер материалдары негізінде де салыстыра-салғастыра зерттеле бастады. Ғылыми еңбектерде «концепт» ұғымына берілген әртүрлі анықтамалар кездеседі. Әсіресе, бұл ұғым орыс тіл білімінде кеңінен қарастырылған. Мысалы, В.А.Ларин концептіні тілдік тұлғаның танымдық деңгейлерінің басты бөлшегі ретінде танып, ғаламның тілдік моделін беруші ұжымдық сананың қозғалысын анықтаушы бірлік екендігін айтса [11, 20 б.], В.С.Кубрякова «концепт – адамның санасында, психикалық жүйесінде қалыптасқан әлем бейнесінің мазмұндық бірлігі» деп түсіндірсе, ал В.А.Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп әрі қарай таратып береді [12, 12 б.].

Сонымен, «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [9, 15 б.].

Зерттеу жұмысымызда ақын Абай қарасөздерінде қолданыс тапқан «махаббат» концептісі когнитивтік бірлік ретінде алынып, ақынның махаббат, ғашықтық, сүйіспеншілікке деген көзқарасы мен оны қабылдауы, ақын шығармаларындағы махаббат ұғымының өзіндік қолданыстық ерекшеліктері, басқа ақын-жазушылардың шығармаларындағы сүйіспеншілік тақырыбына арналған шығармалардан өзгешелігі мәселелері қарастырылған.

Бүгінгі күнге дейін Абай шығармашылығы филологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттелінген. Абай – қара сөз шебері. Қарасөздерде «махаббат» концептісі әртүрлі формада берілген.

«Махаббат» концептісінің Абай қарасөздеріндегі қолданыстық өрісі мен қызметтік аясына тоқталмас бұрын, біз ең алдымен,



«махаббат» концептісінің әртүрлі сөздіктердегі қызметін қарастырдық. Мәселен, 1983 жылғы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» VII томындағы анықтамасы «күштарлық сезім, ықылас», - деп берілсе [7, 148 б.], 2008 жылғы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»:

- әйел мен еркектің бір-біріне деген күштарлық сезімі, сүйіспеншілік;

- ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы тұрғысынан анықталған [6, 584 б.].

Сондай-ақ, қазақ тілінің кейбір жергілікті ауызекі сөйлеу ерекшеліктерінде махаббат сөзін махабаттау диалект сөзімен алмастырылып айтылады. Бұл говор Шығыс Қазақстан облысында (Семей қаласы, Абай ауданы) қолданылады [5, 504 б.].

Махаббат концептісінің қарама-қарсы антонимдік мағынасы да кездеседі. Антоним: ғадауат (махаббат ғадауатпен майдандасқан (Абай)), жек көрушілік, мейірімсіздік, қаскүнемдік, дұшпандық, каталдық сөздері анықтайды.

Когнитивтік тіл білімінде концепт ұғымымен қатар фрейм ұғымы да қатар қолданылады. «Фрейм» терминін алғаш рет ғылымға енгізген америка ғалымы М.Минский.

В.А.Маслова фреймге: «Фрейм – жадыда сақталған түсініктер мен санада қордаланған білім құрылымының типі, сондай-ақ адамның өмірлік тәжірибесінің белгілі бір фрагменті жөніндегі ақпарат» - деп, анықтама беріп өтеді.

Осы анықтамаға сүйенген халде біз «махаббат» концептісінің фреймдеріне аш адамның ас-ауқатқа, шөлдеген адамның суға, шаршаған адамның ұйқыға деген махаббаты; ата-анаға, туған-туысқа деген махаббат; жануарға, төрт-түлікке деген махаббат; досыңа деген махаббат; отанға, туған жұртыңа деген махаббат; жарыңа, балаңа деген махаббат; табиғатқа деген махаббат және т.б. жатқызып өттік.

Ө.Болғанбаевтың 1962 жылғы «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігінде» «махаббат» концептісінің синонимдері махаббат, достық сөздерімен берілсе [4, 226 б.], соңғы 2007 ж. шыққан С.Бизақовтың «Синонимдер сөздігінде» синонимдер мына ретпен берілген: сүйіспеншілік, ғашықтық, асықтық, күштарлық сезім, ынтықтық көңіл, ыстық ықылас, құмарлық, жақсы көру, ұнату [3, 395 б.].

Абайдың бізге жеткен қарасөздері қырық бес бөлек болып басылған. Мазмұны жағынан бұл сөздер ақын өлеңдерімен сарындас келіп, терең оймен озық идеяға негізделіп жазылған. Абайдың қарасөздері абайтануда жанр, стиль мәселесі, қазақтың жаңа жазба

әдеби тілін қалыптастырудағы орны, Абай шығармашылығындағы дін жайы, дүниетаным мәселелері, т.б. жөндерден белгілі бір деңгейде қарастырылып зерттелді.

М. Әуезов Абайдың қарасөздері 1890 жыл мен 1898 жыл аралығында жазылған деп көрсетеді. Белгілі әдебиет тарихын зерттеуші, абайтанушы Б.Кенжебаев Абай қарасөздерінің теориялық тұрғыдан негізделуінде 1955 жылы бірнеше мәнді мәселеге назар аударды. Ғалымның қарасөз жанрлары туралы айтқан пайымдамаларында қисынды ой, дұрыс бағдар, табылған тоқтам аз емес. Алайда, осындағы көп жай абайтанудың былайғы дамуында, қарасөздердің ендігі зерттелуінде көп ескеріле бермеген. Б.Кенжебаев Абайдың қара сөздерінің “Ғақлия” деп аталып жүргеніне, тегінде Абайдың қара сөздерін ғақлия деп қана атау дұрыс емес деп уәж айтады. “Өйткені ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихаттау сөздер. Абайдың қара сөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34, сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал – ғақлия болып келеді. Естуіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана “Ғақлия” деп атаса керек” [1, 192 б.] деген. Ғалым Абайдың қара сөздерінің ара-тұра нақыл, мәтел сөздер – изречение, афоризм деп айтылатынына да қосылмайды. Абайдың 37-қара сөзі ғана билер сөзі тәрізді шыққан нақыл мәтел, афоризм дейді. Белгілі қисыны, ұйқасы, ырғағы бар тақпақпен айтылатын түйдек ой. “Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан көріден еңбегін сатқан бала артық”. Б.Кенжебаев Абай қарасөздерін ғылыми трактат деуге де толық қосылмайды. Ғылыми ой, талдау 17, 19, 27, 36, 38, 43 сөздерде ғана дейді. Мұны Абай өзі “Тастих” деп атағанын ескертеді. Сонымен Б.Кенжебаевтың Абай қарасөздерінің жанры жайлы түйіні: “Біздіңше, Абайдың қара сөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда, көркем проза, көркем публицистика Эссе – жазба” [1, 143 б.]. Қара сөздің жанры туралы абайтанушы ғалым Ғарифолла Есім “Сөз жанры, - дейді. “Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол - сөз жанры. Ақынның қара сөздері нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан” [2, 129 б.].

Абайдың қарасөздері өлеңдері сияқты алуан түрлі мәселені қозғайды. Өлеңдеріндегі бай мазмұн қарасөздерінде де толық

қамтылады. Біздіңше, Абай сөздерін мазмұнына қарай, мынадай бес үлкен тақырып төңірегіне топтауға болады:

Қоғам құрылысы, ел билеу жайын көп қозғайтын сөздері.

Оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие мәселесі туралы сөздері.

Еңбек, шаруа жайларын әңгімелейтін сөздері,

Адамгершілік, мораль жайларын көрсететін сөздері.

Дүние, өмір туралы ойлары мен дін мәселелерін түсіндіретін сөздері.

Абайдың қарасөздерінде әңгімеленетін басты мәселелердің бірі – оқу, өнер, білім, тәлім-тәрбие жүйелері. Қарасөздерінің жиырма шақтысы осы ағартушылық пікірді қозғап отырады. Олардың ішінде «Екінші сөзі», «Сегізінші сөзі», «Оныншы сөзі», «Он сегізінші сөзі», «Он жетінші сөзі», «Жиырма бесінші сөзі», «Отыз екінші сөзі», «Отыз сегізінші сөзі», «Қырық үшінші сөзі» оқу, өнер-білім мәселесін көбірек қозғайды. Қарасөзінде оқу, өнер-білімсіз надандыққа қарсы шығып отырды. Адамның санасы, бірінен-бірінің озықтығы осы білімі асып, өнері артқандықпен білінеді деп, оны адамшылықтың өлшеуіші ретінде түсінді. Абай ғылымға жетілудің ең қажетті екі факторы болады деп көрсетеді. Бірі, адамның өзіне байланысты ішкі фактор да, екіншісі, өмір, тұрмыс жағдайларына байланысты сыртқы фактор. Ішкі факторлар – адамның өзінің талаптылығы, мейірленіп, жігер сала ынғамен іздену, иждаһаттана тырысу, есіткенді ұмытпау, төзімді болу. Осы ішкі фактордың Абай өзінің «Отыз екінші сөзінде» ғылымға талаптанушыларға арнап мынадай шарт барын айтады: Ғылымды шын мейірленіп, көңілге махаббат тұтып іздену. (Өгей ананың мейіріміндей шала мейір емес, тапқан ананың мейіріміндей). «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.» Мұнда ғылымға, білімге шын махаббатпен, мейірімділікпен қара деп айтады. Ғылым қуған адам тапқан білімін берік ұстап, білген үстіне біле беруге тырысуы керек дейді. Адам танымаған нәрсесін танып, біліп жанына рақат тауып, соның өзін дәулет тұтуға тиіс екенін ескертеді. «Білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп, үміттенген құмар махаббат пайда қылады. Сонда әрбір естігенінді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады», - дейді «Отыз екінші сөзінде». Абай «Отыз сегізінші сөзінің» бір жерінде ғылыммен шұғылданып, ынтық болған адам шындыққа негізделген дүниәуи, әр нәрсенің түбін білерлік ғылыммен айналысуы керек, ол Алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылым. Соған ықыластанса, адам тез жетіледі» - деп ашық айтады.

Махаббат концептісінде келтірілген бойды шымырлатып, тілді байлап, буынын босатып, буынды құртып деген етістікті басыңқы сыңарлы сөз тіркестері екі жастың махаббатында болатын сезім күйінің жоғары мотивін көрсететін болса, қайғы шеккен адамның күйін бейнелейтін тура осы сөз тіркестері Абайдың 5-қарасөзінде: «Қайғы көрген кісінің қайғысы өзін де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» тіркестерімен айқындалады. Бұл жердегі бойды шымырлатып, буынды құртып, көзден жас болып ағады, тілден сөз болып шығады деген эмоционалды-экспрессивтік мән беруші етістікті басыңқы сыңарлы сөз тіркестерінен адамзаттың өмірден қайғы-қасіретті, қатты қуанышты сезінген кездегі сезім күйлерін көруге болады. Буынды құрту етістігі Абайдың тілдік тұлғасында қайғырған кезде жүретін бойдағы сезімді көрсететін тілдік бірлік екендігін аңғаруға болады. Махаббат сөзінің концептуалды мәні – ғашықтық.

Абайдың кейбір біркелкі қарасөздері оның дінге, дүниеге көзқарасын білдіреді. Қандай шығарма болмасын, ол жазушының дүниетану көзқарасын білдіріп отырады. Әр жазушы шығармасында өзінің дүние туралы ойын көрсетіп, Н.Г.Чернышевский айтқандай өмірге өзінің үкімін шығарады, бағасын береді. Абай өз кезіндегі кертартпа діни мистикаға – фанатизмге қарсы шықты. Халықты тағдырға бас игізіп, талапсыздандырып, жігерін құм қылып отырған исламның теріс жақты зияндылығын көрсетіп оны уағыздаушы – молда, ишандардың зұлымдық қылықтарын ашып, одан сақ болуға үндейді. Сөйтіп, халықтың бойына жігер беріп, көңіл көзін ашты. Абай өзінің негізгі наным бойынша құдайды мойындайды. «Отыз сегізінші сөзінде» ол Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына(өлшеуіне) ешкім жетпейді» дейді. Кейде Абай «Құдай», «Алла», «Хак» деген жеке сөздерге көп ұғым сыйғызып, өзгеше мән де беріп отырады. Бұл сөздерді тек өмірші құдай ұғымы ғана емес, қорғаушы күш, табиғат, жаратушы үлкен ақыл, ғаділет, ғылым, махаббат деген ұғымдар орнында қолданып отырады. Ақынның Құдай, дін туралы ұғымын «Отыз сегізінші сөзінен» айқын көруге болады. Ол Алланы былай түсіндіреді:

«Алла тағала өзі – «хақиқат жолы», хақиқат пенен растық қиянаттың дұшпаны»...» [13, 370 б.]. Ғылым Алланы бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр, болмаса: мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат – құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым, білімінің хақиқаты табылмайды» [13, 371 б.]

45-сөзінде Абай: «Құдай табарақа уатағаланың барлығының үлкен дәлелі, неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі » [13, 401 б.], - дейді. Сондықтан да Абай оны құрмет тұтып, құмарта нануды керек дейміз деп таныды. Бұдан кейін, Абай Құдайдың барлығына өзі күмән келтірместен, оған құлшылық етудің жаңа жолын ұсынады. Ол жолы Л.Толстойдың құдай туралы ойы мен оған махаббатпен құлшылық етуді керек қылатын талаптарына ұқсас келіп жатады.

34-қара сөзінде «Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десең, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен» » [14, 84 б.].

Немесе өлеңіндегі мына сөзі:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты  
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп,  
Және «хақ жолы осы» деп ғадаләтті».

Абайдың бұл пікірлері Л.Н.Толстойдың діни оқумен, дінге көзқарасымен тікелей байланысып, кей жерде үндес келіп жатады. Толстойдың «..Біз Құдайға құлшылық ете алмаймыз, өзіміз үшін тұрмыс шегіп, өзімізді асыраймыз... Құдай дегеніміз – махаббат... Кім сүймесе, ол Құдайды білмейді. Құдайға және адамға алтынмен емес, еңбекпен қызмет ет... Бірінді бірін сүйіндер, ағайындар» » [15, 108 б.], деген пікірлері Абай сөздерін оқығанда еске еріксіз түседі.

Қорыта айтсақ, концепт терминінің мағынасы – өте терен. Концепт туралы ғалымдар ойы – әртүрлі. Кейбір ғалымдар оны термин ретінде қарастырса (В.И.Карасик, С.А.Аскольдов), енді біреулері (Д.С.Лихачев, В.Т.Москвин) ұғыммен теңестіреді. Концепт негізінде адам білсем, көрсем, сезінсем деген оймен білім аясын жан-жақты кеңейте түседі. Зерттеп, зерделеген сайын тіл бірліктерінің мәнін ашып, соған көзін жеткізе түседі. Әсер ету күшін Б.А.Ларин концептіні тілдік тұлғаның танымдық деңгейлерінің басты бөлшегі ретінде танып, ғаламның тілдік моделін беруші ұжымдық сананың қозғалысын анықтаушы бірлік екендігін көрсетеді.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы – концепт бірнеше түрге бөлінеді. В.А.Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады.

«Махаббат» концептісі – адам өмірінде ерекше орын алатын табиғи дүние. «Махаббат – Алла» концептісінде Жаратқан Алла адамды сүйіспеншілік махаббаттан жаратса, адам баласы Алланы

сол рахымымен иманды болу арқылы Аллаға деген махаббатты туғызады. Екі ақын шығармаларында да махаббат сезіміне Алланың адамзатқа берген үлкен сыйы деп қараудың басымдығы көрінеді. Шынайы махаббат сезімі ішкі рухани жан тазалығымен үндесіп жатыр. Абай махаббатты – жалпы адамзаттық таным, түсінік деңгейіне көтерілген мәдениетті, адамгершілікті, ізгілікті ұлы сезім екендігін бағалайды. Оны Абайдың: Көрік – тәңірі дәулеті, Қылса ұнар құрметі. Сұлуды сүйемектік – Пайғамбар сүндеті, – деген айшықты жолдарынан кездестіруге болады.

Ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік ақын шығармаларының өзекті тақырыптарының бірі. «Махаббат – бейнет сусыны», «махаббат – ғашықтық» деген логикалық модельдер түзейтін концептісінде жастықтың жалынымен қатар жүретін құбылыс екендігін баяндайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжебаев Б. «Әдебиет белестері». – Алматы, 1986. – 400 б.
- 2 Есім Ф. «Хакім Абай». – Алматы, 1995. – 183 б.
- 3 С.Бизақов «Синонимдер сөздігі». – Алматы, Арыс, 2007
- 4 Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі». – Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу – педагогика баспасы, 1962.
- 5 Ф.Әнем және А.Үдербаев «Диалектологиялық сөздік». – Алматы, Арыс, 2007
- 6 Т.Жанұзақов «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі(50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі)». – Алматы, «Дайк – Пресс» баспасы, 2008
- 7 А.Ы.Ысқақов «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (VII-том)». – Алматы, Ғылым, 1983
- 8 Бабушкин А.П. «Типы концептов в лексико-фразеологической системе языка». – Воронеж, 1996 – 104с.
- 9 А.Ислам «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (диссертациялық автореферат)» - Алматы, 2004 – 50 б.
- 10 Ағабекова Б.Н. «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты(диссертациялық автореферат)» - Алматы, 2010.
- 11 Ларин Б.А. Эстетика и слова и язык писателя. – Л., 1974. - С. 47.
- 12 Маслова В.А. Лингвокультурология /Учебное пособие для студентов высш. учебн. зав. – М.: Академия, 2001. - 208 с.
- 13 А.Құнанбаев «Шығармаларының толық жинағы», 1945-500 б.
- 14 «Абай қара сөздері», 2007 – 160 б.
- 15 Соч. гр. Л.Н.Толстого. часть II, изд. II, Москва, 1902 – 205 б.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫ ХАҚЫНДА

ЖҰМАҒАЗИНА Р.  
ф.ғ.к., доцент, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

Латын жазуына негізделген қазақ жазуы 1942 жылдың қаңтарына дейін қолданыста болды.

Ал 1942 жылдың қаңтарынан бастап орыс (кирилл) алфавитіне негізделген қазақ жазуы өмірге ене бастады. Сол бір қазақ халқы үшін аса маңызды тарихи кезеңдегі әліпби ауыстырудың бірнеше сатысы алдын ала жоспарланып, шешіліп отырғаны елдегі тарихи оқиғалардың өту ретінен, қоғамдық-саяси ахуалдардан байқалады.

Қалыптасқан жағдайды барынша толық түйсінуге үшін одан бұрынғы, сәл әрірек кезеңге, өткен уақытқа қарай шегініс жасай отырып, әліпби айтысының басталуын, пайда болуының себептерін білу, түсінуге қажет және ондай айтысқа кімдер қатысып, қандай ой-пікірлерді ортаға салғанын білу зерттеуді жүргізуге үшін, жалғастыру үшін маңызды. Әдеби тіл үшін және жазу мәдениеті тұрғысынан маңызы орасан зор бұл тарихи дискуссияның басталуына түрткі болған факторлардың ішінде саяси себептердің орны бөлек екені байқалады. Тарихи фактілер жазуға байланысты саяси себептің туындауы Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ зиялылары тағдырымен, Алаш орда тарихи оқиғасымен іштей сабақтасып жатқанын көрсетеді. Өйткені қазақ жазуының, қазақ әліпбиінің тағдыры өткен ғасырдың алғашқы он жылдығында өмір кешкен қазақтың маңдайалды зиялыларының бәрін де ойландырған. Алты алашқа белгілі зиялылардың жазуға, әліпбиге байланысты ой-толғаныстары олардың артында қалдырған мұраларынан, сол кездегі түрлі басылымдарда кезінде жарияланған материалдардан көрініс тапқан.

Ерекше тұлға А. Байтұрсынұлы әліпбидің дұрыстығын көрсететін басты белгілеріне:

1. тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. қайсысымен жазу, жазылғанды оқу жеңіл?
4. қайсысы баспаға қолайлы?
5. үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?» –

деп, алты ерекшелікті атап өтіп береді [1].

А. Байтұрсынұлының өзі ұсынған көп жылдар бойы қазақ даласына сауаттылықтың өріс алып, қанат жаюына себеп болған, ыңғайлы да қолайлы төте жазуында 24 әріп, бір дәйекші болды.

Әліпби айтысы кезінде араб әліппесін жақтаушылар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы, А. Байтасұлы, І. Ахметұлы, М. Бұралқыұлы, П. Ғалымжанұлы болса, латынды қолдаушылардың қатарында Ә. Байділдаұлы, Т. Шоқанұлы, Н. Төреқұлов, О. Жандосұлы, М. Жолдыбаев, І. Қайменұлы жүрді.

«Араб графикасының кемшіліктері ретінде бір дыбыстың сөздің басы, ортасы, аяғында бірнеше түрлі таңбалануын, оңнан солға жазудың қиындығын, оңнан жазып келе жатып цифрларды солға қарай жазу қажеттілігін, нотаны араб қарпімен жазудың ыңғайсыздығын, техника мен ғылыми кітаптардың латын тілді болатындығын, араб алфавитінің шығыны көптігін т.б. келтірді.

Бірақ 1926 жылғы Түркологиялық съездегі «әліпби айтысынан» кейін көп жылдар бойы қазақтың рухани өмірінде ерекше рөл атқарған «А. Байтұрсынов алфавиті» қоғам өмірінен ығыстырыла бастады. Себебі, КСРО-ның саяси жүйесі әлем қолданып жүрген алфавитке, яғни латынға көшуді міндеттеді. Байтұрсынұлын жақтаушылар азшылық болып қалды. Жақтағандар көп болған күннің өзінде саяси жүйенің мақсаты бөлек, көздегені басқа болғандықтан, оның графикасының тағдыры алдын ала шешіліп қойылған еді» [2, 154 б.].

А. Байтұрсынұлының араб жазуын жанын сала жақтағанын, «12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ мәдениеті мұқтаждығын толық өтеп отырғандығын, оның дыбыс әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығын, полиграфиялық мүмкіншіліктері жағынан да, экономикалық тиімділіктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігін айтып, дәлелдегенін» Р. Сыздық өз зерттеулерінде айқын және жүйелі түрде көрсетеді [3, 24-28 бб.].

Алайда латын графикасына көшуді үкімет орындары белсене қолдағандықтан, съезд латын жазуына көшуді ұсынады, сөйтіп 1929 жылы 24-қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен халық Комиссарлар кеңесінің «Жаңа алфавит туралы» қаулысы шықты. Бұл әліпбиде 29 әріп болды.

«Осыдан сәл кейінірек, 1929 жылдан бастап, КСРО территориясында араб алфавитін қолдануды мүлдем тоқтату туралы



Совет өкіметінің жарлығы күшіне енді. Өйткені, араб алфавиті КСРО-ның өзге республикаларынан мұсылман республикаларын бөліп тастайды деген қауіп бас көтерген еді.

Осы жылдардан бастап, А. Байтұрсынұлының басына қауіп төнді, оның оқытушылық-ағартушылық қызметі де тоқтады, нағыз қуғындау басталды» [2, 155 б.].

Латын әліпбиін жақтап, іске қосылуына жанын сала кіріскендердің қатарында Ә. Байділдаұлы, Т. Шонанұлы, І. Ақметұлы т.б. болды.

Әліпби мәселесі көтерілген съезде «Мәскеу жастары латын туралы», яғни Мәскеудегі қазақ оқушыларының ұйымынан және «Өлкелік латыншылар бұйрасына» Қостанай қара шекпен мектебінің оқушы жастары атынан сөз айтылды. Олардың бәрі де латынға көшуге байланысты үкіметтің шешімін қолдау мен көмектесу жайына арналды. Бұл пікірталаста «...латын әрпінің араб әрпінен пайдасы көш ілгері, араб әрпі мектептерімізге, баспа істерімізге көп кемшілік, қиындықтар туғызып, адымды аштырмай отырғаны, мәдениет, саясат, шаруа жүзінде араб әрпі осы күнгі қазақ еңбекшілерінің керегіне жауап бере алмайтыны... ескіліктің салдары» ...екені айтылды [4, 100-102 бб.].

Латын әліпбиін «түрікмен, азербайжан, өзбек, қырғыз, башқұрт жана басқа жұрттар тексеріп, дұрыс деп біліп, белсені кіріскені, ...әр жердегі латын ұйымшасын ашып, осы бастан үйрені беруіміз қажет деп, Мәскеудегі қазақ оқушылары басқа жердегі қазақтың саналы еңбекші, оқушы жастарын шақырып, осыны іс-жүзіне шығаруға күш көрсетулерін борыш санайтындарын» айтты [4, 100-102 бб.]. Ал Қостанайдағы қара шекпен мектебінің оқушылары «Шын көңілден ортақшылық (коммунистік) сәлемімізді жіберіп:

«Өркендесін жаңа әліппе» деп бір ауыздан айтамыз» деп жар салды [4, 103 бб.]. Съезд латынды оқу-жазу ісіне ақырындап енгізе беруді, ол үшін «түрліше» латыншылар үйірмесін ашуды қолдауды, латынның араб әрпінен артықтығын түсіндіруді міндеттейтін төрт баптан тұратын қаулы қабылдады.

1930 жылдардың ішінде газет, журналдарда алфавит және емле жобаларын ұсынған көпшілік талқысына салу мақсатында ой-пікірлер айтқан мақалалар көп жарияланды. «Әсіресе, өз кезінде Ж. Аймауытов, Қабылов, С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев пен Т. Жиенғалиев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов т.б. емлені жетілдіруде талқыға салу үшін өз жобаларын ұсынды. Тек «Бас әріп керек пе?» деген мәселенің төңірегінде ғана оннан астам мақала жарияланыпты», – дейді Б. Әбілқасымов [5, 3 б.].

Қазақ жазуының тарихымен айналысқан зерттеуші Қ. Күдерина «Тұрақты емлесі жоқ жазу айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940 жылы жобаланып, 1957 жылы 5-маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті», – деп атап көрсетеді [6, 162 б.].

Сөйтіп Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдары латын әліпбиінің тағдыры да бірте-бірте жоспарлы түрде шешіле бастағанды. Ол үшін 1941 жылы шығып тұрған газеттерде Жаңа емлені (кириллицаны) таныстыру, оның жақсы жақтарына көбірек көңіл аударту жағын ойластырған танымдық мақалалар жариялана бастады. Бұл мақалаларда кирилл жазуының артықшылықтарын анықтап айту, анықтап көрсету, жан-жақты түсіндіру басты мақсат етіп қойылды. Профессор Б.Қ. Момынова соғыс жылдарындағы газет тілінің ерекшеліктеріне арнаған ғылыми мақаласында алфавитті қабылдауға қарсы көзқарастардың көзге ілінбегенін, кирилл алфавитіне көшудің жоспарлы жүргізген совет үкіметінің алдына қойған мақсатына көп кедергісіз қол жеткізгенін 1941 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Қазақ ССР жоғарғы Советі Президиумының Указын келтіре отырып, дәлелдейді:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1941 жылғы 1 сентябрьден бастап, орталау және орта қазақ мектептерінде, педагогика ВУЗдарында және Қазақ ССР Оқу халық комиссариатының училищелерінде кейбір пәндерді қазақтың жаңа алфавитімен оқытатын болу туралы

Қазақ ССР-ның Оқу халық Комиссариатына 1941 жылғы 1 сентябрьден бастап орталау және орта қазақ мектептерінің Y-X кластарында, педагогика училищелері мен ВУЗдарында кейбір пәндерді, сонымен қатар орталау және орта орыс мектептерінің Y кластарында қазақ тілін қазақтың жаңа алфавитімен оқытуға рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары И. Лукьянец

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретарі үшін – Жоғарғы Совет Президиумының мүшесі – Қ. Байұзақов Алматы қаласы, 18 август 1941 жыл [4, 65-68 бб.].

Орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясының жобасы СССР Ғылым академиясының

Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторында С.А. Аманжоловтың басшылығымен жасалып, ғалым авторлығымен 1940 жылы латын графикасымен емле ережелері жарық көреді. Бұл емле ережесінде түрлі емлелік ережелер ұсынылды. Солардың бірі орыс тілінен енген сөздердің түпнұсқалық түрін бұзбай жазу басшылыққа алынды. Мысалы, газет емес газета түрінде жазылу қадағаланды. Орыс тіліндегі ь белгісін сақтау принципін ұстау және иу қосар дыбысының ю-мен жазылуын жолға қою мақсаты көзделді. Әсіресе күрделі сөздерді бірге танбалау (бүгінгі күні де актуальды болып отырған мәселе) ұсынылды т.б. Ал осы емле ережелерінің ресми нұсқасы 1953 жылы газеттерде жарияланып, көпшіліктің талқылауына ұсынылды. Әрине, 1940 жылғы емле ережелерінің жобасындағы басты ұстанымдары және негізгі қағидалары жазу нормасына міндетті түрде әсер еткені анық. Оған сол кездегі газет материалдарын оқып-танысып, тілдік фактілерді іріктеу барысында көз жеткізуге болады.

1940 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесіне жаңа әліпби жобасын ұсынды [7, 248 б.].

С. Аманжолов әзірлеген орыс графикасына негізделген қазақ әліппесі мен орфографиясының жобасы 1940 жылы қарашада республика Жоғарғы Кеңесі тарапынан қабылданды.

Кейіннен осы алфавитке қатысты мәселенің басы-қасында жүрген профессор С. Аманжоловтың «Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы» деген еңбегі жарық көрді. Ғалымның «Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы» деген еңбегі екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде, жеке кітапшалар болып басылып шықты. Жаңа алфавитке көшудің себебі, мақсаты мен принциптері, қазіргі қазақ орфографиясының негізгі ережелері осы еңбекте барынша тұжырымдалды: «Қазақ тілі қай жағынан болса да, бұдан 10-20 жыл бұрынғысынан әлде қайда өсті. Өйткені қазақ елі де, СССР-дағы бұрынғы артта қалған елдермен бірге ұлы орыс пролетариатының көмегі арқасында, коммунистік партияның басшылығы арқасында қоғамдық формация жағынан капитализмді аттап өтіп, социализмге жетіп отыр» [7, 254 б.].

Кирилл алфавитінің өмірімізге енгеніне 50 жылдан асты. Бүгінгі дәрежеге жеткен халқымыздың қажетін қанағаттандырып келген әліпбиге өкпеміз жоқ. Дегенмен, «50 жылда – ел жаңа», заман талабы қайтадан латын әліпбиіне көшуді ұсынады. А. Байтұрсынұлы әліпби жайында: «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған

танбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ», – деген болатын [1]. Ұлы тілшінің бұл сөзі бүгін де актуальды болып тұр. Қалай болғанда да туған тіліміздің тұғыры биік бола берсін демекпіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 414 б.
- 2 Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Атлас баспасы, 2001. – 199 б.
- 3 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. – 24-28 бб.
- 4 Әліппе айтысы. Қарағанды. Кириллге түсірген Ш. Мәжітаева. – 1990. – 105 б.
- 5 Әбілқасымов Б. Алғысөз. Жинақта: 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Жауапты шығарушы Ш. Мәжітаева. – Қарағанды, 1994. – 167 б.
- 6 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 275 б.
- 7 Проект. ҚК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Жаңа алфавит ұйымдастыру комитеті қабылдаған. Алматы, 1940 // С. Аманжолов. Тіл және жазу. – Өскемен, 2005. – 403 б.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

КАНАТБАЕВА Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қ. Күлетов атындағы № 92 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” және “Тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінің қолданылуындай болып қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу керек” деген тұжырымдары бар.

Қазақ тілін оқытуда ұстаздар қауымы ең алдымен осы тұжырымдарға сүйенгеніміз абзал. Қазақ тілі – эстетикалық талғамы зор тіл. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін теңеулерін, бейнелі сөзін, өлең сөздерімен даналық талғамын барлығын

нұрландырып тұрған нәрлі тіл – қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі. Осылардың бәрін шәкірттерге танытып, бойларына сіңіру үшін бүгінгі күннің қазақ тілі мұғалімі адам ретінде ұлт рухын асқақтататын, аспандататын нағыз шебер болуы хақ. Яғни, тілді басқа ұлт оқушыларына оқыту – негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі жаңа педагогикалық технологиялардың туындауы да осының дәлелі. ХХІ ғасырдың үлкен жетістігі ақпаратты - қатынастық технология құралдарымен етене байланыс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру ісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу міндетін қояды.

Білім мазмұнын жүзеге асыру үшін дәстүрлі оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі өзгерту негізгі мәселенің бірі болады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық, әрі тиімді түрде араластыру болып табылады.

Оқу мен тәрбие саласындағы мұғалімдердің алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, оны жетілдіріп шығару.

Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімінің алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бірі- оқушыға тиянақты білім беру. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс - тәсілдерін өз тәжірбиесінде тандап алуы керек.

Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болумен жаңа технологиялар өмірге келді.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану - оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді.

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Қазіргі кезде нәліктен білім технологиясы жайлы көп айтылуда? Жаңа заманымыздың білім жүйесі оқу- тәрбие үрдісінде технологиядағы түрлілігімен сипатталады. Бүгінгі таңда педагогикалық технологияға ерекше көңіл бөлудің себебі неде? Біріншіден, педагогикада іскерлік жүйесінің жаңа жолын табуға қажеттіліктің тууы. Екіншіден, оқытуда жеке белгілей оқыту, білім

беру тиімділігін арттыру. Ең соңында технологияны жобалау - оқушы мен ұстаз арасындағы өзара қатынасты қалыптастырып, білімге қызығушылығын арттыруды бір жүйеге келтіру, әдіс-тәсілдердің түрлерін енгізу. Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық жүйені дамыту, оны практикада пайдалану шарт. Бұл жетістіктерге тәжірибе алмасу және жалықпай іздену арқылы жетеді. Демек, білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту- бүгінгі күннің объективті заңдылығы.

Білім беруде оқушыны білім ақпаратымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуіміз керек. Тиімді әдістердің бірі- электрондық оқулықтармен жұмыс істеу. Компьютермен өткізілген әрбір сабақтан соң оқушы тест, бақылау жұмысы арқылы өз білімдерін бекітеді. Бала өз білімін өзі тексере алады, оқушы өз бетінше оқуға қызығады, өз білімін көтеруге ұмтылады. Компьютерге тест, бақылау жұмыстарын, тәжірбиелік тапсырмалар әзірлеу дәстүрге айналды.

Қазақ тілін оқыту үрдісінде ақпаратты технологияны қолдану ең алдымен оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген ынтасын, қызығушылығын арттырады. Оқушылар теориялық білімін өздерін - өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады. Сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды. Өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады.

Ал, ақпараттық технологияны қолдану оқушыға не береді?

Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар, шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады, оқуға деген қызығушылығын арттырады, уақытында тапсырмаларды орындай алады, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі, уақытты үнемдейді, қайталау мүмкіндігін кеңейтеді, орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Қазақ тілін үйретуде бастапқы мақсат коммуникативтік бағытта оқыту. Осылай біз оқушылардың жалпы ойларын бір жүйеге келтіріп, жақсы психологиялық жағдай жасаймыз. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Оқушы үшін тіл өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады. Бұл бағытта негізгі лингвистикалық жұмысты қарым-қатынас түрінде жүргізіп, бір мезгілде іске асырамыз. Жаңа технологияларды қолдана келе сабақ бойы біз бүкіл топтың жұмыс істеуін талап етеміз, сондықтан

өткізген сабағымыз мазмұнды, интенсивті болады. Ақпараттық сабақта бұрын адам ойында болмаған оқытудың жаңа әдістерін ұйымдастыруға болады. Оқушылар Word, Power Point, Excel, Актив студио т.б программаларының көмегімен жаңа тақырыптарды және мәтіндер жазу, оқу, талдау, сурет салу жұмыстарын үйренеді. Сонымен қатар интерактивтік тақтада ертегілерді көрініс ретінде, ролдік ойындарды өткізуге болады.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

Компьютер адамның зерттеу – танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені, кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Осы технологиялардың ішінде жобалау әдісі арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында ақпараттық оқыту жүйесіндегі жобалау технологиясын қолдана бастадық. Жобалау технологияның маңыздылығы – оқушылардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жоба түсінігі бойынша алынып отырған идея теориялық және практикалық

түрғыда шешіледі. Осы технология белгіленген нәтижеге жетіп, қорытынды шығаруға бағытталған. Қорытындыға жету барысында оқушылар ойланып, мәселені шешу барысында алған білімдеріне сүйене отырып ізденеді. Кез келген уақыт мерзімінде оқушылардың жекеше, жұптық, топтық жұмыс істеу іскерліктерін әрқашан жобалау тәсілі бойынша іске асырылады.

Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады. Осы технологияның тағы бір тиімді белгілерінің бірі – оқушының оқу белсенділігі. Бұл технологияның бір ерекшелігі сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Жобалау әдісі ХХ ғасырдың технологиясына кіріп басқа елдерде бұрыннан қолданылса да, біздің елде тек соңғы жылдарда ғана қолданылуда.

Жобаны ғалымдар пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай, үйлестіру сипатына қарай, әрекет түріне қарай, жобаға қатысатын адамдар санына қарай, жобаның жүру мерзіміне қарай бірнеше түрлерге бөледі.

Пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай шағын жобалар және пәнаралық жобалар деп, үйлестіру сипатына қарай ашық және жабық деп, әрекет түріне қарай ізденушілік жоба, шығармашылық жоба, ақпараттық жоба, рөлдік ойындар түріндегі жобалар, тәжірибеге арналған жобалар деп бөлінеді. Атап айтқанда, бір жобаның аясында оқушылар ізденушілік те, шығармашылық та, ақпараттық та жұмыстар жүргізеді.

Жоба әдісін қолдануда оқушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттерін арттырады. Жоба әдісінің басты мақсаты – тәжірибе жүзінде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді немесе әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды тапсырмаларды орындау барысында студенттің өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Жоба тапсырмаларын орындау үстінде көбінесе оқушылар жұптасып, немесе үш-үштен бірігіп, немесе шағын топпен жұмыс істейді. Табысқа жету ұжымдағы әрбір мүшенің тілдік қатынасқа құрылған жоба тапсырмаларын дұрыс орындауына және ұжымның жаппай ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне байланысты.

Жобада оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтерді беруші рөлін атқарады. Өз күшімен жоба-тапсырманы орындауда тіл үйренушілер өз жұмыстарын жоспарлау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді.



«Инновация» деген сөз- латынның «novus» жаналық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жанару, жаналық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Т. И. Шамова, П. И. Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз- тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әртүрлі анықталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым «жаңаша білім беру» деп түсіндіріледі.

Зерттеулер бойынша «инновация» - педагогикалық категорияға жатады және мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын әдіс - тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемнің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Инновациялық іс-әрекет – дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады.

Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде кездейсоқ ашылған жаңалықтар болып табылады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне лайықты болу керек. Қазақтың бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде дейтін болсақ, жас ұрпаққа білім беру ісінде әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді темірқазық қылып ұстасақ қателеспеспіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (оқулық) Тараз. ТарМУ, 2003ж.

2 Қ. Өстеміров, А. Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006ж.

3 Педагогика жаршысы №4 2010 ж.

4 Қазақ тілі мен әдебиеті №5,6 2009 ж

## ҰЛЫЛАР МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН

ҚҰДАЙБЕРГЕН Т.

9 сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі

СҮТЖАНОВ С. Н.

ф.ғ.д., профессор

Ұлылар мұрасын игере білу ең алдымен кешегі тағдыр – тарихымызды терең тану үшін сол арқылы бүгінгіміздің мәнін жете парықтауымыз үшін керек. «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді», - дейді алаштың ардақты азаматы Қошқе Кеменгерев.

Баянауыл өңірінде туып, ерте есейген Әлкей болашақ даналар: Ұлы Мұхтар, ұлы Қаныш, ұлы Жүсіпбектермен бірге өсті. Кешегі Абай, Шәкәрім мұрасы жол сілтеді. Ленинградта оқып, дана Шоқан өткен жолды көрді. Осылайша Әлкей көп білетін әмбебап ғалымға айналды. Тарихи шежіренің, сәулет өнерінің, заттық мәдениеттің көзден таса, көңілден ұмыт болып қалған есекерткіштерін бүкіл саналы өмірінде ерінбей іздеумен болды. Бұған – ғұлама ғалымның шығармашылық ғұмырнамасы нақты дәлел болмақ.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсы бітіріп, туған аулында мұғалім болып істеді. Семей педагогикалық техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында (1921–25) қызмет атқарған. Осы жылдары ол М.О.Әуезовпен, М.Жұмабаевпен танысты. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы Шығыстану институтының түркітану және тарих-филология факультеттерінде (1925–29) қатар оқыды. [1]

Марғұлан КСРО ғылым академиясының академигі А.Е.Ферман мен профессор С.И.Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археология және этнография экспедицияларының

(1926–27) жұмысына қатысты. Экспедиция кезінде Ә.Н.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады. Марғұлан 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. 1929 ж. Абай шығармалары туралы дипломдық жұмыс қорғап, орыс география қоғамы архивіндегі Абай қолжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғылыми дәйекті тұжырымдар жасады.

Терминология комиссияның ғылым-хатшысы (1930–31), Ленинград қасындағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты (1931–34), Шығыстану институтының оқытушысы (1931–35), Мәскеу қаласындағы материалдық Мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері (1936–38) болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысты. КСРО ғылым академиясының қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері (1939–41) болды. Оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев» (1940–41), т.б. еңбектері жарық көрді.

1941 ж. КСРО ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған канд. диссертациясында (1943) көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докт. диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі саналды. Археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері (1946–53), Қазақстан ғылым академиясының Архитектура құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері (1953–55) болды; кейін этнография бөлімін (1958–76) басқарды.

Осы жылдары Марғұлан Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» аталатын монографиясын (1950) жариялады. К.Ақышев, М.Қадырбаев, М.Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізген археология қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (Древняя литература Центрального Казахстана, 1966) атты ғылыми-зертханалық еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды.[2]

1976–1984 ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 1940 жылдардың аяғында бірнеше рет саяси қудалауға түсті, кейін де ұдайы саяси бақылауда болды, ғылыми ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады. Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады.

Марғұланның ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды.[3] 1991 жылы Қазақстан ҰҒА-ның Тарих, археология және этнология институтындағы археология орталығының негізінде Марғұлан атындағы Археология институты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қ-лары мен Оңтүстік Қазақстан облысында, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер М. есімімен аталады. Павлодар қаласында мүсіні орнатылған, сондай-ақ Павлодар мемлекеттік университетінде Марғұлан атында стипендия тағайындалып, музей ашылған. 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті (2004). Қазақстан ҒА-ның Уәлиханов атынд. (1967), Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.[4]

Ғалым еңбектерін оқшау оздырып көрсететін ерекшелік оның белгілі бір тақырыпты талдауда асса – әлемдік, қалса – түркі моңғолдық кеңістіктегі деректерді тарихи-типологиялық жағынан салыстырып тексеретіндігі. Бұған Қорқыт туралы ізденістері куә. Оның жаһанның ғылыми жұртшылығына мәлім «Дәде Қорқыт кітабы» атты оғыз-түрік эпосына негіз болған дәуір шындығын қазақ арасына таратқан Қорқыт туралы аңыз-өңгімелер аясында кеңінен зерттеген бірден-бір ғалым екендігін мақтанышпен айтуымыз керек.

Әлкей Марғұланның аса көрнекті еңбектерінің бірі – оның Манас туралы зерттеуі. Ғұлама ғалымның арқасында қазақтың қайталанбас жұлдызы Шоқан Уәлихановтың асыл мұрасы тарихтан лайықты орын алды. Бір ғұлама татарлық осы еңбектің өзі ғана

оның есімін тарих тозаңынан тыс ұстай алар еді. Алайда, Әлкей Марғұланонымен шектелген жоқ. «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп аталып кеткен қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеп, архиялогиялық және тарихи жаңалық ашып, кейінгі ұрпаққа, әлемдік ғылымға мұра етіп қалдырды.

Ол өзінің даласына деген сүйіспеншілігін өмірінің соңына дейін тұмардай сақтап, оны иманына айналдырды. Қарқаралы, Бянауыл, Ұлытау, Байқоңыр бойындағы тас мүсіндердің, таңбалардың тарихын зерттеуін қазақ ғылымына қосылағн өлшеусіз еңбек деп білеміз.

Сыр, Талас, Шу бойындағы Отырара, Тараз, Сайрам, Сыңанақ қалалары арқылы көне тарихи құпияларының сырын ақтарды.

Ғалымның жоғарыда аталған баға жетпес қыруар еңбектерін еске алсақ, көз алдымызға ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең байтақ даласы, өзіндік архитектуралық құрлысқа бай қалалары, олардың құпиясын ішке бүккен жұмбақ сырлары елестейді.

«Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған канд. диссертациясында (1943) көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докт. диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі саналды.[5]

Әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда Әлкей Марғұланның ғылыми еңбектерінің маңызы айрықша еді. Оның дәйекті ұсыныстары әдебиет тарихын тануда әрі жалпы қазақ әдебиеттанудың ақтандақ беттерін ашып алуға көп ықпал етті.

Мәселен, шығармаларының идеялық қайшылығы бар деп саналған М.Ж.Көпейұлының әдеби мұрасы талас тудырып келгені баршаға мәлім. Ол туралы қилы кереғар пікірлер айтылғанмен, сайып келгенде, барлық ой-тұжырымдар бір арнаға тоғысқандай болды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің бірсыпыра өкілдерінің творчествосын танып білуге аз да болса жол ашты. Солардың бірі – М.Ж.Көпейұлы еді.

Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби процесте М.Ж.Көпейұлының да атқарған ролі айрықша. Ол – қазақтың сөз өнеріне өшпес із қалдырған көрнекті тұлғаларымыздың бірі. Әдебиетіміздің тарихын зерттеуші-сыншы ғалымдарымыздың көпшілігі оны осы кезеңнің белді де белгілі өкілдерінің бірі деп танылды. Ақын, ағартушы, тарихшы, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы ретінде ол туралы М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев,

Қ.Бисенбиев, Ә.Қоңыратбаев, И.Жарылғапов, Ы.Дүйсенбаев, М.Бөжеев, Д.Әбілов және т.б. әр ой-пікірлер білдіріп отырған.

М.Ж.Көпейұлы туралы уақыттың талғам-талабына қарай әр кезде әр түрлі пікірлердің болғаны рас. Алайда оның кестелі өлендері мен келісті ойларын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін ешкім жоққа шығарған емес.

Қолда бар деректерге қарағанда, Мәшһүр Жүсіп туралы алғаш мақала («Қазақ әдебиеті», №2, 5 қаңтар, 1940 ж.) жазып, өзінің әділ пікірін айтқан адам – академик Әлкей Марғұлан. Оның Мәшһүр өмірбаяны мен творчествосы жетік білуі сол өлкеде туып-өскендіктен де болса керек. Жастайынан оның өлендерін жаттап, атағына тәнті болған ғалым өзінің аталмыш еңбегінде ақынның шыққан тегі, өскен ортасы, шығармашылығы туралы мол мағлұмат береді. Сонымен бірге, Көпейұлы діни ортада тәрбиеленгендіктен «діншіл молдалардың әсерінен жуық арада шыға алмады» деп, ақын шығармаларында діни сарынның орын алу себебінің сырын да ашып айтады.

Бір айтарымыз, зерттеушінің Мәшһүр Жүсіп араб, парсы халқының тарихын, философиясын жақсы білген, химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан хабары болған деуі шындыққа әбден жанасады. Себебі, ол қалдырған көп мұраның ішінде әр алуан ғылым саласынан мағлұмат берерлік ой-тұжырымдардың жиі кездесетіні бұған толық дәлел.

Сонымен, ғалым Көпейұлы шығармаларына ортақ басты кемшіліктерді атай келіп, жазушының халық мұңын мұңдап, өткір де улы тілімен сын айта білгенін, өкімет өкілдерінің жауыздығын, арам ниетін, батыл әшкерелегенін ерекше көрсетуге ниеттенген.

Жалпы алғанда Ә.Марғұланның жоғарыда аталған тарихи мұралар жөнінде жасалған тұжырымдары бүгінгі жағдайда одан ары дамыта зерттелуге лайық. Олар қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерін аша түсуге көмектеспек.

Қорыта айтар болсақ, Ә.Марғұланның артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Ә.Марғұлан шығармашылығын, сондай-ақ тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру қателікке ұрындырады. Өйткені, ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи жазба деректерді

аныз-жырлармен, аңыз-жырларды алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген. Ғұлама ғалымның қазақтың тарихы мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосқанына ақындар да бағалап, пайымдай білді. Сөзіміздің соңын көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтің Әлкей Марғұланға арналған өлең жолдарымен аяқтасак:

Білмейтін байдан ба, жарлыдан  
Дүниеге туып бір қалды ұлан  
Туды да «білім» деп салды ұран –  
Ашылып кең сарай алдынан  
Жас – бала – Әлкей Марғұлан  
Жер – көктің тарихын қамтыған  
Талай теңдерді шындаған,  
Шешем – деп тосыннан «салды лаң»  
Халайық боп қалды таң бұған –  
Жас жігіт – Әлкей Марғұлан

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б.

2 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

3 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009.

4 Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы, – Алматы: Ғылым, 2008.

5 Қазақ энциклопедиясы, – Алматы: “Қаз. Энцик-сы баспасы”, 2005, VI-том.

#### АЛЬКЕЙ МАРГУЛАН – ЯРКАЯ ЗВЕЗДА САРЫ-АРКИ

ПИРОЖКОВА А. И., МАСАЛИМОВА З. К.  
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Маргулан Алькей Хаканович (1904-1985) - археолог, доктор филологических наук, академик АН КазССР, профессор, заслуженный деятель науки КазССР, основатель казахстанской археологической школы, видный ученый во многих областях

знаний: в этнографии, востоковедении, истории; литературоведении, искусствоведении.

Алькей Маргулан родился 10 мая 1904 года в ауле на территории Баянаульского района, Павлодарской области. Он был праправнуком Олжабай батыра — знаменосца Абылай хана. Его отец Хакан и мать Нуриля были знаменитыми людьми своего времени. В их доме часто гостили известные в степи акыны, сказатели, представители интеллигенции того времени, звучали стихи и песни Абая, Жаяу-Мусы, Таттимбета, Ахан-сері и других великих акынов Степи.

Свое детство он проводит в ауле и учится в местной школе. Затем в 1919 году он поступает на учительские курсы, окончив их он, возвращается в родной аул, чтобы работать учителем. В этом же году Абубакир Ахметжанович Диваев организывает научную экспедицию в Семиречье для изучения казахского советского фольклора. В этой экспедиции принял участие и сам Алькей Маргулан. В 1921 он поступает в Семипалатинский педагогический техникум, который на тот период времени считался одним из первых высших учебных заведений в стране. Там же обучались Каныш Сатпаев и Мухтар Ауэзов. В будущем они также прославились благодаря своей упорной деятельности и достижениям. В 1928 году Мухтар Ауэзов пригласил Маргулана продолжить учебу в Ленинграде. С тех пор вся деятельность Алькея Хакановича была связана именно с этим легендарным городом. Здесь он получил классическое образование. Также обучаясь в университетах Ленинграда, он имел возможность учиться у таких великих ориенталистов как у В. Бартольда, С. Ольденбурга, И. Крачковского, С. Малова, В. Струве, А. Самойловича, Н. Марра. Также Алькей любил слушать лекции в институте истории. В эти годы Маргулан был заинтересован литературной деятельностью. Произведения выдающихся русских и зарубежных писателей впервые дошли до казахского читателя в его переводах. В годы своей учебы он участвовал в исследовании обычаев, быта и культуры племени адай и найман в составе экспедиции, созданной Академией наук СССР. Во время учёбы в Ленинграде Маргулан познакомился с Александром Затаевичем. Они вместе приезжали на каникулы в свои родные края и записывали местный фольклор. Учился Алькей с воодушевлением, упорно, часто и подолгу засиживался в архивах и библиотеках, тщательно собирая историко-культурные материалы по Казахстану. И в далеком Ленинграде родные края влекли его, он постоянно думал о своем доме и близких ему людей. Но он также был влюблен в



Ленинград. Особенно ему нравились музеи. Он всматривался в экспонаты кипчакской культуры. Каждый увиденный им экспонат, волновал его душу, воскрешал в памяти свои родные места, по которым он скучал всем сердцем. [1]

После окончания учебы А. Маргулан начинает работать секретарем Комитета нового алфавита при Наркомате просвещения КазССР и одновременно становится аспирантом Государственной академии истории материальной культуры при АН СССР. Позже он становится старшим научным сотрудником, заведующим сектором института истории КазФАН СССР. Его любовь к Казахстану, к своему народу была безграничной и плодотворной. Но у успешных и талантливых людей бывают не только почитатели, но и завистники. Увлеченность национальной историей выходца из казахстанской глубинки, подающего надежды молодого ученого вызвала ненависть у идеологов советского режима. Позже из-за этой ненависти в 1934 Маргулан попал под сталинскую репрессию. Он попал в Петропавловскую крепость, откуда чудом спасся. Ему несказанно повезло, что под репрессию он попал в Ленинград, а не в Алма-Ату. Там проходило массовое уничтожение всей казахской интеллигенции. Алькей долго пребывал в Петропавловской крепости, затем его определили в психиатрическую больницу, и только в 1937 году он оказывается на свободе. Возвращался он в родные места совершенно больным, измученным и разбитым человеком. В 1938 году А. Маргулан был переведен в Алма-Ату в Казахский филиал АН СССР. В годы войны Алькей защитил свою диссертацию по письменным памятникам кипчакской культуры. После этого практически сразу начинает работать над докторской диссертацией по теме «Эпические сказания казахского народа». Он писал ее с большим энтузиазмом, вкладывая душу в каждую строчку, слово, букву. Но защитить эту диссертацию он смог лишь в послевоенные годы. В 1946 году Маргулан становится заведующим отделом, старшим научным сотрудником Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР. Он получил теперь полную возможность начать работу над теми исследованиями, о которых ранее он даже не мог и подумать. Результаты его кропотливой работы нашли отражение в книге «Древняя культура Центрального Казахстана», написанная им совместно с К. А. Акишевым, М. К. Кадырбаевым, А. М. Оразбаевым. Эта книга была высоко оценена, а ее авторам присуждена премия АН Каз ССР имени Шокана Уалиханова. [2, 2 – 6 с]

Знаменитый художник Аманкул Мусатаев рассказывает, как он познакомился с великим ученым:

«В один из летних дней я решил навестить своего друга, который жил в Шетском районе. Жара стояла невыносимая. В местности Тустас, где протекал подземный родник, решил передохнуть. Попил ключевой воды, мое внимание привлекли незатейливые рисунки на каменных глыбах. Подумал, что ребятишки, возможно, баловались и оставили свои автографы. Вдруг возле родника резко притормозил запыленный газик. Я поспешил спуститься вниз, чтобы поздороваться с приехавшими людьми. Один из них, оглядев меня, строго спросил:

- Зачем поднимался на камни?  
- Жарко, вот решил передохнуть.  
- И что ты там увидел?  
- Какие-то рисунки.  
- Это наскальные рисунки, оставленные еще с сакских времен, - стал объяснять незнакомец. И чем больше он рассказывал, тем ярче загорались искорки в его глазах. А тем временем водитель тихо шепнул мне на ухо: «Это знаменитый ученый, академик Алькей Маргулан». «Вот это встреча»- подумал я.

Вот таким образом в 1955 году произошла моя первая встреча с человеком, чьи научные труды сделали историю культуры казахов достоянием мирового сообщества. На протяжении 30 лет я дружил с Алькеем Хакановичем. Вместе с Маргуланом я побывал во многих местах Центрального Казахстана и увидел немало археологических памятников. В местности Карашоки, недалеко от совхоза «Коньратский», обнаружили захоронение батыра, на котором был золотой пояс оригинальной работы. Там же было обнаружено шило с деревянной ручкой. И что удивительно, через столько лет оно совсем не заржавело. А галереи наскальных рисунков? В одном только Кошкартау был обнаружен 221 рисунок.

После очередной экспедиции, уставший Алеке твердо говорил: «Все, больше не поеду». А уже по весне присылал письма с последующим адресом очередных раскопок. Вот таким неутраченным, интересным человеком он был». [3, 5 с]

«Маргулан – особое явление в науке» - так выразился о казахском ученом известный советский археолог М. Массон, с которым А. Маргулана связывали не только профессиональные отношения, но и многолетняя дружба. Михаил Евгеньевич писал, что «Алькей Маргулан не просто плодотворный исследователь, он

принадлежит к той плеяде ученых-энтузиастов, вдохновение которых роднит науку с поэзией. Есть у него общее с деятельностью Чокана Валиханова, чьи произведения он пестовал при их издании. Оба прочно и навсегда вошли в науку». Алькей был большим знатоком и собирателем казахского фольклора, материалов по истории, культуре, этнографии, вопросам археологии. Всю свою долгую и сложную жизнь он посвятил изучению истории родного края, сделав зримой и осязаемой связь времен.

В 1979 году А. Маргулан опубликовал монографию на тему «Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана». Это монография стала настоящей сенсацией в области науки. Также она является основательным, фундаментальным трудом по древней истории республики. Открытие бегазы - дандыбаевской культуры эпохи бронзы, сконцентрировавшей лучшие творения древних жителей Сары-Арки, привело к другому сенсационному открытию. Ученый пришел к выводу, что Сары-Арка – одно из немногих мест на земле, где было открыто местоположение металлической культуры. Уникальные месторождения медных, оловянных и полиметаллических руд явились условием зарождения и развития в Сары-Арке горного дела и металлургии в древности. Благодаря сокровищам недр начиная со второго тысячелетия до н.э. до средневековья Сары-Арка становится центром металлургии на Евразийском континенте. Это подтверждено древними и средневековыми источниками.

В многотомных трудах великого казахского ученого со всех сторон представлена культура кочевого народа. Труды А. Маргулана наполнены разнообразием иллюстрированных карт и рисунков древних штолен, фотографий шахт, рудников, орудий труда, украшений. Его труды наполнены огромной любовью к Сары-Арке. Наши предки создавали историю, давая глоток нового воздуха в атмосферу. Маргулан сделал простой и осязаемой историю, понятной даже для самого не просвещенного человека. Он восстановил утраченную ценную для народа информацию, которую пытались уничтожить варварские завоеватели. В его монографиях земля кочевников является одной из самых ранних центров человеческой цивилизации. Огромное пространство бескрайних степей так манили его, они были дороги его душе и сердцу. Он с такой легкостью описывал все события минувших лет, будто и сам жил в ту пору. Мир древних кочевников был настолько близок ему, он считал его своим родным. Наверное, именно поэтому он с легкостью открывал тайны кочевников, которые хранились веками.

Огромное наследие трудов Алькея Маргулана включает в себе работы по архитектуре, казахскому фольклору и прикладному искусству казахов. А. Маргулан при жизни выпустил такие замечательные труды, как «Шокан жане Манас» и «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана». Ученые Москвы, Ленинграда и других городов в письмах писали о том, что это первый и самый основательный труд об эпохе бронзы, который был написан в Средней Азии и Казахстане. После смерти Алькея также вышли прекрасные работы, которые получили название «Ежелги жыр аңыздар» и «Казахское прикладное искусство».

Судьба Алькея Маргулана распорядилась с ним так, что он прожил долгую и интересную жизнь. В его жизни присутствовала, как горечь, так и радость. Он получал настоящее удовольствие от жизни и радовался каждой минуте, проведенной на земле. У него был талант, который был отдан ему в дар свыше. Маргулан умел чувствовать и понимать, как никто другой. Он был очень умным и талантливым, любознательным и трудолюбивым. Алькей всегда шел навстречу своим мечтам и желаниям. Его любовь к Казахстану и своему народу была безграничной, конструктивной и продуктивной. Последние годы своей жизни Алькей Маргулан посвятил своей работе. Он занимался исследованиями материальной и духовной культуры казахов. Казалось, у него хватило бы сил, чтобы свернуть горы. Он был влюблен в свою работу. То, что он делал, приносило ему радость. Для него работа – это жизнь. Алькей не любил пустых разговоров, не любил засиживаться у кого-нибудь в гостях, он работал по 16 часов в сутки. Он отдыхал, когда выходил на прогулку по терренкуру. Это был единственный краткосрочный отдых. Алькей старался успеть в этой жизни все. Он сделал так много в своей жизни, но это было не все то, что он планировал осуществить. Кто-то свыше определил сущность и назначение Маргулана: быть степным маяком, светом знаний высвечивать прошлое, озарять настоящее и будущее, осуществляя связь времен и призывая лучшие умы следовать дорогой знаний.

Нет, он не умер, он ушел от нас в тот мир мифов и легенд, который так хорошо знал и любил, в мир, где обитают духи предков, где прошлое смыкается с будущим, а извечные тайны становятся понятными и доступными. Алькей Маргулан не искал популярности и признания, он просто выполнял свой долг перед народом, нес свою миссию впереди себя. А. Маргулан внес огромный вклад в казахстанскую и советскую науку.

Снова и снова над Сары-Аркой закипают яркие звезды. Какие еще тайны хранит эта древняя земля?

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 [http://ru.wikipedia.org/wiki/Маргулан,\\_Алькей\\_Хаканович](http://ru.wikipedia.org/wiki/Маргулан,_Алькей_Хаканович)
- 2 Тодорова, Н. Маргулан – особое явление в науке [Текст]: 100-летию посвящается /Н.Тодорова // Казахстанская правда.- 2004.- № 97.- № 98.- С. 5.
- 3 Шалова. Б. Алькей Маргулан был моим учителем [Текст]: воспоминания Аманкула
- 4 Мусатаева /Б.Шалова // Индустриальная Караганда.- 2004.- № 33.- С. 5

### САЙЫН МҰРАТБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АУЫЛ БЕЙНЕСІ

ПСТЕБАЕВА Қ. С.  
студент, ПМПИ  
ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.  
доцент, ПМПИ

С.Мұратбеков – қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан, шағын және орта көлемді эпикалық жанрдың мазмұны мен түрін, поэтикасын жаңа леппен, өзіндік мәнмен байытқан суреткерлердің бірі. Зерттеуші К.Рахымжанов қаламгер шығармашылығының бір қыры – Отан соғысы жылдарындағы ауыл тіршілігі, жасөспірімдер өмірі екенін айтады [1,180].

С.Мұратбековтің «Жабайы алма» повесінде соғыс кезіндегі ауыл өмірінің шындығы қамтылған.

«Жабайы алма» повесінде Сайын Мұратбеков дарынының мықты бір қыры байқалады. «Суреткер тар шеңберге сымас өмір шындығының күрделілігін ашуға тырысқан. Алыстағы ауылдың бір түкпіріндегі адамдардың бойынан жазушы әр алуан тамаша қасиеттерді тауып, соны барынша мол көрсетуге күш салады. Олардың тұрмысы, үй іші, шамы мен пеші, өмірлері, махаббаттары, көрген қиыншылықтары, үй иелерінің қонақжайлығы – бәрі де жазушы назаранан тыс қалмайды. Олардың бәрі адамдардың ішкі дүниесін, ой-арманын ашуға қызмет етеді» [2,3].

Повестегі авторлық баяндау кішкентай кейіпкер – Қанат атты баланың атынан жүргізіледі, барлық оқиғалар, суреттеулер баланың көрген әсері, алған ой-толғанымы арқылы көрсетіледі.

Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» повесінде орыс, неміс, шешен тәрізді әр түрлі ұлт өкілдерінің де өмірі қамтылған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ жеріне талай ұлт өкілдері көшіп келген. Повестегі осындай кейіпкерлер Қанаттың жолдастары – орыс баласы Петька, шешен баласы Бәкке, Отто деген неміс баласы. Оларда ұлтқа бөліну деген жоқ, бірге жүріп ойнайды, қабырғалары қайысып колхоз жұмысын бірге істейді. Повестегі кішкентай шешен баласы Бәккенің туыстары Қанат үйінің негізгі асыраушысы – жалғыз сиырын ұрлап алып кеткенде, Бәкке Қанат үйінің қасіретінен жаны торығып, тәуекелге бел буып, сол қоңыр сиырды өзінің қара пиғылды туыскандарынан қайта ұрлап, бұрынғы иелеріне қайтарып береді.

Сайын Мұратбеков кейіпкердерінің бойындағы осындай саналы қасиеттерін тауып, оны жалаң насихатқа айналдырмай, табиғи шынайы қалпында терең сезімдер арқылы өрнектеп береді.

Повестің трагедиямен аяқтаулы соғыс әкелген зардаптың ел жадынан өшпейтін құбылыс екендігін меңзейді.

«Жусан иісі» повесі «Қалың қар» повесінен ертерек жазылған. Онда «Қалың қардағыдай» қатар өріліп жатқан бірнеше сюжеттік желі жоқ. Шығарма сюжеті Аян атты жасөспірім балаөмірінің белгілі бір кезеңінде болған оқиғаларға негізделеді. Әкесі соғысты. Анасы жоқ. Жалғыз әжесі бар еді, ол да қайтыс болады. Тобығын тайдырып алып, аяғын сүйрете басады. Аян өмірінің сырт көзге көрінетін шындығы осындай. Көзге ұрып тұрған ешқандай жарқыл да, қарқын да жоқ сияқты. Соған қарамастан шығарманың өн бойында үзілмей өріліп жатқан керемет қасиет бар. Жазушы ол қасиетті Аяның ішкі болмысынан, тайған тобығының азабынан да ауыр жан жарасынан таратып баяндайды. Жанында жарасы бар, қаяуы бар жасөспірім баланың достарына мейірімінде, ұғымының ізгілігінде, тағдыр салған тауқыметке төтеп берген шыдамында шек жоқ. Кейіпкерінің ішінде, жүрегінің тереңінде тұнған сыры мен шынының оның ауыл балаларына түнгі тыныштықта айтқан ертегісі арнасында суреттейді. Әрқашан «Ертеде бір жетім бала болыпты...» деп басталатын ертегілер баланың өз ойындағы арманының алдамшы мен жұбанышына толы еді. Тіпті ол өзінің ойына шығарып айтып отырған ертегі әлеміне өзі бойлап, өзі содан жұбаныш тауып қана қоймай, қасындағы тыңдаушыларын да сол әлемге, өзі ойлап тапқан, өзінің аяулы арманы жарық таратқан сырлы дүниеге бастап алып кетеді. Осындай әлемнің әдемі әсеріне бөленіп, қанаттанған балалардың бірі « - Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура бауша қияр едім, - деп тістенеді» [3,392].

Екінші бала былай қиялдайды: «...ал мен бар ғой, тек бастарынан ғана шабар едім... «көк семсерімді жарқ-жүрқ еткізіп келе жатқанымда, алдымнан көкем шыға келсе... Ой, керемет болар еді-ау, ә!» [3,393].

Әр балада бір арман. Сол арманға беріліп, бір сәт қиял кешудің өзі балаларды рақатқа батырып, бақытты етердей. Ертекті Аянның өзі де осы күйден жұбаныш тапқандай, қуағандай болады. Майдандағы ағасы, жарық дүниедегі жалғыз жанашыры келіп қалатындай, келе жатқандай сезініп, жүзі балбұл жанады. Енді бірде ол осы сырын қасындағы балаларға былай жеткізеді: « - Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, - деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен. - Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас айтам. Түнде жатқанда ағамның пальтосын басыма тастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Бір түрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да, ұзақ-ұзақ иіскедім... Әжем ылғи: ағанды анау Жусанды төбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін... Менің ағамда жусанның иісі содан қалған... Сөйтіп жатып ұйықтап едім, түсіме кірді...» [3,448]

Аянның түсі бар баланың көкіреген сыр төгілтті. Балалардың бәрі майдандағы ет жақындарының үйлерінде қалған киімдерін еске алып, олардан да жусан иісі шығып тұратынын айтысып, мәз болсады. Аян енді омырауына тұмсығын тығып, өзінен де жусан иісінің бұрқырап тұрғанына көз жеткізеді. Бұдан кейін әр бала өз омырауына тұмсығын тығып, әр қайсысы өз көкіректерінен жусан иісі аңқып тұрғанын біліседі. Осы иіс олардың бәрін де мақтанышқа бөлеп, марқайтады. Майдандағы аға-әкелерінің киімдерінен, өздерінен шыққан жусан иісі оларды өзара да, майдандағы ет жақын туғандарымен де, туған жерімен де жақындастырып, туыстастырып, табастырып жіберген еді. Балалардың балалықпен айтқан сөздерінің негізінде олардың туанға, туған жерге деген кіршіксіз, таза сүйіспеншіліктері, бала махаббаттары жатқанын жазушы осылайша мөлдіреп жеткізеді, ыстық көңілдің мөп-мөлдір бір тамшы сырынан суық өмірдің көл-көсір шындығын танытады.

Аянның ағасы майданда мерт болды. Шын жетім болды. Шолақ қол бригадир Тұржан мейіп қылып сабап, тепкілегенде, шыбын жанына сая болар ешкімді таппады. Еті жыртылды. Сүйегі сынды. Жүрегі тілінді. Жаны күйінді. Тұмсығын омырауына тығып, жусан иісін иіскеді...

Сайын Мұратбековтың «Қалың қар» повесінде жасөспірімдер жастығына, балалығына қарамастан, мезгіл жүгін, уақыт зілін

ересектермен бірдей көтеріп, белі майысып, қабырғасы қайысса да, барша ауырпалықты басы иілмей, жігері жасымай жеңеді. Әйтсе де бұл жеңісте жекелеген бір адамның немесе бір ұрпақтың емес, тұтас бір дәуірдің жанын ауыртып, жүрегін сыздататын ауыр ызғар да мейлінше мол еді. Соғыс өртіне қыршынан қиылған жас өмір он екіде бір гүлі ашылмай жалғыз қалған бойжеткен қыз я жас келіншек, жалғыз болса, жалғзынан, он болса, сол он ұлынан бірдей ажырап, аңырап қалған ата-ана, бесіктен белі шықпай, тіпті ана құрсағында жатып әкесіз жетім қалған сәби...- бұдан артық әділетсіздік, тағдырдың бұдан артық қатыгездігі, өзекті жанның бұдан ауыр қайғы-қасіреті, сірә жоқ та шығар. Жазушы соғыс өрті салған осындай ауыртпалығын араны ашылған жекелеген адамдардың озбырлығымен байланыстыра, сабақтас суреттей отырып белгілі уақыт тынысын, кезең шындығын нәзік те суреткер зердемен толғана танып жинақтайды, сол уақыт, ол кезең адамдардың характерінде шебер даралап шынайы ашады.

Повесть шағын ауылдың қалың қар жауған бір қыстағы тыныс тіршілігін көрсетеді. Ер азаматтар майданда, ауылда бала-шаға, қарттар мен қыз-келіншектер ғана қалған. Бүкіл ауыл қалың қармен қақаған аяз қыспағында. Кейбір жатаған үйлер қар астында көрінбей қалған. Ішер ас, киер киім жоқтың жоқтың қасы. Қар астында қалған сабан арасының масақ теріп, одан түскен дөңді майданға жөнелту үшін алыс станцияға алып бару керек. Колхоздың бірлі-жарым, арық-тұрақ малына шөп тасып, жағдай жасау керек... Ауылдың негізгі шаруасы осындай. Бүгінгі өлшем тұрғысынан алып қарағанда, бұл көп те емес, ауыр да емес сияқты. Ал соғыс уақытындағы құбылыстардың қандайын да сол уақыттың өз өлшемі ғана таразылай, анықтай алса керек. Біздің бүгінгі таным-таразымыз тарта алмайтын осындай ауыр шындық құбылыстардың повестегі кейбір көріністеріне назар аударайық.

Бірнеше қыз-келіншектер ауылдан станцияға астық тартады. Бір жолы астықты өткізіп қайтып келе жатқанда, екі шананың бірінің көлігі болдырып, жүруге жарамайды. Көлігі болдырған шана иесі Нәзира жол үстінде қалады да, екінші шанадағы келіншек елге хабар беру үшін жүріп кетеді. Айнала қалың қар, қақаған аяз, боран. Әр жерден бір бұлаң етіп айбар шегіп жүрген аш қасқырлар. Бой жете бастаған шағында соғыс отына ұрынып, қанатын жаза алмай жүрген Нәзира қыз енді осындай жағдайға тап болады. Оны құтқаратындай ауылда ересек азамат та жоқ. Інісі Қанат пен жасөспірім Бектай колхоздың бастығы мен ауданнан келген өкілдер



ғана міндетін ерекше бағындағы күрең төбел атқа мінгесіп алып, жолға шығады. Жол үстінде шананың белдеу ағашын түтіндетіп жағып, қасқырларды жасқап отырған Нәзираға жасөспірімдер сүйеу болады.

Күрең төбел жақын келген жыртқыштардан шошып тізгінін жұлып қашып, шапқылай жөнелгенде көзіне қан толған қасқырлар соңының соңынан қуып кетеді де, Нәзира мен жасөспірімдер өгіздерін жетектеп ауылға келеді.

Оқиғаның көлемі шағын ғана. Бірақ осы көлемді де, өзі де сондайдан көз тартып, зорайып көрінбейтін шағын оқиғаның аясында соғыс кезіндегі бойжеткен қыз бен жасөспірім балалардың көп адам сезіне, түсіне аламайтын жан шырылы, жүрек сыры шығармада шынайы суреттеледі. Боранды күні көлігі болдырып жолда қалу – жолаушы өміріндегі ең қауіпті, қатерлі жағдай. Айналасында пана тұтар ештеңе жоқ, қыстың суығы еттен өтіп, сүйекке жеткен. Тал шыбықтай бұрала тұра соңын бәріне төзіп, ойына да, бойына да үрей дартпай, ішінен бекініп, тіпті қасқырлармен бетпе-бет келгенде де тайсалмай табандылық көрсетіп, керемет бір байсалды тоқтам тапқам бойжеткен қыздың бұл тұстағы әр қылығы қаһармандықпен пара-пар еді. Жазушы өз кейіпкерлерінің қаһармандық істерін қаһармандық ретінде көрсетпейді. Жазушының кейіпкерлері де өз істерінде көзге ерекше көрінер айрықша мағына бар деп білдірмейді. Күнделікті істерінің қай-қайсысында өздерінің күнделікті міндеті майдандағы ер-азаматтар алдындағы парызы деп таниды. Соғыс жылдарындағы ауылдың адал еңбектерінің тамаша бір қасиеті сол өздерінің ерлікке бергісіз қаһармандық еңбектерінен ешқандай ерлікті де, қаһармандықты да іздемейді, ел жұрт алдындағы міндеті мен парызын ғана көрген ғой. Бұл тылда адал еңбек еткен Нәзира секілді қыздардың жан байлығының, елі мен жерінің амандығын өзінің жанынан артық бағалаған аналардың рухани биіктігі мен ұлылығының өмірде бұдан артық, анық, айқын көрінуі қазақ табиғатында қиын болуы мүмкін. Жазушы да өз кейіпкерлерінің өмірдегі, шындық болмыстағы осы әдебінен озбай, өзі суреттеп отырған құбылыс туралы көбінесе жүректен қозғап толғайды.

Сайын Мұратбековтың өз әріптестерінен бір ерекшелігі – «ауыл прозасының» белсенді де табанды шебері. Жастар мінезі, ой-санасы арқылы ауыл өмірін, тұрмыс-тіршілігін тамаша бейнелейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Рахымжанов К. С. Мұратбеков әңгімелеріндегі ауыл өмірі // Жұлдыз.- №11. - 2010. - 174 б.

2 Мұратбеков С. Жабайы алма. – Алматы, 1979. - 397 б.

3 Мұратбеков С. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.І. – Алматы, 1991. - 464 б.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП ТАҒЛЫМЫ

САРБАЛАЕВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

САРБАЛАЕВ Е. Ж.

ф.ғ.к., ҚР ПМ Оқу орталығы, Павлодар қ.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі, аса көрнекті ақын, тарихшы, философ, ойшыл, болашақты болжағыш көреген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кейінгі ұрпаққа телегей-теңіз мол мұра қалдырды. Алайда мұндай орасан байлықты кешегі «қызыл заманда» тиімді пайдаланып, зерделі зерттеуге, халық игілігіне жаратуға мүмкіндік болмады. Енді, міне, тәуелсіздік таңы атып, егемен ел атанып, бақытты кезең туған шақта ғажап дарын иесінен қалған мол қазынаны түрлі ғылым саласы тұрғысынан қарастырып ел игілігіне жаратудың кезеңі туып отыр.

«Әдебиет-ардың ісі» (З.Қабдолов). Бұған ешкімнің дауы, таласы жоқ. Десек те әдебиет ардың ісі ғана емес, оған қоса ардың айнасы да, халық рухының жанары да. Серке сөзді серік етіп ұстаған халқымыз үшін сөз өнері-әдебиет-киелі ұғым, ал сөз өнерін жасаушылар киелінің киесі. Өзге өнер түрлеріне қарағанда халқымыз сөз өнерін анағұрлым жоғары бағалаған, сөзді «құдай» деп санаған. Мұны дін де мойындайды. Аспаннан түскен төрт кітаптың бірінде, «сөз әуел баста құдай еді» дейді. Әрине екі сөздің басын құрап «әу» демейтін қазақ жоқ. Оның бәрін ақын санатына қоса берсек, сөз өнерінің құны қала ма? Шаранада шырылдаған шындықты қылшы мойыны алдаспан астында тұрса да, ешкімнен тайсылмай, қасқайып тұрып айта алған жан ғана нағыз шын ақын. Бұл нені меңзейді? Бұл айтулы ақынға туа біткен талантпен бірге «түгі» бар жүрек те қажет деген сөз. Осы тұрғыдан келгенде Мәшһүр Жүсіп туа біткен дарындылығымен қоса ақиқатты да ешбір жаннан қаймықпай, «бетің бар, жүзің бар» демей, тура айта алатын батыл да батыр ақын болған. Оған біздің көзіміз ақынның 1907 жылы Қазанда басылып шыққан «Қазақтың осы күнгі

әңгімесі», (Шараф» баспаханасы.24бет.6мың дана), «Тірлікте көп жасағандықтан көргеніміз», (Шараф» баспаханасы,23 бет, бмың дана), «Хал ахуал» («Қазан университетінің баспаханасы» 20 бет) атты кітаптарымен танысып шыққанда анық жетті. Өзге ақындар сол кездегі қазақ қоғамында қалыптасқан ауыр шындықты билікке тіке айта алмай, жасқанып, түрлі әдеби амалдар арқылы астарлап, мәймөңкелетіп жеткізіп жүрсе, Мәшһүр Жүсіп қазағы үшін басын бәйгеге тігіп, қаны сорғалаған ақиқатты сол қалпында айта білген. Расын айтқанда, аталған кезеңде Мәшһүр Жүсіптен басқа қазақ зиялыларының мұндай батыл әрекеттерге бара алмаған, жүректері дауаламаған. Ал, «қан сыртынан жұдырықтың» жөні бір басқа. Аталған кітаптардағы сөз болған мәселелерден айтылған батыл ойлардан, ең бастысы ащы ақиқатты патша өкіметі зәресі ұшып қатты қорыққан. Бұл кітаптардың билік басындағылардың үрейін қатты алғаны сонша, жоғарыда аталған «Хал ахуал» кітабының екінші басылымын, дайын тұрған үш мың данасын және әлі толық түптеліп болмаған екі мыңын тәркілеп жойып жіберуге мәжбүр болған. Еңбек авторы Мәшһүр Жүсіпті де қудалауға салған, оны «сенімсіз, қауіпті адам» деп жариялаған, ұстап, қамауға жарлық шығарған. Соның салдарынан ақын біраз жылдар туған ауылынан кетіп, өзге өңірлерде бас сауғалаған. Сондағы қаламгердің жазығы, қудалауға негіз болған айыбы не еді? Бұл сұраққа жауап беру үшін сол тұстағы Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдайларға назар аударған жөн. Сонда ғана Мәшһүр Жүсіпті батыл қадамдарға итермелеген күштің сыры толық ашылмақ.

Аса көрнекті ақын өмір сүрген уақыт әрқилы тарихи-әлеуметтік оқиғаларға толы болды. Қазақстанның Ресейге қосылуы толық аяқталып, өлкеде капиталистік қатынастар қанатын кең жайып, қазақ қоғамына терендеп ене бастаған кез еді ол. Осыған орай, патша өкіметі де отарлау саясатын күшейте түсіп, қалың бұқараға тізесін батыра түсті. Қазақ жері Ресей империясының басы-байлы меншігі деп жарияланды, оның сулы, нулы, шұрайлы жерлері империяның орталық аудандарынан қоныс аударған «қара шекпенділерге» тегін үйлестірілді. Ал жергілікті халық сусыз, шөл немесе шөлейт жерлерге ықтиярсыз қуылып тасталды. Ата-бабадан мұра болып қалған жерін иелену құқынан бір жола айырылды. Қарсылық көрсетіп, бас көтерген адамдар өкімет орындары тарапынан қуғын-сүргінге түсіп, абақтыларға қамалды, еріксіз Сібірге айналды. Сөйтіп тұтас халық, қалың бұқара озбырлықтың, зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Олардың заңды құқы аяусыз аяққа тапталды. Бұған,

әрине, қалың көпшілік төзе алмады. Орынсыз қорлыққа, жосықсыз зорлыққа қарсы тұрды. Қазақ даласында патша өкіметі тарапынан болған мұндай жөнсіздіктерге қарсы толқулар, наразылықтар көбейді. Әсіресе жер мәселесіне байланысты туындалған қарсылықтардың сипаты ерекше болды. Осымен бірге 1905-1907 жылдары алып империяда болған тұңғыш орыс революциясы да қазақ қоғамына әчер етіп, оның ұлттық сана-сезімінің оянуына да өзінше қозғау салды.

Қазақ қоғамында болған осындай үлкенді-кішілі оқиғалар, әрине, көкем әдебиетте де өздерінің іздерін қалдырмай тұра алмайтыны белгілі. Көркем әдебиет өкілдері мұндай өмір шындықтарын өздерінің шығармаларында талант қуатына қарай бейнелеп көрсететіні белгілі.

Мәшһүр Жүсіп жоғарыда аталған кітаптарда өзі өмір сүрген дәуірдегі оқиғалардың барлығын реалистік шеберлікпен баяндаған. Өмір шындығын барынша нақты, ешбір бояусыз, қоспасыз суреттеген. Ақын айналасында болып жатқан әділетсіздіктерге, зорлық-зомбылықтарға, теңсіздік көріністерге төзе алмаған. Оған ақындық бар даусымен, бар дарынымен, бар күш –қуатымен қарсы шығады. Оны адамгершілік тұрғыдан да, тіпті дін жағынан да қатты айыптайды, ақын қала берді қоғамдық айыптаушы ретінде танылады. Зорлық-зомбылықтың шығу себебін, жөн-жосықсыздықтың көзін іздейді. Заман шындығын, дәуір тынысын тамыршыдай дәл басып көрсетеді. Дәуір сөзін мезгіл мінберінен тайсалмай, қадап-қадап айтады. Оның жоғарыда аталған жыр жинақтарындағы қай өлеңін алсақ та, бұқаралық сарын айқын көрініп тұрады. Бұқаралық сарын-жалпы қаламгердің барлық өлеңдеріне тән, ортақ құбылыс. Мысалы жүгінейік:

Жаландап аждаһадай ауылнайлар.

Беліне бір китізден күйек байлар

Цифрдың бес тиынның бес теңге деп,

Кедейдің сан білмеген соры қайнар.

Мойнына айбаттанып знак салып,

Алдына шағымданған даулар барып.

Күшіген қара құстай билер отыр,

Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Ақынның бұл жолдарынан қазақ жерінде Ресейдің отарлық саясатының толық орныққандығын, патшаның жергілікті жердегі өкілдеріне жағымпазданып құрақ ұшып, қызмет қылып жүрген билердің іс-әрекеті батыл айыпталады. Жалпы Мәшһүр Жүсіп

ақ патшаға бодан болған халықтың күні қараң екенің, одан еш жақсылық көрмегенің, әсіресе 1868 жылы реформадан кейін хал-жағдайдың, тұрмыс –тіршіліктің, саяси ахуалдың тіпті бұрынғыдан да ауарлап кеткенін ашына жазады. Ішіндегі шемен болып қатып қалған шерді атқарып салады:

Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді,  
Көңілден кетіруге әрбір кірді.  
Мың сегіз, кеше, алпыс тоғыздан соң,  
Халайық, көрмеп пе едің неше түрді?

Нақақтан құсаменен қан жұтқызып,  
Тұтқынға салған жоқ па талай ерді?  
Қорқытып бұл қазақтан ақша алмаққа,  
Тексеріп жұмыс қылды көрді-жерді.

Ақын жанын, әсерісе жер мәселесі, халқының ата-қонысынан зорлықпен айырылып қайғы-қасіретке түсуі қатты қинайды. Бұл мәселені қалың қауымның азаттық, Отан, ел үшін күресімен, күбекүнгі тыныс тіршілігімен, саяси-ұлттық теңсіздігімен байланысты алып қарастырады. Кешегі өткен Кеңесары, Наурызбай бастаған ақ патшаға қарсы көтерілісті еске алып, оның түп-тамыры, негізгі себебі айналып келгенде осы жер мәселесімен байланысты екенін атап өтеді. Атап өтер жайт, жалпы жер мәселесі, осыған байланысты туған зорлық-зомбылықтарды барынша реалистік тұрғыдан суреттеу, туған халқының мойнына түскен ауыртпалықтарды олармен бірге бөлісу, қалың бұқараның сана-сезіміне әсер ету, сөйтіп оларға шындықтың көзін ашу- Мәшһүр Жүсіптің кез-келген өлеңінің негізгі лейтмотиві. Сөз болып отырған жинақтарда шайырдың жеке өзінің, қарақан қара басының жайын, мұнын шаққан өлең жолдары жоққа тән. Ол нені айтса да халықтың арман-мұңын, талап-тілегін жоғын жоқтайды. Олармен бірге атадан қалған қасиетті жер үшін, «қара қазан, сары бала» қамы үшін қайғырады. Ақынның бұл өлеңдері –сөз жоқ, азаттықты, еркіндікті аңсаудан туған, отаршылдыққа қарсы халық наразылығының үні іспеттес дүниелер. Бұл өлеңдерді қаламгердің «азаттық жырлары» деп айтса болғандай.

Автор «Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты» өлеңінде отаршыл озбырлардың бет-бейнесін, ішкі жан-дүниесін, адамдық қалпын қалың бұқараға жасап отырған қорлық-зорлықтары арқылы тереңнен толғап жан-жақты ашып көрсетеді. Жер-судан, атамекенінен айырылып, далада қаңғып қалған қазақ кедейінің жай-күйіне отырып суреттейді:

«Учаске войсковой»-деген шығып,  
Айырылды жерден қазақ ол ағашты.  
Ата менен бабадан қалған жерге,  
Мұжық кеп тіл білмейтін бидай шашаты.

Жер-судан айырылған соң қаңғып кетіп,  
Үйінде отыра алмай, кедей қашты.  
Тыңдайтын мұңын сөзін құлақ қайда,  
Шұлғытып тұрғанменен қанша басты?

Халық қайғысы –ақын қайғысы. Нағыз ақын қашанда халқыменен бірге, халық қайғырса ол да бірге қайғырады. Халық шаттанса, ол да бірге шаттанады. Ақын халық барда ғана ақын. Мәшһүр Жүсіп өз тағдырын халқының тағдырынан бөліп қарамайды. Халқы үшін не болса да дайын екенің, тіпті қажет болса, қара басын өлімге де байлауға әзір екенін айтады:

Ағады күндіз түні көзден жасым,  
Түйіліп тамағымнан ішкен асым.  
Қажеті аз тірліктің өз басыма,  
Кісіге керек қылған, міне, басым!

Мәшһүр Жүсіп «Хал ахуал» атты кітабындағы «Гибратнама» өлеңінде бұлбұлды өзінің прототипі ретінде алып, өз қара басының емес, халқының қамы үшін жыр жырлайтындығын айтады. Аталған өлеңде халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тірлігі, іс әрекеті, таным-түйсігі суреттеледі. Адамның «сөзі-шын, ісі-әділ, көкірегі мөлдір болса, дұшпаны қанша жаулық, қысастық жасаса да жеңе алмайды» деген философиялық ой тастайды, әрине ақынның өмір шындығын өзек еткен жырлары мұнымен бітпейді. Ол арнайы зерттеу объектісі бола алатын көл-көсір дүние.

Біз талдаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдері оның өз заманының ең озық ойлы күрескер ақыны болғандығын көрсетеді. Өйткені ақын өлеңдері ұлттық сана сезімді сілкіндіріп қана қоймай, ел мен жер, ұрпақ тағдырын ойлауға шақырады. Ислам дінінен, пайғамбар хадистерінен үзінділер келтіру қалың бұқараны адалдыққа, қайырымдылыққа, бірлікке үндейді. Бар ғұмырын «елім, жерім, қазағым» деп жырлап өткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінен бүгінгі жастар, болашақ ұрпақ алар гибрат та, тағылым да мол.

## ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ ОБРАЗДАР

ТЕГЖАН Ж.  
студент, ПМПИ  
СҮТЖАНОВ С. Н.  
ф.ғ.д., профессор

«Өзінің басты объектісі адамды бейнелеу арқылы әр дәуірдің сан қилы сыр-сипатын көрсететін көркем әдебиеттің даму кезеңдеріне көз салғанда, оның нақтылы тарихи адамдар мен тарихи оқиғаларды бейнелеу ерекшелігі, яки әдебиеттегі тарихилық мәселелерді айрықша назар аудартары анық» [1,3 б.] – деп ғалым Жұмат Тілепов айтқандай, шындығында да қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында ел тарихындағы ел тұлғаларымыздың образы тарихи тұрғыдан да, әдебиеттану ғылымында да көркемдік шешімін тауып келеді. Қазақ әдебиеттану саласының қайнар көзі XV ғасырдан басталатыны баршамызға белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда хан, сұлтандар бейнесі ақын-жыраулардың көмейінен төгілген жырлары арқылы қазіргі қазақ әдебиеттануында біршама көрініс тапты. Әр дәуірдің сөз өнеріндегі көркем шындықтың, көркем туындының тарихи ақиқатқа қатысы бар екендігі бүгінгі әдебиеттану ғылымына тікелей сабақтас екендігі аян. Жыраулар поэзиясындағы хандар бейнесі нақтылай бейнеленген. Қазақ тарихындағы хан, сұлтандардың образдық бейнесі Әз-Жәнібектен басталатыны анық.

Қазақ әдебиетінде алғашқы хандар бейнесін сомдаған Асан қайғы болды. Асанның XV ғасырдағы қазақ ұлысын біріктіруге жанын аямай тер төккен, Әз-Жәнібек, Керей хандармен бірге Әбілқайырға қарсы күрестің басында болған, тіптен оның тек бір ғана қазақтың аңыз-әпсаналары мен ертектеріндегі Жәнібек ханмен бірге есімі қосақталып, қатар айтылатын тарихи тұлға.

Асан Қайғының Әз-Жәнібекке ақыл-кеңес айтып отырған кездері болған:

Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің,  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?  
Қорған салдың бейнет қып,

Қызметшің жатыр ішіп-жеп...

Мұны неге білмейсің?...

Әй, Жәнібек, ойласаң,

Қилы-қилы заман болмай ма? [2,24 б.].

Асан қайғы бұл жолдарда Әз-Жәнібекке халқынның қамын неге ойламайсың, қымыз ішіп қызынып, елеуреп сөйлеу не теңін, істеген ісіңнің онып жатқан бірі жоқ, келешегіне, еліңнің ертеңіне көз жібермейсің деп күйіне тіл тартады. Асан қайғы өз заманында Жәнібек ханның жанында бола тұрып, қазақ хандарының бейнесі осындай жыраулардың толғаулары арқылы көрініс табады.

Әз-Жәнібек хан – қазақ халқының тарихында есімі ілтипатпен еске алынатын хандардың бірі. Оның Әз-Жәнібек атануы да содан. Әбілқайырдан елін бөліп алып шыққанда өзіндей еңбек сіңірген деп есептелетін онымен бірге туған бауыры Керей хан туралы не Асан Қайғы, не басқа жыраудың бір ауыз лебіз білдірмей, разы болса да, наразы болса да тек қана Жәнібектің жырлануында көп мән бар.

XVII ғасыр бедерінде өмір сүрген жыраулар қауымынан қазіргі қазақ оқырманының білері – Жиёмбет жырау мен Марғасқа жырау.

Жиёмбет жыраудың өлеңдерінен тілінің өткірлігі, батырлық, бетке дөп басып айта білетінің мына жолдардан аңғаруға болады.

Еңсегей бойлы, Ер Есім,

Есім сені есірткен

Есіл менің кеңесім.

Ес білгеннен, Есім хан,

Қолыңа болдым сүйесін,

Қолтығына болдым демесін! [3,61 б.].

Бұл жолдардан біз Жиёмбет жыраудың Есім ханға ақыл-кеңес беріп, тар кезде қолтығынан демеген, әскеріне, төңірегіндегілерге сүйеу болған, ақыры соның нәтижесінде оны үлкен билікке қолын жеткізіп «есіртуге» дейін апарған кәдімгі сұңғыла абыз, қызметі өткен кісісі екенін байқаймыз. Демек, Жиёмбетке Есім хан осындай дәрежеге жетумен борышқор.

Атақты Марғасқа жыраудың біздің заманымызға жеткен:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,

Кім арамды ант ұрсын.

Жазықсыз елді еңіретіп,

Жер тәңірісіп жатырсын.

Хан емессің, қасқырсын

Қара албасты басқырсын.

Алтын тақта жатсаң да,



Ажалы жеткен пақырсың,  
Еңсегей бойлы ер Есім  
Есігінде келіп тұр.  
Алғалы тұр жаныңды,

Шашқалы тұр қаныңды! [4,56 б.] - дейтін жыры, міне осы кезеңнің оқиғасынан хабар береді. Иргелі ел үшін күресіп жүрген Есім ханға, сол халықтың, сол мемлекеттің тұтастығына оның билеушісінен жаны кем ауырмаған.

Жыраулар поэзиясында қазақ хандарының ішіндегі ірі тарихи тұлғаларымыздың бірі – Абылай ханның тарихи бейнесі көркем әдебиетте өзіндік шешімін тапқан. Хан сұлтандар ішіндегі Абылай ханның бейнесі ең көп және біршама көрініс тапқан. Әр дәуірде ғұмыр кешкен хандардың кеңесшісі әрине жыраулар болғаны белгілі. Абылай ханның бейнесін алғашқы болып қазақ әдебиетінде жырға қосқан Бұқар жыраудың есімімен тығыз байланысты. Бұқар жырау толғауларында Абылай ханның өсу жолы мен хандық дәрежеге қалай ғана қол жеткізгендігі сомдалып, біршама көрініс бар. Бұқар тұлғалаған адамдар ішінде ерекше дәріптеле бейнеленетіні хан Абылай. Жыраудың «Абылайдың қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Хан Абылай атанып», «Қалданменен ұрысып», «Ханға жауап айтпасам», «Әй, Абылай сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» сияқты тағы басқа да толғаулары Абылай ханға арналған. Ол ел тұтқасы, халық қамқоры, жоқ-жітіктің жоқшысы ретінде суреттеледі.

Біз XVIII ғасырды әдебиетіміздің алтын ғасыры деп бағалайтын болсақ, онда сол кезеңнің алтын шаңырағы деп Бұқарды айтқан болар едік. Өйткені Бұқар – бүкіл сол дәуірдің тарихи шындығы мен әлеуметтік мәселелерінің жыршысы. Атамыздың әр толғауы дастан сияқты қабылданады. Енді біз жыраудың Абылай ханға айтқанына күлақ түрейік:

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда  
Әншейін-ақ ұл едің.  
Он бес жасқа келгенде  
Арқада Әбілмәмбет төренің  
Түйесін баққан құл едің,  
Абылай атың жоқ еді,  
Сабалақ атпен жүр едің...  
...Елу жасқа келгенде  
Үш жүздің баласының  
Атының басын бір кезенге тіредің.

Елу бес жасқа келгенде,  
Жақсы болсаң толарсың,  
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.  
Алпыс бес жасқа келгенде,  
Әрбір атқа қонарсың! [5,94 б.]

Жыраудың осы толғауы адамның ішкі жан дүниесін еріксіз тербейді, ханның қарсы алдында тұрып, оның кеше кім болғанын қаймықпай жырлайды. Тіпті, Сабалақ деген атпен түйе баққанын да, әншейін-ақ екінің бірі болғанын да айтып салады. Осы орайда Бұқарға қандай риза болсаңыз, хан басымен осындай зілбатпан сөзді көтере білген, өзіне қарсы айтылған сынды қабылдай алу тек нағыз ел билейтін ханға тән қасиет деп тануға болады.

Абылай Бұқардың арман аясынан орын алған әділ төре, білгір басшы, қазақтың бәріне түгел қызмет еткен, үш жүздің ұйытқысы.

Сайып келгенде мақаламызда XVII - XVIII ғасырлардағы ақын – жыраулар поэзиясындағы хандар бейнесі нақтылы мысалдармен талданып, әрқайсысының мағыналық, стильдік, әрі көркемдік ерекшеліктері көрсетілді. Егемен ел болған, тәуелсіз, дербес мемлекет атанған кезде ұлттық тарихымызды жаңаша көзқарас тұрғысынан, нақты ғылыми тұжырымдаудан өткізу – қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттың бірлігі мен тұтастығы, барлық қазақстандықтардың ортақ үйі – Қазақстан Республикасын өркендетіп, дамытуға қосылған үлес деуіміз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.

2 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық./Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

3 Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.

4 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық./Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

5 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық./Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

## К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДА ПРОЗЫ М. Ж. КОПЕЕВА НА РУССКИЙ ЯЗЫК

ТЕЗЕКБАЕВ М. Т.

к.ф.н., доцент, научный сотрудник, НПЦ «Машхуроведение»

Общеизвестно, что без взаимодействия и взаимопонимания различных культур невозможно само развитие мирового литературного процесса в целом, ибо многовековые накопления духовных сокровищ представляют собой огромный фонд человеческого гения, в котором хранятся лучшие образцы творений представителей разных народов и этносов. Французский ученый Р. Берг писал: «Ответ даст каждый из нас, привнося в произведение свою собственную историю, наш язык и свою свободу, но наша история, наш язык и наша свобода бесконечно меняются, бесконечен и ответ мира писателю... Именно этим, несомненно, объясняется наличие трансисторической сущности литературы; эта сущность представляет собой функциональную систему, один элемент которой (произведение) неподвижен, а другой (мир, эпоха этого произведения) варьируется».

Национальная литература живет своей жизнью, где наиболее ярко отражены история, культура данного народа, включая все этапы его развития, а также современность. Естественно, здесь же отражаются разнообразные контакты с другими национальными литературами, это прежде всего, обозначаются многогранными проблемами перевода. Здесь уместна мысль немецкого поэта И. Бехера: «...значительная национальная литература немислима без хорошей переводной литературы... Создание высокой культуры перевода способствует росту данной национальной литературы и созданию ею своего национального характера».

Думается, именно такой подход должен быть основополагающим при решении проблем и задач перевода с казахского языка на русский язык. Казахский народ испокон веков высоко оценивал поэтическое слово. Поэтому казахские писатели, поэты, просветители свои познания, пожелания вкладывали в поэтические и прозаические строки.

Неукоснительно придерживался этих традиций и Машхур Жусуп Копеев, которого сильно волновала судьба родного народа, его будущее. Его богатейшее наследие посвящено именно этой цели: созданию и формированию образованного, благородного и физически здорового общества-социума.

Отметим, что все известные факты из творческой биографии Машхура Жусупа оставались достоянием только казахскоязычного поколения, поскольку они не переводились на другие языки, за исключением одного-двух произведений.

Единственное стихотворение поэта, переведенное на русский язык, было опубликовано в 1940 году в антологии «Песни степей» (...Антология советской поэзии М., 1940). Спустя почти сорок лет, в 1978 году в Ленинграде, был создан сборник «Поэты Казахстана» (...Л. 1978) с предисловием казахского писателя Мухтара Магауина (в сборнике был напечатан отрывок еще одного стихотворения «Шайтанның саудасы» – «Чертов торг»).

По мнению доктора филологических наук, профессора Н. Ж. Сагандыковой перевод данного произведения, выполненного Влад. Цыбиным, не совсем соответствует оригиналу. Она пишет: «... эта единственная интерпретация не отличается высоким качеством исполнения: грешит неточностями, отсебятиной, местами используется слова, выпадающие из общего стиля произведения и т.д.».

Далее она замечает, «что строки русского перевода напоминают искаженный отзвук оригинала. В них трудно узнать ход мыслей автора, глубину суждений и красоту изобразительно-выразительных средств. По прочтению перевода остается лишь «жужжащий» звук механического рифмования»... (можно – осторожно – вижу – непреложно).

У В. Цыбина в переводе встречается словосочетание «пятнадцать арб»: казахская лексема «арба» поставлена в родительный падеж множественного числа, что является весьма заметным отклонением от норм перевода слов-реалий – их не склоняют, подчиняя правилам заимствующего языка (в данном случае – русского языка). Другими словами, подобного рода комплекс переводческих «художеств» положительного результатов не приносит, напротив русский вариант сочинения М. Ж. Копеева выглядит неуклюжим, грубоватым и неудобочитаемым. Естественно, такие «переводы» производят негативное впечатление и русскоязычный читатель вполне может подумать, что казахская поэзия и проза – это нечто эстетически несовершенное, неглубокое и малоинтересное. Какой может быть вывод?

О каком взаимовлиянии и взаимообогащении литератур может идти речь, если прекрасные произведения национальной литературы при переводе превращаются, говоря современным языком, в «ужастики» от литературы. Вывод может быть только таким: «Делать высококачественные и искусные переводы,

по всем параметрам отвечающие сюжету, замыслу, красоте и изяществу оригинала, для этого нельзя позволять бездарным и недобросовестным людям приступать к переводу. Буквально надо их отслеживать, ибо их плохие переводы могут дискредитировать любую литературу, отвращая от нее читателей».

Миссия трансформации литературных ценностей лежит на плечах переводчиков, от которых зависит судьба переводимого оригинала. Хороший перевод может подарить иноязычному произведению достойную известность, равнозначную популярности самого подлинника.

Француз Шарль Ботье говорил, что художник-копиист находится в более выгодном положении, чем переводчик – в его (художника) распоряжении такие же технические средства, как и у создателя оригинала. У переводчика отнюдь не те же средства, не те же самые краски, что использовал автор подлинника, но от него требуется, чтобы он достиг в своем переводе такой же силы и такого же воздействия, как и сам автор.

При переводе сочинений М. Ж. Копеева на русский язык специалисты - переводчики почти однозначно утверждают, что многие произведения (как лирические, так и прозаические) поэта-философа трудно передаваемы на другие языки, в том числе и на русский: настолько они пронизаны национальной ментальностью, восточным колоритом и религиозными мотивами. Кроме того, обилие арабских, персидских, чагатайских слов и выражений, множество исламских имен и реалий, наименований, совершенно отсутствующих в русском языке, а также литературные, философские, мифические образные выражения сильно осложняют и затрудняют сам переводческий процесс. Здесь нам хотелось бы отметить касательно перевода прозы М. Ж. Копеева на русский язык одну особенность, связанную с обработкой самих рукописей поэта, изданных в двадцатитомном собрании сочинений. Как правило, в конце каждого тома даются пояснения к этой или иной рукописи, однако они носят в основном технический характер. На наш взгляд, в подобных случаях не мешало бы более полно адаптировать тексты поэта на казахском языке, т.е. более «казахизировать» машхуровские рукописи – это дало бы возможность более тонко и объемно вникать в содержание тех или иных рассказов, изложений, таким образом, адекватно передавать идеи и смысл отдельно взятых рукописей на русском языке. Данное обстоятельство позволило бы в той или иной степени приблизиться к систематизации требований, предъявляемых

к переводчикам (эту систему требований к переводчикам в свое время изложил М. Ауэзов). Перечислим эти требования:

– в переводе на русский язык любой автор должен звучать естественно как на родном языке;

– нужно отказаться от перевода – пересказа, от вольного и произвольного изложения голого содержания, от насильного приспособления оригинала к пресловутому русскому слуху, от излишней адаптации к национальным образцам;

– необходимо стараться, насколько это возможно, донести до русскоязычного читателя форму, образность, поэтический речестрой, словесные узоры, ритм, мелодику оригинала, а не загонять, втискивать содержание в традиционные национальные колодки;

– вникнуть глубже в форму и содержание переводимого текста, понять, осмыслить его суть, а не увлекаться набором трескучих словес и фраз.

Данный комплекс требований М. Ауэзова отвечает почти всем классификациям перевода, существующим в современной переводческой науке. Автором одной из классификаций является Сейдиль Талжанов. Его классификация является наиболее иллюстративной и актуальной и по сей день: «Первый метод – свободный перевод, этот способ появляется из-за незнания языка... Свободный перевод возникает в ранний период становления государства, характеризующийся «узостью» культуры. Второй метод – дословный перевод, доступен тем, кто больше понимает язык подлинника, его мотив... Обычно при переводе литературного наследия великого народа «уполномоченные» представители (переводчики) небольшой страны, боясь допустить какую-либо ошибку, стараются перевести каждое слово. В результате переводы получаются настолько «точные», что их не понимают ни переводчики, ни читатели. Третий способ – адекватный. Это самый трудный вид. Он осуществляется очень хорошо знающими оба языка переводчиками (Т. Бельгер), которые глубоко понимают внутренний смысл иноязычного произведения. К тому же надо глубоко понимать звуковую интонацию, языковую красоту, манеру (стиля) словоупотребления автора. Перевод получится складным в том случае равенства культурного уровня обоих народов (переводчика и оригинального автора).

Творчество М. Ж. Копеева многие десятилетия было под запретом. В настоящее время его богатое наследие возвращено родному

народу, его творческая деятельность протекала в сложных жизненных обстоятельствах. Читатель найдет в нем и философские раздумья о человеке, о смысле жизни, о судьбе своего народа, о добре и зле, найдет также смелую критику разобщенности, лени современного ему общества, проблемы просвещения, нравственного воспитания – словом, все то, что является актуальным и сегодня, в XXI веке.

## **BILD ALS WIDERSPIEGELUNG DER INNEREN WELT DES KINDES**

TOKENOVA I. N.

Magisterstudentin, Staatliche Toraigyrow-Universität, Pawlodar

Es ist nicht leicht einen Menschen zu finden, der nie Angst gefühlt hat. Unruhe und Angst sind für jeden Menschen typisch, so wie Freude, Bewunderung, Zorn, Begeisterung, Trauer. Wenn der Mensch aber der Angst enorm unterliegt, verändert sich sein Verhalten, manchmal wird er von der „emotionalen Lähmung“ befallen. Unsere Ängste sind vorübergehender Natur und meistens altersbedingt. Kinderängste verschwinden oft spurlos, wenn man ihre Ursachen versteht und sich richtig dazu verhält. Wenn sie aber lange Zeit bleiben und schmerzhaft sind, sollte es ein schlechtes Zeichen werden und von schwachem Nervensystem des Kindes, falschem Benehmen der Eltern, ihrer Unwissenheit der psychischen und altersbedingten Besonderheiten des Kindes, Ängsten der Eltern selbst, Konflikten in der Familie signalisieren. Es gehört zur Elternpflicht ihnen vorzubeugen, Kinder vor Angst zu schützen, die von Familienkonflikten, Gefühllosigkeit oder Unaufmerksamkeit hervorgerufen worden ist. [1].

Viele ausländische Pädagogen und Psychologen haben Ängste erforscht. (Grey, Tomkins, Reingold, E.G.Makarova, P.V.Ovtscharova, J.L.Neymer). Kinderängste wurden von A.I. Sacharov, A.S. Spivakowskaja, M.A. Panfilova, I. Kulinzova und anderen erforscht.

In verschiedenen Zivilisationen haben Kinder ähnliche Ängste: im Vorschulalter ist es Angst von der Mutter getrennt zu werden, Angst vor Tieren, Dunkelheit, mit 6-8 Jahren – Angst vor dem Tod. Das ist ein Beweis der Gesetzmässigkeit der Entwicklung, unter der Wirkung von Sozialfaktoren entstehen gleiche Ängste. Wie stark die Angst ausgedrückt wird, hängt von individuellen Besonderheiten der geistigen Entwicklung des Kindes und konkreten sozialen Bedingungen seines Lebens ab.

Einige Mütter wollen möglichst früh zu arbeiten anfangen. Das bringt Unruhe ihren emotional empfindlichen Kindern in den ersten Jahren ihres Lebens. Die Mütter leiden unter dem ständigen Motivationskampf. Sie wollen beides schaffen: Mutterschaft und Karriere. Die Kinder fangen an früh einen Kindergarten zu besuchen oder Großeltern und andere Verwandte passen auf die Kinder auf. Dabei werden emotionale Bedürfnisse der Kinder kaum berücksichtigt.

Ehrgeizige, mit schmerzhaft geschärftem Sinn für Pflicht kompromisslose Mütter sind oft zu anspruchsvoll und mit dem Geschlecht, Temperament oder Charakter des Kindes unzufrieden. Solche hypersozialisierten Mütter haben in der Regel Angst vor möglichem und darum unvorhersehbarem Unglück, das dem Kind passieren kann. Sie sind streng mit dem Kind, weil sie seine Lebensweise vorbestimmen wollen, alles vorgeplant haben. Solcher Plan spielt die Rolle der Vorschrift. Die Mütter sind nicht genug sanft und zart zu den Kindern. Das macht ihre empfindlichen und leicht beeindruckenden Kinder im Vorschulalter unruhig, weil die Kinder eben in diesem Alter Liebe und Unterstützung der Erwachsenen brauchen.

Besonders empfindlich gegen konfliktbeladene Beziehungen der Eltern sind Kinder im Vorschulalter. Wenn sie sehen, dass ihre Eltern oft Streit haben, haben sie mehr Ängste, als die Kinder aus konfliktfreien Familien. Mädchen sind gegen Familienbeziehungen empfindlicher, als Jungen. Wenn die Situation konfliktbeladen ist, weigern sich die Mädchen öfter als die Jungen die Rolle des Elternteiles desselben Geschlechts im Spiel „Familie“ zu wählen. Sie bevorzugen ihre eigene Rolle zu spielen. Dann verlieren die Mütter für lange Zeit an der Autorität bei Töchtern. Kinder aus konfliktbeladenen Familien haben öfter Angst vor Tieren (bei Mädchen), Naturkräften, Krankheiten, Infektionen, Tod, aber auch vor Alpträumen und Eltern (bei Jungen). All diese Ängste sind eine Art emotionale Reaktion auf die Konfliktsituation in der Familie.

Mädchen haben nicht nur mehr Ängste, als Jungen. Ihre Ängste sind auf engste miteinander verbunden, das heißt sie beeinflussen einander mehr sowohl im Vorschulalter als auch im Schulalter. Anders gesagt sind die Mädchenängste stark mit der Schwellenpersönlichkeitsstruktur verbunden, vor allem mit ihrer emotionalen Sphäre. Intensität der Verbindungen zwischen Ängsten erreicht ihren Höhepunkt sowohl bei Mädchen als auch bei Jungen im Alter von 3-5 Jahren. In diesem Alter „klammern sich“ die Ängste aneinander und bilden eine einheitliche psychologische Struktur der Unruhe. Da dieser Prozess mit der intensiven Entwicklung der emotionalen Sphäre zusammenfällt, kann man



vermuten, dass Ängste in diesem Alter von Emotionen motiviert und „gebunden“ sind. [1].

Es gibt eine große Anzahl von Verfahren zur Früherkennung von Kinderängsten. Besonders glaubwürdig und einfach im Gebrauch sind Projektionsmethoden.

Das Bild ist ein einzigartiges Testverfahren.

Bildtests gehören zu Projektionsmethoden, zu der Gruppe von expressiven Tests.

Das Bild zeigt, wie die Kinder die Welt sehen. Das Kind malt nicht nur das, was es sieht, sondern auch das, was es von Gegenständen und Ereignissen erfährt, das, was es sich vorstellt. Das Kinderbild ist die Widerspiegelung der Persönlichkeit des Kindes, seiner Gefühle, es zeigt seine Entwicklung [2].

Im Zusammenhang mit den Vorstellungen der Psychologen von der Rolle des Bildes bei der Untersuchung entstehen sogar Interpretationsschulen der malerischen Produkte. [3].

Die Anwendung von Bildverfahren für die Untersuchung der Persönlichkeit des Kindes ist besonders im Ausland verbreitet. In der letzten Zeit entsteht die Tendenz mehr Aufmerksamkeit dem Bild als Mittel der Persönlichkeitserkenntnis zu schenken (Boldyreva S.A., Sacharov A.I., Michina V.S.), obwohl M.Korenblint und M. Nadolskaja noch im Jahre 1914 unter der Leitung von Professor A. Lasurskij in ihren Arbeiten Malunterricht als Mittel der Persönlichkeitserkenntnis zu gebrauchen versuchten. [4].

Die Rolle der darstellenden Tätigkeit in der psychischen Entwicklung des Kindes lässt sich in Arbeiten von D. B. Elkonin zurückverfolgen. L.F. Obuchova weist auf intellektualistische Theorie. In ihrem Blickfeld befindet sich Symbolik von Kinderzeichnungen. In Konzepten von V.Stern und D. Selli wird das Bild als Symbol von bestimmten Begriffen betrachtet. In der Konzeption von G. Volkelt sind Kinderwerke Widerspiegelungen von Gefühlen, emotionalen Zuständen und Erlebnissen des Kindes.

Nach Vygotskij ist das Bild eine besondere Form des Sozialzeichens. So ist das Bild ein besonderes Mittel zum Ausdruck des Wissens des Kindes von der objektiven Welt, menschlichen Beziehungen und sich. Das Bild drückt auch sein Verhalten zu sich, zu der Umwelt, zum anderen Menschen aus.

Seit dem Moment, wenn die Kinder einen Buntstift in die Hand nehmen und irgend welche Schnörkel zu zeichnen anfangen, so etwa mit 18 Monaten, beginnen sie Formen und Bilder zu schaffen, die sehr

wichtig für ihre weitere Entwicklung sind. Roda Kellogg, die viele Jahre der Forschung der darstellenden Tätigkeit der Kinder gewidmet hat, hat gezeigt, dass sich die Ausdrucksmöglichkeiten der Kinder von einfachen Schnörkeln zu aussagekräftigen Symbolen entwickeln. Kellogg meint, dass jedes Kind die Welt der Symbole für sich in der gleichen Reihenfolge entdeckt.

Im Alter von 3 Jahren beginnen die Kinder Konturen des Gesichts zu zeichnen, mit 4 zeichnen sie schon Menschen. Zum 4.-5. Lebensjahr stellen die Kinder die Menschen mit Armen und Beinen dar. Dann erscheinen Hinweise auf den Körper und Kleidung. Bis zum Ende des 4.-5. Lebensjahres ergänzen einige Kinder ihre Zeichnungen durch andere Bildelemente, solche wie Häuser, Tiere, Schiffe, Autos usw. [5].

Sobald die Kinder zur Darstellung von irgendwelchen Objekten übergehen, beginnen die Zeichnungen ihre Gedanken und Gefühle widerzuspiegeln. Nach Meinung der amerikanischen Psychologin J. Gudnau kann man das Zeichnen der Kinder als den Prozess der Problemlösung betrachten. Sie arbeiten am Bild in bestimmter Reihenfolge und ordnen seine Elemente nach den gleichen Regeln an.

Oft zeichnet das Kind spielend oder eine Geschichte erzählend und gestikuliert oder sagt etwas dabei. Dann kann das Bild nicht voll oder unverständlich für die anderen sein. Das ist aber nicht schlimm. Wichtig ist, dass es nicht ein zufälliges Durcheinander von Flecken und Linien ist, sondern, dass sie einen Sinn für das Kind haben, bestimmte Gegenstände und Ereignisse darstellen.

Wenn das Kind einen oder anderen Gegenstand zeichnet, bringt es in das Bild seine Gefühle, sein Verständnis. Darin besteht bildendes Schaffen des Kindes. Im Zusammenhang damit sollte der Gedanke von der bekannten Forscherin der Kreativität der Kinder A.E. Flerina zitiert werden. „Wir verstehen unter dem darstellenden Schaffen des Kindes bewusste Widerspiegelung der umgebenden Wirklichkeit in Abbildung, die auf der Arbeit der Einbildungskraft, Widerspiegelung seiner Beobachtungen und Eindrücke beruht, die es mit dem Wort, Bild oder anderen Kunstarten bekommt. Das Kind kopiert nicht passiv seine Umgebung, sondern verarbeitet sie aufgrund der Erfahrung und Einstellung zum Dargestellten“

Die darstellende Tätigkeit des Kindes ist der Gegenstand der besonderen Aufmerksamkeit der Pädagogen und Psychologen. In der Psychologie analysiert man das Kinderbild nach seinem Inhalt. Zur Zeit zweifelt niemand, dass das Bild eine der wichtigsten Quellen des Wissens von der menschlichen Psyche ist, mit deren Hilfe man viele

qualitative und quantitative Informationen feststellen, validieren und erfolgreich in der Praxis der psycho-diagnostischen Studie verwenden kann.

Wie die Erfahrung zeigt, haben die Zeichnungen scharfe individuelle Unterschiede. Das gibt die Möglichkeit auf diesem Grund natürliche psychologische Klassifikationen und Typologien zu bauen. Das wird bedeutend schneller erreicht, als wenn man andere Verfahren gebraucht.

#### LITERATUR

1 Захаров, А.И. «Дневные и ночные страхи у детей» [Текст]: научное издание / А.И. Захаров. - СПб.: «СОЮЗ», 2000. – 448 с. - ISBN 5-87852-130-X

2 Аралова, М.А. «Справочник психолога ДОУ» [Текст]: научное издание / М.А. Аралова. - М.: «Сфера», 2010. – 272 с. - ISBN 978-5-89144-893-3

3 Хозиева, М.В. «Практикум по возрастано-психологическому консультированию: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений» [Текст]: научное издание / М.В. Хозиева. – 2-е изд., испр. - М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 320 с. – ISBN 5-7695-1805-7

4 Бодалев, А.А., Столин, В.В., Аванесов, В.С. «Общая психодиагностика» [Текст]: научное издание / сост. А.А. Бодалев, сост. В.В. Столин, сост. В.С. Аванесов. - СПб.: Издательство «Речь», 2006. – 440 с. – ISBN 5-9268-0015-3

5 Крайг, Г. «Психология развития» [Текст]: научное издание / сост. Г. Крайг, сост. Д. Бокум. - 9-е изд. — (Серия «Мастера психологии») – СПб.: «Питер», 2005. -940 с. - ISBN 5-94723-187-5

### **МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОС**

УАЛИХАНОВА Н. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бай мұрасының бірі – қазақ эпосы. Қазақ эпосының осы күнге дейін жетуі - жинаушы, жариялаушы фольклоршы-ғалымдардың еңбегі. Жалпы қазақ фольклористикасы ғылымының дамуына өз үлесін қосып, бай қазынамызды бүгінгі буынға жеткізген фольклоршы-ғалымдардың

бірі - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ол әр түрлі жанрдағы фольклор үлгілерін ел арасынан жинап, ғылымға елеулі еңбек етті. Соның ішінде қазақ эпосына тоқталатын болсақ, ғалым ел арасынан «Қамбар», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Нәрікұлы Шора батыр», «Кенесары», «Кенесары-Наурызбай», сондай-ақ ғашықтық эпос, оның ішінде, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Алтынбас – Күмісаяқ» сияқты жырларды жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізгені белгілі. Бірақ та осы күнге дейін аталған жырларды сюжеттік мотивтік желісі, композициялық құрылысы жағынан талдап, зерттеу бүгінгі күннің еншісіне қалып отыр. Сондықтан да бүгінгі мақсатымыз - Мәшһүр Жүсіп жинаған қаһармандық эпосты оқиғасы, құрылысы, сюжеті жағынан талдау.

Алдымен «Нәрікұлы Шора батыр» жырына композициялық құрылысы тұрғысынан талдау жүргізіліп, қысқаша мазмұны берейік. Жыр қара сөз бен 7-8 буынды өлең үлгісімен араласып жазылған. Бірақ қара сөз түрі көбірек қолданылған. Жырда Қазан деген қалада Тама елінде Кәрібай, Нәрік, Есім би деген ағайындылар туралы, сол ағайындылардың ішінде Нәрік пен оның бәйбішесі Гүлқаныстың бір перзентке зар болуы туралы айтылады. Нәрік байдың жылқысында «Қанатты қара» деген бедеу биесі шұбар құлын туыпты. Анасбай деген бір бай той бермекші болып, сол тойға Шұбар дөңенді мінуге Кәрібайдың баласы Тасен мырза Нәріктен сұрайды. Сонда Нәрік: - Сен Шұбар дөңенді мініп тойға барсаң, Гүлқаныс екеуіміз бара қалсақ: «Өзімізден туып, бұған мінерлік бала болмағандықтан, мынау мініп жүр-ау!» - деген ой-сана ойға түсіп, ішкеніміз – ірін, жегеніміз – желім болады ғой. Өзге қалаған атынды қалай мінсен, олай мін, бірақ Шұбарды аузына ала көрме, - дегенде, Тасен:

-Ай Нареке-ай, қулығыңа кеттің ғой! Құдайдың да өзінді қуартып қойғаны осы пейілің ғой! – деп, есікті тарс еткізіп, тұра жөнелді [1, 278 б.]. Сол күннен бастап туысыннан қорлық көргенше, басқа бөтен жаттың қорлығын көрейін деп алған бетінен қайтпай, әулиеден бала сұрамақ болып, бірі болмаса, бірі жебеп-желер деп, қырық үйлі Тама елімен Нәрік батырдың көшіп кетуімен оқиға басталады.

Нәрік батыр Аққала деген шаһардың маңына барып, он сан Ноғайлы, мың үйлі жасыл Түрікпен, Айрақты елімен көрші болып тұрады. Солардың ішінде қарайғанды қармап, жанындағысын жалмап жүретін Әліби беген қу бар екен. Нәрік байға елші салып: «Нәрік бай бұл жердің оты-суы малыма қоныс десе, Шұбар атын маған берсін. Шұбар атын бермесе, екеуіміздің ат-құйрығын кесіскен

жеріміз осы болсын,- деген [1, 380 б.]. Сөйтіп Нәрік пен Гүлқаныс қырық үйлі Тама елін тастап, әулиеден әулие тастамай қыдырып кетеді. Қаратаудың бауырында Бабайтүкті Шашты Әзиз деген әулиенің жатқан жеріне барып қонып, тілектері қабыл болады. Гүлқаныс арыстанның етіне жерік болады. Нәріктің қойшысы арыстанды ұстап алып, Гүлқанысқа әкеп береді. Гүлқаныс отқа салып пісіріп жеп, жерігі қанып, көңілі тынады. Сөйтіп ұл перзентті зорға табады. Оқиға әрі қарай Шораның бес жасқа толып, өзінің қырық досына қорлық көрсеткен Түрікпеннің мың баласымен қоса қырғауыл жүнді қызыл таз баланы қызыл ала қан қылып, айдарын жұлып, қиратып салуымен дамиды.

Түрікпеннің мың баласын қырып салғаннан кейін оқиға шиеленісе түседі. Қарахан деген ханның Әліби деген биінің алдына басы таз бала жылап барғаннан соң, Әліби өш алуға Шора батырға аттанады. Бірақ Қарахан: Нәрік менімен дос еді. Бұғанасы қатпаған, буыны бекімеген, ұрыс, төбелес әдісін үйренбеген жас бала ғой. Нәрік бай көшсін, елін тапсын. Жұртына қырық қашырға артып қазына тастап кетсін. Оны мың баланың құны деп білсін, - деп жасырын кісі жіберіпті [1, 287 б.]. Шора мың баланы жайратып, тып-типыл қылып, ұйықтап қалған. Шора бір ұйықтаса, жиырма күнсіз оянбайды екен. Қырық бала оны оята алмай, әбден сасып, «Шора өлген жерде біз де өлеміз, ол қалған жерде қаламыз» деп Тама елін көшіртіп, қырық қашыр қазынамен қалып, Шораны күзетеді. Жиырма күн өтіп, Шора оянса, елі жоқ, Шұбар аты басында, қырық бала қасында екен. «Маған бола сендер өлмендер» деп қырық қашыр қазына мен Шұбар атын алып қалып, қырық баланы қоя беріп, жалғыз өзі қалады. Әліби жетіп, Шораның қарасын көріп, берген қазынаны алмай, Шораға қарай шұқшияды. Әлібиді тақымына қыстырып, бір төбенің басына апарып тастайды, Әліби аттан жығылып, өткелсіз суға қарай қашады.

Оқиға одан әрі шиеленісе түседі. Тасбұлақтың басында Әлібидің інісі Тасыр мерген Шораны көзде ату үшін зығұрданы қайнап, жолын тосып жатыр екен. Сол сәтте Шұбар аты Шора батырға көмектесіп, көзді ашып жұмғанша Тасыр мергенге жеткізіп, шап беріп ұстай алып ұрады. Тасыр мерген «жан сауға, батыр, жан сауға» деп қорыққанан бір құлағын кесіп беріп, достасуға шақырады. Сөйтіп Тасырды еліне қоя береді.

Жолшыбай Шора батырға өзін қолдап жүрген әкесінің туыстары, Есім билер кездеседі. Жолдағы жауы қалмақтан шыққан Садырқұлды ойрандап, оқиға шарықтау шегіне жетеді. Өзбек елін

шабуға кеткен қалмақтың ханы Қараманның елін басып, Қаныкей деген қарындасын Есім би, Тінікейді Тасен мырза алып, Қараманның жалғыз қызы Қаракөз сұлуды Шора батыр өзі алып, таққа отырып, сол елде орналасып тұрады. Оқиға Шора мен Қараман арасындағы жекпе-жекпен жалғасын табады. Соңында Шора Қараманның басын кесіп, ту сыртынан жарып, өтін алып, қанын ұрттап, мейірі қанады. Сөйтіп өз еліне оралып, әке-шешесімен көрісіп, Қараханмен татуласып, Түрікпенді ел қылып, өзінің қырық үйлі Тамасын көшіріп, Қазанға алып қайтуымен оқиға шешімін табады.

Ендігі кезекте «Көрұғлы» жырын композициялық құрылымы, сюжеті жағынан талдап, олардың нұсқалық ерекшеліктерін айқындау басты назарға алынып отыр. Талданғалы отырған мәтін Алматыдағы Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіптің шығармалары жинақталған 1173-папка ішіндегі Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі бойынша әзірленген дастан негізінде алынып отыр. Бұл нұсқа 2005 жылғы Мәшһүр Жүсіп (Қазақ фольклоры үлгілері) шығармалары жинағының 5 томында жарияланып отыр. Шығарманың бас жағы 7 буынды ерікті ұйқас өлшеммен, ал кейінгі бөлімі 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Жырдың бұл нұсқасы 1893 жолдан тұрады. Мәтін соңында оның қағазға түскен мерзімі 1894 жылы екені де көрсетілген. Ал бұл туындының ел аузынан жиналып қағазға түсірілуі шығарма соңында ап-анық ескерілген:

Мәз болумен Мәшһүр деген құр атқа,

Талай жерде қалып жүрмін ұятқа.

Өліп қалған Көлұғлыны тірілттім,

Мен де сондай жетермін бе мұратқа?!

... «Құлақ – көрі, бой – жас»- мақал қалыпты,

«Жаңа туған жас ұл» - деме көріпті.

Сол кісінің шыққан сөзі аузынан

Құлағында бұл Мәшһүрдің қалыпты [1, 392 б.].

Жыр оқиғасында Көрұғлының әкесі Мұндыбек қызылбастармен қан майданда қаза болады. Мұндыбектің 30 жастағы жесір қалған әйелі Алтыншаштың толғағы жетіп, босана алмай қиналып, туыстары жаназа оқып, оны көрге көмеді. Сөйтіп пірлердің, 40 шілтеннің көмегімен Көрұғлы көрде жатып дүниеге келуімен басталады. Көрұғлы жеті жасқа дейін көрде өмір сүруі баяндалып, оның бүкіл түрікпен еліне хан болсам деген арманы баяндалады. Әрі қарай оқиға желісі нағашысы Бозқұланның Көрұғлыны 4 ай бойы моласының қасында отырып күзетіп, ақыры оны іздеп тауып, өз елі

Күйгентауға алып келуімен дамиды. Келе сала атқа мініп, бес қаруын асынып, Сапабек сияқты батыр мен 41 жігітті өзіне серік етіп алады. Оқиға Қызылбастың патшасы Райханның Көрұғлыға келіп, оны алдап, Ақбілек атты жеңгесін кер биеге ауыстырып, содан соң кер биенің толғатып, ерекше ғираттың (құлынның) дүниеге келуімен өрбиді. Құлын жырда былай суреттеледі:

Қиған қамыс құлақты,  
От орнындай тұяқты.  
Бір тазы бедеу ішінен  
Шауып шықты жануар  
Бейне тұлпар сияқты.  
Ерге берді бір тілек  
Жеткізді атқа күдірет [1, 194 б.].

Оқиға енді шиеленісе түседі. Көрұғлы пірлерінен бата алып, жеңгесін іздеуге жолға шығады:

Бір көргенше жеңгесін,  
Көрұғлы батыр тұрмас-ты.  
Жаркылдатып байлады  
Беліне гауһар алмасты...  
...Ғайып иран қырық шілтен  
Шөгірлі тауда кездесті.  
«Кәлдірханға барам!» - деп,  
Рұқсат сұрап пірінен,  
Сол жерде батыр сөйлесті... [1, 195 б.].

Көрұғлы жолда қойшыны өлтіріп, киімін киіп, шаһарға кіріп, Ақбілекпен жолығады. Сонда Ақбілек:

Қызылбастар мазақ қылып күлмей ме,  
Алла қайрат Көрұғлыға бермей ме?!  
Сеніменен қашар едім бүгін түн:

«Өз байталын алып кетті!» - демей ме [1, 199 б.]?! - деп өз орнына Райханның қарындасы Гүлайымды салып жібереді. Райхан бұл оқиғаны біліп, сондарына түседі, бірақ жете алмай, бар өшін Ақбілектен алмақ болып, кек сақтап қалуымен жалғасын табады. Жырда Көрұғлыға үнемі тұлпары демеу болады. Тұлпарына тіл бітіп:

...Аямастан сал қамшымды өзіме,  
Құлағың сал шын деп біліп, сөзіме!  
Намаздігер, намазшамның кезінде  
Жеткізейін Қоғатаудың өзіне [1, 204 б.]!

Әрі қарай оқиға Көрұғлының Райхан батырды алуға аттануы, өз елін 41 жігітке тапсырып, пірлеріне сиынып, Қоғатауға жетіп

жаумен айқасып, күзетшілерді қырып-жойып, жеңгесін зынданнан құтқарып, Райханды ұстауға жіберген 41 жігіттің қолға түсіп қалуы оқиғаны одан сайын шарықтата түседі.

Ең соңында оқиға батырдың өз достарын жаудан құтқарып, Райхан батырды өлтіріп оның қазынасын өзара бөлісіп, жеңгесін Бозқұланға қосып, Көрұғлының данқы бүкіл жұртқа жетуімен аяқталады.

Жырды басқа нұсқалармен салыстыратын болсақ, Р.Мәзқожаев нұсқасы Көрұғлы әкесінің тағдырдың қатал сынына ұшырауынан басталып, бұл қайғылы жағдай жыр аяқталғанша ұдайы назарда ұсталынады [2, 67 б.]. Көрұғлы әкесінің тағдырда кеткен есесінің орнын толтыруға ұмтылады. М.Ж. Көпейұлы жазып қалдырған нұсқада бала әкенің кегін қумағанмен, әкесін қан майданда өлтірген қызылбастарды өзіне жау санап өседі. Кейіпкер Райханмен өштескенмен, оның елі қызылбастармен майданда шайқасып, оларды жеңіп шығады. Е.Есенжолов нұсқасында Көрұғлының туа сала әкесін өлтірген қызылбастарға өшігіп, осы кекті қайтаруға белін бекем бууы М.Ж. Көпейұлы нұсқасындағы жыр жолдарына ұқсайды. Әйтсе де, Е.Есенжолов пен М.Ж.Көпейұлы нұсқасында Көрұғлының әкесі «Раушанбек» нұсқасындағыдай қорлық көріп, көз жұмбайды. Қан майданда қаза болу көшпенділердің түсінігінде қорлық көріп өлу емес, керісінше нағыз ерлерше жан тәсілім етуге баланады. Ал Ә.Жүргенбаев нұсқасының мазмұн мен түр жағынан біршама ерекшеліктері бар. Ондағы кейбір кейіпкерлердің есімі де басқаша. Көрұғлының арғы атасы – Тойлыбай сыншының қасиеті оның ұлы Раушанбекке дарып, ол Шаадаттың сиырының тынжысын, түйесінің жампозын анықтап, Шаадат патшаның өзін ақсүйек емес, нан пісіруші наубайдың ұлы екенін тап басып айтады. Сөйтіп Раушанбектің сыншылдығы мейманасы тасыған Шаадат патшаның ашуын туғызады [3, 80 б.]. Ызаға булыққан Шаадат патша жасауылдарына Раушанбектің көзін ойдыртады. Көрұғлы оны естіп кек жолында өзінің өмірлік мұратын айқындайды.

Сонымен, М.Ж.Көпейұлы нұсқасында әке қорлығын көру мотиві, оған ерекше ат қойылуы, түс көру мотиві, батырдың үйленуі, оның баласыздық зары сияқты мотивтер кездеспейді. Бірақ та барлық нұсқаға ортақ ең негізі мотивтер қамтылғандықтан, М.Ж.Көпейұлы нұсқасын толық емес деп айта алмаймыз. Дегенмен Р.Мәзқожаев нұсқасы 4900 жолдан тұратын толық нұсқа болып саналады.

«Сайын батыр» жыры - ауызша кең таралған көлемді де көркем жырлардың бірі. В.Радлов кітабында жыр алғаш таспаға



басылған. Одан кейін 1870 жылы Орынбор архив комиссиясының ғылыми еңбектерінде «Бозмонай» деген атпен жарияланған. Кеңестік дәуірде 1922 жылы Ташкентте, 1926 жылы Мәскеуде Шығыс елдері баспасынан жеке кітап болып жарық көрді. 1933 жылы С.Сейфуллин құрастырған «Батырлар жыры» жинағында жарық көрді. Жыр Пеньковскийдің аударуымен «Литературный Казахстан» (1935 №2,3,4, 1938 №8,9,11) журналында жарияланып, кейіннен М.Әуезов пен Л.Соболев құрастырған «Песни степей» атты кітапқа үзінділері енгізілді. Қазақстан Республикасы ұлттық ғылыми академиясының кітапхана қорында М.Ж. Көпеевтің және т.б. жинаушылардың жазып алған қолжазба нұсқалары сақталған[4, 154 б.]. Сондай-ақ 1939 жылы С.Мұқановтың «Батырлар» атты жинағында, 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» кітабында, 1993 жылы «Ақ сандық», 1994 жылы «Ел қазынасы – ескі сөз» жинақтарында басылды.

Мәшһүр Жүсіп жинаған «Сайын батыр» жырының нұсқасы 2005 жылғы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының 5 томынан алынған өз жазбасы. Бұл нұсқаға В.В.Радлов нұсқасымен салыстыру жүргізілген. Бірақ сюжеті жағынан емес, тектологиясы, яғни жырдағы әр тармақтағы немесе әр шумақтағы жекелеген сөздердің ауысуы, не оларға басқа қосымша жалғану ерекшелігі қарастырылған. «Сайын батыр» жыры 1993 жолдан тұратын 7 буынды 2 бунақты ерікті ұйқас өлшеміне құрылған жыр. Оқиға желісіне келетін болсақ, жыр былай басталады:

Бұрынғы елдің барсынды,  
Өткен елдің заңында,  
Сол елдердің тұсында,  
Ноғайлы деген халық өтті...  
...Тоқсан қара құлы бар,  
Тоқсан тоғай малы бар,  
Дүниеқор Бозмұнай  
Алпыс жастан өткенше,  
Бір перзентке зар болған [1, 215-216 б.].

Ешкімге жаны ашымайтын, дүниеқор Бозмұнайға тоқсан құлы өштесіп, оның дәлетіне қызығып, өлтірмекке амал ойлайды. Бай зар жылап, қиналған кезде алла жолында жүрген адам келіп, бір перзентке зар болған байдың тілеуін орындап, Бабай Омар бабасының дұғасы қабыл болып, құрбандыққа қошқар шалғызып, Сайын батыр дүниеге келеді. Ел-жұртын жинап той жасап, Сайынның ерекше өсуі мен батырдың мықтылығы баяндалады. Мысалы:

Бір жасына келгенде  
Білектіден белі асты.  
Екі жасқа келгенде,  
Ерлікпенен таласты.  
Үш жасына келгенде,  
Ертең мінген атынан  
Кешке дейін түспеді.  
Төрт жасына келгенде,  
Қарағай найза толғайды.  
Бес жасына келгенде  
Қадір түнін күзетті,  
Ноғайлының үш кентін,  
Түніменен түзетті... [1, 226 б.].

Оқиға енді дами түседі. Тоқсан құл Сайын батыр біздің әкесіне көрсеткен қорлығы үшін бізден өш алады деп, мың сан жылқыны айдап, сусыз шөлге қашып кетеді. Сайын батыр біліп қойып, ашуға булығып, Қаратөбе басына жетіп қалған құлдарды ұстап, бірін қалдырмай қырып салады. Осы кездерде Қобыланды батыр Сайынды іздеп келіп, онымен бірге жауға қарсы шабуға әкетпек болады. Бірақ 10 жасқа толмаған Сайынды әке-шешесі жібермей, үш наурыз (үш жыл) өткен соң жіберетініне уәделеседі. Сол уақытта Сайынға Көбікбайдың қолаң шашы бар Аюбике атты сұлу қызын айттырады. Екеуінің ақ некесін қиып, уақыт өткен соң Бөкенбай, Көлікбай атты қос ұл дүниеге келеді.

Уәделескен үш жыл өтіп, Қобыланды мен Сайын қалмақ еліне ұрысқа аттанып, сол ұрыста Сайын батыр қалмақтармен соғысып, қатты жараланып қалуымен оқиға шиеленісе түседі. Омыртқада он жара, қабырғада қырық жара, қас жамбаста бір жарасы бар Сайын батырдың әбден әлі құрып, қырық жігіттен еліне сәлем айтып, екі ұлын Қобыланды батырға тапсырады. Қырық жігіт Бозмұнайға келіп, Сайынның тірі екенін және көп кешікпей келетінін айтады. Бірақ аюбике алдын-ала түс көріп, Сайынның хал үстінде жатқанын сезеді, жігіттердің сөздеріне сенбейді. Сұлу батырды жоқтайды:

Беліндегі бес қару  
Тал бойына жарасқан!  
Сендей теңім табылмас,  
Жеті алашты қыдырсам.  
Алашта мұндық мен болдым,  
Ханьшадай күнімде,

Ер қасқаннан адасқан [1, 252 б.]! -деп батыр жез жүзінде бар болса, жаралы болса да, бағармын деп аюдың ақ дәрісімен

емдеп жазбақ болып, шешесі екеуі жолға шығады. Сөйтіп Қара төбенің басында Бәйтеректің қасында сөйлесерге тілі жоқ Сайынды кездестіріп, қанын жуып, дәріні жағып, тірілтіп алады. Шешесімен кездесіп, құшақтасып көрісіп, үшеуі ұйқыға кетеді. Осы арада оқиға шарықтай түседі. Қалмақтың Еламан мен Жоламан деген батырлары Сайынның жалғыз өзі айдалада жараланғанын естіп, Сайынды іздеп тауып, дәл үстінен қылышпен шаншығалы тұрғанда, батыр шошып атып тұрып:

-А, құдайым, құдайым,  
Өлемін деп қылмаймын,  
Бұйрық жетпей уайым.  
Тарқамаған бола ма,  
Жалбарынған күнәйым.  
Бабай Омар бабам-ай,  
Жаңылдым ба, тобам-ай [1, 256 б.], –деп сасқанда

батырдың тұлпары мен ақ сауытына тіл бітеді:

Батыр Сайын саспашы,  
Көп екен деп қашпашы,  
Құдайдың берген қуатын,  
Осы жолы басташы?!  
Қатарланған қамалды,  
Қақ жармасан, саған серт,

Оқ жеткізсем, маған серт [1, 257 б.]! -деп батырға күш-қуат, демей береді. Сол кезде батыр қоршап тұрған қалмақты қабандайын қақ жарып, құтылып шығып кетеді. Бірақ кемпір мен Аюбике жау қолына түсіп, батыр оларды тастай алмай, алпыс екі періштесі қолдап, қалмақпен он үш күн соғысып, жаудан қорғап алады. Сол уақытта қалмақ құрған ордан аман-есен өтіп, Қобыланды батырмен бірге екі баласы Бөкенбай мен Көлікбай қалмақтың елін өртке орап, топырақтай көшіріп, шаһардан малын алып шығып көңілдері тынған соң, қалмақтан кегін алған соң алыстан Сайын батырды кездестіреді. Сөйтіп оқиға батырдың ұлдарымен Шәр еліне аман-есен келіп, Қобыланды батырдың Бөкенбай мен Көлікбайға:

Алла ашсын жолыңды,  
Ұзын қылсын қолыңды,  
Танып жүргіл, ай, балам,

Оның менен солыңды [1, 263 б.]! -деп бата беруімен аяқталады. Сөйтіп Сайын батырдың екі ұлының тірлігі мен ерлігі үш алашқа жайылады.

Жалпы «Сайын батыр» жырының М.Ж.Көпейұлы, Р.Игнатъев, Қ.Иманов жинаған нұсқалары В.В.Радлов бастырған мәтінге өте ұқсас. Бұл мәтіндер арасында сюжеттік айырмашылықтары да аз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған «Ер Көкше» жыры ұлттық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы. М.Ж. Көпейұлы шығармаларының 5-томында В.В.Радлов нұсқасымен салыстырмалы түрде текстологиялық талдау жүргізіліп, айырмашылықтары көрсетілді. Бұл жырдың атауын «Ер Көкше және Қосай батыр» деп атауға да болады, себебі Көкшені іс-әрекеттері жырдың басында ғана дәріптелсе, негізгі сюжет оның баласы Қосайдың айналасында өрбиді. Жыр 7-8 буынды ерікті ұйқас үлгісімен жазылған қара сөз араласып келеді.

Уақ ұлы Қамбар екен,  
Қамбар ұлы – Ер Көкше.  
Ер Көкше жас екен,

Жас та болса бас екен [1, 264 б.],- деп басталып, оқиға бірден Көкшенің қалмақтармен соғысуымен басталып кетеді:

Жеті күн соғысып,  
Жеті түн соғысып,  
Қырық кісі бәрі өліпті.  
Қырық кісіден жалғыз қалыпты,  
Ер Көкше батыр қалыпты.  
Мың кісі бәрі өліпті,  
Мың кісіден жалғыз қалыпты,  
Жанбыршы батыр қалыпты [1, 265 б.].

Сөйтіп бұл жорықта қатты жараланып елді шауып олжалы болған Көкше үйіне қайтып келе жатқанда қаза болады. Сүйегі Орал тауының биігіне қойылады. Оқиға әрі қарай Көкшенің баласы Қосайдың әкесінің кегін алу мақсатында қалмаққа деген өшпенділігінің тууымен дамиды. Ер Қосай бес қаруын сайланып, Сары атын мініп, ханға қол сұрауға жөнеледі. Бірақ ханнан еш көмек болмаған соң Қосайдың бес асық дос баласы бірге ереді. Айдан ай өтіп, жылдан жыл өтіп жолда шөлге ұрынып, қарындары ашып қанша қиыншылық көрсе де, Жанбыршының шаһарына кеп, жеті қабат темір үйді бұзып, жаумен шайқасы оқиғаны одан әрі шиеленістіре түседі. Астындағы тұлпарына тіл бітіп батырға әрдайым қиын кезде көмектеседі. Сөйтіп әкесінің кегін алып, батыр еліне аман-есен оралып, Ботакөз деген Ақсары бидің қызын айттырып, қалың малын беріп үйленеді. Бір күні Сары аты бір жамандықты сезгендей кісінеп, орнында тұра алмайды. Оқиға

шарықтай түседі. Сыртқа шығып қараса, жау үйді жеті қабат қоршап алған екен. Бұл жауда қалған желмаяға мінген кемпірдің баласы Темірбай алып екен. Ол Қосайды найзамен шаншып өлтіріп, елін шауып кетеді. Сол уақытта Сары атқа тіл бітіп, Ботакөзге ақыл айтады. «Мына өліп жатқан адамның өтін алып, Қосайдың мұрнына құй [1, 276 б.], - дейді. Әйелі Қосайдың мұрнына өт құйып, оны тірілтіп алады.

Оқиға соңында Қосайдың әкесі түсіне кіреді. Ол:

-Мұнан былай, балам, қатын қойнында жатып, жауға аттана шаппа! Өзің көрген кемпірдің ұлы Темірбай алып – сырты болат, іші – құрыш. Атса мылтық өтпейді, шапса қылыш өтпейді. Сені өлтірдім деп кетті. Үйіне бара қатынының қойнына жатар, сонда оның мойнына шайтаны үйелейді. Сол шағында қасиеті қашады. Сонда барып, мойнын шап! Мойнын шап! - дейді [1, 276 б.]. Қосай ұйқысынан тұра сала Темірбайдың басын шауып, ертеңіне басын найзаның ұшына шаншып алып, тал түсте шаһарға кіреді. Сөйтіп малын малданып, жанын жанданып, еліне қарадан хан болып, сондай әділ болып, барша мұратына жетеді.

Бабалар сөзінің 44-томында В.Радловтың 1870 жылғы нұсқасы жарияланған. Сол нұсқа мен М.Ж.Көпейұлының нұсқасын оқиға желісі, кейіпкерлер бейнесі, жалпы мазмұны мен мотивтерін салыстырғанда еш айырмашылықтары жоқ.

Қорытындылай келе, жоғарыда талданған М.Ж.Көпейұлының нұсқаларының жыр оқиғасы қызықты, тілі көркем, оқиғалар тізбегі толық үлгідегі нұсқалардың біріне жатқызуға болады. Сондай-ақ кейбір жинаушы-жыршылардың нұсқаларымен салыстырғанда, оқиғалары бір-біріне өте ұқсас, тек қана көлемі мен кейбір эпизодтарындағы айырмашылықты аңғаруға болады. Соған қарағанда, М.Ж.Көпейұлы туындыны айтушының аузынан сөзбе-сөз қағазға түсіріп және дайын қолжазбадан еш өзгеріссіз көшіргендігі – оның жинаушылық әдісінің бір түрі екеніне көз жеткізуге болады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын талдап, зерттеу ұшы-қиыры жоқ шексіз еңбекті талап етеді және бұл мәселе болашақтың енісінде қалмақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.5. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005 ж. – 410 бет.

2 Ақан Азамат Үсенұлы.«Р.Мәзқожаев жырлауындағы «Көрұғлы эпосы» кандидаттық диссертация (автореферат). –Алматы, 2010 ж.

3 Ахмет Аяз. «Қазақ және түрік фольклорындағы «Көрұғлы» эпосы» кандидаттық диссертациясы.–Алматы, 2010 ж.

4 В.Радлов. Алтын сандық.–Алматы: Ана тілі, 1993ж. –255 бет.

#### ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ТАБИҒАТЫ

УРУСБАЕВА Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Түркі халықтарының діни көзқарастары мен рухани түсініктерінің бастауы сонау арыда, діннің алғашқы бастамасы болып табылатын тотемизм (жанды, жансыз заттар мен жан-жануар, өсімдіктерді құрметтеп, соларға табыну), фетишизм (табиғат құбылыстарына, жан-жануарлардың мүшелеріне табыну), анимизм (рух, жанға табыну), шаманизм (бақсылық) т.б. Түркі тайпаларының өздерінің сенімдері болып, олар әрбір тайпадан жалпы ортақ түркілік сенімге топтасты. Мысалға «кие» сенімін ғана алайық. «Әуелде, адамды қоршаған дүниенің ішінде кездесетін кейбір заттар адам сенімінде «киелі» саналып, - деп жазады Х.З. Ақназаров, - бірте-бірте дәстүрлеріне айналған». О баста зат не құбылысқа ерекше мән беріп, оны қасиеттеп, бара-бара оны кереметке айналдырған.

Гун дәуіріндегі тотема иттер жайлы С.П. Толстов өз еңбегінде көрсеткен. Қазақтарда ит тотемаға айналып, қасиетті саналғанын Ш.Уәлиханов, Г.Н. Потанин т.б. жазады. Ислам діні енгеннен кейін қазақтар мұсылман дәстүрі бойынша итті арам деп, ит тиген тағамды, суды ішіп-жемеген. Адамның ит қапқан жері де арам саналған. Тазыға қарғы мен екі темір үзік кигізбесе, онда ұстаған аңы арам саналып, жеуге жарамаған. Дегенмен де, итті қазақтар қасиетті тотема санағаны анық. Жоғарыдағыдай итті арам санап, оны шеттету ислам діні енгеннен кейінгі әсерден. Алайда, ислам діні де итті қасиетті санайтын аңыз-әңгімелер бар.

Қазақ халқының руларында «Ит емген» атауларының болуы, не Итбай, Итжемес, Күшік, Төбет т.б. секілді кісі есімдерінің болуы немесе ит жатқан орынға таңертенгі мезгілде «ит тиген» (рахит) сәбилерді үш рет аунатып алу, не болмаса сары иттің құлағын шертіп, қан алып жағу, не иттің жүнін көз тимес үшін жас нәрестелерге тағып қоюлары иттің қазақтарда бір замандарда тотема болғандығын білдіреді. Қазақтар итті теппеген, үстінен су шашпаған.

Итке су шашса, сол шашқан адамның үстіне сүйел қаптап шығады деген пікірді ұстанған. Иттің майын «жіңішке» (құрт ауруына) ауру адамға ішкізіп, емдеген.

Бөрі. Р.Шойбеков: Бөрі түрік-моңғол тайпаларының тотемдерінің бірі болды. Ежелгі түріктердің діни ұғымында бөріге табыну ерекше орын алды. Түріктердің генеологиялық аңыздарында, аспан рухы қатерден құтқарған ұрғашы қасқыр Алтай өңіріне келіп паналап, сонда он ұл туады. Соның бірі түрік болған және ол барлық түркі халықтарының түпкі және бірінші атасы саналады.....бөріні серекұлақ, қасқар ит, қара құлақ деп атау салты оны киелі санаудан туса керек дейді.

Ш.Уәлиханов: Қытай шежірелерінің дерегі бойынша гаогюй (яғни телэ немесе чилэ) халқының түпкі атасы бөрі болыпты. Тюгу халқы (дүлдіктер) ана жағынан бөрінің қаншығынан өрбіпті де, туған ұрпағы иттен өрбіпті. Ертедегі Орта Азия халықтарының аңыздарына тән сипатты белгілерінің бірі солардың хайуаннан немесе аңнан тарағандығы жайлы ертегілер болған. Моңғол хандарының Баташы деген арғы атасы «көк бөрі» мен «әсем бұғының» баласы болған. Сондай-ақ, Алатау қырғыздары да өздерінің арғы атасы Қызыл ит (қызыл тайған), яғни дәлірек айтқанда, қызыл тазы деп санайды. Бұл аңыз тюгу халқының, дүлдіктердің аңызына да ұқсайды.

Мәшһүр-Жүсіп бөрі атауын бәлендей мін беріп қолданбайды. Бөрі түркі тектес халықтардың көбінің тотемі. Олар байрақтарына бөрінің суретін салып, түрік символы қылып қолданған. Бөрі>қасқыр мағынасы бір синоним, қай ат бұрын шыққаны мәлім емес. Дегенмен, бөрі атауы көнеден келе жатса керек. Бөрі мен қасқыр да синоним сөздер. Бірінің орнына бірі жүре береді. Мәшһүр-Жүсіп бөрі сөзін көбіне метонимия ретінде қолданады.

Бөрік – бас киім атауы. Р.М. Бирюкович бөрі в одном из диалектов тувинского языка встречается в форме бөрік/bojuk.

Көкпар. Ө. Тілеуқабылұлының көк бөрі туралы айтқанында талай материалдар бар: Қазғақ күнбиге бір көк бөрі шабады, арыстар лап беріп бөріні ұстап, қолды-аяғын тартып, борша-боршасын шығарады. Бұл кездейсоқтан болған оқиға ойынға айналады. Қазғақ күнбиге көкпар тарту ұнайды, ендігі жерде тойда, жиында тірі көк бөріні тартып ойын жасау дәстүрге айналады. Этнографиялық композиция көк бөрі>көкпар былай трансформацияланды: көк бөрі>көк пөрі>көкпары>көкпар.

Көкпар (көк+пар//бар//бор//бөр (-ы/-і). Көк//бөрі екі мағыналы сөз болғанымен: сын+зат, семантикалық мағынасы өте жақын бірінің

орнына бірі жүрген сөз сияқты. Бөрі ғана емес, көк бөрі болуының өзіндік себептері бар. Көк-түс атауы екені белгілі. Р.Шойбеков: көк үнемі түр-түс ұғымын білдіре бермейді. Мәселен, кереге көктейтін қайыс таспаны көк деп атайды. Сол сияқты теріден істелген кейбір заттар да көк деп аталады. Көкжал да бөріге қатысты айтылады. Олай болса, көк бөрі (көк) түсіне байланысты көк емес, көк тәңір ұғымымен (тотемизмге) байланысты туған көк деп білеміз.

Л.З. Будагов: «У кочевых народов пиршество при свадебных и других случаях состоит в угощении гостей, конской скачки с призами, борьбы, стрельбы и пр. У туркмен существует свадебный обряд, по которому невеста, окутанная с ног до головы вуалью, должна состязаться в скачке со своим женихом, над которым нередко она берет верх. Если при этом невеста держит на коленях заколотую овцу или козу, и преследуемая женихом и прочею молодежью, должна на всем скаку, разными изворотами избежать похищения у нее овцы, то обряд этот называется көк бөрі, т.е. зеленый волк. По писанию Болотова, такая скачка у киргизов называется купь-бюре, много волков»

Ө. Нұрмағамбетов Е.Жанпейісов «Қазақ тіліндегі этнографиялық мәдениетке тән сөз топтары» деген еңбегін ғылыми тұрғыдан саралай келіп: «көкпар» сөзінің «көк бөрі» сөз тіркесінен кіріге келіп пайда болғандығы жайында да дәлелді пікір айтқан. Бастапқы б дыбысының қатандап п-ға айналуына бірінші сөздегі қатан к дыбысы әсер еткен. Екпіннің алдыңғы дауыстыға түсуімен байланысты і дыбысы түсіп қалған.

Қасқыр. Берер ме қойшы болып қасқыр уафа (М.Дулат): Қасқыр айтты – Тоярсың маған ерсең, Болады малды көріп, шолып келсең (Шәкәрім); Бір қасқыр сапар шекті елден жырақ, Неше күн таппай азық қалды жарап (М-Ж.); - Бұл тазша үйде айтты ғой, түзде айтқаның, Білмейсіз бе, ақ қасқыр сізді айтқаның.

А. Сейдімбеков: көне түркілердің қасқырды қасиетті (тотем) тұтып, атын атамай «бөрі», «ит құс» дейтін, қазақ ішінде «бөрілі» деген рудың, жер аттарының кездесетіні, тіптен кейбір рудың туына қасқырдың бейнесі салынып, ұранына айналғаны еске түседі. Қазақтарда бөрі, қасқыр атаулары. құрмет тұтылып, кісі есімдеріне айналған. Мысалы, Бөрібай, Қасқырбай т.б. – дейді Ө.Қайдар: Кейде этнолингвистикалық түсініктеме дәлелсізден көрінгенде де этимологиялық бір деректің өзі-ақ оны айқындай түсуі мүмкін. Мысалы, көне де байырғы «бөрі» сөзінің эвфемистік баламасы деп көрсетілетін, қарысқыр сөзін үлкен ғылыми этимологияға бармай-ақ, қырғыз тілінде мойны мен жақ сүйектерінің



қарысып қалуына байланысты «қарышқыр» деп аталуы арқылы түсіндіруге де болады дейді.

О.Сүлейменов: Отражает эпоху в истории языка, когда первичный глагол (императив) одновременно выступал в роли существительного- деген.

С.Малов қарысқыр(қарышқыр-қырғыз) етістігі заттың бірден қасқыр атауына ауысқан көне түркілік құбылыс болып табылады. Ұйғырларда: кішкір звать, приглашать мағынасында қолданылады дегенді айтады. С.Е. Малов: қарыш собака, старуха, қас көкен теңірім-бар (шаманск.)-екі мағына береді дейді.

Бөрі~қасқыр да көне түріктердің наным-сеніміне ие болғанға ұқсайды. Қасқыр лексемасы тілдің ұзақ жылғы даму кезеңінде өзгеріске түскен (қазғұрт//башқұрт) сөздерімен де байланысты болуы мүмкін. Қасқыр сөзінің шығу тегін қарыс етістігімен (жақтың қарысуы) сияқты қарастыру да жоқ емес. Жақ (челость) сөзінің мағынасының ұласуы нәтижесінде шене сөзінің баламасы туғанын анық байқауға болады. Мәшһүр-Жүсіп қолданысында қасқыр ауыспалы мағынада қолданылған. Қасқыр < шене.

Жер бетінде адамға ең жақын тіршілік иелерінің бірі – жануарлар (зооморфизм гр.zoон жануарлар – күрделі сөзге жалғанатын алдыңғы құрама бөлігі, жануарлар әлеміне қатысты, мысалы, зоология, зоогеография +...morfi тікелей сөз тізбегінен ажыратылатын бірыңғай тұлға) дүниесі. Адамға қатысты туған тілдік бірліктерге сол жануардың бойына біткен ерекше қасиеттері, қимыл-әрекеттері, түр-түсі, тұлғасы, дыбысы, мінезі т.б. әсер етеді. Олар көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиеттерде кеңінен қолданылады. Ит сөзінің мағынасын ашуда біз осы жағын ескеруді жөн көрдік.

Жеті қазынаның бірі, жылдық санаудағы 12 жылдың бірі, «ит» адамның досы демекші басқа жануарлардан өзгеше қасиетімен ерекшеленетін «ит» атауы нені аңғартады? Түркі тілдерінің қайсысында болса да, «ит» сөзі дыбыстық құрамы жағынан бір-бірімен сәйкес келеді. Көне түрікмен, әзірбайжан, түрік, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, өзбек, алтай ит, ұйғыр ишт, тува, саха ыт, башқұрт, татар эт, ноғай, ойрат ийт, хакас адай және т.б. Түркі тілдері ішінде сәл ерекше көрінетіні – хакас тілі. Сәл ерекше деуімізге де негіз жоқ емес. Түркі тілдеріндегі дыбыстардың өзара сәйкестіктерін ескерсек (а~и және д~т ), адай сөзінің түбірі ад-тың ит-ке дейін өзгеруінің тарихи заңдылық екеніне көзіміз жетеді.

Алтай жүйесіне жатқызылып жүрген моңғол тобындағы тілдерде біздегі «ит» сөзі өзгеше дыбысталады: моңғол тілінде нохой, қалмақ

тілінде ноха. Осы ұсынылып отырған аз ғана деректердің өзі-ақ «ит» сөзінің түркі тілдеріне ежелден тән екендігінің дәлелі бола алады. «Ит» атауының алғашқы мағынасы қандай болғандығына қолда бар азын-аулақ тілдік деректерді арқау етіп, болжамдарды келтіріп көрейік. Әдетте әрбір хайуан өзіне меншік атауларды түр-түсі, тұлғасы немесе бойына біткен қасиеттері мен қимыл, әрекеттерінің біріне қарай иемденетінін теріске шығару қиын. «Ит» сөзінің алғашқы мағынасын ашуда біз осы жағын ескеруді жөн көрдік.

«Ит» әр кез өзінің жауын ұнатпайтын жан иесін алдымен ырылдап, одан әрі үркіп қорқытатыны әркімге аян. Ал ырылдау етістігінің алғашқы түбірі бір буынды –ыр болғандығын өзге түркі тілдерінің деректері мақұлдай түседі. Татар тілінде дәл біздегідей ырылдау дыбыс құрамында айтылса, Тува тілінде ырланыр, саха тілінде ырдыгынаа, өзбек тілінде ирилламак, түрікмен тілінде арламак, қырғыз тілінде ырылда, хакас тілінде ыыран және т.б. Тағы бір айта кететін жайт -көрсетілген сөздердегі бір буынды ыр түбірінен иттің екінші бір қасиеті – үру пайда болуы да ықтимал. Мысалы, чуваш тілінде біздегі үру мағынасын веер тұлғасында келеді. Келтірілген деректерден ырылда сөзінің алғашқы түбірі ыр екендігі, одан барып үр туындағанын байқадық. Осының салдарынан итке алғашқы тән қасиет –ыр бері келе р~т дыбысының сәйкестігі негізінде ит атауының пайда болуы ықтимал. Әрине, ыр түбірінен «ит» атауы келіп шықты деп келте қайырсақ, болжамымыз бастау болып шығар еді. Бізге түсінік беруді қажет ететіні р мен т дыбыс алмасулары. Басқа сөздерді айтпағанда, дәл ырылдау мен итке байланысты сөздің өзінде бұл аталған дыбыстардың сәйкестігінің тұңғұс-маньчжур тобындағы тілдер дерегінен көреміз. Осы тілдердің бірінде біздегі ырылдау сөзін – ирьк ұғындырса, екіншісінде – ит дыбыстық құрамдағы сөз түсіндіреді. Осының өзі-ақ р~т дыбыстарының сәйкестік айғағы бола алады.

Иттің ұрғашысы қаншық түркі тілдерінің барлығында және барлық деректерде ешқандай өзгеріссіз осылай аталады. Дж. Клосонның айтуынша қаншық солтүстік-шығыс тілдерінде көзге елестете алмайтын сөз: ал басқа да түркі тілдерінде қаншық сөзі иттің ұрғашысы деген сөз тіркесімен беріледі. Г.И. Рамстед пен М.Рясянен кап-чук түбірінің негізін үнді-еуропалық кап (латынша canis) түбірімен салғастырған. Көне үнділіктерде s uva, авест span, персиялықта sag және т.б. шындығында тохар тілдерінде ku сибиланттары арқылы quon проформасы ізімен, шығыс үндіеуропалық ареалдарға әсер етеді.

Төбет орта ғасыр моңғолдарда бух, нохой; маньчжурларда ачжирхан; тұнғұстарда хусе инда, нокэ.; қазақтарда төбет, қырғыздарда дөбет, ұйғырларда төват. Бұл сөз түркі халықтарының этимологиялық түсінігінде күрделі. В.В. Радлов сөздігінде төбеттің мағынасы – иттердің үлкені, овчарка. Ал қазіргі тілдерде төбет сөзі туралы айтылмаған. Сондықтан да төбет сөзінің семантикасын қарастыру қиынға соғады.

Төбет сөзін А.М. Щербак түркі тілдеріндегі хайуанаттар атаулары жөнінде жазған мақаласында бұл сөздің шыққан төркінін түркі тілдерінің негізінде анықтау қиынырақ екендігін көрсетсе де, біз сөздің негізі көптеген түркі тілдеріне ортақ «ит» атауынан шыққандығын мына деректермен дәлелдемекпіз. Әдетте, жануарларды еркек, ұрғашы деп бөлгенде, алғашқысы соңғыға қарағанда ірілеу болуы – жаратылыс заңы. Олай болса, ірілік, үлкендік мағынасын беретін түркі тілдерінде, әрі кетсе, моңғол тобына жататын тілдерде басқа да синоним жоқ емес. Ондай синоним – моңғол тіліндегі тойв немесе буряттың әдеби тіліндегі тойбо. Біздің ойымызша, төбет сөзі моңғол тілінде үлкендік мағынаны білдіретін тойв пен түркі тілдеріне ортақ «ит» сөздерінің тіркесінен пайда болған тәрізді. Ал моңғол тілі мен түркі тілдері сөздерінің ертеректе тіркесе келіп, кейін бір сөз болып қалыптасып кетуі таңданарлық құбылыс болмаса керек. Сөйтіп, бірігіп кеткен соң түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтарынан в дыбысы б; и дыбыс е дыбысына өзгеруі туған. Демек, тойв+ит > товит > төбет схемасы арқылы бұл сөздің қалыптасу жолын көруге болады. Осы жолмен пайда болған тілімізде басқа да сөздер жоқ емес. Мысалы, тойв+ине > тебен «үлкен ине», тойв+би > төбе би «бас би, үлкен би» т.б.

Тілдегі ит арқасы қиянда «тым алыс, шалғай жер» деген мағынаны білдіретін фразема. Қазақ тілінде тым алыс, шалғай сияқты мағыналарды кейде қиян тұлғалы сөз де түсіндіре алатынын жұрт білмейтін сыр емес. Олай болса, мынау сияқты күрделі тұрақты тіркестің тууына қандай себеп болды екен деген ой келеді. Фразадағы қиянның мағынасы біз білетіндей болса, оған ит арқасы тіркесін қосақтаудың қандай ділгерлігі бар. Осы жағдайды ой елегінен өткізе келіп, қиянның басқа да мағынасы болуы ғажап емес деген пікірді тіл дерегімен бекіте түсіп, жорамал жасауға болады.

Ең алдымен ит арқасын анықтауға кіріссек, мұндай тіркес тілімізде жоқ емес. Көші-қон кезінде уақытша екі керегені біріне-бірін иек арттырып жасаған баспана-қостық түрін де итарқа деп атайтыны ертеден белгілі. Қиян тұлғасының алдындағы итарқасы да осымен тамырлас болса керек. Әрине қостың атауы ұқсатудан, теңеу

арқылы пайда болған деуден басқа жол жоқ. Олай болса, қиянның өзге бір мағынасын іздестіру ойы теріс те болмайды.

Кейбір тіл деректерінде оның мына тәрізді мағыналарын ұшыратамыз. Якут тілінде: хайатау; моңғолша: хянган-тау қырқасы; маньчжур тобында: ницан-тау жотасы. Алыстан қарағанда тау жотасы не қырқасы ит арқаланып тұратынын еске салсақ, ит арқасы қиян тіркесіміз – ит арқасындай тау жотасы болып түсіндірілмек. Оның алыс пен шалғай синонимі болуын жақын көрінген таудың өзі жүре келе алыстай түсуінен тумады ма екен деген ой келеді. Әрі таулы жермен жүру жазыққа қарағанда қиын-қыстауының мол болатындығы да ескерілген болса керек.

Демек, әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрінеді. Кейде сол ұлттың тілінде ұлттың әлде бір қасиеттерін өзгелерден оқшау етіп бағалайтын, анықтайтын тіркестер қалыптасады.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ БӘРІ СИМВОЛИКАСЫ

УРУСБАЕВА Д. Б.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ТҰРЫШЕВ А. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халқымыздың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен мәлімет беретін, ұлттық мәдениетіміздің деңгейін көрсететін асыл қазыналарымыздың бірі – фольклорлық мұраларымыз болып табылады. Әсіресе, фольклорлық мұраларымызда жиі кездесетін жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемінің біз шешімін таппаған құпиялары мол. Кез-келген халықтың ерте дәуірдегі фольклорлық мұраларында, әсіресе, діни нанымдары мен әдет-ғұрыптарында жануарлар культі аса маңызды орын алады.

«Тотемизм» деген термин Солтүстік Америка үндістерінің «otatemon» деген сөзінен шыққан, «оның тегі» деген мағынаны білдіреді. Ол – алғашқы қауымдық құрылыстың әлеуметтік-идеологиялық болмысынан, адамдардың өзара-қарым-қатынасы мен діни нанымнан, шаруашылық түрлерінен мәлімет беретін өте күрделі жүйе. Фольклорлық үлгілерде жан-жануарлар көбінесе белгілі бір тайпаның немесе жалпы адам атаулының түпкі ата-бабасы ретінде бейнеленеді. Мұндай некеден, яғни, адам мен жануардың

ортасында дүниеге келген ұрпақ өзгеден күшімен де, ақылымен де басым келеді. Осындай зооантроморфты кейіпкерлердің қатарында жиі көрініс алатындарының бірі – көк бөрі. Түркі тайпалары мекен еткен ұланғайыр далада қасқырдан басқа да жан-жануарлардың мол болуына қарамастан ең басты тотем етіп нақ осы аңды алуының да өзіндік себептері бар. Қасқыр көбіне үйірімен жүреді. Бұлай өмір сүру олардың азық табуына, сыртқы жаудан қорғануына, киік, марал тәрізді желдей жүйрік аңдарды қамап ұстауына септігін тигізеді. Ағылшын жаратылыстанушысы О.Тэннер:

«Социальная структура волчьей стаи с ее иерархическим доминированием, совместными действиями и играми, а также взаимной привязанностью и заботой о потомстве даже напоминает устройство человеческого общества» /1:58/, - деп қасқыр үйірі туралы мәлімет берді. Бұдан «қасқыр тотемі оның осы ерекшелігіне байланысты туындауы мүмкін-ау» деген ой өрбиді.

Фалым Б.У. Әзібаева «Казахский дастанный эпос» атты монографиясында рудың түпкі анасы болып табылатын қаншық қасқыр бейнесінің қазақ фольклорында кең таралғанын айта кетеді.

Қасқырдың бейнесіне қатысты халық наным, ел арасындағы сан қилы түсініктер Р. Киплингтің «Маугли» атты повесіне арқау болғанын айта кеткіміз келеді. Мұнда ата-анасынан адасып қалған жас сәбидің қасқыр үйірінен пана тауып, жабайы хайуандардың арасында өткізген өмірі аса қызғылықты суреттеледі /2:237/.

Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек халқының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс алады. Әсіресе, туысқан башқұрт елі өздерінің ұлттық атауын бөрі тотемімен байланыстырады. «Бөрілер тұқымы» атты мифте: «Біздің ата-бабаларымыз көшіп-қонып жүргенде алдарынан бір ұрғашы қасқыр жолығады. Ер азаматтар жабылып қуа жөнеледі. Қасқыр қаша-қаша топ аттылардан қарасын үзгенімен, бір жүйрік тұлпар мінген жас жігіт жақындап-ақ қалады. Жігіт енді атайын деп оқталғанда, қасқыр: «Мені атпа, онан да мені ал», - деп сұлу қызға айналыпты. Ағайындары жігіттің қасқырды алғанына риза болмай, елден қуып жібереді. Жігіт пен қасқыр жаңа жерге келіп, балалы-шағалы болады. Осы жігіттен тараған ұрпақты «бас бұре» деп атаса керек» /3:82/, - деп қорытады. Ал «Башқұрт сөзі қайдан келіп шыққан» деген мифте: «Бұрын бөріні құрт деп атаған. Башқұрт деген сөз бас құрттың, яғни бас бөрінің соңынан ілесіп келген халық деген мағынаны білдіреді» /3:68/, - деп жоғарыдағы мифті толықтыра түседі.

Татар халқы «ақ бөріні» өздерінің құтқарушысы деп санайды. Миф бойынша: «Татар халқы тау мен тас арасында көшіп жүріп, жолдан адасады. Оларды жаулары қоршап алып, үрім-бұтағымен құрып кету қаупі төніп тұрған шақта ақ қасқыр пайда болып, өзіне ғана белгілі жол арқылы жау қоршауынан аман алып шығарады», - деп баяндалады /4:565/.

Осы мифпен үндес келетін үйсін тайпасының «Ергенекөк» дастаны да бар. Бұл дастанда да көк бөрі Үйсін елін жау қоршауынан алып шығып, суы бад, шөбі шүйгін тамаша жерге орналастырады /5:57/.

Қазақ фольклорына тоқталатын болсақ, халқымыздың «Қасқыр мен жігіт» атты ертегісінде де жоғарыдағы сарынның ізі бар. Бұл ертегіде жігіт қасқырдың қызына үйленіп, ағайындары тарапынан күлкіге ұшырап, көп қиындық көреді. Әйтсе де, қасқыр енесінің ақылы арқылы қиыншылықтарды жеңіп, мұратына жетеді /6:81-88/. Жоғарыдағы мысалдар түркі халықтарының қасқырды пір тұтып, ғайыптан келетін көмекші санағандығына куә болады. Мұндай наным-сенімдер тек аңыз-өңгімелер мен ертегілерде ғана емес мақал-мәтелдерде де кең өрнектелген.

Ата-бабаларымыздың танымында көк бөрі көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздықтың символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. «Өмірдегі жақсылықтың бөрі тәңірінің нұрынан таралады, нұр – тіршіліктің бастауы» деп түсінетін халық үшін адалдық, әділеттілік, шыншылдық, қайсарлық тәрізді асыл қасиеттердің нышаны да көк бөрі болып танылған. Оғыз қағанның түсіне де көктен жарқыраған сәуле құйылып, сәуледен көк бөрі бейнесінің сомдалуы тегіннен-тегін емес.

Қасқыр туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге дейін үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бөрібай, Бөрікұл, Бөлітік, Қасқыр, Қасқырбай, Бөрі тәрізді есімдер мысал бола алады. Түркі халықтарына ортақ мұра «Алпамыс батыр» жырындағы бас кейіпкердің әкесінің Байбөрі аталуы да осындай үрдістің бір көрінісі болып табылмақ. Байбөрі есімі туралы зерттеуші З. Наурызбаева мынадай пікір айтады:

«Сама широта семантического поля лексемы «бай» указывает на ее древность и значимость, особое значение – первый, старший, отец, светило – имеет непосредственное отношение к тотемическому мировоззрению. Тот факт, что в преобладающем большинстве казахских нециклических эпосов морфема «бай» включена только

в имена отцов главного героя и его жены, представляется весьма важным в свете семантики как принципа мифологического имя – и словообразования. Слово «бөрі» - поставлено в этот семантический ряд, получает некое особое освещение» /7:43/.

Оғыздардың он екі батырлық жырынан тұратын «Қорқыт ата кітабында» Баяндүр ханның кызы, оғыз елінің хас батыры Қазан Салордың әйелі Бөрлі сұлудың бейнесі жиі кездеседі /8:116/. Біз «Бөрлі есімі «бөрі» сөзінен шыққан» деп есептейміз. Әбілғазы шежіресіндегі моңғолдың патшасы Бөрте-шененің, Шыңғысханның әйелі Бөрте сұлудың есімінде бөрі тотемімен байланыс бар /9:29/. Е. Ысмаилов «Ақындар» атты монографиясында: «Бурят-моңғол тілінде жыршы мен шешеннің төркіні бір, хұрчи, хұрчин – алтын скрипка ойнау, немесе гүлшин – қадірлі әйел, сәсэн – шешен, ақылды әйел, гүл мағынасында айтылып, ақын-жыршыны қадір тұтып, өлең-жырын да қасиетпен жырлайтын болса керек. Алпамыстағы Гүлбаршын есімі осы мотивтерге тамырлас шығар /10:47/», - деп жобаласа, ғалым Ә. Қоңыратбаев Гүлбаршын есімін «бөрі» - «кыз» деген ұғымдармен байланыстырады. Ол «гүл» - қыз, «шин» - «ашина»- бөрі деген мағынаны білдіреді», - деп тұжырымдайды /11:77/.

Бөрі символикасының астары тереңде жатыр. Қасқыр бейнесінің төмендегідей басты функциялары анықталды:

Түркі халықтарының ілкі ата-бабасы болып табылады.

Тұтастай бір халыққа қысылған шақта көмекке келеді (қол бастайды, жол көрсетеді т.б.).

Дәрменсіз сәбилерді асырап өсіреді.

Жеке адамдардың нагуалына айналады.

Осы функцияларына сәйкес, ол батырлық пен қайсарлықтың, қайраттылық пен тапқырлықтың символы ретінде бейнеленеді.

Генәологиялық мифтерге, ел арасында кең таралған ырымдар мен ғұрыптарға, эпос, шежірелерге талдау жасау барысында көк бөрінің түркі халықтарының фольклорында киелі жануарлардың қатарына көтерілгенін көреміз. Ол халықтың діни наным-сенімінен де, дүниетанымынан да, әдет-ғұрпы мен салт-санасынан да зор мағлұмат беріп, түбі бір түркі халықтарының рухани әлемін паш етеді.

Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесінің мифологиялық бастаулары.

Адам баласының қоршаған орта мен тылсым дүние туралы тебіреністерін көркем, кестелі түрде бейнелеп, жұмбақ әлемнің

құпиясын ашуға ұмтылған алғашқы талпыныстары бұл күнде қазақ фольклорында мифология жанры деп аталып жүр. Көрнекті фольклортанушы С.А. Қасқабасов «Қазақтың халық прозасы» атты монографиясында қазақ фольклорындағы миф жанрына жан-жақты анықтама береді. Құрылысы мен баяндалуы жағынан өзіндік ерекшеліктерге бай бұл жанрдың басқа да фольклорлық жанрлармен ұқсас жақтары молдығын, ол ұқсастықтың басты себебі сюжеттердің қайталануында, миф кейіпкерлерінің басқа жанрларға да тән бейне болуында жатқандығына тоқталады.

Фольклорлық жанрлардың өзге түрлеріндегідей қазақ мифологиясының да жан-жақты сомдалған бейнелерінің бірегейі-көк бөрі. Көк бөрі төңірегіндегі мифтерді мазмұнына қарай мынадай басты топтарға бөлуге болады:

Космогониялық мифтер

Бұл топтағы мифтерге ата-бабаларымыздың қасқырды аспан денелері төңірегінде сыр шертетін туындылары жатады. Аспан әлемін «көк» деген атаумен атап, оған құдіреттің өзі ретінде қараған ата-бабаларымыз қиналғанда көкке жалбарынса, қуанғанда көкке қарап алғыс айтуды ұмытпаған. Төңірінің тұрағы саналатын көк аспанда көк бөрінің өмір сүруі заңды құбылыс. Күн мен айды, жұлдыздарды тірі дүние ретінде қабылдаған ата-бабаларымыз олар туралы талай мифтер туындатады. Сол мифтердің бір тобында қасқыр көктегі құбылыстарды реттеуші болып табылады.

Генәологиялық мифтер

Мұнда бөрі сикыр иесі, жоғарыдан келген рух, пенделердің арғы ата-бабасы ретінде суреттеледі. Шамандардың ие-қыласы болып табылатын Көкаман мекендейтін Бөрітастаған тауы туралы да қызғылықты миф бар. Онда:

«Бұрынғы замандарда бір үлкен алып ұрғашы Тарбағатай тауында ешкі бағып жүріпті. Кіші Тарбағатайда жатады екен. Күндерде бір күн бұл алып ұрғашы ешкілерін бағып, жіп иіріп отырғанда, мұның ешкілеріне қасқыр шауыпты. Бұл ұршығын қасқырға лақтырғанда, ұршығы барып Сары даланың жотасына түсіп, сол арада тау пайда болыпты» - делінеді. Бұдан халқымыздың мифтік санасы туындатқан шығармалардың арасында өзара тығыз байланыс барын көреміз. Фольклорлық шығармаларды жинақтап, байыппен қараған адамға тұтастай бір тарихи кезең мен халықтың мәдени деңгейі ашыла түсері сөзсіз.

Миф – қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың көрінісі. Мифтің бүгінгі күнге жеткен нұсқаларынан діни



сенімнің, әлеуметтік оқиғалардың, ұрпақтарына айтылатын өсиет пен тәлім-тәрбиенің ізін байқауға болады. Мифтерде қайрат, жүйріктік, сезімталдық тәрізді қасиеттердің қасқыр бойына жинақталу сыры оның Тәңірінің шапағатына ие болуында деп түсіндіріледі.

Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесіне қатысты деректерді жинақтай отырып, оның мифте, ертегіде, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда түрлі қырынан танылатындығын анық байқадық. Халқымыздың мифтерінің барлығында дерлік бөрі – ілкі ата, жорықтардың сәттілігін реттеуші, көктен келген көмекші ретінде беріледі. Мифологиялық сарындағы ертегілердің де негізгі арқауы бөрінің адамдарға тылсым сиқыр әлемімен байланысы төңірегінде өрбиді. Алайда, ертегілердің басым көпшілігінде қасқыр ақымақ, қаскөй, қомағай хайуан ретінде суреттелетінін айта кеткеніміз жөн. Біз мұның себебін миф пен ертегінің жанрлық ерекшелігінен іздегенді жөн көрдік. Өйткені миф ілгері кезеңнің, ал ертегі кейінгі, адамзаттың көркем ойлау жүйесінің қалыптаса бастаған сәтінің жемісі болып табылады. Тотемдік сенімнің жойылып, табиғи құбылыстар, жан-жануарлар дүниесі туралы жаңаша танымның қалыптаса бастауы соны ертегілердің дүниеге келуінің алғышарты болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тэннер О. Медведи и другие хищные звери. – Москва: Мир, 1980 -277 б.
- 2 Киплинг Р. Маугли – Минск: Госиздат, 1958 – 237 б.
- 3 Башкорт халық ижады. – Өфө: Башкортстан кітап нәшриәтә. 1980 – 416 б.
- 4 Татар халық мәкальләре. – Қазан: 1964-320 б.
- 5 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998-256 б.
- 6 Алтын сақа. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері. – Алматы: Жалын, 1983 – 311 б.
- 7 Наурызбаева З.Ж. Мифоритуальные основания казахской культуры: Алматы – 1994-139 б.
- 8 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. – Алматы: Жалын, 1986 – 128 б.
- 9 Әбілғазы. Түрік шежіресі – Алматы: Ана тілі, 1991 – 208 б.
- 10 Ысмайылов Е. Ақындар – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956-340 б.
- 11 Қоңыратбаев Ә.Қ. Қазақ фольклорының тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991-288 б.

#### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ХАМИТОВА М.  
студент, ПМПИ  
ӘМІРЕНОВ Ә. Д.  
ф.ғ.к., доцент

Қай тақырыпқа болмасын қалам сілтемесе де, жазушыларымыз жаңа идеяның жаршысы болып саналмақ. Әрі сол көпшілік халықтың санасына сіңіруге күш салмақ. Көлемі ықшам, сюжеті сирек кездесетін құбылыстарға құрылған, қазақы мінезді бүгінгі әңгімелер оқырман қауым арасында тез тарап, оқушының рухани азығына айналуға. Қазіргі қазақ әңгімелерінің бірсыпырасы жанрлық тұрғыдан алып қарағанда, ежелгі дәстүрлі сипаттарды сақтап келгендігін байқаймыз. Бұндай соны белгілерімен көзге түскен әңгімелерде қазақ прозасының байырғы дәстүрінен еш нәрсе жоқ деуге болмайды. Біз назар аударайық деп отырған бүгінгі күнгі әңгімелерде жазушыларымыз байырғы проза дәстүрі мен жаңашылдықты қалай ұштастыруды мұрат тұтқан тәрізді. Әрине, бұл салада әр жазушының шыққан шығармашылық биігі әр түрлі. Ежелгі дәстүр талабынан шығыңқырап, жанрлық ерекшеліктерімен көзге түсетін әңгімелер қатары 1991 жылдан бері қарай қазақ прозасында аз емес. Бұл шығармалардан біз әңгіме жанрындағы характерлі бір жаңалықты байқадық. Олардың барлығына бірдей тоқтау әңгімені шұбалтып жіберген болар еді. Сондықтан да олардың бастыларын іріктеп, сөз қозғауды жөн көрдік. Бұндай кейбір жаңалық айырмасы бар қазіргі қазақ әңгімелеріне біздің пікірімізше мына шығармалар қосылады: Д.Амантайдың „Қастерле мені” топтамасы, А.Кемелбаеваның „Ағаш үй” әңгімесі, А.Алтайдың „Кентавры”, Т.Ахметжанның „О дүниенің қонағы” әңгімесі т.б. шығармалар қатары.

Жоғарыдағы келтірілген әңгімелердің ішкі мәніне үңіліп көрелік. Авторлық позиция берік, идея биік. Шабыт шалқарымен қанаттанған жазушыларымыздың құлашы кең, қаламы жүйрік, идеясы зор.

Әңгіме жанрының ең негізгі сипаттарының бірі лирикалық шегініс – қазіргі қазақ әңгімелерінде мол. Шығарманың қай бөлімінде болмасын, ақын тәрізді төгіле сөйлеп, жазушының өзі тікелей қатысып, өзінің көңіл-күйін, суреттеп отырған объектісіне деген қарым-қатынасын толық білдіріп отырады. Әңгімедегі лирикалық шегініс

оған ажар, өң беріп тұрады. Әсіресе қазіргі өміріміз туралы жазушы толғаныстары екпінді, сыршыл да шынайы шыққан.

Енді әңгімелердегі адам образына келсек, жазушыларымыз дәстүрлі әдістен аулақтап, образ жасауда тыңнан жол табуға тырысқан. Авторлардың бұл талабы сәтті ме, сәтсіз бе ол басқа мәселе. Адам образын бейнелеудегі көркем әдебиеттің әр жанрына қойылатын талап әр түрлі. Әр жанрдың образды бейнелеудегі мүмкіндігі де әр түрлі. Бұл ежелден белгілі жайт. Және әр жанрдағы адам образын бейнелеу әдісі де әр түрлі.

Д.Амантай әңгімелерінде адам образын бейнелеуде осы жанрдың мүмкіндіктерін кеңейтіп, молайта түсуді көздеген тәрізді. Біз үшін бұл орынды іздену, дұрыс талап. [1,155]

Соңғы жылдардағы әдебиет саласындағы түрлі ахуалдарға тоқталатын болсақ, ондағы басты өзгешеліктер негізінен қоғамның саяси әрі экономикалық аспектілеріне тәуелді екен. Мәселен, осындай жағдайға байланысты әдебиет сыншылары түрліше баға беріп әр тараптан салмақтайды. 1997 жылы өткізілген қазақтың жас прозашыларының сайысы да көп нәрсені аңғартты. „Сорос –Қазақстан” қорының ұйымдастыруымен өткізілген бұл байқауда ең танымал деген жас қалам иелері көзге шалынды.

Белгілі әдебиет сыншысы Ә.Бөпежанова осы байқаудың жеңімпаздары хақындағы толғаған пікірінен үзінді келтіре кетпекпіз. Соңғы жылдардағы қазақ прозасының өсіп-өркендеуімен оның тың көркемдік ерекшеліктерге ие болу нәтижесіне осы сыншының жариялаған сын мақаласы біршама арқау болды.

„Конкурс жүлдегерлері шығармаларын оқығанда – жас буынның көркем сөз өнері туралы таным-сезімі, көзқарасы алдыңғы буындардан мүлдем өзгеше екендігін пайымдауға болады. Жас буын – жаңа толқын әлемдік әдебиетті, ондағы ағымдарды небір формалық ізденістерді жете зерттегені, терең білімді, сондықтан да әлемдік рухани-мәдени кеңістікте өздерін еркін сезініп, еркін сенімді жүзе алатындығы сезіледі. Мұндай танымның енді тұтастай алғанда көпшілік мәдениетінің әсем бір үлгісі, яғни айнала қоршаған дүниені, өмірді негізінен бірдей қабылдап, бір жазықтықта көретін қалың көпшілік оқырманның әдебиеті екенін мойындай алуымыз қажет. „Жаңа толқынның” озық өкілдері дәстүрлі баяндау, оқиғалық қисын, қимыл-қаракетті әу бастан, саналы түрде нокталап тастайды, сөз қуаты астарға әдіптейді, шығарма құрылымының ішкі үндестік, әуезін сезінуімізді, виртуальды өмір сезімге ортақ болуымызды талап етеді. Жаңа толқынның өз ойымыздағы ең озық өкілдерінен

саналатыны Айгүл Кемелбаева мен Дидар Амантайдың айталық, өзіндік тіл концепциясы бар. Ол концепция бойынша құлаш-құлаш көркем тіркестерден гөрі, ой кернеуін дөп басқан жалқы, тағдырлы сөйлем қымбат. Сөз жоқ, бұл жас қаламгерлердің заман талабына сай қалыптасқан әңгіме жанрына әбден ысылғандығы байқалады”[2].

Біз бұл пайымдауларға қарап қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ізденіс бағытын анықтауға жолдама аламыз.

Жалқыдан жалпыға ұмтылу яғни ұлттық деңгейден жалпы халықтық деңгейге ұмтылу әрине әдебиет әлеміне елеулі өзгерістер әкеледі.

Сонымен қазіргі қазақ прозаларындағы қалыптасқан қасан қағиданы бұзып жаңа реформаторлық нышан әкелген қаламгерді жоғарыда Ә.Бөпежанованың алғы сөзіменен айтып өттік. Бұл қос талант иесі сөз жоқ жаңадан қалыптасқан қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік әлеміне салынған соны соқпақ. Себебі стильдік жаңалық қанша ағым ретінде қалыптасқан кейінгілерге дәстүрлі түрде өнеге болмақ. Бұл тараптан қарастырар болсақ қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің құптарлығы да бар, қолдауға болмайтын басы артық дүниелер де бар.

Соңғы кездері есімі ел аузында жиі аталып, жаңадан ерекше дүниелері арқылы көзге түсіп жүрген жас талаптардың бірі – Д.Амантай. Оның шығармалары соңғы кездегі сыншылар нысанасына көбірек ілініп жүрген туындылар қатарына жатады. „Қастерле мені” жинағына кірген „Тәкаппарлық” әңгімесіне тоқталып өтелік. Үш табақ беттік әңгіме толығымен дерлік диалогпен жазылған десе де болады.

– Келіңіз, сізді өткізіп жіберейін.

Мені айтасыз ба?

Иә.

Өзім өте алатын сияқтымын.

Автомобиль колясқаға жете бере, тоқтады.

Жас қыз тізе бүккен колясканы әрі итеріп әкетті. Машиналар қайыра жүре бастаған. Жол үсті дамыл таппаған толқынға айналды.

Рақмет, – деді бойжеткен.

Ол әдемі емес. Жалпайған домалақ мұрын, қысық көз, үлкен құлақтар [2,333].

Дәл осы оқыс диалогтан басталатын әңгіме диалог арқылы өрбиді. Көшеде танысқан мүгедек бикеш Диана мен жас жігіт Сағаттың жарты сағат төңірегіндегі сөйлесу оқиғасын әңгіме мазмұны етіп алған. Әңгіме тек кейіпкерлердің репликаларынан тұрады.

Таныспадық та.

Сағат, – деді ол.

Диана.

Қазақтың ныспысына ұқсамайды.

Өзім қазақтың, шешем мені көрікті болады деп ойлаған шығар.

Сосын бойжеткен екі иығын көтеріп, қолын жайды.

Бәрібір сіз бүгін ажарлысыз.

Диана жылы күлімсіреді. Көйлегінің етегі мүгедек аяқтарды сырт көзден шебер жасырады. Ол жігіттің ойын түсінген құсап әлсіз күлді.

Жазушы әрбір репликадан кейін автор сөзін мүлде қолданбайды. Яғни бұл сөз кімнің сөзі екенін оқырман өзі іштей түйсініп отыруы шарт.

Маған неге көмектесесіз? – деді бикеш.

Сағат үнсіз. Смола төселген жол үстінде сырғанаған доңғалақтардың ғана шуылы шығады.

Фафу етіңіз, – деді сол дауыс.

Үні тарғылданып естілді.

Оң қапталыңызға бұрылыңыз.

Олар жолдан түсіп кетті.

Болды.

Бұл жерде ешқандай пәтер жоқ қой.

Бұл жерде жұмысыңыз болмасын.

Сізді ренжітіп алдым ба?

Сіздің мені аяуға қандай хақыңыз бар, – деді Диана.

Ондай пейілім болған жоқ.

Мені неге мүсіркейсіз? Менің күйеуім, балам бар.

Әйел жылай бастады. Ол бұған ешқашан көндіге алмайды. Ол бұған ешқашан үйреңе алмайды. Оны әрдайым мүсіркей береді.

Бозбала не істерін білмеді [2,335].

Міне осындай бір оқиғаны жазушы оқырман алдына жайып салады. Шешімін оқырман өз ойында түйеді. Шығарманың „Төкаппарлық” аталуы да шартты тәрізді. Төкаппарлық па, әлде іштей күйініш пе? Жауабын оқырман өзі береді.

Ең алдымен көзге ұрар олқы тұсы Д.Амантайдың „тілі”. Қазақы табиғаттан аулақтау, негізінен орыс тілінен еркін аударылғандай әсер қалдыратындығы құптарлық емес әрине. Өйткені көркем шығармадағы басты назар аударылатын нәрсе егер Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтар болсақ ол шығарманың көркемдік тілі болуға тиісті. Шығарма сонылық ерекшелік, стильдік даралық деп

оның тілін шұбарлап жіберуге мүлдем болмайды. Бұл өз кезінде өзекті де ауқымды мәселе. Біздің айтпағымыз негізінен шығарманың көркемдік ауаны, стильдік жаңашылдығы, әлемдік ағымнан алған, тандаған бағыты, идеялық нысаны болмақ. Бұл ұғым-түсініктер көркем шығарманың тілімен тығыз байланысты болғанымен де, оны теориялық тұрғыдан жіктеп қарауға болады екен.

Сонымен,өзінің алғашқы тырнақ алды шығармаларымен-ақ оқырман қауымды елең еткізген бұл жазушымыз неге сыншылар қарауылына өзге қатарластарынан гөрі көбірек ілігеді. Біздің берер жауабымыз бірнешеу. Алғашқысы Дидардың тіліне байланысты дедік. Ол өз алдына жеке әңгіме отауын құра алады. Ал екінші әрі маңызды себеп ол шығарманың алған бағыты.

Дидар Амантай өзінің бір мақаласында айтқандай, қазіргі қазақ прозасына тың өзгерістер қажет, ал әдебиетіміздегі мұндай олқылықтардың орнын қалай толтыруға болады. Біз үшін сөз жоқ әлемдік үлкен мектеп саналатын батыс әдебиетіне үңілуіміз керек. Бұл орайда бізге үлгі боларлық жайттар көп-ақ. Соцреалистік өмір шындығы деп аталатын көркемдік ұғымның іргесі сетінгеннен кейін-ақ, бізге жаңа қоғамның жаңаша келбетін сомдайтын ерекше әдіс-тәсіл қажеттілігі туындайды. Ал мұны біз бір кездері буржуазиялық үстемдік құралы деп саналған батыстық әдебиет ағымдарын ала аламыз. Мәселен, XX ғасыр басында классикалық батыс әдебиеті саналынған „модернистік” бағыттың прозадағы атқарар көркемдік қуаты қаншалықты.

Адамның ішкі жан күйзелісінен қоғамдық құбылыстардың әсеріне жауап ретінде суреттеу, адамзаттың өзі танып-біле алмайтын кездейсоқта тылсым құбылыс пен болмыстың алдындағы қорқынышын немесе дағдарысын суреттеу жаңа дүниетанымның көзкіектері ретінде көрініс береді.

Ал Дидар Амантай өз әңгімелерінде осы айтылған мүмкіндіктердің барлығын да пайдаланып көрді. Сөйтіп қазақы пайымға сиятын қазақ тілді бірақ ойлау формалары мен рухани ауаны батыс үрдісіне саятын әңгімелер қатары дүниеге келді.

Дидар кейіпкерлері өзіміздің тұрғыластарымыз. Яғни студенттер, жастар немесе жеткіншектер. Оқиға өтетін арена озық мәдениеттің көрінісі іспетті „кафе”, „бар”, „театр”, „парк”, „кездесу алаңы”. Қысқасы бір қараған адамға жастардың байбатша өмірі тәрізді елес береді. Ал Дидар осы бір „шылым шегістен”, „шетелдік музыкаға” ұйыған, „қымбаттық шарап ішкен” жастар өмірінен үлкен бір трагедия жасап көрсеткісі келеді. Нәтижесінде көрсете де алады.

Бақсақ бұл мәз-мейрам ғұмыр емес екен. Бұл нағыз рухани жарасы асқынған қоғам дерті, жастардың іштей тұншыққан жан айқайы екен. Бұл орайдағы Дидар Амантайдың қолданған суреткерлік штрихтары да маңызды рөл атқарады. Яғни, бұл жас қаламгер қазіргі қазақ прозасына кең тыныс, жаңа леп әкелді.

Дидардың шығармаларының композициялық құрылымы да өзгеше. Сюжеттері біртұтас. Шығармада негізінен екеуара диалогқа ғана арқа сүйейді.

„Мұң” атты әңгімесі бес жыл университет қабырғасында бірге оқып, енді қоштасар сәт туған университет түлектері туралы оқиға. Алматыда сайран өмірілері аяқталған жастардың қоштасу кешіндегі әрекеттері, махаббатқа деген жеңіл көзқарастары бәрі-бәрі қазіргі жастарға тән мінез-қылықтар. Коньяққа мас болған Нұрбек, Бағдат, және әңгіменің басты кейіпкері Рауан қоштасу кешінде мастықтың арқасында ғана бір біріне бес жыл бойы дос болғанын ашып-жарып айтады. Шолақ юбка киген Айгүл де ішімдіктен бас тартып отырған жоқ.

Бес жыл бойы оңаша иіріп, ортақ тағдыр ноқтасын салған университет қайтып келмес ғажайып кештеріміз бен қайталанбас шақтарымызды енді түгел тартып алмақшы. Университет тосын мінез танытып, бәрімізді түкпір-түкпірге атой салып лақтырып жіберетіні ақиқат болып санамызға қонады.

Енді кездесу-кездеспеулері белгісіз үш жігіттің ішкі ойы осы. Олар қоштасып, үшеуі үш жаққа кетті. Үшеуінің көңілінде де мұң ұялаған. Әкесі жоқ Нұрбек шиеттей бала-шағаны асырауға Қостанайға кетіп барады. Алматыны кимаған Рауан да өмірдің алға тартқан жаңа белестеріне қадам басуға қорқақтайтын тәрізді. Маңдайынан сипап еркелететін университет те бұлармен қош айтысты. Енді алда не тұрғаны белгісіз. Көңілде тек мұң бар.

Жазушы кейіпкерлеріне іштей қазылып сөйлеу тән. Оқыс көріністері мен келте қайырулар, тосын жағдайлар барлығы да бұрын-соңды қазақ әдебиетінде қолданылып көрмеген тәсілдер. Жазушының шығармалары негізінен философиялық арнадан бастау алады. Бұл жағынан алғанда Дидар Амантай „экзистенциялық” өмір философиясын қолданған. Әлем әдебиетінде бұл әдісті француз модернистері Жан Поль Сартр мен Альберт Камью жақсы қолданғандары мәлім. Шынында бұл ағым шынайы өмірдің ащы шындығы мен көмескі тұстарын әйгілеп көрсетеді.

Д.Амантай сонымен қатар американдық әйгілі жазушы Э.Хемингуэйдің жазу стилінде шеберлік тұрғысынан, өзіне қажетті тұстарын ала білгенге ұқсайды. Мұны біз қос жазушының да жазу

үрдісіне қарап пайымдай аламыз. Бұл мәселе тұрғысынан алар болсақ, Дидардың кейбір шығармалары американдық жазушысының әңгімелерінің аудармаларына ұқсап кететін тұстары бар. Біз қарастырып отырған жазушының екінші қателігі осы деуге болады.

Жалпы 1995 жылдан бергі қазақ әңгімелері осы тәріздес ірі жаңалықтарға толы. Бұл құбылыстарды әрине көркемдік ізденістер қатарына еркін түрде жатқыза аламыз.

Д.Амантай салған соны соқпақпен бүгінге қарай тартып, уақыт үдесінен шығуды көздеп келе жатқан жас таланттардың қатары әлі де молыға түсері даусыз.

Өзінің оқушы кезінде-ақ әдебиет әлеміне „Жетінші құрлық” атты повесімен өзіндік үн қатқан жас қаламгердің бірі – Айгүл Кемелбаева еді. Оның әңгімелері де тосын жаңалықтарға толы. Батыстың классикалық әдебиет үлгілерімен жете таныс жазушы қыз, өз шығармаларындағы ұлттық реңктерді жалпы халықтық сипатқа сай бере білген. Мұнда бұрынғының жырауларына ұқсас төкпелілік сарын бар. Композициялық құрылымы жағынан байырғы қазақ әңгімелері тәрізді. Ал шығармашылық ізденістері дәлірек айтқанда, идеялық тұғыры батысты қайталайды. Бұл орайдағы айта кетеріміз А.Кемелбаеваның көркемдік ізденістері жоғарыдағы жазушылардың шығармашылығы тәрізді. Алға ілгерілеу мен ұмтылыстар бар.

Қазіргі дәуірде қасаң идеологияның қабырғасы сетінеп әдебиетте жазушылардың творчестволық еркіндігіне, жаңашылдық ізденістеріне мол мүмкіндік туып отыр. Өмір шындығын жан-жақты, терең ашып көрсету үшін әдебиет тақырыбы, идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері жағынан мейлінше толығып, үнемі әр алуан сипат белгілерімен бай беруі қажет.

Қазіргі кезеңгі дәлірегі соңғы он жылдықтағы қазақ әңгімелерінде көркемділік нормалары осы пікірлерге саяды. Посткеңестік дәуір әдебиетшілерінің ойлау қарқыны да демократиялық сипат ала бастағандай. Бұған келтірер мысалдар да аз емес. Мәселен, жоғарыда есімдері аталған қос қаламгерлер Д.Амантай мен А.Кемелбаева шығармаларындағы көркемдік ауданы осындай.

Образдылық, сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстарын қиял ыркымен жүзеге асыра суреттеу, бейнелі ұғымдар синтезін құрау осыларды барлығы қазіргі әңгіме жанрына тән белгілер.

Ал бұлардағы көркемдік түр – шығармадағы мазмұн, мағынаның, ондағы ой-сезім байлығының сөзбен мүсіндеп жеткізілген қалпы, алуан түрлі суреттеу тәсілдерінің біріккен жүйелік



тұтастығынан туатын шығарманың көркемділік қуаттылығын құрайды. Әсіресе Д.Амантай әңгімелеріндегі көркемділікті құрайтын бөлшектері, ерекшеліктері қандай десек, олар – композициялық, сюжеттік құрылысы, жанрлық өзгешелігі, сөзбен бейнелеу тәсілдері яғни, тіл кестесі, поэзиялық шығарма болса, әуенділігі дер едік. Оларды жекелеп алғанда өз алдына тұрғанда тек бейнелеу құралдары, тәсілдері ғана, сондықтан оларды сол көркемдік түрді туғызатын, оған кірпіш болып қаланатын құрылыс материалдары деуге болады. Олардың бәрі де Дидар Амантай әңгімелерінің бойында бір-бірімен байланысып, жалғасып, тұтаса келіп, көркемдік жүйе дәрежесінде қалыптасқанда және сол шығарманың идеялық мазмұнымен ажырамас бірлік-бірлестік тауып, соны әсерлі жеткізгенде ғана барып нақтылы шығармадағы көркемдік формаға айналады. Жазушының қазіргі біз өмір сүріп отырған ортадағы өмір шындығына бойлауы, оны сезініп-түсінуі және сол шындықты сөзбен мүсіндеп жеткізу шеберлігі, міне осы екеуі – көркемдік түрдің жасалуының шарты.

Сөйтіп біз өмір шындығының жазушының ой елегінен өтіп, творчестволық көрігінен өтіп, қорытылып, әңгімелердегі баяндалған, көркем суретке айналған қалпын көреміз.

Тек Д.Амантай шығармашылығында ғана емес, оның барша замандастарына тән қасиет көркем шығармада жаңашылдық пен дәстүрді тең ескеру салты байқалады. Мұның өзі дәстүрлі қазақ прозасының бүгінгі күнге дейінгі қол жеткізген табыстарының әлі де жасай түсетіндігін білдіреді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Д. Амантай “Қастерле мені” кітап жинағы”, 2000. – 155 бет.

2 Бөпежанова Ә. Болмыспен бетпе-бет. Жазушы Д.Исабеков шығармашылығын зерделудің жеке тәжірибесі // Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Өлке, 2003.

## Б. НҰРЖЕКЕЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ӨНЕГЕ

ШОКУШЕВА Ә.

студент

ОРАЗХАНОВА М. И.

ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Оқырмандар Бексұлтан Нұржекеевті «Қазақтың Мопассаны», «Махаббат жыршысы» деп таниды. «Күтумен өкен ғұмыр», «Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Бір өкініш, бір үміт», «Кінәлі махаббат», «Өзендер өрнектеген өлке» т.б шығармалары көпшілік оқырмандарға кенінен таныс. Жазушы тек махаббат туралы емес, сонымен қатар өмір туралы, адамзатты толғандырар терең тақырыптар аясында да шығармалар жазған. Сол туындыларының, әсіресе, әңгімелерінің оқырманға, жас ұрпаққа берер тәрбиелік мәні өз алдына үлкен бір өнеге, тәрбие деп айтуға боларлық.

Мәселен, «Ойыннан от шығады» атты әңгімесі Бағжан атты бала мен оның Камила деген сіңлісі жайында жазылған. Әңгіменің қысқаша фабуласы былайша өрбиді: Бағжан сіңлісі Камиланы үнемі ұшақтың дауысын келтіріп қорқытып жүреді. Бір күні Камила далада жалғыз ойнап отырып, төмен ұшқан ұшақтың дауысынан қатты қорқады, соның салдарынан екі сөздің басын қоса алмайтын ауыр дертке ұшырайды.

«Дананың ақылы баланың ойынынан басталады» - деп халық бекер айтпаса керек. Әңгімеден ойынның адам өміріне кері әсер етіп, тіпті жүрегіне үлкен сызат түсіруі көрінеді. Сіңлісін зәрезап еткен Бағжанның өз кінәсін ұғып өкінуі, ойынның да адам өміріне ақау салатынын түсінуі, тіпті жас баланың барлық адамға: «Абайлап ойнандар!» - деп айқайлап тұрып айтқысы келуі арқылы көрсете отырып, өзінің өмірге қатысты мәселелердің де оны толғандыратынын айқын жеткізеді [1, 6].

Ал «Жалғыздық» атты әңгімесінде автор Жекен деген жас жігіттің пойыздағы жолаушыға өзінің күйеуі баласы бар әйелді шынайы сүюі, бірақ Алматыға барып әйелді үйіне алып келемін деген сәтте әйелдің одан бас тартуы сияқты жан сезімдері мен басынан өткен махаббат оқиғаларымен бөлісуі сөз болады.

Бір қырынан қарағанда, махаббат жайындағы оқиға сияқты көрінгенімен, үніле келгенде, әңгімеде Жекеннің өмірдегі жалғыздығы басты тақырып болып табылады. Жігіт пойыздағы жолаушыға әкесінің кішкентай кезінде қайтыс болғанын, сондай-ақ, сүйген әйелінен де айрылғанын айтып, өз сырымен бөліседі. Жазушы

жігіттің жалғыздығын суреттеп, оны диалог, монолог тәсілдері арқылы терең аша түседі. Автор тағдырдың адамға тосын сый жасайтынын, әңгіменің соңында жолаушы Бекеннің жігіттің әкесі болып шыққанын, ал олардың кездесуін тағдырдың сыйы ретінде танытады. Әңгіме әдемі де көркем шешім табады. Сол арқылы оқырмандарға жақсы әсер сыйлап, әңгімеге ерекше ренк береді.

Әңгімеде Жекен сөз байлаған әйел: «Сенімен бірге бақытты болғаннан гөрі, әкесімен бірге балам бақытты болсын» - деп шешім қабылдап, бас тартуы, баласы үшін, баласының бақыты үшін қосылуға қарсы болғаны сөз болады [1, 13].

Әңгімедегі келесі бір жинақы образ - Жекеннің анасы Жәмилә бейнесі. Ол баласы Жекенді жалғыз тәрбиелеп өсіреді. Жазушы әңгіменің осы тұстары арқылы өмірдің қиындығына мойымай, баласы үшін барын беруге дайын ана образын танытады. Сол арқылы қазақ отбасында ынтымағы жарасуының ұйтқысы ана екендігін еске салады.

Бексұлтан Нұржекеев әңгімеде екі түрлі отбасының тағдырын қиыстырып көрсету арқылы қазақ отбасының әлеуметтік ортадағы қызметін, хал-ахуалын терең көрсетіп әрі реалистік тұрғыда бейнелей отырып, оқырмандардың әңгіме желісіне деген қызығушылықтарын арттырып, көңілдерін аудартады.

Жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің өзіндік ерекшелігі – ол тарихта аты қалған Қабанбай батыр, Бұқар жырау, Мұқағали Мақатаев сынды тарихи тұлғалардың өмірінен сыр шертер әңгімелер, мақалалар жазған. Сондай туындылардың бірі – «Күләштің соңғы көктемі» әңгімесі.

Бұл әңгімеге әнші Күләштің жеке өмірімен қатар сахнадағы өмірі мен өнері арқау болған. Жазушы әншінің өмірін, өнер жолындағы қиын-қыстау кезеңдерін, сол қиындықтарды жеңу жолында Күләштің шыдамдылығы мен ұстамдылығын оқырмандарға әсерлі етіп танытады. Мәселен, Күләштің үстінен 6 адамнан арыз түсіп, шетелге бара алмаған кезде мұнға малынып, қайғыға батқанда күйеуі Қанабек: «Оттағандар, оттай берсін, халқым аман болса, мен де аманмын!—де дағы, Қанабектің қолтығынан ұстап, кеуденді көтеріп жүр. Арызқойлардың кеудесін тек сөйткенде ғана басасың» - деп Күләшті жұбатып, оған кеңес беріп, жебей түсті»-деген үзіндіден тағдырдың талқысына төтеп беруде бір-біріне демеу болған шынайы да таза махаббат иесі Қанабектей жұбанышының жанынан табылуы көңіл қуантады. Десек те, Күләш образының да осал еместігін оқиға дамуы барысында байқаймыз [2, 426].

Құрманбек Күләштарды қонаққа шақырған кезде көзі жіптік, томпақ бет қара кісі Қанабектің «Алтыншаш» қойылымы жайында әзілдеп, Күләштің ызасын келтірді. Сол кезде Күләш орнынан тұрып: «Аға, сіз Қанабекке мені қимай отырсыз ба, әлде халықтың сыйын қимай отырсыз ба? «Алтыншашты» Жигановтың өзі көріп, мақтап, біздің театрдан да тәуір қойдындар деп риза болып кеткен. Біреу мақтағанды біреуіміз даттап, ағысқа қарсы жүргенімізді қашан қояр екеміз» - деп сөз қайтарды [2, 423]. Осы жерден-ақ Күләштің ақылдылығы, әйел ретінде күйеуін сыйлауы және де әділетсіздікті, қызғанышты даттап, әділдікті жақтауы сияқты қасиеттері жақсы суреттелген.

Әңгіме соңында Күләшпен қоштасуға жиналған азалы халықтың көптеп жиналуы, қабір басында академик-жазушының: «Қазақтың бұлбұлы» атанған қазақ қызын ақырғы сапарға аттандырып тұрып, оның ұлы актриса болғандығын мойындауға тиіспіз. Және бұл сөз үшін заман алдында, ұрпақ алдында ешқашан ұятқа қалмайтындығымызға кәміл сеніп мойындауымыз қажет» -деген қоштасу сөзі арқылы Бексұлтан Нұржекеев еліне сыйлы, жақсы адамның аты ешқашан өлмейтінін дәлелдегендей [2, 430].

Келесі бір «Қиын сұрақ» әңгімесі екі отбасының басынан өткен оқиғаға, араларындағы достыққа құрылған. Қазақ - қашан да баласына жастайынан үлкенге сый-құрмет көрсетуді құлағына сіңіріп, бала тәрбиесіне аса зор мән берген халық. Әңгімеде Боташ деген адамның үйіне келгенін, қонғанын жақтыртпаған қызы Сәулениң қылығына әкесі Сарманның: «Қабағын, қимыл-әрекеттерін көргенімде, жерге кіріп кете жаздадым. Сый-құрметін ешкім сатпайды, сонда да ел болып еркелетіп жүрген адамға ілтипаты жоқ, мұндай бала өсіргенім маған ұят» - деп әке ретінде айтқан сөзінен анық көруге болады [2, 398].

Боташ соғысқа аттанған кезде Сармандардың дос ретінде, көрші ретінде Боташтың жүкті әйелі Айғаншаға көмектесіп, қарайласуы, Айғанша қайтыс болғаннан кейін Боташтың қайғысына ортақ болуы, кейін үйіне қонақ етіп қондыруы шынайы реалистік әдіспен суреттеледі. Бұл да қазақтың туған бауырға дегенде жүрегі езіліп тұратынын, қазақ халқының ашық мінезін, қандай да болмасын қиындыққа мойымаған, кең пейілді халық екендігін танытады.

Ал Айғаншаның қан кешіп жүрген күйеуінің, ел қорғаған азаматының намысын жоғары қоюы, бір жағынан, қазақ әйелінің қашанда ерін сыйлап, құрметтеуін көрсетсе, енді бірде еліне деген сүйіспеншілігін паш еткендей. Ал Бексұлтан Нұржекеевтің «Қыз сезімі»

әңгімесіндегі басты тақырып – махаббат пен сезім. Әңгіме Жүсіп пен Ләззат деген екі жастың бір-біріне деген ынтық сезімдерін суреттеуден басталады. Әңгімеде Жүсіп - жиырма үш жастағы жігіт, ал Ләззат - мектепті жаңа ғана бітіріп он сегізге жаңа ғана толған қыз.

Жүсіп Ләззатқа үйленуді ұсынса да Ләззат иә деп ашып та айтпай, жоқ деп кесіп те тастамай, жауабы ылғи әзіл мен шынның арасындағы сөзбұйда боп шығады. Анық-қанығын айтпаудың бірден-бір себебі - қыздың армандағаны – оқуға түсіп, студент атану, болашақта мұғалім болу еді. Жүсіп болса Ләззатты түсініп: «Бір жылдан соң үйленеміз» деген сөзіне көніп, Ләззаттың бір жылдық оқуын тосуға бел буады.

Жазушы Ләззат арқылы қазіргі жастардың оқуға деген құлшынысын көрсетсе, Жүсіп бейнесі арқылы нағыз жігітке тән байсалды, сабырлы мінезі мен түсінушілігін көрсеткісі келгендей.

Оқиға барысында Алматыдан келген студенттер арасындағы Тілеу деген жігіт Ләззатпен танысып, оны ұнатып қалады. Арнайы ұйымдастырылған би кешінде Ләззат та өзінің көңілі мен сезімінің Тілеуге ауғанын аңғарады.

Би кешінде ішімдікке бой алдырған Еркін деген жігіт, ауылдың қыздарын басқа жігіттерден қызғанғанды себеп етіп, төбелес бастаған кезде Тілеу оған ештеңе деместен құшақтаған бойда тік көтеріп далаға ап шығып кетеді. Жазушы осы тұста Тілеудің іс-қимылы арқылы қазақ жігіттеріне тән сабырлықты, ақылдылықты анық байқатады.

Сол би кешінен кейін Ләззат өзінің Тілеуге ғашық болғанын аңғарады, Тілеу де Ләззатқа өз сезімін білдіріп, сөз салады. Бірақ Ләззат көзінен кеткен соң көңілден де кететінін, сенбейтінін жеткізеді.

Студенттер Алматыға қайтқан күні Ләззат үйде жалғыз ұрланып жылайды. Тілеуді сонша тез ұнатып қалғанына өзін-өзі жазғырды. Оны өзінің ешқашан ұмыта алмайтынын, көңіліндегі Тілеудің орнын ешкімнің толтыра алмайтынын қыз жүрегі қапысыз түсінді. Сол екі ортада Жүсіптен де айрылды, оны өзінің сүймейтіндігіне біржола көзі жетті.

Арада он шақты күн өткенде, кешкісін құда түсуге Тілеу мен әке-шешесі келеді.

Біреулер: «Жүсіпті алдап кетті, сатты», - деді, біреулер: «Дұрыс, сүйгенін енді тапты», - деді. Қыз қалай да Жүсіптің: «Биыл күзде үйленейік», - дегеніне көнбеп еді, Тілеудің дәл бүгін үйленуіне де қарсы болмады.

Қорыта айтқанда, жазушы екі жастың бір көргеннен-ақ бірін-бірі құлай сүйгенін, екеуінің арасындағы махаббат сезімін көрсете

отырып, өмірде шынайы махаббаттың бар екенін, махаббаттың өмірдегі құдіреті мен қасиеті зор екенін жеткізеді.

Бексұлтан Нұржекеев - түрлі тақырыпта әңгімелер жазған. Жазушы әңгімелеріне қызықты тақырып таңдай отырып, оның мазмұнын терең ашып, әңгіме ішіндегі кейіпкердің мінезі, істеген ісі арқылы бүкіл қазақ халқына тән қасиеттер мен ерекшеліктерді, ұлттық мінез бен сипатты, қазақы тәрбиені шебер көрсете білген көрнекті жазушы.

Жазушы әңгімелері жастарға Отанын сүюге, ата-анасын, халқын қадірлеуге, кең пейілді, ашық мінезді болуға шақырады, яғни қай қырынан алатын болсақ та, бұл әңгімелердің келешек ұрпаққа берер ғибраты мол, тәрбиелік мәні зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Б. Нұржекеев. Ойұшқын. - Алматы: Жалын. 2002 ж.

2 Б. Нұржекеев. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы. 1993 ж. - 426 б.

## МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор С. М. Өмірбаевтың алғы сөзі .....	3
--	---

### Пленарлық отырыс Пленарное заседание

<b>Жұмабеков Ж. А.</b> Кейінгі ортағасырлардағы Ұлытау өңірі .....	5
<b>Қарасаев Ғ. М.</b> Қазақстандағы Кеңес үкіметі қызметінің алғашқы кезеңінің жекелеген тарихынан (1917 жылдың соңы – 1918 жылдың ортасына дейін) .....	13
<b>Лапин Н. С.</b> К вопросу об исторической демографии казахов в новое время (численность, способы подсчета).....	24

### 1 Секция. Академик Ә.Х. Марғұланның тұлғасы мен ғылыми мұрасы

#### 1 Секция. Личность и научное наследие академика А.Х. Маргулана

<b>Көпеев А. Ж.</b> Мәшһүр Жүсіп және Әлкей Марғұлан.....	35
<b>Кулумбаева Г., Кулумбаева М. Ж.</b> Заманымыздың заңғар ғұламасы .....	42
<b>Темиржанова М. А.</b> Ұлы ғұлама Марғұлан .....	47
<b>Узақбаева Б.</b> Жизнь, посвященная мечте (о научном наследии А.Х. Маргулана).....	49

### 2 Секция. Тарих, археология мен этнологияның өзекті аспектілері

#### 2 Секция. Актуальные вопросы истории, археологии и этнологии

<b>Ахметова М. Ж., Молдакимова А. С.</b> Казахстанско-российское приграничное сотрудничество: препятствия и пути решения .....	57
--	----

<b>Бейсембаева А. Р.</b> Роль номадов в экономической и политической истории древнего мира .....	62
<b>Бекполатова Н. Б.</b> Қазақ шаруашылықтарын кеңестік күштеп трансформациялау және оның салдары .....	69
<b>Бүлбаев Т. Б.</b> Отан тарихының өзекті мәселелері .....	75
<b>Бүркітбаева И. Г.</b> Художественная культура номадов .....	81
<b>Ерденбекова Ж.</b> Автономия мәселесі қалай басталды?.....	90
<b>Еспаева.Б. К.</b> История формирования казахской диаспоры в Китае в XVIII начале XX веков.....	100
<b>Жапар Ш.</b> Преимственность политических институтов Османской империи в современной Турции .....	107
<b>Жолдыбалин Р. М.</b> Дипломатическая миссия Земарха в Тюркском Каганате .....	112
<b>Жолдыбалин Р. М.</b> Аварский вопрос в тюрко – византийских отношениях .....	120
<b>Захаренко А. Л.</b> Депутат Уложенной комиссии Ф. И. Анцыферов .....	127
<b>Илиев Н. Ж.</b> Половцы в истории средневековых северозападных болгарских землях.....	134
<b>Кананьянова Г.</b> Историческая значимость отмены крепостного права в России .....	141
<b>Кармен Д. Х.</b> Участие олимпийских богов в Троянской войне .....	146
<b>Кенесов Д.</b> Взаимоотношения Казахстана и России, на примере космодрома «Байконур».....	150
<b>Кузембаев Н. Е.</b> К постановке проблемы кипчакского историко-культурного наследия в мировой цивилизации .....	156
<b>Кульжанов Д. К., Ельмуратова Б. Ж.</b> Вклад Первого Президента Н.А. Назарбаева в становлении и развитии казахстанской государственности .....	160
<b>Құдайбергелұлы Б., Құдайберген Т.</b> Тарих – тұлғалар арқылы танылады (Қазақтың Қазанғапы жайлы үзік ой) .....	167



<b>Марданова З. Ж.</b> Внутренние репрессивные миграции в Казахстане в период коллективизации .....	174	<b>Баратова М. Н., Адылбаева Г., Елшін А.</b> Шөкәрімнің үгіт өлендері .....	263
<b>Молдакимова А. С., Жантокова Г. К.</b> Проблемы периодизации истории Казахстана .....	180	<b>Ақтасов А. Қ., Құралқанова Б. Ш.</b> Төлеген Айбергенов лирикасының бір қыры .....	268
<b>Мошна Н. И.</b> Культурная жизнь целинников на страницах Павлодарской печати .....	183	<b>Баратова М. Н., Мукушева Қ., Сарсекеева А.</b> Сұлтанмахмұт Торайғыров шеберлігі .....	272
<b>Ниязбекова А. И.</b> «Дешт-и Кыпчак»: к проблеме расселения кыпчакских племен в трудах российских исследователей .....	192	<b>Бәлкен Т. Қ., Тұрышев А. Қ.</b> Зоонимдік лексиканың зерттелу мәселесіне орай .....	278
<b>Оразбайқызы А.</b> Алаш зиялылары және Сібір облысшылары екі буржуазиялық-демократиялық революция аралығында (1905-1917 жылдар) .....	198	<b>Бесікбасова Ә. И., Әбікенова Г. Т.</b> Көркем шығармада композициялық баяндау формаларының қолданылуы .....	282
<b>Серкенова С. С.</b> Современный Казахстан в процессе глобализации .....	204	<b>Едіге Н. Ғ., Жайшылықова Б.</b> Тіл дамыту жұмыстарында мақал-мәтелдерді қолданудың ерекшеліктері .....	289
<b>Стоянов В. Г.</b> Европейские кипчаки (куманы, половцы) в библейских родословных .....	208	<b>Елубаева Г. Қ., Жұбантаева Ж. Қ.</b> Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қыстырма сөздер қолданысы .....	294
<b>Сулейменова Ж., Ельмуратова Б. Ж.</b> Вклад академика С. Б. Бейсембаева в историческую науку .....	214	<b>Ермеков Н., Қадырова Б. М.</b> Алашшыл әдебиет өкілдері шығармаларындағы концептілер .....	301
<b>Талдыбай А. Ж.</b> Қазақ интеллигенциясының демографиялық мәселесі (1926-1959 жж.) .....	217	<b>Жұмабекова Г. А.</b> М. Мақатаев пен Н. Оразалиннің табиғат лирикасындағы лирикалық қаһарман ерекшелігі .....	307
<b>Тусупова Г. Б.</b> Русско-дзунгарские отношения на рубеже XVII – XVIII веков .....	225	<b>Жумалинова С. М., Оразханова М. И.</b> Тарихи романдардың тақырыптық және мазмұндық ерекшеліктері (Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» роман-дилогиясы бойынша) .....	311
<b>Узақбаева Б.</b> Семейная обрядность казахов Павлодарского Прииртышья .....	231	<b>Жұмабаев Д. М., Шақаман Ы. Б.</b> Абай қара сөздеріндегі «махаббат» концептісі .....	317
<b>Утеова Г. Е.</b> История древности кочевников евразийских степей .....	238	<b>Жұмағазина Р.</b> Қазақ жазуы тарихы хақында .....	324
<b>Халимбай А., Мусағалиева А. С.</b> Отан тарихының өзекті мәселелері .....	244	<b>Канатбаева Ж.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жана технологияның элементтерін қолдану .....	329
<b>3 Секция. Қазақ әдебиеті мен фольклористикасының өзекті мәселелері</b>		<b>Құдайберген Т., Сүтжанов С. Н.</b> Ұлылар мұрасын ұлықтаған .....	335
<b>3 Секция. Актуальные проблемы казахской литературы и фольклористики</b>		<b>Пирожкова А. И., Масалимова З. К.</b> Алькей Маргулан – яркая звезда Сары-Арки .....	340
<b>Абдуллаева Қ.</b> Көркем прозадағы теңеудің танымдық сипаты (Ә. Нұрпейісов романдары бойынша) .....	253	<b>Пстебаева Қ. С., Құралқанова Б. Ш.</b> Сайын Мұратбеков шығармаларындағы ауыл бейнесі .....	346
<b>Абдуллаева Қ.</b> Ә. Нұрпейісов прозасындағы русизмдер .....	258	<b>Сарбалаев Ж. Т., Сарбалаев Е. Ж.</b> Мәшһүр Жүсіп тағлымы .....	351
		<b>Тегжан Ж., Сүтжанов С. Н.</b> Жыраулар поэзиясындағы бейнелі образдар .....	356
		<b>Тезекбаев М. Т.</b> К проблеме перевода прозы М. Ж. Копеева на русский язык .....	360

<b>Tokenova I. N.</b>	
Bild als Widerspiegelung der inneren Welt des Kindes.....	364
<b>Уалиханова Н. М., Жүсіпов Н. Қ.</b>	
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қаһармандық эпос.....	368
<b>Урусбаева Д., Тұрышев А. Қ.</b>	
Лексикалық бірліктердің этномәдени табиғаты .....	379
<b>Урусбаева Д. Б., Тұрышев А. Қ.</b>	
Қазақ және басқа да түркі халықтарының рухани әлеміндегі бөрі символикасы.....	385
<b>Хамитова М., Әміренов Ә. Д.</b>	
Қазіргі қазақ өңгімелерінің жанрлық ерекшеліктері .....	391
<b>Шоқушева Ә., Оразханова М. И.</b>	
Б. Нұржекеев өңгімелеріндегі өнеге .....	399

**АКАДЕМИК Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ  
110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ТАРИХ АҒЫМЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ»  
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор Б. В. Нургожина  
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, А. Елемескызы, А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген Б.Б. Ракишева  
Басуға 11.05.2014 ж.  
Өріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 421/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 21,8. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 2248

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.